



Сәбит
Мұқанов
АДАСҚАНДАР




1900-1973

Сәбит
Мұқанов

АДАСҚАНДАР

РОМАН

«Елорда» баспасы
Астана, 1999



ББК Қаз 7-44
М 84

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

С. Мұқанұлы

М 84 Адамқандар: Роман. - Астана: Елорда, 1999 - 309 бет.

ISBN 5-7667-6481-2


Құрастырған - Мәриям Қожахметқызы Мұқанкеліні
Латыншадан көшірген - Гүлнар Құдабаева

Кітаптың 1935 жылғы басылымдағы емлесі түгелге жуық сақталды.

М $\frac{4702750201-04}{450(05)-99}$ 011-98

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 5-7667-6481-2



ОҚУШЫЛАРҒА

"Адаскандар" бірінші басылуынан¹ бұл жолы (екінші басылуы) біраз өзгерді.

Бірінші басылғанда III-бөлім боп кірген "Еркіннің сыры" деген бөлім бұл жолы мүлдем шығып қалды. Бірінші басылғандағы II-бөлім (Бүркіттің сыры) бұл жолы III-бөлім болып, біраз түзетуге, өзгертуге ұшырады.

Бұл роман биыл (1935-жылы) орысшаға аударылып Мәскеуде басылып жатыр. Жақында шығады. Аударған Біләл Мамдыбайұлы, тілін түзеген Н. Фрелих.

Бірінші басылғанда кеткен кемдікті орысшаға аударғанда аударған толтырған ем, екінші басылуында орысша аударғаннан көрі де түзетінкірелді.

Роман екінші басылып шыққаннан кейін, кейбір әр түрлі - сыншылар (буквоеды) "аты келіспейді" деген ұсақ сын айтқан еді. Сондықтан орысшаға басылғанда "Бай баласы" (Сын балы) деп атын өзгерткен ем. Онымды естіген біраз оқушылар "Көптің көзі қанып қалған атты, егер жаңадан жазбасаңыз өзгертуге болмайды" - деп хат жазысты. Сол хаттарға көл қойып, екінші басылуында да "Адаскандар" деген атын өзгертпедім. "Әңгіме атында емес, затында" - деген хаттардың сөзін мақұл көрдім.

Челябинск²

16-VII-1935-жыл.

ЖАЗУШЫ.

¹ Ол басылуы ешқайдан табылмады.

² Сонда командировкада жүріп, тоқталған жерлерде аяқтағам. Басы - Москвада оқып жүрген шақтан (1934-жылдан) бастап өңделген.

КІЛТ

СӘБИТ!

"Сізді абақтыда көріп сөйлескенде, бастан кешкен ойларымның көбін бүгіп қалып ем. Кеше прокурор арқылы "қылмысты" істерімнің ішіне тігілген бірсыпыра тетраттарымды сұратып алдым. Оның үстіне Мүсәпірді өлтірерде бір жолдасыма "бір күнге керек болар" - деп сақтатқан тетраттарым келіп қалды. Солардың бәрін оқып шыққаннан кейін, істеген істерімді бүккеніме өзім өкіндім де, барлық тетратты сізге жіберуге ойладым. Бәтес пен менің бірнеше жылдық өмірімнің айнасы сол тетраттарда толық. Мүсәпірдің өзі де сұр, өмірі де сұр, ісі де сұр адам еді, сұр қылмыспен басына жетті. Онымен бір кезде кеңескен кеңестерімнің де журнағы бар. Қысқасы менің трагедием де, Бәтестің трагедиясы да осы тетраттарда толық. Мен ақын адам емеспін. Сондықтан менің тетраттарымда материал бар да, бояу жоқ. Егер бұл тетраттардан бірдене шығарғыңыз келсе, материал менікі, бояу сіздікі болсын. Өйткені бояу жағын жоғарыда айттым. Ал, адасқан өмір мен адасып бара жатқан, менің қалжыраған денем мен қажыған ойым өз ісінен өзі қорытынды шығара алмайды ғой. Азаматтық құқым жоқ болғандықтан, модалы сөз болғанмен, "жолдас" дегем жоқ. Айыпқа бұйырмаңыз!"

БҮРКІТ.

11-май, 28 жыл. Абақты.



АДАСҚАНДАР

РОМАН

Бірінші бөлім

БҮРКІТТІҢ СЫРЫ

І. ШАЛДУАР

Қыпқам - менің балам!

Сенің балаң емес, менің балам! - деп, әкем мен апамның жас кезімде маған таласатыны күні бүгінге шейін көз алдымда.

Үйде бала көп болғанмен, ішіндегі еркек кіндіктісі Қошқарбай мен екеуміз ғана едік. Апам 13 құрсақ көтерген екен. Соның екеуі ерте кезде өліпті. Қалған он бірдің біреуін ұшытты. Осы күні табаны күректей 10 бала бармыз, мұның сегісі қыз. Сегіз қыздың маған тетелесі Ұлмекен! "Артынан ұл туар ма - екен?" деп әкемнің ырымдап қойғаны болса ерек. Ұлмекеннің артынан мен туған соң, арты қайырлы болды деп, үйдің іші Ұлмекенді "май құйрық" деп жақсы көреді. Озге қыздардың аттары: Алтын, Күміс, Кәукер, Маржан, Берен, Жібек, Бүліс.

Қошқарбай мен екеуміздің арамызда екі қыз бар; Қошқарбай менен 6 жас үлкен, - мен шешемнің сүт кенжесімін. Шешем менен кейін құрсақ көтерген жоқ.

Үйдегі қызымыз бар, ұлымыз бар, барлық бала екі партия боламыз. Қошқарбай екеуміз екі партияның ішіндеміз. Алтын мен Күміс, ер жеткен, олар біздің партиямызға араласпайды. Қалған 6 қыз, үш-үштен Қошқарбай екеумізге бөліне қояды. Менің партиямды басқаратын әкем. Қошқарбайдың партиясын басқаратын апам.

Партия болғанда негізгі бақастығымыз:

1-Қошқарбай апамның маңына бізді, мен әкемнің жаны-на оларды жолатпаймыз. Ас ішкенде біз әкенің айналасында отырамыз, аналар апамның айналасында отырады. Жатқанда әкем жақ шетке біз, апам жақ шетке олар жатады.

2-қуыршақ, асық, әдемі аяқ, шәшке, қасық сықылды нәрселерді бірімізден біріміз ұрлап, не тартып алып, жанжал шықса өз партиямыздың бастығына кеп қорғалаймыз.

Жалпы алғанда, екі партияның екеуінде де, әкемнен апам қатан: уақытсыз ас сұрап мазасын алсаң, жұмсағанына бара қоймасаң, қаққанда қанымызды, соққанда сөлімізді алады. Көңілі түскенде: "айналайын, қалқам!" дегенімен, ашуланғанда: "Қағынды келсін!.. Ішің толсын!.. Жер жастан!.. Жетпей желкең қиылсын!.. Мүрдем кет!.. Көк-ала келсін!.. Шешек шықсын!.. Бір күндік келсін!.." - деп, қолына не түссе сонымен басың, көзің демей салып қалады. Егерде қашып қолына түспей кетсең, оныңды ұмытпайды, кегін бір алады. Қыздарға айтатын қарғысы: Байың өлсін!.. Бақытың күйсін!.. Қу қатын!.. Бетпақ!.. - тағы осы сықылды сөздер, одан басқаларын айтуға ұят.

Жалғыз бізге ұрысқандығынан емес, апам, ашуланғанда аузына не келсе, соны сөйлейтін адам. Сол мінезінен аты Асылтас болғанмен, жұрт оны көзіне айтпағанмен, сыртынан "Көк долы" дейді. Ауыл үймен де, бірде бие, бірде түйе. Абысын-ажынмен көңілі түскенде ауыз жаласып, көңілі түспесе шаңқылдап ұрсысады да жатады. Апамның ашуға біткен кескіні де бар: ернінің еті көкбеңкөк, ерні сүп-сүйір, арық бет, көзі қасқырдың көзіндей өткір, шот маңдай, мұрнының ортасы бетімен бірдей, екі танауы бетінен тесіп оя қойған сықылды, жұрт: "Зады жақсы, Дауытбайдың қызы еді, негізі тойған, көргенді жерден шыққан адам еді, неліктен осындай болды екен!.." - деседі.

Әкем, апамдай емес, мінезі салмақты адам. Апам ашуланып келе жатса, - әкем:

- Ал, дауыл соқты, алда сақтай көр! - дейді.

Апам үдетіп бара жатса:

- Қатын саябыр, саябыр! - деп күледі. Оған қоймаса:

- Ау, қатын, енді болар, қой дегенде қоя-қойсайшы, бірдеме көргің келіп отыр ма? - дейді, күлкісін тыйып, қабағын түйіп, оған да қоймаса, кейде ұрып тастайды да, кейде: А, доңыз-ай, қылықты қылдың-ау, ұра беруге балалардан да

үгіт, - деп, үйден шығып кетеді де, апамның ашуы басылған соң бірақ келеді. Әкемнің тоқал алатын да ойы бар, бірақ апамның әлгі мінезінен қорқады.

- "Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі" - дейді ғой қазақ. Әкем үйде көп тұрмайды. Күнде бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүретін апамның мінезі әлгідей болған соң біз не оңайық: тіліміз сөз қайыруға келген соң-ақ, боғауызшыл бейбастақ, төбелескек болып үйрендік.

Өсіресе, мен: ауыл үйдің балаларымен өмірінде тату болған пенде емеспін. Не біреудің бір жерінен қан шығармай, не өзімнің аузы-мұрнымды қанатпай, үйге келген емеспін. Шапымды алған адамдар: "Басыңа не қылған?" дейді. Онысы рас. Басымда 4-5 жерде тілінген жер бар, солардың бәрі де төбелестен болғандар.

Жаз "ақ сүйек" ойнағанда, даладағы қу сүйек құрып қалғандай, жұрттың арбасының мұрындығын ұрлап әкелетін мен: алты бақан тепкенде, баған мен сырықтарды таситын, жабықтан қол тығып арқан ұрлайтын мен; байлаулы жатқан бұқалды дөң асырып, түнде жетектеп алып кетіп, мініп сілесін қатырып әкеп тастауды бастайтын мен; біреудің іргеден қазанының қаймағын сыпырып жеп кетуді, не өгерде жаюлы тұрған құрт, ірімшігін ұрлауды шығаратын мен; қымыз тұрған торсықтың бүйірін пышақпен тесіп, қурай арқылы қымызды ішіп қояуды шығаратын мен; жас келіншегі бар үйдің іргесін тыңдап, туырлығын тесетін, сағанағын сындыратын мен; қысқасы балаға деген бейбастақтықтың бастығы менмін, өңе балалар менің айтқанымды орындайды.

Менің осындай шалдуар, сотқар, тентек екенімді, өзіміздің ауыл түгіл, шеткі ауылдар да біледі. Қарғайды, сілейді, онысын мен тыңдамаймын. Бірақ маңдайыма ешкім шерте алмайды. Шертуге әкемнен қорқады. Бір күні біреудің 6 жасар қызына ит айтақтап, қызды ит талап тастады. Шешесі қызының жауырынынан қанын ағызып, біздікіне жетектеп алып келді де, әкеме:

- Би жігіт-ау, мына баланды қарашы, ит айтақтап баламды талатқанын, бұған неге қой демейсіңдер, айтуға ұяламыз, баламызға күн көрсетуді қойды! - деді.

Әкем мені "Мұнда келші" деп шақырып алды да, "Біреудің баласына ит қосатын не жұмысын бар еді!" - деп, жақтан шапалақпен бір тартты. Өмірімде ұрғаны сол, одан басқа, сотқарлығымды көрсе де, үндеген пенде емес.

- Қалқам бабасына тартқан батыр болады, мінезінен де, денесінен де дәмем бар! - деді әкем, бір күні үйде шай ішіп отырып. Менің 11-12-лер шамасына келіп, есімді біліп қалған кезімде.

- Оны қайдан білдің? - дедім әкемнің мойнына асылып.

- Алтыншы атаң Сарқасқа батыр болған! - деді әкем.

- Әке, біздің әкеміз сарт па? Маған Жұмаш деген бала: "онбаған қара сарт" деді, кеше ойнап жүргенде, - дедім.

Әкем бұл арада жымыып күлді де:

- Қате айтады, - деді. - Ол былай: біздің - 7-атамыз Жолғұтты деген кісі Қарашаш деген қалмақтың қызынан туған. Қарашаш ханның қызы екен. Жәутершілікте бір батыр сол қызды алып келіп, тоғызыншы атамыз Жауғашар батырға тарту қыпты. Жолғұттыдан Сарқасқа, одан Аю, одан Бекбатыр, одан Рысты, одан Қарсақ, одан менің әкем Түгелбай. Қазақта бізден аталы кісі өткен жоқ. Осы кезде шалқайғаны болмаса, бізден дәулет те арылып көрген жоқ. Рыстың тұсында жылқымыз жеті мыңға жетті деген сөз бар!.. - деді.

"Әй" дер ажа, "кой" дер қожа болмаған соң, мен еркінсімегенде кім еркінсісін. Ұлғая келе, үй ішінің тілін де алмауға айналдым. "Бұл бір түзелсе оқумен түзеледі" деп, әкем мені 9 жасымда Таңырық дейтін молдаға сабаққа берді. Таңырық: мұртын таңырайтып қырқып алып, пысқырынып, жыландай жиырылып, құдайдың бір атқан молдасы еді. Жұрт оны сыртынан, оқуы жоқ дейді. Рас солай. Шарифат сұраған кісіге оның, орынды жерде де, орынсыз жерде де айтатыны:

- "Көріп қадыр құдыретін,
Білсін да сұнғатын,
Мұстафаның үммөтін,
Мұндағ төшірап қылдыя..."

Болмаса:

"Заман ақыры олса пәләр олғай,
Дүнияға түрлу, түрлу пәле толғай,
Ғалымлар шағыр ішіп зинә қылғай,
Әнден артық тақый ғажап таңлар ууар".

Кей кезде арапшылап:

"Бабоп - үшбу баб,

"Шырутсалат - намаз шарттарындағы баб,

- Уаһия ол шартлар.

"Соттотін - алтыдүр!" -

деп шұбырта жөнеледі. "Осыларыңызды бізге қазақша түсіндіріңізші!" - деген қалжыңбас бозбалаларға "кітап сөзін қылақшылауға келе ме, ақымақ!" - деп, ұрсып тастайды. Үлкендер шарифат сұрап, молданың мазасын алмайды. "Балалардың тілін сындырса болады", - деседі. "Тілін сындырып" та молда мәз қылмайды. Өйткені құраннан үш шыққан балалар кісінің атын жаза алмайды. Жалпы оқуы осындай болғанмен елде Таңырықтан үлкен молда жоқ. Сондықтан кісі өлсе жаназасын шығарып құран аударатын, басына 40 күн аят оқитын, сол; бала туса азан шақырып ат қоятын, қыз ұзатса некесін қыятын, сол; қушырды, пітірді, құрбанның терісін жинап алатын, сол; ауырған-сырқаған адамға, үшкіріп-түшкіріп ем қылатын, бой тұмар беретін, сол; өйел босанғанда көзі қарайса қолына құранын алып зікір салатын, сол; қысқасы, Таңырықтың оқуы аз болғанмен, ол сүт үстінде қаймақ.

Алашқы алып келген күні, Таңырық молда мені жеп қонған тажалдай көрінді. Қолыма, шыбықтың басын ұстап, оған бір қағазды қыстырып беріп:

Мынау - әліп, мынау - би, мынау - ти, мынау - си - деп өірдемелерді көрсетті. Сол көрсеткендерін мен бір жұманың ішінде біле алғам жоқ, "біле алғам жоқ" емеспін-ау, мойын қойғам жоқ. Кежегемнен кейін тартып, сабаққа қолымді бір салғам жоқ, белгілі бейбастағымды қойғам жоқ. Сабақ оқудың орнына: жанымдағы балаларды бүйірге түртіп қылап, табанын қытықтап, шымшып алып, күлдіріп, қағанан жыртып, әурешілік қылдым. Менің бейбастағымнан тәтті бала Таңырықтан таяқ жеді.

Молдадан айналасы 25 шақты бала оқиды.

"Алтын көрсе, періште жолдан таяды" - деген ып-ырас. Молдекең, садақаны көбірек берген баланы баса оқытады, ұрмайды. Ал, ақша әкелмеген балаларға: "са-оңыңды білмейсің", не "көп ойнайсың" дегенді сылтау қылып арқасынан таяқ айырмайды. Молданың, әсіресе,

өш балалары бесеу: 1) Сейіт дейтін әке-шешесі, туысқаны, үй-күйі жоқ бір жетім бала; 2) Біздің ауылға бөтен ауылдан көшіп келіп, қой бағып жүрген, бір шалдың баласы; 3) Бір жесір қатынның, шешектен көзі кеткен, соқыр, Мұсайып деген баласы; 4) Жалғыз әкесінен басқа дәнеңесі жоқ бір қыз; 5) Үрерге иті, сығарға биті жоқ, бір нашар адамның Қалқаңқұлақ деген баласы. Өзге ұратын балалары да бар, бірақ бұл бесеуіндей батыра ұрмайды. Әйтсе де ауқатты адамдардың, атқа мінерлердің балаларына байқап тиеді.

Жұма болды. Жұмаға шейін шыдайтын емес ем, апамнан қорықтым.

- Жұмалық әкелмеген балалар жатыңдар! - деді молда.

Мен де жұмалық әкелген жоқ едім. Әкелмеген емес, жұмалық әкелетінін білген жоқ ем. Жан-жағыма қарасам, жұмалық әкелмегендері, көздері жаутандап, жыламсырап жатып, жатыр екен. Ойымда дәнеңе жоқ, өзге балалардай жаутандамай-ақ етпетімнен жата кеттім. Бұл кезде жұмалық әкелген балалар қаз қатар түре келіп тұрып қайрауат айтып жатты.

Қайрауатқа қызықтым, түре келіп қосыла кеткім келді. Бірақ, молдадан ұлықсат болмаған соң, түрекелуге қорықтым.

- "Соббаққа, соббаққа,
Зікірі айттым ол қаққа.
Мұсылмандар жұмаққа,
Көпірлерің тамыққа.

Қайырауат-ау, қайырауат,
Бір алладан ойнаят.
Патшамызға рақымет бат!
Атамызға дәулет бат!
Анамызға шабқат бат!
Молламызға ғелім бат!
Азат уақыт болып тұр,
Нұрмұхаммат салауат,
Ассалаумағалайкум молдеке,
Сізден бізге ұлықсат" -

деп, балалар қайрауаттың аяғын созып, әндетіп, әкеліп бітірді де, шығып жүре берді. Қайрауат айтқан балалардың арты

сіктен шыға бергенде, бұтақтарын аршыған, үші жіңішке ұлып тобылғы шыпылдап, ысылдай бастады. Кей балалардың дыбысы шыққан жоқ, кей біреулері:

"Ойбай-айбай" деп, кей біреуі: "әгекәй, молдеке-ай" деп лабыстарын шығарып жылап жатты. Жаңа келген бала болғандықтан мені батырып ұрады деген ойым жоқ. Балалардың жылағанын қызық көріп, сықылықтап күліп жатыр ем, арқама шыбық келіп шырт ете түскенде, бір жақ басы күйырылып келіп құйрығыма тиді; құйрығымды пышақпен тиіп жіберген екен деп сыйпалап, "ә-ә-ә-ә!!... - деп атып түскелдім, молда сасып қалды білем, бетіме танауы таңырайып қарай қалып еді.

- Әкенің аузын... құйрығым-ай, құйрығым-ай... апа-а-а... - деп бақырып, үйден шыға жөнелдім.

II. М Е К Т Е П

Қырау басқан, қалың ну қара қамыстың ішін жара, ақ қырдың үстінде, сары жыландай сап-сары боп, ирелендеп жатқан қоңылтақ жолмен Еркін екеуіміз Бәйкең қойнауына қарай келе жатырмыз, басындағы үлпілдек үкісіне, тоқпақтай қырау тұрып, белі бүкірейіп, басы иіліп жерге түсіп тұрған қолдың саласындай қалың қамыстың арасында, әр жерде сықылықтаған сауысқандардың даусы естіледі. Ұшқан сауысқанның қанаты тиіп кетсе, қамыс ұйқысынан шошып ояңғандай, үстіндегі қырауын сілкіп жіберіп, басын көтеріп түре келеді. Күн тұмандау, бірақ желсіз-тынық, аса суық та емес, аса жылы да емес, маужыраған бір әдемі күн.

Бәйкең ауылы дегенім, Байбосын деген кісінің ауылы. Ол кісі бізбен бес атаға келген адам, бірақ дәулетті кісі болған соң, қыста, жазда бөлек отырады. Бәйкең ауылына келе жатқан себебім, сол ауылдағы мектептен сабақ оқымақпын. Таңырық молдамен жанжалдасқаннан кейін, сабаққа бел байлағаным осы жол, жасым биыл он төртте.

Оқуға мойындауға екі себеп болды:

I-мектепті, әуелі елге басшы боп салдыртқан менің әкем екен, әкем мен тумастан бұрын бай екен: "сен туардың алдында 700 жылқы, 60-тай түйе, 500-дей қой, және жүз қу мүйіз өгіз жинайтын ақшам бар еді. Сен туардан бір жыл бұрын, жоқ жерде, сайлауға таласып бір төгілдім, ол жолы жеңіліп қалып, кегімді жібергім келмей ұрлық жағымен ара-

ластым. Бірақ қазаныма арам дәм жақпай, 5-6 жылдың ішінде, жауға да, жұтқа да ұрынып, малдан айырылып қалдым" - дейтін әкем.

Қазір де отқа қарап отырғамыз жоқ: 60-70 жылқы, 10-нан аса түйе, 100-ден аса қой бар. Бұрын сиыр жөнді болмайды екен, осы күні 20 бұзаулы, өңшең қызыл-қасқа сиыр бар. Сол 20 сиырдың сүтінің өзі жазы-қысы шығынымызды айырып тұрады. Бұрын сайман жөнді болмайды екен. Осы күні: 4 көк арба - (бірешке), бір екі тілді соқа, шөп машинасы, егін машинасы, бір үлкен сеператор, тағы басқа саймандар көп. Қысқасы, мал саны азайғанмен, біздің шаруа нығыз шаруа. Бұл дәулет жағымыз.

Адамшылыққа келгенде, әкем елдің басы да емес, аяғы да емес, жуан ортасында 12 жыл ұдайымен ауылынай болып, ақырында өзі түскен. Еліміздің бас адамы Мәйекен мен Шоғырмақ. Мәйекен, Мақамбет деген бір қарт адам, ол кісі, жұрт қысылғанда кеп ақыл сұрамаса, жөнді жүрмейтін, отырған адам. Шоғырмақ орта жасты кісі. 25 жыл үзбестен болыс болған, жанарал-губернатормен табақтас болған, уезді сабаған, патшаға бір жүз ақ боз ат сыйлап, шекпен алған, тұқымынан солдат алмауға ит терісіне мөр бастырған сенім қағазы бар адам. Әкем сол Шоғырмақтың ең сенімді адамы. Екеуі тізе қосып талайды қан қақсатқан. Шоғырмақтың атағының күштілігі сондай: бір күні Шоғырмақ ұлыжыраққа отырып отыр екен. Бір бала көре салып үйіне жүгіріп келіп, әкесіне

- Қызық көрдім!.. депті.

- Не қызық? - дейді әкесі.

- Шоғырмақ та, дәретке отырады екен! - депті.

"Қонақасыны дұрыстап бермеген жерден барымта алдыратын-ек, елге біздің тіземіз батты ғой!" - деп отырады әкем. Бұл әкемнің ел көзімен қарағанда адамшылық жағы.

Әкем ылғи газет оқиды. Баяғы Орынборда шығатын "Қазақ" газетінің, "Айқап" журналының сандары біздің үйде түп-түгел. "Қырық мысал", "Маса", "Азамат", "Оян, қазақ", "Аға тұлпар", "Бала тұлпар", "Тұр, қазақ" - сықылды кітаптар да біздікінде. Бұлардан басқа "Сал-сал", "Шаһмардан", "Қыз Жібек", "Алпамыс" сықылды қиссалар да көп. Әкем ескіше хатқа жүйрік адам, сол газет, журнал, кітаптарды суылда-тып оқып отырады.

Газет алдыруды қайдан білдің, әке? - деп соңғы кезде бір сұрағанымда:

Маған алғаш газет ал деген Жабағы нағашың, артынан оңет қып кеттім, - деген әкем. Газет адамның сауатын аша-
ды ғой. Сондықтан әкем, ел адамы болғанда, парадан басқа
түк білмейтін, надан, құр арам тамақ атқамінер емес, өзінше
саясаты бар, көзі ашық атқамінер. Саяси пікіріне келсек, ол,
арымен түрікшіл. 14-жыл соғыс болғанда, "Ануар паша жеңіп
келе жатыр" десе еліріп, қуанып, "жеңіліп бара жатыр" деп
қолдасушы ренжіп отыратын. Түрікшілдіктен қала берді
үлгіні, патша түсіп, "Алаш-орда" деген партия ашылды ғой,
сол партияның Орынборда бірінші съезі болғанда, Шоғыр-
мақ пен әкем, Мәйекен үшеуін телеграмма беріп, арнап ша-
қырып алды. Артынан солдат жұмысы шыққанда әкем елге
бастық болып "балаларым жас, әйтпесе алдымен жаздырар
ем, балаларыңды жазыңдар!" - деп, атқа мінді. "Алаш-орда"-
ның сол әскеріне сыйлап 3 ат берді. Соғыс кезінде Дутов
дейтін мұрты қақбақтай бір жанарал большевиктерден ығы-
сын бара жатып, біздікінде үш күн жатты. Өзге жұртты қан
қақсатқанда, біздің сабақты жібімізге тиген жоқ.

Әкем ұлтшылдық пікірінен әлі өзгерген жоқ,
большевиктерді иттің етінен жек көреді.

Үйде отырғанда: "өңшең оңбаған! құл-құтандар, бұлар ел
бастап не оңдырады" - деп кедейден атқа мінгендерді
менсінбей отырады.

Үйге бір тікайяк келсе, саяси мәселеге түсіп алып,
большевикті балағаттап мазасын алатын еді, ауылымыздан
коммунист болған, Қойшыбайдың Жалшыбайы дейтін бір
кедей жігіт әкемді "осы кісі Совет үкіметіне контр" деп
көрсетіп, "Тепеу" деген мекеме әкемді абақтыға салып бір
ай 18 күнде зорға шықты. Содан бері аузына тас салыпты.
Оңашада болмаса, көп үндемейді. Шығарып алған екі үш
ауыз өлеңі бар, өзі домбырашы кісі. Інір қараңғысында ас-
тына төрт қабат көрпесін, басына жастығын салып алып,
ескі сарынмен ылғи сол үш ауыз өлеңін айтады да жатады.
Ол өлеңдері мынау.

Бұл күнде, арғымақтан мостек озды,
Бұрынғы жақсылардың бәрі тозды,
Ғаламат, жердің жүзін жусан қаптап
Бітірді шегіртке жеп, шыққан бозды.

Бұл күнде, қарағайды шортан шалды,
Ақ орда аруақ қонған адыра қалды.
Жерлерге қабырғалы би баратын
Бұл күнде затсыз, тексіз құлдар барды.

Жасаған, бұл қай жазан бізге қылған,
Рақым ғып, құтқарсайшы мынау сұмнан,
Жамиғат, жапбар қаққа жалынайық
Дұғаның, бірі қабыл болар мыңнан".

20-21 жылдары елде кооперация ашылып әкем соған бастық болып еді, артынан "кооперативті жеп қойдың" деп, кедейлер қудалап одан шықты. Кедейлердің онысы рас: ол жылдары қағаз ақшаның өте құнсыз, күнде бағасы түсе беретін заманы еді ғой: ақшаның жиі өзгерісімен пайдаланып әкем "секіртпе" дегенді шығарып алды. Секіртпенің не нәрсе екеніне тірі пенде түсінген жоқ. Бір ширек шай, бір көйлектік кездеме алған адам, кезінде ақшасын төлей алмаса, әлгі бұйымдары үшін секіртпеге нығыз бір қарасын беріп зорға құтылды. Секіртпе деп, бір балға мен бір балта алған, бір кедейдің мініп отырған жалғыз құнанын алғанын көзім көрді. Дүкеннің есепшісі бір ноғай жігіті еді, әкем мен екеуі ақылдас. Ел, ол есепшіні "счетовод" дейді. Есепшісі, дүкеннің кіріс, шығысын шатастырып, өздеріне сөз келмейтін, жегендерін білдірмейтін ретпен жазады, дүкен ашылғаннан бір жыл соң дүкенге жоғарыдан тексеріс болып еді, жылдық пайда кінеге бойынша 14 сом болып шықты. Шынында 14-тің оң жағындағы үш нолі өшіріліп отыр. Кем болса 14 мың пайда бар, өйткені дүкеннің басқармасындағы үш кісінің үшеуі де байып алды. Басқарманың бір мүшесі Шалқар деген кісінің үйіне, дүкенге мүше болғанға шейін ит байласа тұрғысыз еді? Қазір кірсе шыққысыз. Біреуі Қайрақбай, оның үш-ақ бұзаулы сиыры мен 5-6 жылқысы бар еді, қазір жүзден аса ірі қарасы бар. Өзіміздің үйдің малына мал қосылғанын былай қойғанда, кооперацияның ақшасына үйге мынадай асыл заттар кірді: бір пәуеске, бір жарқырауық кровать. Екі түлкі ішік, бір елік терісінен істеген тұлып, бұлардан басқа: көрпе, жастық түтелімен пүлішпен тысталып, сырты ақ зонтпен қапталды. 20-дан аса жаңа көрпе істелді, үй іші түтелімен, ішкі, сыртқы екі қабат, үш қабаттан киім киді. Жазғы үйге ақ киіз жаптық. Бір ағаш үй сатып алдық; асыл малдан: бір арғымақ айғыр, бір қызыл қасқа бұқа,

◆ оне бір жорға алдық. Дүкенді тексерген комиссия, өкемді соғқа берген екен, өкем қалаға барып, жұмысты "ретін" тауып сондіріп келді. Кооперативтен шыққаннан бергі кәсібі үнде отырып, малға бас-көз болу.

Өкемнің бір жақсы жері оқу жұмысына жақсы қарайды. Құршақбайды ілгері оқытам десе де, қолы қысқалықтан оқыта алмады, ендігі пейілі мені оқытпақ.

Өкемнің өмір тарихына түсіп кетіп, мектеп өңгімесінен шығып барады екем. Бұл араға, өкемді атын шығару үшін қыстырып жатқам жоқ, сол айтайын деп келе жатқаным мектебімді менің өкем бастық болып салдырғанын айтайын деп, ауызыма көп кеңес түсіп кетті. Мектеп салынғанда, өкем өз жанынан бір ат, 20 сом ақша берген. Бөйекең ауылы орталықтағы ауыл болғандықтан, мектеп соған салынған. Әсіресе, Бөйекең өліп бара жатса, мектеп салдырмайтын, өрі малжанды, өрі жаңалыққа қаны қас адам.

- Қанша енбек сіңіріп салдырған мектебім еді, Бүркіт шырағым-ай, оқуға бармадың-ау! - деді өкем, бір күні ренжіп маған.

Өкемнің бұл сөзін, мектепке осы беттеп келе жатқан күнімнен үш күн бұрын естігем. Сондықтан оқу басталғанына көп уақыт болса да, оқуға түсуге белді байладым. Бір себепім осы.

Екінші себеп: 14-15 жасқа келген соң, жігіттік пердесі еркін түріліп кетпегенмен, сағым сықылды ма, тұман сықылды ма? - бір нәрсе көз алдында елестегендей болады екен. - "Қыз" деген сөзге құлағың селтең ете түсуге айналалы екен!.. Қолыңнан түк келмесе де, түнде ұйқың қашып, бозбалалардың соңына ерімпаз болады екенсің!

Жасымнан бейпіл ауыз, бейбастақ болып өскен адам, 12-13 жасымда насыбай мен шылымға үйрендім. Картаға, дойбыға үйрендім. Бес картаға жүйріктігім сондай, - көзірдің бұлтасымен отырып, тұз-көрелі бар адамды қалдырып кететін ем. Екі құл, бір бимен қиядағы тасты қос үйге әкеліп отырғызатын ем!

Өлең мен домбыраны да ешкімнен кем қуғам жоқ. "Басыңа нан мен домбыраны жастанып ұйықта, егерде домбырашы болатын болсаң, түсіңе домбыра кіреді" дегендердің тіліне нанып, домбыраны талай жастанып жатқан күндерім болды. Осы талабыма қарай онды үйрендім: кейбіреу, шекті үскі қолының басымен ғана қағып, домбыраны ақырын тартқанды жақсы көреді ғой! Мен олай емес ем: қолыма домбы-

ра тигеннен-ак, бес саусақты еркіне жіберіп, домбыраның бетін сындыра жаздап, тарсылдатып шертіп, төпей жөне-лем. Саусағым саусағыма жұқпай, бір рет сағасына, бір рет басына барам. Домбыраға қырлы болғаныммен өлеңге қырсыз болдым. Қырсыз болғанда, өлең білмегендіктен емес, дауысым жаман болды. Қанша түзейін десем де, тамағыма бірдеме тығылып тұрғандай барқылдап, майламаған казак арбадай тәртіпсізденіп кететін еді. Сонда да ұялмай, "Бүркіт өлең айтшы!" десе, дауысымның келген-келмегеніне қарамай айқайлап қоя беретінмін.

Елдегі, ескіден келе жатқан өлеңдердің көбінде қасиет бола ма. Менің жұрттан үйренген үш жүйе өлеңдерім болды:

"Әуелі ағузы деп қалам алдық,
Екінші бисмеллә деп жаза салдық,
Ғауамнан бар айларың біз ғарыпты,
Басыма салма құдай қайғы зарлық!
"Не қылған рақыматында ғарып пәндон,
Мақсатым таусылмайды айтсам шынын
Үмітім рақыматыңнан билә қисап,
Аяттан: "Иә тақнату" хабардармын.
"Әуелі қамыт құдаға зікір сөнә,
Салауат рәсиюліне айттым жөнә.
Бір қамыт қатеріме келе қалды.
Жағыма жордем бергіл алла тағыла!"

Бұл жүйелі өлеңдерді үйренуін үйренсем де, қыздың арасында отырып айтуға ұят көретін едім. Жастардың арасында шарифат сөзі келіспейтін сықылды еді.

Енді екінші түріне келейік:
Базардан алып келген жезді құман,
Пәлсеге ұшырайды сөзді құған.
Бал шайнап, шекер жұтқан беу қарағым,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.

Базардан алып келген шөй тостаған,
Тар жерде қиын екен ән бастаған.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Бөйгеден келген кердей ойқастаған!

Жүйрік ат орға шапса қыраулатқан,
Келмейді өнге даусым тымауратқан.
Етегін ақ койлектің жел көтеріп,
Құлқамды қу шаңдаққа кім аунатқан.

Бұл өлеңдер ұнаңқырайды, бірақ кейінің аяғы, кейінің
басы, жастық смес, әлде немелер туралы.

Үшінші түрі:

Мінгенім дәйім менің мақпал қара,
Педдісат пет рублей серебыра,
Коңілім нет не бидал болсадағы,
Ай қылқа, қырындамай бермен қара.

Қыздарда, қыздар да бар красивой
Сомной, самыйшитыл моя мыйлый,
Коңілім қыз дегенді ести қалса,
Біздерге бір жақсылық іздиялай!

Көрген коп поклон айттым скажийа,
Сен тұрсаң уағданда спосибо.
Сөзімді ескере ала ескерсеңіз,
Сестра, хорошенкой, сыватия.

Мінгенім дәйім менің савырасувай,
Кемпір мен шал ойнайды напраснай.
Ойнаса бозбала мен қыз ойнасын,
Екеуі полномошын сағласнай.

Бұл өлеңдердің не екеніне түсінбейтін ем. Бірақ, ел ішінде
орысша киіну, шаш қою салт болған заман болған соң, боз-
балалар орысша араласқан өлеңді жақсы көрген соң, мен
солардың ізімен кеттім, әйтпесе, бұл өлеңдерді жақсы
көрмейтін ем.

Бозбалашылықтың пернесі көзіме елестеп, өлең жинау-
ға айналып кеткеннен кейін, үйренгендерім осылар болды. Елдің
қызы домбырашы, өлеңші жігітке тәуір қарайтын болған-
нан, өлеңнің соңына түсіп жүрмін ғой, әйтпесе, онда
менің не ақым бар.

Өзің құран оқып отырған жоқпысың? - деді бір ойын-
да, маған, мектепте оқып жүрген бір бала, мен "ағузы" дан
бастап соғып отыр едім.

- Кәне, сен құрансыз өлеңінді айтшы! - деп, қолына домбыраны бере қойып ем:

Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы,
Аласыз кара козден нұр жайнайды.
Жіңішке кара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды -

деп, бала ар жағын шұбыртып ала жөнелді, өлеңі ұнап кетті.

- Кәне, осы өлеңде шарифат бар ма? "Ағузы"-дан бастайтын, сен мешітке келіп намаз оқығалы отырмысың? - деді бала мақтанып.

Жұрт ду күлісті. Ана баланың сөзін бәрін мақұлдады. Мен кейіп қалдым, ыза болдым. Ол ойын тарағаннан кейін, мен де ылғи қызға арналған, бөтен сөз араласпаған өлеңдерді іздедім, ондай өлеңдерді, кітаптан басқа жерден таба алмадым. Кітаптан табу үшін, оның тілін білдіретін мектепке барғым келді. Міне, мені оқуға жетектеген екінші толық себеп осы - бұл бас себебім.

- Мектепте, қай-қай ауылдың балалары оқиды? - дедім Еркінге кірпігіме тұрған қырауды түсіріп, бетімді укалап, орта жолға барған кезде.

- Ойбой-о-о-й! - деді ол, даусын созып, мұрнын бір сіңбіріп, - осы Қопадағы елдердің көбінің баласы келеді. Мәйекен ауылының балалары да келеді. Ішінде Тоқпақбайдың кіші қызы Бәтес те бар. Кем болса 50-60 бала оқиды...

Қопалы деген біз қыстап отырған орасан үлкен көл екенін ғана білем. Әсіресе, ық жағынан басқа жерін, 14 жасымның ішінде бір аралаған пенде емеспін. Ық жағындағы ауылдардан да анық білетіндерім: Мәйекен ауылы, Бәйекен ауылы, Қайрақбай ауылы. Өзгелерінің көбіне шаламын. Өйткені: ық жағында біздің осы төрт ауылдан басқа ауыл жоқ.

- Осы Қопалыда қанша ел отырады екен? - дедім Еркінге.

- Мұнда екі ауылынайдан артық ел отырады, мұның айналасы жүз шақырымнан да көп, - деді Еркін аузын томырайтып қолын сілтеп сөйлеп, білгішсініп.

Өтірік-шынын кім білсін, Еркін тағы да шұбырта жөнелді. Нанар-нанбасымды білмей, Еркіннің Қопалы туралы кеңесіне елтіп келе жатыр ем, оң жағымнан бір ит арс ете түсті, жалт қарасам Күспай дегеннің өзіме таныс кара-ала қаншығы екен, өткен жылы мені бір қауып алып, нанға қосып ине тастағанымда, инемді жұтып қойып өлмеген.

Келіп қалған екеміз ғой! - дедім Еркіннің сөзін бөліп.

Но! - деді Еркін де сөзін тоқыратып. Бәйекең ауылы қамасының қалың ортасындағы бір аралда болғандықтан жөнді қар түскен жоқ екен. Биылдыққа келгенім осы еді. Алдымен үріп шыққан иттерге өшіктіріп: қар, мұз, боқ лақтырып, азан-қазан, у-шу ғып, үй-үйдің арасымен мектепке келдік.

Мектеп үш бөлмелі ағаш үй еді: ішіне кіріп барсақ, тым ыстық келген екенбіз, бала да жоқ екен. Жалғыз-ақ, сол мектептің күтушісі Шоқпар дейтін бір нашар жігіт, пешіне отық тығып, ұртын толтыра үрлеп жатыр екен. Бет аузы қып қара күйе болып, бізге бір қарады да, насыбайын атып, отын үрлей берді.

Еттегіңді жап! - деді Еркін Шоқпарға.

Бүгін шалбар алуға күш жоқ, - деді Шоқпар, төбелесетін келдей адырая қарап.

Түсі суық жігіт еді.

Балалар бірен-сарандап келе бастады, мұғалім әлі келген жоқ, бірақ, келгендей боп көз алдымда елестеп тұр: кішірек келген істіктеу мұрны, түлкідей ойнақшыған кішкене қара көң, сүйір иегі, дөңгелектеу келген жағы, бүріс құлағы, толық шықшыты, орташа бойы, еңкектеу жауырыны, шөпшен саусағы... Бәрі көз алдымда...

Бұл мұғалімнің қай жердікі екенін мен білмегеніммен, оның қандай адам екенін, жақсы білем, біздің елге келгелі үш жыл. Аты Қаламбек, әкесінің аты Қасқабай. Қаламбекті мынанан көбірек таныстырған біздің Күміс. Күміс бойжеткен қыз болған соң, Қаламбек: жаз болса қымыз ішуге келгенсіп, қыс өзге сылтау табылмаса, газет оқығансып, біздің үйден шықпайтын. Мен көбіне Күмістің қасында жататынымын. Бір күні аяғымды біреу түнде басып кетіп, жылап түртелгенімде Күміс:

Неге жыладың, қалқам, ұйықтай ғой! - деп мені құшақтап, аяғымды біреудің басқаны өзіме аян болғанмен, көрнемді тұйықтап жатып қалғам. Бірақ бір кісінің мұрнының нысылдағаны артық болған соң, "бұл кім болды екен!"

деп, отірік ұйықтаған боп тындағам. Мені ұйықтады-ау деген кезде біреу сап-салмақты болып, мені аттап, Күмістің ар жағына барған. Маған қарап жатқан Күміс әрі қарай аянып. Менің қарнымға бір суық қол тиіп кетіп, қолын тартып ала қойған. Сыбыр басталған; мен тындағам, бірақ

көбін ести алмай, жалғыз-ақ, Күмістің бір ретте "Қаламбек, сен ол сөзді ойламай айтасың!" дегені құлағыма шалынған. Міне, сол күннен бері Қаламбектің біздің үйге неге көп келетінін мен сезгем. Қаламбек, менің сезгенімді білген кісідей, мені алдап, қағаз, қарындаштар беретін. Мені жақсы көргенсіп, арқаға қағып, әкеме:

- Бүркіт тірі болса жігіт болады. Тентектен түзелген оңды болады, - дейтін.

"Білемін құлығынды, маймылсыма!" дейтінмін ішімнен. Сол Қаламбектің алдына, міне енді шәкірт болуға келіп тұрмын.

Балалардың басы қосылған жер оңа ма, мұғалім келмеген соң асыр салып, мектепті басына көтереді.

"Едігенің ескі кегі" дегендей, екі ауылдың балаларының "кексіз" күні болмайды-ғой; ойын арасында бірін-бірі жұдырықтап та алады. Көктен тілегенімді жерден берген немедей, даяр алысқа араласа кеттім. Өткен жаз Мәйкең ауылында Жұман дейтін бір баланың сақамен періп қалып шекесін қанатып ем. Соны ұмытпаса керек, алысып жүргенде, мені білмеген болып жауырынымнан қойып өтті.

- Әй, неге ұрасың?!

- Ұрдым ба?

- Әлгің не?

Жағасынан алдым.

- Ойынды көтермейді екенсің ғой! - деді Жұман, екеуміз айқаса түскенде, менің бармағым Жұманның аузына түсіп кетіп еді, қыршып кеп алды.

- Ә-ә... өлдім! - деп бақырып отыра кеттім. Қолыма қарасам тісі батып кетіпті. Қайтадан ытып түрегеліп:

- Әкеңнің құны бар ма, осынша тістейтін! - деп, іштен шалып алып ұрып, кеудесіне мініп алып, жұдырықты жаңа салып жатыр ем;

- Е, балалар, неғып жатырсыңдар! - деген дауыс естілді. Жалт қарасам Қаламбек екен. Мені өзіміздің ауылдың балалары, Жұманды өз ауылының балалары ақтады.

- Ештеңе етпес, отырыңдар! - деді Қаламбек балаларға, сүйтті де, маған қарап - оқуға келдің бе? - деп күлді.

- Ие.

- Жаксы, отыр.

Мектептің ішіне: ақ қарағайдан үстел істеп, айналасына орындықтар жасатқан екен. Еркіннің қасын ала бір жеріне отыра кеттім. Қаламбек, қабырғада сүйеулі тұрған қара так-

онна барып, жаңа бірдеңе деуге ыңғайланып келе жатыр еді, есік сықыр ете түсті. Жалт қарасам, жанында екі бала бар. Бәтес екен. Суықта екі беті қып-қызыл нарттай бола қалпаты. Үстіне күпі киіп, мойнын ақ түбіт шәріпшен орапты. Қызыл бүлінш тысы бар, көк бұйра бөркін құлағынан төмен түсіре киіпті. Шәріп мен дөңгеленген шашына қырау тұрыпты. Мен оны жайлаудан қайтарда бір көрген соң, қайтып көрген жоқ едім, одан көрі сұңғактанып өсейін депті. Жіп-қошпақ, суықтан қызарған саусақтары кілбиіп, бетін уқалады да, сығылып басып, менің қасыма кеп отыра кетті...

III. ЖҰМБАҚ

Қыстың ортасы ауа менен бір жыл бұрын оқыған балалардың көбін басып оздым. Бірінші жылдық оқу құралын бір айда аузыма салып, екінші айда екінші оқу құралына және бірінші жылдық тіл құралына түстім. "Түбір сөз, тұнғыш сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымша, жалғау, жұрнақ, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, ымыралы, ымырасыз, қалаң-уяң дыбыс" - дегендеріңіз, өлеңмен бірдей болды, бәрін де жаттап алдым.

Есепке де сондай зирек болдым: сегіз жерде сегіз - алпыс төрт, жеті - жерде жеті қырық тоғыз... Қысқасы, қандай сұнды сұраса да, жорғадай аяғымды қақпай, ағып өте шығатын болдым. Оқу құралынан оқыған өлеңдерімді түгел жаттап алдым. Менен сабақ сұрауға кезек келгенде Қаламбек "Бүркіт біледі" деп сұрамайтын болды. Неге екенін білмеймін: есі-дертім оқу! Ойға барсам да, қырға барсам да, зарлап сабағымды айтып жүруге айналдым. Жұрттың көзіне түстім білем, өкем бір күні:

- Шырағым, сен оқуға тым берілме! Тіл, көзге сақ боларсың, біздің тұқымға көз жақпайды. Кісі көзінше оқыма! - деді.

Қыс ортасынан былай Қаламбек, сабағын білмейтін баланы менің жаныма отырғызып:

- Бүркіт шырағым, үйрете отыршы! - деуге басты.

Менен сабағын сұрауға айналғанның біреуі Бәтес. Бәтес менен бірер жас кіші, 12-13-тер шамасында: талдырмаш, белі үзіліп кетейін деп тұрған қылдырықтай. Кішірек келген, көмірден де қара, қара бояудан да, қысқасы не нәрсе тұнық қара болса соның бәрінен де қара, қарақатқа ұқсап мөлдіреп

тұратын, қара көзі бар; бүлдіршіндей дөңгелек жүзді, екі бетінен қып-қызыл қаны тамады. Бірақ, бой- жеткен қыздай көзінің астына тарамданып жиналған тарам қызыл емес, бетін түгел жапқан майда қызыл! Мұрны өзірге етженділеу, өсе келе қырланатын, бірақ бөлкім кішірек; саусақтарында буын жоқ, суға шыққан сүйіктің үлпілдек басындай, аппак, үші сүп-сүйір, үлбіреген нәзік! Тұтамдай ғана, құлағынан дөңгелетіп қыйған, қара сұр құлынның кекілі сықылды желкілдеген шашы бар; мойыны жұп-жұмыр, етженді, ұзын; жұмыртқаның қақ жарған ағындай, тамағының астында дөңгелек бұғағы бар; даусы жаңа туған құлынның кісінегені сықылды, талығып, сыңғырлап зорға естіледі; күлкісі сылдырлаған күміс тәрізді; кеудесі шалқақтау, бойы тік, денесінде бір мін жоқ.

Бәтес бұл түсінде аққудың көгілдірі, піспеген қауын, жарылмаған жұмыртқа, сүттен ақ, судан таза періште, жаңа гүлденіп келе жатқан қызғалдақ!..

- Бүркіт, шырағым. Бәтестің сабағын қасыңа алып үйрете отыршы! - деді бір күні Қаламбек. Бәтеске қарап ем, ол жайдан-жай қызарандап төмен қарады.

- Бәтес, шырағым, Бүркіттің қасына барып отыра ғой, сабағыңды үйретіп отырсын! - деді Қаламбек Бәтеске. Бәтес сызылып түрегелді де аяғын санап басып, беті қызарыңқырап, төмен қараған бойымен, менің жанымға кеп отырды.

Сақылдаған сары аяздан денең жаурап келгенде, ып-ыстық суға малып ала қойса, қандай сезім пайда болар еді, мен Бәтес кеп отыра қалғанда дәл сондай халге жеттім. Бетім, денем дуылдағандай болды. Жүрегім дүрсілдей бастады. Қолтығымның астына қолымды салып басып көрсем, енесінің ішінде қимылдаған құлындай, жүрегім бұғанамды түртіп тұр екен. Тынысым тарылғандай болды. Үй салқындау еді, маңдайымды ұстасам тершіп қалыпты...

Бәтеспен бірге өсіп, біте қайнағандай болғам. Әкем мен Тоқбақбай замандас. Оның Көкен деген үстіне аталаспыз. Арамыз жеті атадан жаңа асып барады. Оның апасын ұзатқанда, біздің үй бір пұшпақ ішік, көлігіне бір дөнен ат берген. Мәйекен біздің үйден жаз бір малдың басын, қыс жаясы мен бұғанасын жейді.

Апам анда-санда "би атаң үйіне барып келейінші" - деп жөнеледі. Мен соңынан ерем. Еншісі бірге болғанмен, Мәйе-

көп үйіне Тоқбақбайдың жазда, қыста отауы басқа. Апама Тоқбақбай үйіне барып, Тоқбақбайдың бәйбішесі Биқасап-пен кенеске кіріседі. Сейіл дейтін бір кішкене ұлдан басқа, сол үйдегі бар бала Бәтес. Бәтес пен мен ойнаймыз. Ол маған сол ойыншықтарын көрсетеді. Ол кезде оның да, менің де қолымда түк жоқ, бірақ бір-бірімізді жақсы көреміз. "Бәтесті қолмен неге айтасың!" деп бір баланы кенеймен періп қалып, баланы жарғаным да бар...

Бәтесті мектепте көргелі, ол көз қарасымның бәрі өзгеріп, маған жайдан-жай бір құмарлық пайда болды.

Соның кескініне көзім бұрыла берді. Қаламбектің бозба-лашылықпен көзі шыққан қу, кей кезде, менің Бәтеске тым көп қарағанымға сезіктене ме, қалай, маған қарап жымыяп қалды.

"Лық" жалғау ма, жұрнақ па? - деді Бәтес, менің қасы-ма келіп отырғаннан екі күн соң.

Дауысы құлағыма, қатты бұрап, сағасын ала тартқан дом-быраның жіңішке шегінің дауысы сықылды боп кетті, ба-сып қалған сықылдандым - "лық" жұрнақ: түбір сөздің аяғы өзгеруіне қарай, оның "дық", "тық" болатын да жері бар!

Жалғауымның ең соңғы өзгерісін айтып салғаныммен, құлағыма жаман сөз сықылды естіліп, сол жерге пышақ кес-кендей тұра қалдым, кейінгі жағын тағы бүлдірермін деген кісіне, айтқам жоқ. Бәтес сезді ме екен? - деп кескініне қарасам, қызарып, күлімсіреп отыр екен. Мен қарағаннан кейін томсырая қалды.

Сол күннен бастап Бәтес екеуіміз үйір тайдай болып кеттік. Мен оған сабақты баса үйретіп, көп баланың алдына түсірдім.

Бір күні мұғалім тұмауратып, мектепке келмей қалды. Келген балалар біріндеп тарай бастады.

- Біздікіне барып қайтасың ба? - деді Бәтес маған, мек-тептен шығып бара жатып. - Барайын! - дедім.

Мәйекен ауылының өзге балалары кетіп қалған екен.

Бәтес маған сол қолын беріп, мен оң қолымды беріп, екеуіміз қолдастық та, қамыстың арасымен Мәйекен ауылы-на баратын жолға түстік. Аспан бұлтсыз ашық, алтын күн шайбақтай боп, қарға нұрын сеуіп, желсіз тымық күн, май толғысыз мауыярап тұр екен.

- Бәтес! - дедім орта жолға барғанда.

- Ә, - деді, қарақат көзі жарқ етіп, маған күлімсіреп қарап.

- Бетіңнен сүйейін бе?

Ол күлді де, төмен қарады. Үндеген жоқ. Ұстап келе жатқан қолынан өзіме қарай тартып ем, азырақ икемденгендей болды, құшақтай алып, аузына ауымды апара бергенде, көзін жұмып, қып-қызыл, сүп-сүйір ғып тілінің үшін шығара қойды, сүліктей қадалып жабыса қалдым.

- Әй оларың не? - деген дауысқа, құшағымды жазып жалт қарасам, шудасын қырау басқан түйе бізді алатын өзірейілдей мұрны пысылдап, ентелеп келіп қалды. Бәтес екеуіміз ығысыңқырап, шананың екі жақ қанатынан өтіп кеттік. Сақал-мұртын қырау басып, мұрнының сорасы қатқан Шоқпар, мұрынын сіңбіріп:

- Асықпаңдар, айтармын! - деп өте шықты. Кімге айтатынын, нені айтатынын ойлағамыз жоқ, келіссіз бір нәрсе істедік-ау дегендей, екеуіміз де қызардық.

... Қар кетті... Сайларға сарқырап су жүгірді. Көл ішіне жүретін жолдар бұзылып, мектеп жабылды. Қотыр торпак өкірді, қотыр тай секірді... Қаңқылдап қаз, жарқылдап жаз келді... Құрт-құмырсқаға шейін тіріліп, тіршілігіне кірісті. Жер бергендей құлпырып, жайнаған даланы нұрлы сағым бөледі. Жібектей ширатылған жаздың қоңыр бұлты шығып, ағытқан өрмектей шұбалтып жылы жаңбырын төкті. Жаз келді де, мектепті жапты - мектептің жабылуы Бәтес екеуіміздің жұбымызды айырды.

Сақылдаған сары аяздың ішінде, қыраулы қамыстың ортасында, күнді куә ғып Бәтес екеуіміз жалғыз-ақ сүйістік.

Неге сүйістік, нені ойладық? - өзіміз де білмейміз!!

Ол бір жұмбақ!

Қант сықылды ма? Бал сықылды ма? - Бәтестің тілінен менің ауыма бір тәтті дәм келді. Бірақ, Шоқпары құрғыр кездесе қалып, еркін тата алмадым.

Сол дәм аузымнан әлі кеткен жоқ, күнде өз аузымды өзім тамсанып, өз түкірігімді өзім сол дәмге араластырып бір жұтып қоям. Ол дәм де жұмбақ!..

IV. АҚЫН

Жаралған жалпақ дүниенің үстінде ақыннан бақытты адам бар ма екен? Жансызға жан бітіріп, жандымен тілдестіретін адамды, адам емес-ау, ақынды, бұ заманның пайғамбары жетсең болмас па!

На, піркін-ай, десейші!

Қиамды қолға ұстай алғанда, жорғадай ырғала басып, бүлік-бүлік етіп жөнелсейші!..

Сөз артынан сөз, таудан құлаған бұлақтай тасқындап күнделсейші!

Жатып отырған сөйлемдеріңнің аяғы, жоқ жерден үйлесе кетіп, әрбір ойлаған ойың ауызды тамсандыратын тәтті, көзді тартатын сұлу, құлақты құрыштандыратын күйлі, жүректі ертетін жылы, ақылыңды тербететін бесік боп - поэма болып түрегелсейші!!

"Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді". Ақындардікі тойғандық. Өйткені олардың жазғандарының өз қара басына, көбінесе, көпейкелік пайдасы тимейді. Айдаладағы біреудің өміріне жармасып, өзіне керексіз іске қатынасады.

Менің де ақын болғым келеді. Өлеңге құмартқаныма екі үш жыл. Содан бері екі, үш тетраттың бетін толтырдым. Өзіме әдемі сықылды. Өзімнен төмендерге оқысам, олар да "әдемі екен!" - деп аузының суы құриды. Ал, тәуірлерге оқысам, олардың кей біреулері "жақсы" деп мазақтаған сықылданады да, кей біреуі "шырағым, сен өлеңді қой!" дейді. Қайсысына нанарымды білмей басым қатып жүр.

Шынында мен, секіретіндердің "тонған" аттысына бейім адаммын. "Ер батқан ат аяңшыл келеді". Менің арқама аяздан бататын, мені өлеңге жармастыра беретін жалғыз-ақ нәрсе, жалғыз-ақ тілек бар. Қашан сол тілегімді орындап, "үл" деп демімді бір алсам, содан кейін өлеңге: "жарықтығым, енді бара ғой!" - деп сауырдан бір сипап қоя бергім келеді.

Менің ол тілегім - Бәтес. Қопалының қыраулы қамысының арасында, екеуміздің қадалысқан кезімізден, жүрегіме бұрыстық леп кеткендей болған. Сол леп осы күні өзегімді өртеп, оққа айналып барады. Зыликаның ғашықтығына Жүсіп нанбап-

ты-мыс қой. Ғашықтықтан Зылиқаның көзі кетіп аңға шыққан Жүсіптің жолын тосып отырады екен дейді, бір күні Жүсіп Зылиқаға кездесе қалғанда:

- Менің ғашықтығыма нанамысың? - депті Зылиқа.

- Жоқ! - депті Жүсіп.

- Кәне, ендеше, қамшыңды берші! - деп Зылиқа, Жүсіптің қамшысын алып, бір үрлепті де беріпті. Жүсіп қамшысын ұстай алғанда, қолы күйіп, қамшыны жерге тастай беріпті. Содан кейін Зылиқаға сеніп, некеленіпті - мыс деген қауесет бар.

Мен Бәтеске расын айтқанда ғашықпын. Ғашықтығым ертелі-кешті өткен ғасырлардың қайсысынан болса да кем емес. Әзірге Бәтеске де, өзіме де кінә қоя алмаймын. Егер де басыма тар күндер туа қалса (тар күндер дегенім - Бәтеске қосыла алмау ғой) күйіктен, от кез келсе оттан, су кез келсе судан, қысқасы не кез келсе содан қашпас едім, реті келсе қан да ішер едім деймін.

Міне, мені өлеңге құмарландыратын - осы - Бәтес. Өйткені: көктің көркі алтын күн, күміс ай, маржан жұлдыз; судың көркі бұйра толқын, ақ көбік; жердің көркі жасыл шөп, жайнаған гүл; ағаштың көркі жапырақ; сөздің көркі өлең; көркемнің көркемі күй ғой, сол күйдің де түп қазығы өлең!

Сыр сандықты ашып қара
Ашып қара сырласым,
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын! -

дейді Сәкен.

Аккумен аспандағы ән қосамын,
Шығарсам ашы күйді түптен тартып! -

дейді Біржан сал.

Осындай тілдерді таба білген ақындардың тілінің не екенін өзім біле алмаймын. Бәтеске мен бұл түгіл мұның әкесіндей өлең шығарғым келеді. Айтайын деген сөзімнің ұзын-ұрғасы мынау:

- Бәтес! Мен сені сүйем. Сен менің күнімсің. Сенсіз күн, маған - түн. Сен менің бұлбұлымсың, сенсіз жаз, маған - үнсіз жаз. Мені күн болып нұрға бөле! Бұлбұл боп жырға бөле! Не болмаса қараңғы көрге, үнсіз, күйсіз жерге таста!..

Негізділері осылар. Осы ойымды өлең қылайын десем, сөздерім шаршаған аттың аяғындай бытырап, иі жетпеген бұнықты, біріне-бірі бірікпейді.

Тегі мен ұялшақпын. Өйткені, менен басқа жұрт, менін шығарған өлеңімдей өлеңдерін көрсетуге ұялмайды. Өлеңді жұрт кәсіп қып алған ба, болмаса, өлең, шынында оңай нәрсе ме? - өйтеуір, қатын алайын деп жүрген қазақ азаматында өлең шығармайтын бір пенде көргем жоқ.

- Қарағым бетің аппақ қар секілді,
Көздерің жарқыраған шам секілді,
Сізге арнап осы хатты жаздым, қалқам,
Бір арман көңілімде бар сықылды! -

ден жазыпты, бір жігіт алайын деп жүрген қызына хат жазып, осы өлеңді маған оқығаннан кейін, мұның қызы қандай екен деп көруге барсам, "қар секілді" дегені, қап-қара көмір секілді, сыйықсыз біреу. Жерге бір түкірдім де, шығып жүре бердім.

Кейбіреу, алғанына жеті-сегіз жыл болған сары қарын әйелдерінен екі елі айрылса өлең шығаратын күйге ұшырапты. Сағындық деген жігітіміз, дұспан көзі қып айтқанда, губерниядағы маңдай жігітіміз еді. Сол кісі былтыр курортқа кетті. Бір күні сол үйге қаңғалақтап бара қалармын ба? Жеңгей:

- Бүркіт, - деді алдымнан шығып.

- Ә, - дедім.

- Ағаңнан хат кеп еді. Оқышы! - деп қолыма бір хатты ұстата берді.

Жалғыз Сағындық ағайда емес, ағайлардың көбінде бір келісімсіз өдет, ол - әйелдеріне не бала күттірмейді, не жұмыс істетпейді, не оқу оқытпайды. Жеңгелердің көбі тырнағын, бетін бояп, киімін түзеп, сыртымен әуре боп кетеді де, ішінде түк жоқ, құр қуыс болады. Сағындық үйіндегі жеңгейді Сағындық алғанына жеті жыл екен. Содан бері жеңгей тым болмаса хат танымапты ғой, бұ да қызық!..

- Көне, оқийн! - деп жеңгейден алып, оқып жіберсем, қара сөз сықылды емес, өлең сықылды.

- Жеңгей, мынау өлең!

- Қойшы, қалқам, рас па?!.. Оқышы!

Жеңгейде шынында әдеп аз болатын еді. Көптен көрмей сағынып қалған адамша, кісі көзінше, ағайдың мойнына асылып, бетінен сүйіп жататын. Жеңгейдің өлеңге құмар-тып тұрғанын көрдім де, оқыдым:

- Қалқам-ау, сені сағындым,
Сағынып естен жаңылдым.
Сүйген жарың алыста
Шықпасын естен, бауырым! -

депті. Өзгесі езге, "бауырымы" несі! - деп жеңгейге қарап ем, күліп.

- Қайта оқышы, қалқам! - деді.

Ағайдың кеткеніне он күннен аз-ақ асқан. Сол екі арада жаны шығып бара ма екен, жай амандық хат жазса да болады ғой. Ішімнен "иә алла тағала, қатын алғанда мынадай күйге ұшырата көрме!" - деп шығып жүре бердім. Менің бұл екеуінен де артық, Бәтеске шығарған өлеңдерім бар. Бірақ мен көрсетуге ұялам.

"Ғашықтық" деген сөзді қара халықтың тіліне аударғанда "құмарту" деген сөз ғой. "Құмарту" дың мағынасы "қатын алу", екінші сөзбен айтқанда, өз ниетің шапқан әйелді алу деген сөз.

Бұдан төрт бес жыл бұрын әйел алудың жолы оңай еді. Қырық жетіні қырқа матап бергеннен кейін, бағыңа не іліксе, соны ала қоятынсың. Өте бір өнері тасыған жігіт болмаса қыз таңдамайтын.

Қазір әйел алудың үш жолы бар:

Бірінші, қылмыс заңының 231-статьясы қалың малға қатын қарағанымен, елдің құлары, ол статьяның аузына кейде құм құяды: бұрынғы аяқты мал ақшаға айналды. Ақшаның түс, таңбасы жоқ, тергеу дәлелдей алмайды. Кей жерде зерттеушілердің көзіне шел қаптай қалатын да әдет бар. Қыздың алды мың сом. Егер де уәделі ақшасынан азын аулақ қолына тимей қалса, "қызым менсінбейді" - деп, әкесі шығарып алудан да қашпайды. Бұл бір.

Екінші, қызметкерлердің көбі, елдегісі болсын, қаладағысы болсын, басқаның қалың малын андуға шебер. Ал, өзінің не ағасына, не інісіне қалың берсе, не апасын, не қарындасын күйеуге беріп, қалың мал алса, оны көрсе де көрмейді. "Алма, берме!" демейді. Өз үйі былай тұрсын: на-

танысы, жиен, құдасы, жақыны қалың мал алып, қалың мал берсе, оларды көрмейді. Сондай құдалықтың ішінде болған дындай жігіттерді көзіміз көрді. Құдалықта болғаны былай тұрсын, өзі қалың мал беріп қатын алған оқыған жігіттерді көрдім: біреуі - Қалаубай баласы. Бұл жігіт "жанашылмын" дегенде жер-көкке сыймайды. Қалың малға да "қарсы". Ал сол, мырзаның өзі 24-жылы Есенмен бір қызға таласып, 80 қараны қолынан санап бергенін көзіміз көрді. Шақымет Жантілеу баласы деген сол кезде елде жүретін сұдыяның өзгеге көзі қырағы-ақ еді, ал оған келгенде жұмылып кетті. Екінші - Сырғабай деген жігіт губсоттың мүшесі болып тұрған күнінде мың сом беріп қатын алып, қаланың бірлық мешандарын бір жұма арақ пен етке, қымызға жықты. Міне, бұл жүйеде қатын алатындарды сүйдіретін де, сүйейтін де ақша!..

Екінші, кедейден оқып, көп ақша табуға қолынан келмей, әрі "ірі" орынға іліге алмай жүргендер. Бұлардың көбі үсті-басын әдемілеп жүреді де, бір қызды ұнатса, "баймын, үйім бай!" деп алдап алып қашады. Артынан қызды көндіріп алады. Бірақ бұл жүйелілер аз.

Үшінші жүйелілер: қалыңсыз, қызды өз бетімен, жігітшілігімен алу. Мен осы соңғысына қосылам. Жас кезімде әкемнің маған айттырып қойған қызы бар. Ол қыз қазір ер жетті. Ажарсыз да адам емес. Мені алады деп дәмелі болып жүр. Бірақ мен ол қызды сүймеймін. Менің бар ниетім Бәтеске құлаған. Бірақ, әзірге сөз қатқам жоқ, жай сыртқы буына ғана пісіп жүрмін. Құмартқаным екі-үш жыл болғанмен, жүрегімді улаған ойды, - уһ! - деп бір серпе алғам жоқ.

Күні бұрын сезетін бір бөгетім бар: Мәйекеңмен біз ата-аналарымыз ғой; қыз алыспақ түгіл, екі үйіміз бір үйлі жанның іші сықылды. Апам осы күнге шейін Мәйекеңнен жасырынып жүреді. Міне, осы "жақындық"-тың маған үлкен бөгеті бар. Келінді болғанын әкем неге жек көрсін. Бірақ елдің "ұят, намыс" дегені бар ғой, сол "заңнан" ол не шыға алсын!.. Қысқасы Бәтесті қараңғы ұрлықпен әкетпесем, екі үйдің бірдей ризалығымен алу, маған көктегі күнді алудан қиын.

Әлі Бәтестің менің ойымнан шығар-шықпасын қайдан білейін! Атылас пен Батсайының қылығына қарағанда, Бәтеске сеніп те болмайды:

Атылас: бас қыз деген елдің қызы еді. Үйіне кейде барғанында, еркекше кеңесіп, әйел теңдігі деген кеңесті қызметте болған адамнан кем соқпайтын. Сол Атылас, Байжан деген жігітке тиемін деп уәде береді. Байжан сол уәдемен алып қашайын деп, милиция алып барса, қыз бұрынғы күйеуімен кетіп қалған екен. Байжан соңынан, әкесі еріксіз жіберген шығар деп қуып барса, Атылас: "Сені қайда көрдім!" деп маңына жолатпапты. Байжан жердің үстімен барып, астымен қайтты.

Батсайы: әкесі үйде жоқта Таласбек деген жігітпен кетіп қалады. Бір жұмадан кейін әке-шешесі соңынан қуып барса, "жаздым-жаңылдым!" деп, әкесінің қасына еріп үйіне қайтады. Бұ да көзі ашық деген, елде бас қыз деген қыз еді.

Бәтестің сырт пішіні әйел затты адамның біреуіне таласады. Ішінде не бары маған жұмбақ: мүмкін алтын, мүмкін мыс болуы. Әзірге менің міндетім: Бәтес екеуміздің аразмызда ашылмай жүрген сыр сандықтың кілтін бұрап ашып, Бәтестің не алтын, не мыс екенін көру, ол кілт өлең.

Бүкіл дүниенің малынан маған қазір үш ауыз өлең қымбат. Сол үш ауыз өлеңнің ішіне менің Бәтес туралы ойлаған ойымның бәрі сыю керек. Сол үш ауыз өлең Бәтес пен екеуміздің алдағы күндегі жасайтын өміріміздің жолын ашатын, тағдырын шеше алатын болу керек. Бірақ не керек әзірге үш ауыз түгіл, бір ауыз өлеңге де әлім келмей жүр!

Жүректің сырымен, ойдың толқынын қағазға түсіре алмайтын, қалам, саған не жаздым! Өз денемнің мүшесі боп отырып, өзіме керек пайдаға аспайтын, орал деген ыңғайыма орала алмайтын, тіл, саған не жаздым!

Әттең ғана, ақындық-ай, түбінде қараңды көрсетпей кетсең де, Бәтеспен сыр сандығын ақтарғанша, менімен бір күн ауыл-үй қонбадың-ау!

Арманым көп!..

Ү. БОРАН

Даланы сағынып қалған екем. Қаланың таңы атса басылмайтын дамылсыз шуынан, емін-еркін далаға шыққанда, желіден ағытқан құлындай ойнақтағым келді.

Күн айнадай ашық. Алтын күннің өткір сәулесі түгіл, көк торғындай аспанның өзіне қарасаң да, көзіңді ұялтып төмен қаратады; маңайымыз жазық дала, даланың үсті бүп-

бұйра толқын сықылды, бұйраланып, жал-жал болып жатқан айғыр жал - күртік, жазық даланың жан-жағы керіліп барып, қазандай төңкерілген көгілдір аспанның, қиырдағы шеңберіне барып қабысады; бір жұмадан бері боран болмағандықтан жол жығылса бас жарыларлық тап-тақыр, жолдың үстінен жүрген шананың ізінің орны жылтыраған күмістей күнге шағылысады; жер жүзіне ақ маржан сепкендей, күлген күннің күлкісіне қосылмаған, шөкімдей қар жоқ, бәрі күліп тұр!..

Жеккеніміз өкемнің ала аяқ жирені: сауыры бүлкілдеп, омырауы көтеріліп, кекілін селкілдетіп басын шұғып тастап, тұяғын қарлы жолға қадай салып, үстіне бу үйіріліп, терден бұйраланған жүніне ақ қырау үйелеп, аузы ақ көбіктеніп, танауы желпендеп, бұлшық еттері бұлтылдап, дөбесі сүзе-сүзе тартып келеді.

Үстінде өкемнің көк шұғамен тыстаған жаңа қасқыр ішігі, оның ішінде қамзолша күзен ішік, басымда қызыл бүліс тысы бар түлкі тымақ, мойнымда үлкен қара түбіт шөріп, бұтымда тері шалбар, аяғымда қоншы қара санымнан саптамалы етік, киім мықты. Жанымда Қошқарбай. Бұл - Н... қаласындағы техникумда оқып, қысқы демалысқа елге қайтып келе жатқан бетім. Қошқарбай, менің хабар айтқаныммен келген.

- Күн қай уақыт? - деді Қошқарбай қаладан екі-үш шақырым шыққаннан кейін.

- Сағат 9, - дедім сағатыма қарап.

- Біздің ауыл осыдан 90 шақырым ба? - дедім.

- Жоқ, тоқсан үш шақырым! - деді Қошқарбай, өлшеп қойған немедей.

- Бүгін жете аламыз ба?

- Алла жөн беріп, аттың қолқасы аман болса, жетеміз. Күн ашық болса, ала аяқ екінді болмай-ақ алып барар...

Тағы біраз отырдық. Қошқарбай кеңеске онша үйір адам болмайтын еді, бірдемені өдейілеп сұрамасам, кеңескісі келмеді. Ішім пысты. Мұны өңтімеге еліктіретін бір нәрсені қалай табам деп отырғанда, "сарқасқа" мен "сарыбауыр" есіме түсе қалды.

"Сарыбауыр" - деген біздің үйдің жүйрік аты. Қараға шаппайды, қарға шабады. Қараға шапса да, көрінген қарайғанды тартып кетіп, бетімен кетеді. Қарда ол мінезін тастайды. Сары бауырдың тұлғасы қарға шабуға біткен тұлға:

алды биік, омыраулы, басы бір кез, денесі балуан, ірі жылқы. Дөненде әкем бір бақалшы ноғайдан бір тұғыр ат пен екі қойдың терісін беріп алған екен, біздің қолға келгелі бес жыл. Содан бері он сегіз қасқыр соғыпты. Бір күнде үш қасқыр соққан да күні бар. Қошқарбайдың жан-тәні соның үстінде, оның үстіне өзінен басқа тірі пендені шығармайды. Атағы әкемдікі болғанмен, ат Қошқарбайдікі.

“Сарқасқа” деген қасқыр алатын бір ит. Бұл қасқырды қояндай аулайтын, Маңтөбет деген иттің тұқымы. Бұл итті әкем бір ту бие беріп, артығын көңіл қылып, қыпшақ Итбай деген кісіден сұрап алған. Сарқасқа өткен қыс екі қасқыр алған.

“Сарқасқа” мен “Сарыбауыр” әңгімесінің пернесіне қолым тиіп кеткенде, Қошқарбай, күйіне келіп тұрған домбырадай сарнай ала жөнелді:

- Бір күні, - деді Қошқарбай, тымағын басынан жұлып алып, - ала сәуледен тұрып, мал жайласып, әлде қалай қораның үстіне шыға келіп едім, аттары қыраулатқан бір-екі кісі сойылын сүйретіп ағаң үйінен біздікіне қарай беттей берді. Апырай, таң атпай, атын терлетіп жүрген бұл кім екен! - деп тандана қарап тұрмын. Тани кеттім: Масан мен Тасан екен. Жалма-жан жүгіріп түсе қалып, алдарынан шығып амандастым.

- “Жол болсын, ерте жүріпсіздер!”

- Жол болса әлей болсын, - деді Масан - кеше жылқышы хабар айтқан екен, бір қасқыр тай-жабағыны жеп шыдатпай тұр дейді. Жөнді қашпайды дейді. Жылқышыны ұлып мазақ қылады дейді. Тіпті болмай бара жатқан соң, Қарашұнак, Бөйекен үйінің құла айғырымен қуған екен, оған да шалдырмапты. Соған шыққан бетіміз еді. Сені хабарландырайық деп келіп едік, - деді.

Сарыбауыр сол күні керіліп, қасасын салып, ойнақшып тұрмап еді. Ішімнен “жануар бір шабысқа түседі екенсің!” - деп ем. Сарқасқа да қыңсылап еді. Жалма-жан Масандарға бір шайды қойғызып жіберіп, сары май мен шайға тойып алып, күн жаңа шашырап келе жатқанда аттандық. Тартып отырып ұлы сәскеде жылқыға келдік. Алдымыздан Қарашұнақ шықты.

- Е, малың аман ба? - дедік.

Ептеп шығын болып тұр. Бүгін тағы бір тайды жеп кетті.

- Өзі неше қасқыр, неткен қасқыр? - деді Тасан.

Ікі қасқыр. Екеуі де нағыз қара қылшықтау: біреуінің құрлымы шолақ, онысы аумаған қара ит сықылды. Қаш-паштаны сонысы.

Құлындар ма, көлге қаша ма, далаға қаша ма? - деді Масан.

Жапық далаға тартады. Жақындатып, мазақтап, бір аз-ауыс бесін қарасын бірақ көрсетеді, - деді Қарашұнақ.

Көне, бізге ізін көрсетіп бер! - дедім. Төбе-төбе боп ұшпаш жатқан тебіндердің арасымен, салып отырып, тайды қыстап жеріне келсек, іздері жарқырап жатыр екен. Ізін көріп қыстап бертім де, "апырай, мынау сырттаны екен" дедім, өйткені бір лапанының ізі екі қасқырдың табанындай бар.

"Жолдарың болсын!" - деп, Қарашұнақ қала берді, тар-паш кеп кеттік...

Тартып келем. Сарғасқа мені қабырғалап о да тартып келеді. Масан мен Тасан менен тебіннен шықпай-ақ қала беріп. Масанның аты қарға сұмдық шапқыш дейтін еді. Сарғасқауыр оған қарасын көрсеткен жоқ.

Соңымен, қасқырды қай кезде көрдің? - дедім, Қошқарбаған, Қошқарбай қысыр кеңеске түсіп бара жатқан соң.

Бесін кезінде қарасын көрдім. Көзім жасаурап кетті. Атты сауырға қамшымен сыйпай қалып ем, омыраудан тірегінен қардан қарғып, құстай аққанда, үстінде отыра алмай, ұшып кете жаздап отырдым. Сыртымда қара құлын қырық, ішімде сары тоным бар еді, терлейін дедім, жарғақ-паш жағасын жайып жіберіп, тымақты желкеме сырып тастадым. Сарғасқа қарға батқан жоқ. Маған жалтақтап қарай берген соң "айт!" деп ем, алдыма түсе жөнелді. Артыма қарасам, аналардың қарасы көрінбейді. Қасқырдың біреуі біздің қырамыз көрінгенде, созылып шыға берді де, біреуі бізді тосқауылдап шапқандай, артында қала берді. Шамасы екі шақырымдай бар шығар деймін, содан жақындатпай сілтеді кетіп отырды. Көзім жасаурап еркін көре алмай келем, өйткені мен алыстан қап-қара көрінеді. Бесіннен күн төменірек құлаған мезгілде мен қасқырға жарты шақырымдай келдім. Бұл келем Сарғасқа барды да жетті; жармаса түсіп еді, қасқыр иіні сілкіп тастап жүре берді. Тағы жармасты, сөйтті, сонан соң қайтып ит ауыз салмай, қатарласып жарысты да отыр-паш. Қасқырдың қандай екенін енді білдім. Өйткені Сарға-

сқа, басқа қасқырды қуып жеткеннен кейін омырауымен соғып өтіп тоңқалаң асыратын, қайтып басын көтергенше мініп алып, алқымынан сығып тастайтын. Мынаған үйте алмады.

Күн шаңғыта бастады, қар қапалақтады... Боран болатын белгісі көрініп жел тұрды. Күн екіндіге таянып қалды, "жануарым-ай, алдыңнан аң құтылмайтын еді ғой, не ғып келесің!!!" - деп, Сарыбауырға қамшыны басыңқырап қалғанымда, құс боп ұшып кеткен шығар деп ем. Жарты шақырымнан жақын қалған қасқырға алқымдап жетіп келдім. Қасқыр да қалжырайын депті. Тілі құлаш шығып кетіпті. Қабырғаласып келіп сойылды сілтеп кеп өткенімде, қата сілтеп, сойылым тимей, екпініммен ағып өтіп кеттім. Қайта айналып қарасам, қасқыр өзіме қарсы жата қалған екен. Сойылымды көтере бергенімде, өзіме қарай ырылдап атты. Ұра алмай қалдым, бір жақ өңірімді алып түсті. Және ырылдап ата бергенде, қамшымен тұмсықтан мен де тарттым, жұқа шаптан. Аузы, мұрнынан қан сигектеп қасқыр жерге түскенше, Сарқасқада шабын жарып жіберген екен, шегі шұбатылып жерге түсті. Қасқырдан жаны сірі мақұлық бар деймісін: жығылмай, аузы ырсиып, құйрығы дірілдеп еді, сойылмен қағып жібергенімде ұшып кетті. Сарқасқа да әбден ыза болған екен, кеудесіне міне түсті. Қас қарайып бара жатыр. Күн боранға айналып кетті. Жалма-жан түсе қалып, қасқырды сойып алдым. Итіме қарасам, мана алғашқы алыса түскенде, бір жақ мойын терісін қасқыр жұлып алған екен. Қасқырды сойып алып атыма өңгергенде мұндай үлкен болар ма? - аттың екі жағына шұбалып жерге сүйретіліп тұрды.

Қошқарбайдың әңгімесі жолды қысқартты. Әңгімемен отырып, 15 шақырым Ойрат ауылына келіп қалыппыз. Қошқарбайдың кеңесін үрген иттердің дауысы бөлді. Әңгімесінің аяғына жақындағасын, Қошқарбай аржағын созған жоқ, қасқыр соғылғанын білген соң мен де содан кейін не қылдың? - дегем жоқ.

Көшелері кең, үйлері биік, халқы көп қаладан: төбесімен бірдей қып күртік басқан, ит үрмесе, қыбырлаған мал мен кісі көрінбесе, бұл арада жанды мақұлық бар деп адам ойлайтын үй емес, өңшең көр ауылға келгенде: - 25 жастан табан аузында 80-ге келген адамды көргендей, адам еріксіз ойға батады екен. Ауылы тал аралас, бір қызыл сымақтың

нында отырады екен; біз ауылдың сыртына жақындағанда, "ауыл мұнда!" деп бізге жол көрсеткендей, екі сауысқан, қияттары ебелектеп, құйрығы сарайып, шықылықтап біздің алдымызға түсті. Талдардың арасынан күзгі ылақ-текедей, аққұрлар бақылдады. Жол ауылдың қотанына кірмей, бір жақ жанын қабырғалап өтеді екен. Кейбір үйдің қорасының үстіне шығып кете жаздап, кейбір үйдің терезесінің сыртынан қазған орға құлай жаздап, әйтеуір аман-есен өттік-ау! Ол ауылдан адам деген заттан: дірдектеп жалаң аяқ, қардың үстімен, бір үйден екінші үйге зымырап жүгіріп бара жатқан бір жаман тонды бала мен пешінің төбесін жауып тұрып, жаурынын бір қиқандатып бізге қараған бір кемпірлеу әйелді ғана көрдім. Күн таңертендей емес, суытқан еді, жолдың сәуінде бір мүйізі төмен қарай, бір мүйізі жоғары қарай біткен бір ақ шап тарғыл сиыр "күн суықта қайда барасыздар?" дегендей, біздің алдымызды кесіп өте беріп басын шайқады. Иттер болса болмаса да ата кәдесін істеп, үре түсіп, "мен осылай жүрем!.." деп мақтанған немедей ауылға жақындағанда басын шұлғып тастап, еліріп кетті. Өте шықтық.

- Алдымызда енді ауыл бар ма? - дедім Қошқарбайға.

- 30 шақырым жерде "Жаман қала" деген орыс қаласы бар.

Бірақ оның оң жағымен жүретін, кірешілердің жолы бар. Оңды жол. Бекеті бар жол. Сол жолмен кетерміз, - деді.

- Өзің білесің! - дедім. Өйткені, маған Қошқарбайдың қай жолмен жүрсе де, бүгін Бәтес ауылына жеткені керек. Мен бүгін сол үйге қонуым керек. Қасқыр кеңесі біткен Қошқарбайды енді еліктіретін кеңес жалғыз-ақ "Дәу қара" - бұл біздің үйдің бүркіті. Қошқарбай бұған да елікпеді. Ойткені Дәу қараны біреу сұрап әкеткен екен, өзіне пайдасы тимейтін жұмысты Қошқарбай өлсе мақтамайды. "Болғанбайдың Мырзабайы сұрап әкетті" - деген қысқа жауапты айтты да, атын айдай берді.

Бұл арада менің көз алдыма Бәтес келе қалды: жүргені, тұрғаны, сөйлегені, сөйлескеніміз, күлгені, көз қарасы бәрі елестеді... "Бәтеске бүгін барам!.. Қасына жатам... Сонсоң..." - осы сөздер қиялымды қозғап жіберіп, денем жерде болғанмен, дәмем көктің ар жағына, күннің ар жағына, оның ар жағына шығып кетті... Тұмсығымды қасқыр ішіктің ішіне тығып алып ой теңізіне малтыдым да отырдым...

- Апырай, құдай-ай, сақтай көр, күн сұрапылға айналды-ау, мана алыссынбай ел ішімен жүрмеген екенбіз, - деген Қошқарбайдың сөзі құлағыма шалынып, басымды көтеріп алсам, борекең (боран) ұйытқып соғып тұр екен. Аспаннан қапалақтап қар құйылып жатыр, жел күшейіп алған, көктен жауған қарды жерге мекендетпек түгіл, жердегі бекіген қардың өзін қопарып әкетерліктей. Күн сақылдап суытып алыпты. Жирен әлі қажымай, боранға ерегісе жортып тартып келеді екен.

Біраздан кейін жол көрбілтелене бастады. Бекеттер көрінбей кетті. Жел жынданып иіріле, орай соқты.

- Жануар қарғыңқырады білем! - деді Қошқарбай атты тоқтатып, тағы біраздан кейін Қошқарбаймен бірге менде түсе қалып, аттың алдына барсам танауы делдендеп, бүйірін соғып тұр екен, нақ тұмсығына жарты кез найзадай боп сүп-сүйір мұз қатыпты. Үсті ақ көбік.

- Қажығаның ба, жануар? Айдатпайтын едің ғой! - деп, Қошқарбай, аттың көзін уқалап арқалығын (көтерме) төмендетіп қайта байлады. Қошқарбай атпен әлек боп жатқанда, мен түзге отырайын деп шананың кейінгі жағына барып ем, қарға кіріп отырған аттың ізін көрдім.

- Қошқарбай, - дедім дәретке отырмастан.

- Немене? - деді Қошқарбай.

- Біз адасыппыз. Осы келе жатқанымыз жол емес, дала, аттың тұяғы қарға кіріп, көміліп отырыпты.

- Қойшы! - деп Қошқарбай жүгіріп келді де, көзімен көріп: - Бәсе, бұл жануар неғып сыр берді десем. Соны жермен келеді екем ғой. Болдырмағанда қайтсын, - деді.

- Енді қайтеміз!

- Жолды қарап көрейін...

Байтал түгіл бас қайғы боп, жол табуың былай тұрсын, айқайлап-айқайлап, Қошқарбайдың өзі зорға келді. Өзі терлеген; ашуы тығыз адам еді, құдайдың да, "жоқ жерде итінді үргізіп!.." - деп сыбағасын берді.

- Жүрейік, бұл құрғырдың паналайтын даласы да жоқ қой. Әйтеуір, қу шұнақ. Құрып қалғыр құдай-ай!.. - деп Қошқарбай күйіп-пысып, атты жаяу жетектей бастады. Мен де ренжідім. Бірақ Қошқарбайдың ыза боп жүргеніне бір жағынан күлкім де кеп барады.

Жүріп келеміз, менде үн жоқ. "Сен үшін осы бейнетті көрдім"- деген кісідей, Қошқарбай маған анда-санда бір қарап қояды. Күн суық болғанмен, жаяу жүрген соң терлейін дедім.

Сыртқы ішігімді сыпырып шанаға салып, аттың ық жақ қолырғасын ала аяндадым да отырдым. Кірпігіме тебінгідей қырау тұрды, мойнымдағы шарпыма тұрған қырау су боп мойныма сорғалады. Жел жеңімнің қуысына дейін тауып алып, сүп-суық жыландай, денеме жорғалай бастады. Үскірік бетті жалап барады... Тымағымды кидім... Мұрнымның үші, бетім шымшып алғандай тызылдай бастады.

Төңірек қарауытайын деді... Жел өршелене соқты... Жер-дүние зуылдаған, ысылдаған дыбыс боп кетті... ат қалжырады... қарауытқан төңірек қолана бастап, көз байланды... оң мен сол, алдымыз бен артымыздың қайда екенін, қайда кеп, қайда тұрғанымызды білмей қалдық... ат тұрып алды...

- Ат болдырды, енді қайтеміз? - деді Қошқарбай.

- Болдырса осы жерге ағытайық та, атқа киізді жабайық, өзіміз шананы төңкеріп, соған ықтайық! - дедім. Бұл менің "қалай аман қаламыз?" - деген сұрауға, өзімше тапқан ама-лым еді.

- Жарайды.

Қошқарбай менің қасыма келіп еді, екеуміз де, аттың алдына, ағытайық деп бара бергенімізде, ат оскырып, шегініп қалды.

- Ат оскырынды! - дедім Қошқарбайға.

- Апырай, қасқыр болмаса игі еді! - деп Қошқарбай ай-тпайлап жүгірді, мен де жүгірдім. Біз жақындап қалғанда аттың алдынан бірдеңе салаңдап тұра жөнелгендей болды, "аман ба екен?" - деп Қошқарбай аттың тұмсығын сыйпап жіберіп, "жоғарғы ернін жұлып әкетіпті, қаны саулап тұр", - деді.

- Енді қайтеміз?

- Қайткені сол - бұл көп қасқыр, - ат түгіл енді өзімізге шабады.

Бұл кезде айналамыз жылтындап от боп кеткендей бол-ды. Нағып қасқыр соғып жүргенін білмеймін. Қошқарбай еңсеп, үні шықпай қалды. Менің көңіліме түк қорқыныш кірген жоқ. Қасқырдың ырылдаған дыбысын естігінде, қал-нымдағы алты-атар мылтығымды алдым да, атып-атып жібердім.

- Айналайын-ай, сенде мылтық бар ма ед?. - деді Қош-қарбай, сасса керек.

- Бар-ды, - дедім.

- Қасқыр тағы келмесе жарар еді, - деді Қошқарбай.

- Келмес! - дедім.

- Ол иттерге сенім бар ма, деп Қошқарбай қайта-қайта айта берген соң ыза болдым да:

- Қойшы енді Қошқарбай, сонша қадірлеп сол жанды қайтесің! - дедім кейіп.

Қараңғылық қоюлана түсті. Өзінен өзге түгіл, адам өз денесін өзі көре алмастай болды. Боран бұрынғыдан жаман долданды. Қапалақ қардың орнына, шиыршық жауды ма немене? Бетке тарсылдап тигенде, терісін тесіп жібере жаздады. Суық та күшейді, "бет пен мұрыннан айрылған шығармыз" дедім ішімнен, өйткені әлсін-әлсін, уқалағанға болмай тызылдай берді.

Боранмен алпарысып жүріп, көзбен көріп емес, қолмен сипалап, Қошқарбай екеуіміз атты өрең ағыттық. Ат дірілдеп ұшып барады. Аттың үстіндегі сайманын сыпырып алып, үстіне киіз жаптық та, төстен бір, шаптан бір будық ыстық болады дейтін заман бар ма, алдына жарты пұт сұлы төгіп, шанаға салып алған шөбімізді тастадық. Ат қасқиып желге карап алып, сұлыны пысқырынып соға бастады.

Қашан өліп кеткенше суыққа, желге жонынды бермей, қасқиып қарсы тұратын жылқы жануар-ай, сенен де қайратты туған мақұлық бар ма, екен? Ішсе сүтің жел, жесе етің жел, мінсе үстің жел: атаның ен дәулетінің арқасында талай мініп-түсіп, жеп, қызығынды көріп-ек ау!..

Осы күні біздің қолдан шығып, кедейге бетінді бұрып барасың ба, немене?..

Осы ойлар менің ішімде боранмен қабат борады. Қошқарбай аттың қасында отырды, мен шанаға сүйеніп, әлгі оймен біраз түрегеліп тұрдым. Біраздан кейін аяғым тоңып, аса алысқа ұзамай, алаңдап жүрдім...

Боран бәсеңдейін деді. Жел саябырлады. Тағы біраздан кейін жел атымен үнін өшіріп, боран ашылды. Бұлттар ыдырап, жұлдыздар көріне бастады...

- Өне біреу өрт пе? - дедім, анда-санда танауы қорылдап, қалғып кетіп отырған Қошқарбайға.

- Ө, боран ашылыпты ғой, - деп басын көтеріп алып, ол өрт емес, ай. Ай бұл кезде таңға жақын туатын еді, таң да жақын екен ғой, - деді Қошқарбай.

- Мен тоңайын дедім.

- Тоңсаң қардың үстіне жүгір, жылынасың.

Жыңды кісіше, айдалада жалғыз өзім шананы айнала біраз жүгірдім де, жылынған соң аяңдадым. Қар қатты екен.

Ангым батқан жоқ. Оң жақ беті сопайып, сол жақ беті иіңделініп, күңгірт аспанға өрлей, ай жүзе бастады. "Бұлардың не?" - деп біздің адасқанымызды жұлдыздар қалжынып күлді. Жұлдызбен бірге айдың сәулесіне шағылысқан ақ маржан қар да күлді. Бірақ оларға еріп мен күлгем жоқ. Отыккені мен күлсем бірге күлетін қасымда Бәтес жоқ. Қайтып барсам соңымнан қалмай, қасымда қараңдап көлеңкем жүр, онда тіл жоқ, жан жоқ; ат басын салбыратып айға қырап жусап тұр. Қошқарбай қорылдап ұйықтап жатыр. Нақ осы сағатта, жер жүзінде менен басқа ояу жан жоқ!... Бәтеске бүгін жетпек ең, жете алмадық, сұм боран, өзінің қызындығын ақ, Бәтесті қорғай қалды; суық лебімен, қосылатын екі мытық достың арасына түсті, құшақтаттырмады; бүгін Бәтеске сүйгізетін бетімді, сұм боран суыққа сүйгізді. Бәтес сүйсе бетіме өң қосылар еді, суық сүйіп өнімді алды. Бүгін мен оным болмаса Бәтестің түсіне кірмедім бе екен? Әлде ол менің сакылдаған сары аязда ойға батып жүргенімді білмеді ме екен? Айдың сәулесінің астында ана біреу ұшып жүрген қардың ұшқындарының біреуі боп, Бәтес неге ұшып келмейді екен?...

Ойымның осы түйініне келіп тоқтағанда, алдымнан бір нәрсе жалпылдап ұшып өте бергендей болды. Ойға берілгендігім сондай, "Бәтес!..." - деппін. Дыбысым шығып кетпін. Ұйықтап жатқан ұйқысынан Қошқарбай менің дауысыммен шошып оянып құлағы қайдан естіп қалғанын білмеймін:

Бәтесің не? - деді.

Жай.

Қошқарбай құзаған жоқ. "Әлгі жалпылдаған не екен?" - деп қыжсам, үкі екен. Бізден аулағырақ бір төмпеге қонды.

Қошқарбай, үкіні қарашы! - дедім.

Көне?

Әне!

Бұйырса оны ұстайын.

Қалай ұстайсың?

Манағы пісіріп жолға алған етті турап, анау, жіңішке етті бірге үзбелеп байлап, бір жағына қазық істеп қарға шантатын да, етті қардың үстіне тастайын. Үкі етті келіп жесе, етті бірге жұтып, аузына арқандалып қалады. Әкең торға құсының бүркітті осылай ұстайтын еді, - деді Қошқарбай.

Айтқанындай істеді де, үкінің аржағын алыстан орап бағып, етті қардың үстіне тастады да қайтып келді.

- Мен үкіні етке қарай ұшырайын, - дедім.

Ұшырсаң ұшыр!

Үкіні үркітіп ем, далбандап ұшты да, еттің үстінде айналақтап ұшып жүріп, үстіне қона кетті.

- Ә, құдай бере көр, қанды басың бері тарт!- деді Қошқарбай.

Үкі етті жеген тәрізденіп, басы төрт- бес рет еңкейгенде:

- Ал енді барайық! - деді Қошқарбай.

Дәтім шыдамады жүгіре кеп жөнелдім. Мен жақындай бергенде, үкі орнынан көтеріле беріп, жерге жалп етіп құлады; тағы ұшып, тағы құлады. Қалай жеткенімді білмеймін. Аттың жабуын қолыма ала жүгіріп ем, соны үкіге жауып жіберіп, жабудың сыртынан үкіні құшақтай алдым. Қошқарбай кеп бір жақ үші қазықта тұрған кендірді пышағымен қиып жіберіп:

- Біздің осындай аңға қырымыз бар! - деді мақтанып насыбайын атып жатып.

Біз аттың қасына келгенде, алдыңғы жағымызда үрген иттің даусы естілгендей болды. Тыңдай қалып ем, тағы үрді, сол ит үрген жақта бірдеме қараңдаған сықылданды.

- Ит үргенін естідің бе? - дедім Қошқарбайға.

- Ит үргендей құлағыма шалынды.

- Сонау бір қарайғанға көзің жете ме?

- Апырай, мынау, Қопалы болмасын! - деді Қошқарбай қарап тұрып.

Қопалы ма, ол емес пе? - онда ісіміз болған жоқ. Жалма-жан атты жеге бастадық. Ат тыңайып қалған екен. Ширығып, жұлқа жөнеліп, өрең жеккізді.

- Шолпан туды, енді таң атады, бозарып келе жатқан сықылды емес пе? - деді Қошқарбай.

Шолпанға қараймын деп менің көзім, әр жерде бір қараңдағандарға түсті.

- Мына қараңдағандар бекет емес пе?

- Мынау бекет!

Қошқарбай аттың жанында қалып мен жүгіріп барсам, бекет жанында жол сайрап жатыр. Жолдан шамасы екі жүз саржаннан артық бұрылған жоқ екеміз.

- Мұнда кел Қошқарбай, жолды таптым! - деп айқай салдым.

Ол да, жалма-жан шанаға міне салып, жетіп келді.

- Бәсе, - деді Қошқарбай. - Бұл жануар жолдан жаңылмайтын еді. Түнде оң жағына қарай бұрыла берсе де еркіне жібермей, солға бұра беріп ем. Жолдан жануарды еріксіз бұрып әкеткен екем ғой. Көне жүрейік!

Жүріп кеттік. Ат ала-ала жөнелді. Үкінің аяғын байлап алдыма ұстап отырдым. Екі көзі сап-сары тостағандай боп жарқырап, менен көзін алмай, қарады да жатты. Өзі де нағыз сары балақ мұндар екен, қолымды жақындатсам, таңдайыма, тұмсығы ма, бірдемесі сартылдайды, ысылдайды.

Таң білінді, әуелі бозғылданып барып, артынан күншығыс жақ сарғылттанды. Одан қызарыңқырай бастап, ақырында қан қызыл бояудың ішінен сап-сары алтын табақтай боп күннің көзі көрініп жан-жаққа алтынды сәулесін шашты.

Күн таяқ бойы көтеріле ауылға келдік. Манағы қараңданып Қопалы екен, ауыл Бәтестің ауылы екен. Қамыстың қылың қойнауында болғандықтан бұл ауылды қар алған жоқ екен, өзіме таныс үйлердің ара-арасымен атты желдіртіп, сыдыртып отырып, Тоқбақбайдың үйіне кеп аттың басын тірелдік. Алдымыздан өзіме таныс, ақ мойнақ қарала ит "ерте жүрген кімсіңдер?" - дегендей барқылдап үріп шықты да, мені қайдан танығанын білмеймін, "сен бе едің?" дегендей еркелеп келіп үстіме секірді. Ағаш күрекпен, діңгекке байлаған аттың боғын тықырлатып күреп жатқан бір жас жігіт бізге қарап тұрды да:

- Ой, мынау Қошқарбай ғой! - деп едірендей басып келді.

- Е, Малбағар, мал-жандарың аман ба? - деді Қошқарбай.

- Е, аман. Өзіңнің де ат-көліктерің аман ба? Е, таң атпай қайдан жүрсіңдер? Мынау Бүркіт пе? Сау ма? - деді Малбағар маған қарап, мен оны не көргем жоқ, не көрсем де ұмыттым, амандасқам жоқ. Малбағар оныма ренжіген тәрізденді.

- Тоқбақбай үйде ме? - деді Қошқарбай.

- Жоқ кеше базарға шығып кетіп еді.

- Бай үйде ме?

- О кісі Құдайқұл қайтып, соның жаназасына кетіп еді.

"Мынау құдайдың құдіретіне шараң болса қыл! Бәтес бүгін ішкі кең жатқан екен ғой, бұл бұйырмағанды қой!" - деп ішімнен кейідім.

- Отауға барасындар ма? - деді Малбағар.

- Ие, - деді Қошқарбай.

Үстімізді қағынып-соғынып, шұбалма қып шымнан салдырған екі бөлмелі үйге кіріп келдік, ауыз үйде төлдер тұрады екен. Иісі сасықтау екен.

Ауыз үйге етігімізді тастап, төргі үйге сәлем беріп кіріп барсақ, Токбақбайдың тоқалы Ақық түрегеліп мәсісін киіп жатыр екен, біз кіріп барғанда, дударланған шашын, кимешегімен жаба қойды. Токбақбайдың үлкен қатыны Биқасап, шымылдықтан көзін сығырайтып қарады да, басына кимешегін іле салып, басын төсегінен созып:

- Құдай-ау, мынау Бүркіт пе? Денің сау ма, қалқам. Қошқарбай, ат-көлігің аман ба? Асылтас анау күні Бүркітімді сағындым деп жылап отыр еді, бүгін жаны қалмайды екен ғой, - деді үсті-үстіне сөйлеп.

Биқасапқа, Ақыққа біз де амандастық. Жылындық, Ақық жалма-жан самауыр қойды.

- Мен үлкен үйге барып бәйбішеге сәлем беріп келе қояйын! - дедім Қошқарбайға. Бәтесті көрмей мауқым басылмай тұр.

- Қой, әлі ерте емес пе. Тұрған да жоқ шығар. Шай ішіп жайланып барамыз. Ол үй дәм аспай жібермейді.

- Жоқ мен барамын!

Үлкен үй төрт бөлмелі ағаш үй еді. Оның екеуінде қонақ, екеуінде байдың бәйбішесі мен өзі, және Бәтес жататын, мен ауыз үйге кіріп барып, етігімді тастап, төр үйдің есігін аша бергенімде, қолына құманын ұстап, далаға шығып келе жатқан бәйбішеге қарсы келдім. О да сасқан шығар, мен де састым, шап беріп қолын ұстай алып:

- Шеше, мал-жан аман ба? - дедім.

Бәйбіше мені тани алмады. Алақанын көзіне көлеңке-леп, былшық басқан қызыл көзін сығырайтып, аузы балпаң-балпаң етіп:

- Сен кімсің? - деді.

- Бүркітпін.

- Қай Бүркіт?

- Әбілдің баласы.

- Е, қалқам-ай, оқудан келемісің? Денің сау ма?

- Шүкір, бәйбіше, бала-шағаларыңыз аман ба?

- Аллаға шүкір, шырағым. Үйге кір, айналайын!

Кемпір далаға шыға берді, мен үйге кіре бердім. Бұл кезде, оң жақта құрулы тұрған ақ шымылдықтың астынан, Бәтестің әуелі сүйріктей саусағы көрініп, шымылдықтың

етегін көтеріп, екі көзі, нұрлы жүзі жарқ ете түсті. Шымылдың қасына қалай барып қалғанымды білмеймін. Үріп жібердім де, сылық етіп Бәтестің қасына құлай кеттім, аузыма сөз түспеді...

- Таң атпай қайдан жүрсің? - деп Бәтес жымыды. Жауап қайырғам жоқ, ып-ыстық жатқан, жұм-жұмыр, аспақ білегінен қыса бердім. Даладан тоңып келген бетім мен қолымды Бәтестің беті мен қолы күйдіріп жібере жаздады. Қолымды қолынан алып, сырғанатып жіберіп гөсіне бір тоқтадым да, қысып-қысып қалып одан жылжып отырып иегіне әкеп, иегін жоғары көтеріңкірей беріп аузымды жақындаттым, "Сүйгіз" деген көзімнен жазуымды оқыды ма, немене? Бәтес тілін шығарғанда, қадала қалдым, ерніне ернімді, тісіне тісімді, тіліне тілімді, бетіне бетімді жапсырып недәуір тұрдым да, басымды алдым.

- Ертең келейін бе, - дедім.

- Келсең кел - деді, бірақ қып-қызыл болып кетті.

- Қалия еш нәрсе деді ме? Барып сөйлесерсің. Қолында бір жүзігің бар екен. Соны көңіл ететін көрінеді.

- Жүзік түгіл, не сұраса да, мен сенің жолыңа қимайды дейсің.

Бұл арада мен қысқаша түнгі көргенімді айтып өттім.

- Үкінді маған қалдырып кет, ағаң ренжімесе! - деді Бәтес.

- Болады.

Қошқарбайдың тиынды пайда көретін адам екенін білем. Ол іренжуін іренжиді. Өйткенмен, үкіні қолыммен барып ұстағанда-ақ "Мұны Бәтеске берем" - дегем.

Даладан кемпірдің келе жатқан дауысы естілгенде, түрегелдім де, төрге қисая кеттім.

- Бәтесжан, тұрсайшы. Ақықты шақырып келе ғой, шай қойсын. Мына бала шай ішсін, - деді кемпір, төр үйге кіріп жерге қолын тіреп отырып жатып.

Шымылдың іші сылдыр сылдыр етті: домбыра қобызға, қобыз сыбызғыға, сыбызғы сырнайға, сырнай скирепкеге қосылған тәрізденіп, күмістердің бір-біріне соғылысқаны, Бәтестің дыбысы, бәрі араласқанда, бір тәтті күй тартылғандай болды. Қынамалы қамзолының қаптырмасын оңірін тартыңқырап қаптырып, шашын иығына тарқатып, Бәтес шымылдықтан шыға келгенде көзіме бір түрлі боп

көрініп кетті: бұрын семізше, мықындылау еді, қазір жараған аттай бауыры тартылып, белі құмырсқа белденіп кетіпті. Бұрын аласалау болмаса дейтін ем, қазір сұңғактанып, иығы шығып денеленіпті. Бұрын шашы жауырынының қалақ басынан аз-ақ төмен түсетін еді, қазір жаясынан төмен түсуге айналыпты. Бұрын беті етженділеу бола ма дейтін ем, қазір оңі ашанданып, бұрынғы кішірек мұрыны қырланыпты. Бұрынғы бетін түгел жауып тұратын қызыл шырай, қазір тарамданып, бет сүйегінің үстіне жиналыпты. Бұрынғы ет жеңді саусақтары әрі арыңқырап, әрі ұзарыпты, мінезі салмақтанайын депті. Аяғын жауырынын ырғалта, белін қозғалта басуға айналыпты.

Шымылдықтан шыққаннан кейін, Бәтес, маған көзінің қиығымен күлімсіреп қарады да, былқ-сылқ басып, үстіне ақ бұйра ішігін киіп, тысқа шыға жөнелді. Бәтестің жүрген жүрісі маған күй ойнағандай әсер беріп, орнымнан қалай түрегелгенімді білмей қалыппын.

- Қайда барасың шырағым, шай іш! - деген кемпірдің сөзін естігенде түрегелгенімді бірақ білдім.

- Тағы да келем ғой бәйбіше, сізге сәлем берейін деп келгенім ғой.

- Ендеше, әдейілеп, атаң келген соң кел. Дәм тат, үйіңе барғанша асығып келесің ғой, бақыр! - деді кемпір.

Кемпірге недәуір айналып қалып, етігімді киіп, үйден шықсам, Бәтес қораның ішіне даладан, екі беті қызарып кіріп келеді екен. Қақпаның жанында жасырынып тұрып, қасынан мені көрмей өтіп бара жатқанында ұстай алдым.

- Бұл кім еді, - деді қорқып қалып.

- Мен ғой, қорықпа!

- Зәрем ұшып кетті ғой.

- Мен сені сағындым, неге хат жазбадың! - дедім. Айтайын деген сөзім ол емес еді, аузыма қатеден түсіп кетті.

- Ауылдағы қыз қалай хат жазады? Оны почтаға кім салады. Біреу-міреу білсе "Бәтес біреуге хат салыпты, бұзылыпты" - деп өсек қылмай ма? Онсыз да сенімен сөзі бар деген кеңестің шеті шығып жүр...

Бәтестің көз қарасында "мен енді ер жеттім, бізге енді шын жақындық керек" - деген жазу тұрды.

- Ертең, не бүрсі күні Қалияға жолығып келем, көне тағы бір сүйгізші?

- Біреу көріп қалар!

- Кім көреді дейсің.

Жақындап ем, Бәтес қарсыласқан жоқ. Аузына аузымды тикап, сүйе бергенімде, қақпаның сырт жағынан біреу қақырынып қалды.

- Біреу біліп қалды!- деп Бәтес басын жұлып алды да, еискалақтап үйіне кіріп кетті. Мен де ығысыңқырап, қақпаның шығып бара жатыр ем:

- Мырза, тұра тұр! - деді біреу. Қарасам манағы Малбағар, қолында сол күрегі бар, маған қарай келе жатыр екен.

- Саған не керек! - деді түк көрмегенсіп. Ойым айбынмен қорқыту болды.

- Жай, сүйіскеніңе қайырлы болсын айтайын деп ем.

- Қайдағы сүйіс?

- Тансаң бара ғой! - деп Малбағар күліп, шегіне берді.

Жүре бергенімде "осы көпір, бір кесір қылар, әлі бұл андыса, мен бұған не қылам!" - деген ой келіп. Бері келші!- дедім.

- Немене? - деп артына қарады.

- Өзің де жассың ғой, сен көрмеген-ақ бол, өзіңе ертең бір жаңа көйлек-дамбал әкеліп берейін, - дедім.

- Мырзалығың болса өзің білесің. Бірақ, сен мені бір-жола менсінбей кетіп барады екен деп ойлағам! - деді кекесін дауыспен Малбағар.

- Әлгіні кек көрген екенсің ғой, бір көйлек-дамбал олжа алсаң, одан артық саған не керек? - дедім.

Ішімнен: "Әй, Бәтесжан-ай, сен үшін, аяқпен теуіп жұмсайтын, жалшы екеш жалшыға да жалынышты болдым-ау, қайтейін!" - деп кейіп тұрмын.

Малбағар күлді де, ерніндегі насыбайын тілімен ұшырып жіберіп, "өзің білесің!" - деді де, күрегін иығына салып жұмысына кетті.

Мен қақпадан шығып Тоқбақбайдікіне беттедім.

VI. ЖИРЕН ЖОРҒА

- Қайда барасың? - деді Қошқарбай, іңір асын ішіп, жирен жорғаны ерттеп, үйге келіп киініп, белімді буып жатыр ем.

- Бәйкең ауылында шылдақана бар екен, соған барамын.

- Баланың қайда барғанында нең бар, бойын жазайын дейді де, - деді әкем, Қошқарбайдың сөзін ұнатпай. Бозбалашылық басынан кешкен адам ғой, тегі менің бір жерге баратынымды сөзген іспеттенді.

Далаға шыға келсем, ай сүттей жарық екен. Астына құлан байталын мініп, Еркін де келіп тұр екен. "А, төңірі, жолды оңғара көр!" деп, жирен жорғаға мініп, Еркінмен қатарласып отырып, ауылдан шықтық. Дүние тып-тыныш, тың-тыңдауын тыңдағандай қалғып тұр. Арықтау келген қойдың сүзілген жұқа шарыбына ұқсаған, көкте ақ сұр сирек бұлт бар. Ай, кейде сол жұқа бұлттардың көлеңкесіне барып, кейде шығып, аспанда аққудай жүзіп барады.

Жирен жорғаның жорғасы қызғанда, шапқан атты ілестірмейтін қатты еді. Еліргенде ауыздықты аузына басып алып, сүзе жөнеліп басына бой бермейтін. Бұты талтаң-талтаң етіп, жаясы ырғаландап, аяғы көзге ілікпей, жыбырлап, кеудесі даладай боп, бабына келіп жүрсе жұлдыздай ағатын.

Желденген көңіл, желді жорға, көркем табиғат, өзі көтеріліп келе жатқан рухымды одан да көтеріп, жорғаның басын жіберіңкіреп алуға көңілім кетті. Тізгінді шаужайлап қалып, қамшыны сауырға сипап жіберіп:

- "Ө-ә,-ә-йт!.. шүу!..." - деп тебініп қалғанымда дедектеп, ырғаландап, басын тұқырып жіберіп, жирен жорға тарта жөнелді. Атқа мініп келе жатқанымды, құсқа мініп келе жатқанымды білмеймін, суда жүзген балықтай, жердің үстінде ағып жүзіп бара жатқан сықылдадым. "Сабыр, мырза, сабыр!.. Ауыл жатсын, асықпа, таң жетеді!" - дегендей, жорғаның екпіні мен тымықтан тұрған жел, алдымнан үрлеп бөгерісі келді.

Сілтеп кете барыппын. Бір аздан кейін есіме Еркін түсіп, артыма қарасам қарасы көрінбеді. Жорға қолымды қарыстырып ұшып келеді. Тоқтатайын деп ем, басына ие бола алмадым, әбден қызып алған екен, тоқтата алмадым, тіпті болмай бара жатқан соң тізгінін бір жағынан тартып, тоқтаттым. Жорғаның ендігі елірген еркіне жібермей, алаңдап келе жатыр ем, екі етегі далақтап, шауып, артымнан Еркін қуып жетті.

- "Жорғаға ерген жолдасынан айрылады" дегендей жорғаның қызуы мен Бәтестің қызуы араласқан соң, сен мені ұмытып кете жаздадың-ау мырза! - деді Еркін күліп.

- Болса, болар! - деп күлдім.

Ердің қасына, таралғыға жалатқан күміспен шағылысқан айдың сәулесі қоңырланып, манағы ақшыл сирек бұлт бөлкім коюлана бастады. Айдалада бізді біреу андып тұрғандай, ексеумізде де үн жоқ.

Менің бала жастан бергі өңгімемнің ішінде Еркін араласып жүргендіктен, сіздер "осы не қылған жігіт" деп ойлауларыңыз мүмкін.

- Ол, менімен төрт атаға келген Бексейіт деген кісінің баласы. Шаруасы нашар: екі бұзаулы сиыры бар, оның да біреуі қашар; төрт-бес қой-ешкісі бар; жылқы тұяғы мал астындағы дөнежін құла байтал. Үйі жанды-жақты. Әкесі бір қолы мен бір аяғынан айрылған мүтедек; шешесінен басқа үйінде оған қолқабыс қылатын жан жоқ. Біздің елде қала алыс болғандықтан, қыдырып табатын пайда жөнді жоқ болады. Еркін көбіне біздікінде жүреді. Бізден жарытып ақы алмайды; аттың майы, сиырдың сүті, жіп-шу, көр жерлерге разы болып жүре береді. Еркіннің он қолынан өнері тамады, етіктің неше атасын біледі, қабығын шегемен қайнайды, өкшесі өмірінде бір толқымайды, қашан былғары шірін жыртылғанша тігісі сөгілмейді; мен былтыр қаладан шабыро алып келіп, соған орысша бір етік тіктіріп алдым, ондай етікті мен дүкендерде көрген емен. Ақысына көйлегімді бердім, былғарыны он бір сомға алып ем, сонымен қалада 40-50 сомның етігі маған көп болса 15 сомға түсті. Ағашқа да сондай: ағаштан түйін түйеді. Егер де темірін тауып берсең орыстың тарантастарын орыстікінің әкесінікіндей қып шығарады. Әкем төрт сомға былтыр бір орыстың тарантасының саудыраған темірін алып келіп еді; Еркін 15 күндей ағашын шауып, күпшек, арыс, біліктерін қолдан орнатып, қандай онды тарантас қып тұрғызды. Жұрттың базардан 120 сомға алып келген фермский тарантастары Еркін істеген тарантастың жанында ауру кісідей ілбиіп тұрады. Әкем Еркінге бес пұт бидай берді. Сонымен 130 сомның тарантасы бізге көп болса он сомға түсті, қайысқа да шебер, біздің үйдің: айыл, тартпа, жүген, делбе, шілия, құлақ бау, нокта, тағы сол сықылды саймандарының бәрі теп-тегіс Еркіннің қолынан шыққан шығар. Әкем кейде Еркіннің сонша еңбегін көрмей, тықсырып қояды. Былтыр "бір қамытымды оңдап бере қоймадың!" деп, жалғыз байта-

лын айғырдың үйіріне қостырмай жүр екен, мен айтып зорға қостырдым. Өзге табыс табар жері болмаған соң амалсыз жүре береді, қайтсын!

Еркін жалғыз қол өнермен ғана жүрген жігіт емес, онда не өнер десең, соның бәрі бар. Мәселен, бозбалашылық. Бозбалашылық - қу болу, жылпос, пысық болу сықылды заттар ғой. Еркінде осы сипаттар түп-түгел. Ол бармаған ойын көңілсіз болады. Ол барса жанданып жүре береді. Дене ойынының да неше атасын біледі, қаладағы физкультура ойнаушылардан бір кем емес. Ойын көрсеткенде денесі жас шыбықтай жүз бұратылады; тік тұрған сырықтарға мысықтан кем жорғаламайды. Қыз-келіншек дегенде қара құсы бар, басын қалай айналдырып алғанын білмейсің. Оның құрдас емес кісісі жоқ, үлкенмен де, кішімен де, бала-шағамен де үйір бола береді; балалардың асығын ұтып алып жылатып жүргені. Еркінді күндейтіндер де көп, бірақ, бізге арқа тіреп жүргендіктен, теңдікке алмай қоя алмайды. Еркін кескінді де жігіт. Еркек пішінді: қошқар тұмсық, ат жақты, өткір көз, қара сұр, жауырыны қақпақтай, шалқақ, төстек, орта бойлы, қақтаған қарағайдай адам. Денесі бұлшық-бұлшық бұлтиған ет. Өзі ептеп хат таниды.

Келе жатырмыз. Екеуімізде де үн жоқ. Қалғыған табиғат, қырау басқан қамыс, бұлдырлы аспан. Аттың аяғы мен сықырлаған қармен, аттың анда-санда пысқырғаны болмаса маңымызда түк дыбыс жоқ.

Еркін қақырынып қалды. Жалт қарап ем, тамағын тағы бір кенеді де:

- "Баянауыл басынан бұлт айналсын,
Жаның шығып бара ма көз байлансын.
Екі жастың тілегін беріп алла,
Айдың жүзін бұлт басып қараулансын!"

дегендей, бұлт қоюланып, айдың бетін жаба бастағанын көрдің бе, жолымыз болады екен, - деді Еркін күліп, атын тебіне түсіп:

- "Баянауыл басында балалы құр,
Бір сүйейін, қалқатай, мойныңды бұр,
Ауылыңның тұсынан аттағанда
Ақ боз үйге сүйеніп қара да түр!"

тесіңдей біздің осы келе жатқан жолымыз жаздың күні боп, Бәтес бізді түнде сайға шығарып салып, сыртымыздан қарап тұрса қандай келісер еді, ә, - дедім.

Қалияға сен беретінінді беріп пе едің, ол көпір дүние-көр болатын, көңілін ауламасаң сөзінен тайып кетуден де қашпайтын, соңынан беремін дегеніңе сенбейтін, - деді Еркін.

Қолымдағы қызыл тасы бар алтын жүзігімді алдыңғы еткі қолына салып кеткем. Жаз көйлек-жаулық және қамшылық қара мақпал өкеп берем деп уәделескем.

Ау-а-ба-ба-ба-а-ба-ба! - деп ауылға кіре бергенімізде, қораның тесігінен Құсбайдың өзіме таныс, баяғы мен ине тастап, өлмейтін қара ала қаншығы шәуілдеп шыға келді.

Түнде не ғып жүрсіндер, жібермеймін!" дегендей біздің алдымызға шығып алып, аттың тұмсығына секірді. Ішімнен бұл көпір әлі өлген жоқ екен ғой, Бәтес пен менің арама осы ауылдың иті мен жалшысы-ақ түсе берді-ау!" - деп ренжідім. Ренжігенмен амал бар ма.

Кет! - деп ем, онан жаман өршеленді. Дауысы шаңқылдап туу-туу көктің аржағына шығып кетіп, тұнып тұрған қара аспанның ішінде бір қаншық үрген сықылданды. Аспан жаңғырықты. Қорқытып қуайын деп қолымдағы қамшымен жайқай тастап ем:

Тек Бүркіт! - деді Еркін - өшіктірме. Оның мен үшін өмірлейін: "күш-күш!" деп Еркін қойнынан бірдемені алды да, қаншыққа тастап еді, қаншық барып жеп, тағы тастағаннан тағы жеп, үні өшіп, бетімен кете берді.

О не, не тастадың? - дедім.

Мана үйден құрт ала шығып ем. Иттің емі тамақ қой; егерде құрт тастамасақ, ол шәуілдеп, ауылдың барлық иттерін түрліктірер еді.

Үй-үйдің арасымен аяндап отырып Қалияның үйіне келдік. Ауыл түгел жатқан екен. Жалғыз-ақ Торпақ деген бір нашар адамның үйінде жарық бар екен, Еркіннен себебін сұрап ем, "қатыны ауру деген" - деді.

Мен үйге кіріп Қалияны алып шығайын, - деді Еркін. Е, үйі біліп қалмай ма?

Қықымды айтамысың! Оның жарасы жеңіл. Өзіміз Қықымның көзін ағартайық десек, Қалия қасында жатқанда да ағартып жүре беретінбіз. Ол саңырау не біледі дейсің.

Ой, сен Қалиямен солай ма едің?

Енді қалай ем?!

Сенің де бүгін жолың болады екен ғой!

- Тәйір-ай, көрі немеде не қасиет бар дейсің. Жол болды не, болмады не? Сенікіндей мұның балы тамып тұр ма. Са-сық ауыз, сары қарын көрі неменің!

Еркін үйге кіріп, недәуір кешікті. Киімім жылы еді, бірақ қалшылдап тоңып барам. Аттың да қолтығы дірілдеп, тоңып ойнақшып астымда тұрмай тұр. Өз атымның тұяғының қарға басқан дыбысы өзіме бір түрлі естіліп, кейде көп аттың жүргені құсап кетіп, біреулер артымнан келіп қалған сықылданып, жайдан жай, жан-жағыма жалтақтадым да тұрдым. Бір аздан кейін Қалияны құшақтап, желбегейленіп Еркін шыға келді.

- Жол болсын! - деді Қалия, Еркінге тығыла түсіп, күліп дірдектеп.

- Жолдамақ сізден болсын.

- Бізден болса бәрі даяр. Бұрын түк көрмеген бала ғой, шошытып алма. Ата жоқ, Сейілді ірге жағына салған шығар. Әжемнен алысырақ жатам деген. Мен дегенінді орындадым, сені құдайға тапсырдым, - деді Қалия.

- Айта көрмеңіз!

- Тәйірі алғыр берекең кетіпті ғой, тоңғақ боп, не боп кеткенсің? - деді Еркін, құшағынан шығып үйіне қарай аяндаған Қалияға.

- Мен енді жас емеспін ғой, - деп Қалия артына бір жалт қарады да, қараңғы қораға жоқ болды.

Ауыл өлік. Түк сезер емес. Суықтан бұйыққан иттер аттың дыбысын есіткенде, тұмсығын бауырынан алуға ерініп, мыңқ етіп үреді де қоя қояды. Бір үйден шығып, екінші үйге аяндап бара жатқан бір ешкімен, әр жерді бір иіскелеп дірдектеп жүгіріп жүрген бір имиген иттен басқа ауылда қыбырлаған түк мақұлық көргеміз жоқ.

Атты төбесінің жартысы ашық, жартысы жабық бір зәуезнеге әкеліп байлады. Үстін аппақ қырау басып, пысылдап мұрындарынан будақ-будақ бу шығып Мәйекең үйінің түйелері, қақпаның жанындағы бір төбесі ашық шарбақта, қолдың саласындай біріне бірі тақалып жатыр екен. Жылан бас деген жазы-қысы құтыруы басылмайтын бір бурасы бар еді; бізді көргенде тұра келді де, едірендей аяндап, боратаны кеудесімен тіреді. Бората шықырлап, ашылмады. Бура ыза болғандай, жарық ерінін сүйрендетіп, басын шайқап, "қолыма түсіре алмадым-ау!" дегендей тісін шықырлатты. Түнде түйенің түсінен суық нәрсе болмайды екен. Боратаны бұзып шыға келе ме, қайтеді деп, ығысып Еркіннен бұрын қақпаға кірдім.

Қараның іші көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Күйсеген сиыр, жөтелген көксау қой, оттаған жылқылардың дыбысы болмаса, адам көрге кірдім бе деп ойлайтын. Еркіннің естелінен мықтап ұстадым. Сол үйдің ауыз қорасында аша көп сықылды еді; басымды соғып алам ба деп, қолымды алдыма қалқалап отырдым. Еркін мұндай епті болар ма - мықтықпай, соқтықпай, түп-тура есікке алып келді де:

Көне, енді кірейік, киімінді ауыз үйге маған тастап кет! - деді.

Есікке қолым тигенде, үйде жан жоғын білсем де, жүрегім алдыдан жай тітіркеніп, денем қалшылдай бастады.

Еркін?

Ә!

Үйінде рас кісі жоқ па екен. Ұят болмай ма?

Бүркіт саған не болды. Жастықтың ұяты болатын ба еді?

Үйінде кім бар дейсің. Қалия біледі ғой. Өзіміз кісі болмақ түгіл, көзі бақырайып отырғанда да ретін келтіріп жүре береміз. Жүр, үндеме!

Еркін есікті ашып алдымен кіре берді. Мен Еркіннің белбеуінен ұстадым. Бір аяғымды үйдің ішіне аттай беріп ем, белімнен біреу құшақтай алды.

Еркін, - деппін сасқанымнан.

Немене?

Артымнан біреу ұстап тұр.

Бұл кім? - дедік екеуміз бірдей.

Мен.

Менің кім?

Малбағар.

Төйір алсын, оның не? - деді Еркін.

Бөрекелді-ай, көйлек-дамбалыңды ұмытып кетіппін! - дедім Малбағарға.

Көйлегің не? - деді Еркін.

Кеше бір көйлек-дамбал берем деп уәде қылғам.

Малбағар соны ескереді деймісің. Жай ойын ғып жүргені ғой ол аузыңды... - деп Еркін құрбылық наз қылғансып күлді.

Рас! - деді Малбағар.

Байдың қызын қорып мен өзім алады дейсің бе? Ол менің тие ме? Мырзаға ренжідім. Ренжігенім: бұл мырза алдыдан ағасымен келіп, алдыңғы күні таң ерте ерте түсіп кетіп екен. Таныдым да, алыстан келе жатқан жігіт қой,

амандасайын деп барып, амандасып ем, мені менсінбей көкке қарады, амандығымды алмады. Мырза туған қатыннан мен де тудым. Азар болса мұның малы артық шығар. Мүмкін, мен көңілімді, жігіттігімді мырзаға айырбастамайтын шығармын. Мені өзіне тең көрмесе де "аманбысың?" дей салғаннан түгі кетпейтін еді, бұл бір. Қорада жұмыс қылып жүріп, Бөтеспен екеуінің сүйісіп жатқанын көріп қалдым да, мырзаға дыбыс бердім. Мырза мені елегісі келмей кетіп бара жатыр еді, әдейі шақырдым. Егер де біле білсе "құрбы, замандаспыз, өзің де жассың, білмеген болып жүре бер!" деуі керек қой. Мырза оны айтпай, мені жалаңаштықтан өлейін деп жүрген кісіге санап "саған бір көйлек-дамбал берейін" - деді. Алғым келмесе де, ылайық көріп айтқан соң сынағым келіп "алмаймын" дегенім жоқ. Кеше келіп түстеніп кетті. Мырзама қараймын, мені тағы да ескермеуге айналыпты. Тоқбақбайдың қызынан алым алып байымай-ақ қояйын, жалшы да өзіндей намысы бар адам екенін көзіне көрсетейін деп, әдейі аңдып ем. Ауылдың бозбалаларына айтып, аңдытып ұстатып алуға қолымнан келетін еді, бірақ оны істегем жоқ. Мырзаның есіне түсірдім. Менің шаруам бітті. Менен сөз шықпас. Төргі есік шықырлауық болатын, байқап ашындар! - деді де, Малбағар кете барды.

- Жүр! - деді Еркін.

Малбағардың сөзі өтіп кетті. Кінә менен екені рас. Кекшіл неме екен, алдыма келтірді. Бірақ ішімнен "ерте ме екен" дедім.

Мен ауыз үйге кіріп киімімді шешіп жатқанда "есік шықырлауық болса, ебін табайын" - деп Еркін есіктің ағаш топсасына құманның шүмегінен жылжытып, дыбыс шығармай су құйды. Мен шешініп болғаннан кейін, есіктің тұтқасын жоғары жеріне көтеріп, өзіне қарай тартып еді, масаның ызындағанындай да дыбыс шығарған жоқ. Мен төр үйге кіріп кеттім, Еркін қала берді. Айдың жүзін бұлт жапқанмен, үйге сәулесі келіп, үй жарыққа жақын екен. Ағаш үйдің басы мен аяғына түгел жеткен биік ақ шымылдық. Жайдан жай дірілдеп тұрғандай, шымылдықтың аяқ жағында бір шекесі қара, бір ақ мысық қалғып отыр. Шымылдықтың мен аяқ жағына барғанда оянып кетті де, маған бір қарап, керіліп, пешке қарай кетті. Кемпір көрпесін ашып тастап, тырдай жалаңаш шалқасынан қорылдап, күбідей боп жатыр екен, жөнді қарағам жоқ.

Үй жылы болғанмен денем қалшылдап, тісім тісіме сақылдап, құлап қала жаздап, шымылдыққа өрең жетіп, арт жапын көтеріп, еңкейе бергенімде, бір ыстық қол білегімнен ұстай алып, адам ба, әлде нұрдан жаралған адамның пернесі ме? Бір нәрсе аппақ болып, мені өзіне қарай тартты. Өзім көрмегеніммен, "түнде от боп жанып тұратын бір тас бар, күндіз жанбайды" деп есітетін ем; Бәтестің денесі түп-түгел көйме түнде сол тасқа ұқсап жанып тұратын сықылданды. Оның беті менің алдымда айна сықылданып, бетіне бетімнің сәулесі түскен тәрізденді. Құшақтаса кеттік: от боп күйіп кеттім бе? Май боп еріп кеттім бе? Су боп ағып кеттім бе? Білмеймін!...

- Уһ. Ағатай-ай! Талықсыдым ғой! - деген Бәтестің дауысын естігенде, не істеп, не қойғаным, меншікті денем бар мақұлық екенім - есіме бір-ақ түсті. Бәтестің тұла бойынан сип-салқын тер құйылып, жібек шашы мойныма оралып жаттыр екен. Жүрегім зорға соқты. Тынысым тарылды. Ләм-мәм деуге шамам келмеді, шала жансыз жандай, Бәтес те, мен де қимылсыз жаттық.

- Таң атуға жақындады білем. Үйге сәуле түсе бастады! - деді Бәтес терін сүртіп.

Бұл кезде ай бұлттан шығып, терезе арқылы түп-тура көзім шымылдықтың біздің басымыз жатқан тұсына қадап тұр екен. Шымылдықтың етегін көтергенімде "ұяларсың" дегендей, ай бір алақандай бұлтқа жасырына қойды. Әй жалғаш дүние ай, сол түннен де тәтті түн бар ма екен, сол түн де өзімнен шығар ма екен?!

- Айдың жарығы ғой, өйткенмен таң жақын шығар қайтайын! - деп Бәтесті қысып құшақтадым. Бір сүйіп, құшағымды жаздым; бірақ Бәтес жазған жоқ. "Мен періште едім, енді мынадай болдык, қай опасызымызды жүрекке тапсырайық!" деген кісіше төсіме төсін қатты қысып басты да құшағын жазды. Тұра беріп тағы бір сүйдім. Жібек шашы "жібермеймін" дегендей мойныма арқан боп оралып еді, "қоя бер, жібермейтін күнге жеткен жоқсың!" дегендей Бәтес, сүйріктей саусағымен уыстап жинап алды.

Ауыз үйге шыға келсем, Еркін кірпік қақпай отыр екен. "Жолың болды ма?" дегендей ол маған қарап күлді. "Болды" дегендей мен оған қарап күлдім. Киініп алып далаға шыға келсек, таң біліне бастаған екен. "Қайырлы болсын!" - деп шоппан көзін қысты. Сауыскандар әлде неге таңдайын қақты.

Айдың сәулесіндегі қардың күміс ұшқынына; қара күрен көк теңізінде жүзген аққу - айға; ағарып келе жатқан таңның қуанышын қарсы алып, сұлудың көзіндей қылмындап тұрған шолпанға - бас идік те атқа мініп, ауылдан шықтық.

Жирен жорға жұлдыздай аға жөнелді. Түнде келе жатқанда жердің үстінде ұшып бара жатқандай әсер алсам, енді жұлдыздардың аржағына шығып ұшып бара жатқандай сезім пайда болды.

- Ә-ә-әйт!... Шу!!

VIІ. ҚЫЗБЕЛ

Біздің жайлау Қопалыдан 90 шақырым жерде, "Қызбел" дейтін бір таусымақ адыр. Оңтүстіктен солтүстікке қарай көсіліп, шұбалып жатқан адырдың орта белі буылтықтанған нақ қыздың белі сықылды. Белдің солтүстік жағы қыздың санындай дөнгеленіңкіреп, аяқ жағы екі айрылып, жіңішкеріп барып көсіліп бітеді. Белдің оңтүстік бөлімінің кеуде тұсы адамның төсіндей шалқайыңқыраған; нақ сол арасында екі емшектей сүп-сүйір, жып-жылтыр жерден өскен қаз қатар, от орнындай екі жерде тас бар; одан жоғарырақ адамның мойнына ұқсап адыр жіңішкереді де, ар жағы (ең басы) адамның басы тәрізді домаланып, жарланып барып тұйықталады! Сол жардың айналасында қыздың шашы сықылды өскен қалың биік тобылғы бар. Осыған қарағанда бұл адырды ең әуелі "Қызбел" деп атаған. Адам сыртынан қарап тұрып, шалқасынан ұйықтаған қызға жорыған-ау деп ойлайсың.

Қызбелдің адыры биік, нақ төсіне шығып алып, екі көк тастың біреуіне шынтағынды тіреп сүйеніп жан жағына қарап тұрсаң маңыңды жұмақ па екен? - деп ойлайсың. Айналаң жыбырлап қонған ел, қара құрттай қаптаған мал, сайларда ирелендеп сағым толқиды да жатады. Бір қиырда түйенің өркешіндей тікиіп өлде кімнің тамы, белуардан сағымға малынып тұрады.

Қызбелге көшкеннің өзі бір думан. Кімнің кім екенін адам айыра алмай, ел бірімен бірі араласып, сапырылысып кетеді. Біз өзімізге қараған 3-4 ауыл жұбымызды жазбай тұтас көшеміз. Көшуден он күн бұрын бір-бір атты жаратып қойып, көлік қозғалғаннан кейін қыз-бозбала жарысты, алысты саламыз кеп. Арада 5-6 күн түнеп, Қызбелге зорға жетеміз. Ел жайлауға орналасқаннан кейін араласып

кеткен малдарын бір айда зорға жинап алады.

Қызбелдің жері бөлкім құмдақтау. Сондықтан көдесі шоқталып шығып, түбі сиректеу болады. Қызбелдің маңай-шарында (он шақырымдар шамасында) көлдер бар; бірақ ел сол көлдерге бармай малдың құты деп Қызбелге қонады, Қызбелдің өз бойында не көл, не өзен жоқ. Ауыл басы бір-бір құдық қазып алады. Құдық болғанмен не керек, бұлақтан артық. Бір құдықтың суын ала жаздай бір ауыл ішіп, тауыса алмайды.

Біздің ауыл жаз бойы "Қатын қазған" деген бір құдықтың маңайынан ұзамай, соны айнала қона береді. О заманда бір қатын қазса керек. Кім дегеннің қатыны қазғанын білмеймін, әйтеуір шеті опырылған кәрі құдық. Сонда да суын тауыса алмайсың.

Бәтес ауылы, біз "Қатын қазғанда" отырғанда, "Бұлақты" деген құдыққа қонады. Бұлақты дейтін себебі сол құдықтың суы кемерінен асып, бір саймен ағып кететін болған соң, ел сай жақ бетін бөгеген. Сол бөгеген жерге шейін жаз ортасы өткенше су жайылып, жарқырап көл болып жатады. Жаз ортасында суалып, су құдықтың кемерінен төмен түседі. Су жатқан сайға қалың құрақ шыққан; су тартылғанша құрақ көгеріп тұрады да, су тартылғаннан кейін, жапырағын мал жеп, сыйдиып сояуы қалады. Күз болып келе жатқанын сол сояулар еске түсіреді.

"Қатын қазған" мен "Бұлақты" Қызбелдің нақ белінің екі жақ түсе берісінде. Арамыз жеті-сегіз шақырым. Екі арамызда "Кіндікті" деген құдықта Бәтестің қайны Жақсыбай ауылы отырады. Бұл құдықтардан басқа: Ит құрыған, Сайтан қашқан, Өгіз баққан, Киік ішкен, Шошқа шомылған, Бұзау көмген, Шапыраш туған, Қара қызды ұзатқан, Бәйбіше өлген, пәлен - түген деген құдықтар толып жатыр. Бөріңде де сығылысқан ел.

Мен сол Қызбелдің белінде, ауыл Қатын қазғанның басында отырғанда туған екем.

- Әке мен қайда тудым? - деп жас кезімде сұрағанымда:

- Сен Қатын қазғанда тудың, қан жайлау болғандықтан шілдеқанаңа екі ауылнай елдің қыз-бозбаласы жиналып, бір ту бие сойып, түнде қонақ асы бердім. Қалжаңа бір байтал мен үш қой сойдым! - дейтін екен. Сол, алғаш кіндігім кесіліп, кірім жуылған Қызбелді; тақырына талай асық ойнап, шаңына талай ауаған Қызбелді, 20-30 баланың ішінде, күндіз күлкі, түнде

ұйқы жоқ дегендей, думан құрып басын базарлаған Қызбелді, -
өкемнен артық сағынам.

Аңсағам!.. Ар жағынан оқтай зымырап өтіп келген уақыт,
апрель туып қар еріген соң қозғалмай тұрып алғандай боп,
мамыр айына зарығып зорға жеткем.

Қазір қасымда Қалжан қажы дейтін қауға сақал, қабағы
түксиген бір шал бар, сол шалмен ілесіп, елге жазғы дема-
лысқа жол үстінде келе жатқан бетім, уақыт майдың аяғына
жақындаған кез.

Даланың жібектей ширатылып, жыландай жорғалаған
қоңыр салқын самалы, қызылды-жасылды өсімдікке бөлен-
ген даласы, сүр жібек бұлт кірген көк торғын аспаны, жаз-
дың нұрлы күні жырлаған құсы, ызындаған құрт-құмырсқа-
асы, түрлі-түсті көбелегі, толқыған сағымы - көзімді қызық-
тырғанмен, есіме Қызбел түсе берді. Егер де, төңірі, менен:
"жұмақты аласың ба, Қызбелді аласын ба" деп сұраса, мен
Қызбелді алар ем. Өйткені өз ойымша, одан сұлу жер болу-
ға мүмкін емес. Ал жұмақтың қорының қызы болса, тоғыз
нұр түгіл, тоқсан нұрдан жаралсын, мен Бәтеске оның мы-
нын алармын ба? Күннен көркем болса да, менің жүрегімді
Бәтестен артық еріте алар ма? Бәтестен екі дүниеде сұлу бар
дегенге мен өзім сенбеймін!..

Жол қысқарту үшін қажымен кеңескім келіп еді, жөнді
жауап бермей, кеңескісі келмегенін көрсеткен соң, ішімнен
"тырысқан бір кесір, ит қажы екенсің" дедім де, қайтып
мазасын алғам жоқ.

Көз алдым сурет: Бәтесті алып қашып барам!.. Қалаға
апардым... Оқуға бердім... Не керек миым шатасты - ау!..

Еркін күлдіретін: - "Бір адам қоян атуға шығып, қалың
құрайдың арасында бұғып жатқан қоянды көріпті. Оқталып
жүрген мылтығын кезеп: мен мұны атсам, етін жеп, терісін
сатсам, бір тауық алсам, ол жұмыртқалап, тауықтарым көбей-
се, көп тауықты сатып бір ұрғашы торпақ алсам, ол сиыр
боп, бұзаулап көбейсе, қырық жетіні қырқа матап қалың
берсем, қатын алсам, бала туса, тентек қоян болса, қой де-
генде қоймай, тәйт! - деп ақырып қалсам! - дегенде ата
жөнеліп, айрылып қалыпты" - деп.

Еркіннің күлдіргісі есіме түсе қалып, күліп жібере жаз-
дадым да, тағы да "қойшы күлмейін, кім біледі, Бәтес қоян,
мен мерген болармын" - деп езуімді жинай қойдым.

Күн екіндіге таяғанда, шал атын тоқтатты да:

Шырағым, атты шалдырып алайық, бойын жинап, азыр-ақ тыныс алсын! - деді.

- Жарайды.

- Жалма-жан атты ағытып отқа қойдық. Бір төбешік тұр екен, соның төбесіне шығып ем, алыстан бұлдырап, көгеріп, Қызбелдің дөңі көрінді. Шал таямен соғып, екінді намазын оқып болғанша, түйе қараған кісідей, Қызбелге көзімді соғып, қадалып қаттым да қалдым.

- Шырағым, не қарап тұрсың? - деді шал, тозған түйе жүні күпісін киіп жатып, намазын оқып болып.

- Елге қарап тұрмын, ата.

Ей жастық шіркін-ай, елді сағынып, жаман әке, шешенді көргенше шыдай алмай келесің-ау, бақыр, - деді шал.

- Иә, дей салдым, менің көңілімде әке-шеше емес, Бәтес екенін шал қайдан білсін.

Жап-жалпак, қып-қызыл нарттай болып ортасынан бір жіпше қара сұр бұлтқа белдеуленіп, күн батысты қып - қызыл бояуға бөлеп, күн аясына қонуға айналды. "Мен сенен бұрын барам!" дегендей, көлеңкем ұзарып, басы әлде қайда кетті. Елге ерте кетпегенге кейігенім сондай. "Адам болғанша көлеңке болып неге жаралмадым!" деппін ғой.

- Атты әкеле ғой, шырағым! - деді шал.

- Жарайды.

Жерде әкесінің құны қалғандай көдені өршеленіп жұлып ерні шошаңдап, кеңсірігіндегі жуан тамыры мұрынның ішінде, ерсілі-қарсылы жүгіріп, пысқырынып оттап жатқан атты барып ұстадым. "Кетші, өурелемеші" дегендей ауыздығын салғанда ат құлағын жымитты да, қоя қойды. Әкеліп жектік. Жүріп кеттік.

Жамандатып өлгір, мұндай шабан болар ма. Анық өз атым болса, бауыздап тастар ем, аяңның аз-ақ алдында сөмпендеп жортты да отырды. Қажы анда - санда бір салып қалады. Оны елемейді. Мен жүргізіп көрер ем, бірақ өз атым емес, айдауға қажыдан ұялам.

Күн ұясына қонды. Күн батыстың бұлты әуелі қызыл шұғаға, одан қызыл-ала батсайыға, одан көк ала батсайыға, онан қоңыр ала батсайыға ұқсап, ақырында қоңырланып, біраздан кейін қап-қара мақпалға ұқсап кетті. Үстімізге күміс қадаған үлкен қара мақпал көрпеге тоңды жамылдық.

Шалда үн жоқ, менде де үн жоқ. Араз кісідей тым-тырыс отырмыз. Біраздан кейін шал ыңырсиын деді. Құлағымды салып ем, болар болмас естірлік қып:

"Бір күні бабам шері түс коріпті,
Түсінде таңғажайып іс коріпті.
Астына нар түйедей шұбар менен
Сол бабам Мөдинеге түстеніпті" -

деп осы өленді қайта-қайта айтты да отырды.

"Қызыл бидай" әнінің жаңа шығып жүрген кезі еді, дауысымның келмегеніне қарамай, еркін даланы басыма көтеріп басып жібергім келді. Бірақ, шалдан ұялдым. Сондықтан мен де шалға ұқсап:

"Қыз емес қыздың аты - қызыл бидай,
Қыз үшін күн-түн жорттым коңілін қимай.
Қалмады баста бөрік, белде белбеу,
Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай.
"Ахау айдай,
Қызыл бидай,
Болғанша жарың жаман,
А-а-а-а-ай;
Уа шіркін,
Алсын құдай - қайлалайым,
Қалалали - ләйім,
Ләйло - лім!" -

деп ыңырсыдым да отырдым.

Шал ыңырсығанда не ойлағанын өзі білсін "Қалмады баста бөрік, белде белбеу, Жеңгесін қызды-ауылдың сыйлай-сыйлай" деген жерге менің ойым тұйықтала берді.

- Жақындадық қой, шырағым, - деді шал.

Басымды көтеріп алсам, шаңырақтарынан, жерошақтарынан от жылтылдаған бір ауылға жақындап қалған екеміз.

Үрген иттердің де дауысы естілді. Шамасы нағыз іңір болған. Өйткені мал ұйқыға кетіп, у-шу басылыпты. Жалғыз-ақ ауылдың сыртында мөңіреген бір бұзаудың дауысы мен ауқаулаған бір қатынның даусы естіледі.

- Бұл қай ауыл? - дедім шалға.

- Біздің ауыл.

Сіздің ауыл қай жерде еді?

Шайтан қашқанда.

Түн бұлтсыз болғанмен қараңғы еді. Әйткенмен көзіміз үйренсе керек. Белуарынан шыққа көмілген ауылды недәуір жерден-ақ көрдім. Біз ауылға келгенде дағдылы ата кәдесін істеп, алдымыздан иттер үріп шығып, бірі мен бірі таласып қала берісті. Бір сиырдың аяғын басып кеттік. Бір түйеге арбаның мұрындығы соқтықты. Иттің азан-қазан үрген дауысымен, ауылды жағалап отырып шаңырағынан оттың болар-болмас сәулесі көрінген бір үйге келіп атты тіредік. Біреулер үйде дабырласып жатыр еді.

- Токтаңдаршы, біреу келгендей болды! - деді бір әйел.

- Әкем шығар, - деді екінші әйел. Соңғы дауыс есіктен шығып, "әке" деп бізге жақындай түсіп, мені көрді де "бү кім еді?" - деп күңк ете түсіп үйіне қайтадан кіріп кетті.

- Ол кім екен? - деді бастапқы дауыс.

Білмеймін, орыс па біреу.

Орысың не, бар болғыр?

"Менмін" дегендей шал қақырынып дыбыс берді.

Әкеңнің дауысы ғой, - деді бірінші.

Әкем болса, жанында біреу бар, - деді екіншісі.

Біз үйге кіріп келгенде, қайқы мұрындау келген бір денелі қара қатын, төр алдына жатуға салған төсектерін жинап жатыр екен. Қатыннан аумаған бір қара бала арқасын тырнап, "иш, жатам!" - деп жылап отыр екен. Мұрны сорайған ұзын жақ, тапалдау бір жас әйел, қолына бір шаланы ұстап, босағала түрегеп тұр екен. Екінші дауыс - сол үйдің толық бет, биік көз, орта бойлы қызы екен. Бір - екі жас бала бір үлкен бөстекке оранып, төсектің алдында, оң жақта отыр екен. Қыз оң жақтағы ескі ағаш төсекке сүйеніп тұр екен.

Төрдің алдын жинады да, қара қатын бықсып жанбай жатқан отқа, қаңылтақ тезек салып, ұртын толтыра үрлеп еді, аузының желі көріктен кем емес екен, от лаулап жана кетті. Үйдің іші жарық болды, айналаға қарап ем, төрде төрт алдыра, бір Мекенің сандығы, бетіне сүйек ойған екі кішкене сандық. Тармақтары қисайған, төсектің бас жағында тұрған киім ілетін күміс бақан. Бақанда: бір ескі пұшпақ ішік; бір Мекенің жайнамазы; бір Түріктің тозған қызыл тақиясы; бір Сарттың ала шапаны ілулі тұр. Үйдегі мүліктерге қарағанда, бір заманда бай боп, қазір кішірейген үй сықылды.

- Мал-жан аман ба, қатын? Салиқажан, күпімнің жеңін тартшы! - деді шал, оң жаққа барып.

Бұл кезде мен төрге барып отырып үй ішіне амандаса бастадым.

- Мынау қай бала? - деді қара қатын.

- Әбілдің оқудағы баласы.

- Алда айналайын-ай, денің сау ма? Мен апанңның, Қожырбайдың әкесімен бірге туысқам! - деді қара қатын. Қажының әйелі сол кісі екенін енді білдім.

- Салиқажан, су әкел, шай қой, - деді қатын.

- Шайды осы түнде қайтсын, қымызың болса болады - ғой. Бала қымызды аңсаған шығар! - деді қажы.

- Дұрыс! - дедім.

Манағы ұзын мұрын қатын маған безеріп қарап тұрды-тұрды да, аузын бір тамсанып, қызға қарап көзін қысып, маған иегін көтеріп, күлімсіреп, үйден шыға жөнелді. Қыз күліп төмен қарады.

- Төсек салсын балам, далаға шық, - деді қажы, мен екі аяқ салқын қымызды ішіп, "болдым" дегеннен кейін, далаға шықсам, қараңғылық қоюланып кеткен екен. Бірдемелер ойлайын деп ем, қараңғыға барып ойым тіреліп көмескілене берді. Салқын қымыз ішкен кісі, салқын түнде тоңазып, үйге кіріп келсем, ағаш төсектің алдына жатқан маңында өңшең қара сирақ балалар көмпит жеп отыр екен. Әйел қазан-ошағын жинап жүр екен. Қыз төсегін ағаш төсек пен жүктің қуысына салып, шымылдықты түсіріп жатыр екен. Көзіне көзім түсіп еді, көзімді қысып қалдым. Қыз күлімсіреді, тағы да көзімді бір қысып, көрпемді тұйықтап жатып қалдым. Көп қара бала орналасты. Қара қатын отты күлге көміп, жатты. Мен қорылдаған болып жатырмын. Үй қалың ұйқыға кеткенде көрпемді ашып тастап сапар шектім... Тірі пенде білген жоқ...

- Орныңызға барыңыз, - деді Салика мұрнымның ұшын қысып, жағымнан сипап, таң атқан сықылды болған кезде.

- Қош! - деп қолын бір қысып, орныма келіп, шекпенімді желбегей жамылып далаға шықтым. Күн шығуға тақалып қалған екен.

Таңғы сағымның алыстағы жерді аяғыңның астына әкелетіні қандай: жан жағымда жап-жақын боп төніп тұрған ауылдарда Бәтестің ауылын іздеп ем, көзіме оттай ұшырай кетті... Ойға баттым:

- Егерде махаббат деген нәрсе рас болса, Бәтес пен менен артық бірін бірі сүйетін пенде болуға мүмкін емес, олай болса менің бүгінгім не? Желденген нәпсімнің бір минуттік тілегін орындадым. Одан не шықты? Мен жүрегімді Бәтеспен бірге жаралғандай көрем, олай болса, ол жүрек, бүгін басқаға неге құмартты? Неге азды? Адамды әсемпаздық билесе, ол уақытта махаббат деген жалған емес пе? Мен мұндай болғанда Бәтестің де сондай емес екенін мен қайдан білем?..

- Шырағым, нағып тұрсың? - деген дауысқа жалт қарасам, қажы құман алып, далаға шығып келеді екен. Күн шыққанын сезбей қаппын.

- Ішім ауырып тұрғаны, - дедім ұялғаннан.

Шыққан күн ойды ажыратыңқыратады. Алтын табак күнге тәжім етіп, Қызбелдің сұлу денесін көзіммен бір шолдым да, таза ауаны сіміріп жұтып, үйге кірдім.

Шірікін, Қызбел сұлу ғой!

VIII. Л А Ш Ы Н

Астымда тобылғы торы ат; оған салған құйысқанды, өмілдірікті күміс ер-тоқым ердің қасында ілулі күміс дабыл; оң қолымда жез бауыр, 18 таспалы тобылғы сапты камшы; сол қолымда: үш түлек, сары балақ, найза тегеурін, қияқты көк тұмсық, тұнған қара көз, тарғылдау келген қара көк лашын; жанымда Еркін; атым алып қашып, тебінгім сарт-сарт етіп, көзіме түскен ұзын шашымды, басыммен кейін сілкіп тастап; тақымды қысып алып, атымды ойнақтата, мойнын бір жағына бұра алаңдатып тартып келем.

"Жүйрік ат, қыран құс пен жүйрік тазы,

Жігіттің соған құмар онерпазы.

Күлім коз, оймақ ауыз бір сұлуды,

Және алсаң айдын колдің қоңыр қазын" -

деген ақындар-ау, ауыздарыңнан айналайын. Жалғыз Бәтес болмаса менде қазір не арман бар?

Тобылғы торы, қолымнан құлындатып, енесінің ақ шуына оралып жатқан жерінен жазып, аузын үрлеп, құлағын сыпырған жануарым еді. Құнанында көл айналдырып, 13 құнанның алдында келіп еді. Қазір бесті; омырауы даладай, жаясы жаялықтай, орақ бас, екі құлағы тас төбесінде, маңдайында жұлдыздай төбелі бар, үстіне міне бергенінде ойнақтап ала жөнеледі.

Жасында үйретіп тастаған; аяғын сал қыздарша басып, мойнын бір жағына бұрып тастап, көзін төңкеріп, кекілі қыздың үкісіндей желкілдейді де отырады. Қою да емес, сұйық та емес, көмірдей қара бұйра, орташа құйрығы бар, жүргенде құйрығы қараңғы түндегі толқынға ұқсап, толқып кетеді. Қызды ауылдың емес-ау, Бөтестің ауылының жанынан кешкі салқынмен астыңа мініп, өлеңдетіп, елеңдетіп, көлеңдетіп өте шығатын-ақ ат. Бағының қандай боларын кім білсін! Жолы ашылмаған, сыналмаған жылқы еді деп мініп жүрмін. Жануарымның үсті қайырлы болсын...

Көк лашын өкемнің лашыны. Өкем қыр жаққа барғанда біреуден қалап әкеліп еді. Бұл лашынды өкем қолдан шығармай жүр. Жұрт болып бұл лашынды жүніне қарап "Теңбіл көк" деп атайды.

"Быттыр күз 58 құс алдырдым" дейді өкем. Асыра сілтеп жіберетін мінезі де бар адам еді. Өйткенмен рас деуге болады. Өйткені лашын алған құстың жүні екі жастық болған.

Мен құс салуға аса жетік болмағанмен, бірер күн ғана "қызығын көрейін" дегеніме өкем сөзімді жықпай сасытып ет беріп түлетейін деп отырған лашынды, маған баптап берген. Лашын салуға бір себебім қызық көру болғанмен, екінші бір себебім келіп киліккен, - ол Бөтестің "күйігі".

Әңгіме былай: үйге келген күннің ертеңіне қасыма Еркінді ертіп, қолыма домбырамды алып, құба дөңнің басына, күн батар кезде бардым да отырдым. Бір себебім, қарнымды сірестірген қымызды сіңіру, екінші себебім, Қызбелдің сағынған даласын кешкі мұнармен қарау, үшінші - ең маңыздысы Еркіннен Бөтестің мән-жайын сұрау.

- Сен не білдің? - деді Еркін, дөңге барып, Қызбелдің сүйір тасының жанына отыра бергенде менен бұрын сөйлеп.

- Не білейін?!

- Қызық бар.

- Не қызық?

- Айтайын: Мәйекең ауылындағы Құспайдың қатыны босанып, соның шылдаханасына бардым, ойым Бөтесті көріп, реті келсе сөйлесу болды.

- Е, ал сөз сенікі.

- Сонымен ойын басталды, қыз-бозбала недәуір жиналған екен, түк білмеген адамсып, Бөтеске жақындап ем, Жұман келді де түсін суытып:

- Былай отыр Еркін, ол арада саған не бар! - деді.
- Ол қай сөзің? - дедім ұнатпай.
- "Қай сөз екенінде не жұмысың бар, қыз керек болса, асықпа тауып беремін", - деп кекетті.
- Өзіңнің денің сау ма? - дедім күліп.
- Сап-сау!
- Сау бола не айтып тұрсың? Жұман сазарып шытынай бастаған соң, "ал кетейін" - деп түрегелдім де, босағада отырған қатындардың қасына қалжындап құлай кеттім. "Құлағыңды әкелші" деді Бектастың қатыны Жамал.
- "Не айтасың?" - деп құлағымды тостым.
- Сіздің ауылдың төресінің айтып жүргені не?
- "Е, ол не айтыпты" - дедім дауыстаңқырап.
- Дауыстама, неге дауыстайсың, мырзаларың сал жігітті, алып қашам деп жар салып жүр дейді ғой.
- Сал жігітін кім?
- Білмегенсіме!
- Олда білмеймін, жаным шықсын білмеймін.
- Әлгінде кімнің жанына барып едің, білмегенсімей-ақ қой.
- Бәтесті айтасың ба?
- Иә.
- Ой қара бассын, сені қара басқыр! Ойының ба, шының ба?
- Рас айтам.
- "Кет пері!" - Жамал тағы бірдеме деп келе жатыр еді, "аузыңның сасығы жұғады кәпір, әрі кет" - деп қалжындаған болып, басымды тартып алдым.
- "Бері келші" - деді Итбастың Жаманбасының қатыны Күлекеш.
- "Ал айта ғой", ол да Жамалдың күйсеуін күйсеп бара жатыр еді, "аузыңнан сүйемін" - деп қалжың қылған болып, әр жерін ұстап, еріксіз түрегелгіздім.
- Бері келші! - деді Қалия. Оның сөзін тыңдағым келді.
- Не айтасың?
- "Мырза қайда?" - деді сыбырлап.
- Оқуда.
- "Бізден безді-ау!" - Сөзінің төркінін біле қойдым.
- Оны неліктен айттың?
- Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп дегендей, өз жұмысын орындаған соң мырза бізді не қылсын.
- "Беремін дегенін бермеді ме?" - дедім.

- Алған, берген не болады дейсің. Үш үйдің арасындағы қызымыз да, ұлымыз да Еркежан болғанмен, атқа мініп жүрген жігіт қой, беті қайтпасын деп, мырзаның мен тілегін орындап едім. Жүйрік береміз, жорға береміз - деген мырзаларға қарамап едім. Қартайғанда мен кімді жеңгелегендеймін, өзіне жақсы болса сөзін жұта берсін!

- Неге алдасын, не берем деп еді?

- Бір мақпал қамзол әперем деп еді, қалаға барған кісіден тапсырып жіберем, асықпасын деп жылы жауап бермеппі.

- Қой ол өтірік сөз. Оған сенбе, тапсырған кісің бармай, не ұмытып кетіп "бардым" деп өтірік айта салған ғой.

- Оны қойшы, - деді Қалия - одан үлкені бар.

- Е, ал?..

- Бүркіт Еркежанды өкетеді деген сөз шығып қалыпты.

- Қой!

- Рас.

- Оны айтушы кім?

- Әншіл жігіт.

- Оның кім?

- Раушанның күйеуі.

- Жұман ба?

- Ие.

- Оның не?

- "Білмеймін. Сол сөз таратыпты, мырза келгенде сақтанып келсін" - деді. Қалияның сөзі жүрегіме оқтай қадалып, түрегеліп, далаға шығып ем, біреу қораның ішінде ұстай алды.

- "Кім едің" - дедім.

- Мен Жұман. Бері келші. "Не айтасың" - дедім шақырған жағына барып.

- Айтатыным мынау: құрбы, замандас ең, асса ағайынды қарындас ең. Анау Бәтес, аға, інісі жоқ жалғыз сықылды еді. Ана шикі өкпе Сейілді қоя тұршы. Мәйекең болса арғынның бәтегөйі еді. Бүркіт Бәтесті аламын деп, айдай әлемге жайып жүр дейді, дұшпанның ісін істегені не қылғаны? Өз қарындасы емес пе? Ұят емес пе?

- "Өзін шын айтып тұрмысың" - дедім Жұманды бөліп.

- Өтірік айтып құтырып кетіппін бе?

- Апыр-ай сендерге бірдеме болған шығар, мыналарын маскара екен?

- Маскара ма, жоқ па? - Ол бір кеңес, маскара десендер істемес едіңдер. Бірақ аяқтарыңды тартыңдар. Мәйкем шаңырағын Бүркіт мазақ қылуға келмес. Әдейі осыны айтайын деп ем, - деп Жұман жүре берді.

- Токта, - деп ем, тоқтамай үйіне кіріп кетті.

Еркін жоғарғы кеңестерді айтып отырғанда мен безгек болған адамдай қалшылдап орнымда отыра алмадым. Еркіннің сөздері менің құлағыма қорғасын құйғаннан кем боп естілген жоқ. Міне, мені үйге сыйғызбай, лашын салуға құмарландырып жүрген екінші себеп, осы өсектің күйігі.

Жаздың самалды салқын кешінде, мұнарланған сағымның ортасында, кілемдей даланың үстінде, қоңыр бұлттың көлеңкесінде, астында жүйрік аты, қолында қыран құсы бар жігіттің көңілінде не арман қалады дейсің. Өсектің "күйігі" канша салмақты болғанмен, өскен көңіл оны жеңді. "Күйік" көзіме: шашын албастыдай жалбыратып, жезтырнақтай тұяғы сорайып, қасқырдай тісі ырсыып, үсті-басы бұйра жүн болып көзі қызарып, - елестеп, жан-жағымнан үмтылған сықылданды. Бірақ ойнақтаған ат "күйікті" маңайлатпай, қалықтаған лашын қанатымен қаға берген сықылданды. Біраздан кейін ой тұманын үстімнен серпіп тастадым да, көңілімді алаңсыз: даланың, құстың, аттың қызығына аудардым.

Қызбелден жеті - сегіз шақырым жерде Сасырлы дейтін бір көлсымақ сортаң болатын. Шілде туған соң-ақ Сасырлының суы тартылып, орнында шалшық су қалатын да, жағалауы саз болатын. Саздың айналасына қызылды-жасылды сасыр мен қаз оты дейтін жапырақ шығатын: Сасырлының жағалауы қанатын жазыңқырап барып, дөңгелек дөңге айналатын. Дөңі биік болатын. Жазық даламен келе жатқан кісі, нақ түбіне келгенде, ол арада сортаң бар екенін білмейтін. Жарының жағасына келіп қарай қалғанда, дөңгеленген көл - сортаң, көзіне сырлы аяқтың іші сықылды боп көрінетін. Дөп-дөңгелек, шұп-шұңқыр, іші қызылды, жасылды, сарылы, көкті неше түрлі өсімдіктерге толып тұрған Сортандыдан көпке шейін көзіңді ала алмай қадалып қалатынсың. Сортандының оң жақ жағасында, түйенің өркеші сықылды сорайып, мен мұңдалап шақырып Қос оба деген екі оба тұратын. Маңында ел отырмағандықтан Сортандыға неше түрлі құс жиылып: сонда жұмыртқалап, балапанын өргізетін. Бала кезімізде, ел жайлауға орныққаннан кейін 20-30 бала

7-8 шақырым жерден Сортандыға жаяу келіп жұмыртқа қарайтынбыз, құсқа дұзақ құратынбыз, балапан аулайтынбыз, ала жаздай жүз келетінбіз, сондықтан оның қай жерінде не белгісі бар екенін мен түгел білетінмін. Күні бүгінге шейін Сортанды көзіме елестеп, кейде түсіме кіретін.

Аңшылық, мергендік, құспаз, атпаз, итпаздық атамызға дарыған аруақ Түтелбай шығаннан шыққан мерген екен: біреумен серттесіп, жүз қадам жерден шитінің жалғыз оғымен, басына киіп тұрған тақиясының шашағын қырқып түсіріпті ғой, оның әкесі. Бақтыбай зырлап ұшып бара жатқан торғайды жалғыз оқпен атып түсіре береді екен. "Киік атсам түмсығын, қасқыр атсам көзін, жолбарыс атсам жүрегін көздеймін" дейді екен ол кісі. Аржағы онымен тұрсын, өз әкем Әбіл бір жорға, бір жүйріксіз, бір итсіз, жаз лашын, қаршыға, түйғынсыз, қыс бүркітсіз болған адам емес.

Ителгі деген құсты жұрт қайыруға келмейді дейді ғой, әкем бір жылы сол ителгіні де қайырып, аса алғыр құс болып еді, қысты күні түтінге қақалып өліп қалды. Әкем мені де жасымнан құсқа үйретті, 7-8 жасымнан, қашан жігіт болып есім кіргенше, қолымнан бір тұрымтай кеткен емес. Ылғи сол тұрымтайға торғай алдыратын ем. Мен де құсбегі адам болар ем, бірақ оқуға кетіп қалдым, әйткенмен "аң" бәйгіге шабатын аттай елегізіп тұрам.

Сортандыға жақындап қалғанымызды Қос оба бір дәлелдесе, екінші жағынан кекілі шошиып, бізді іліп әкететін немедей, үстімізге түйіліп "қиззыш-қиззыш!" деп шулаған қызғыштар дәлелдеді. "Ау, ойнамасандаршы, сорларың қайнар" дегенді лашын қанатын қомдап, қылқыңдап қарап, дыбысын шығарып еді, "мынандай пөлең бар ма еді?" дегендей қызғыштар сейілейін деді. "Қүдірет-қүдірет" деп түмсығы сорайып, басын бір жағына ғана қисайтып, екі-үш тауқүдірет жанымыздан ұша берді де, "бізге тимессіндер" дегендей ұзамай қайта қонды.

Қызғыштар хабар берді ме? Болмаса үстімізден басып, зымырап өткен екі үйрек хабар берді ме?

Біз жардың жағасына келгенде Сасырлының үсті "жау келеді" - деп дүрліккен елдей азан-қазан, у-шу екен.

- Әне бір топ қаз отыр! - деді Еркін жарға келіп тоқтағанда жарты шақырымдай жерде отырған бір қаздарды көрсетіп, не себеп екенін білмеймін, Сасырлының біз кел-

ген жағында шінкілдек, қара бас шағала, тау құдірет, шіл сықылды ұсақ құстар болмаса, қаз, үйрек жоқ екен. Құстың шұғына лашын еліріп, қылқындатып мойнын, қанатын қомлап, талпынып, ауыз ашып, шырылдай бастады.

- Жібереңін бе? - дедім Еркінге.

- Қой, қазға алыс қой.

- Қазға қарап ұмтылып келе жатқанын көрдің бе? Әкем: "қаз отырған жерде, бұл лашын құсқа ақы берсең түспейді" дейтін. Жібереңін.

- Қой, қаз сабап тастайды.

- "Қаз сабайдың" не?

- Білмейтін бе едің? Кісі алыста болса қаз ілген лашынның үстіне өзге қаздар түсе қалады да, лашынды қанаттарымен сабап, жолдасын айырып әкетеді. Айлакер лашын болса ұрызбай, қаздың қанатының астына қорғалайды. Бірақ ұстаған қазын жібермейді. Ал бұл лашынның ондай екенін, емес екенін мен білмеймін!

Біз биік дөңнен тоңқалаң асатындай болып, басымыз төмен қарап түсе бергенде қаздар мойындарын созып, қаңқылдап, бірдеме деп кеңесті, бытырап жүрген беттерінен жиналып топтала бастады. Лашын далбаңдап, шырылдап болмаған соң, шыдай алмай, дабылды қағып жіберіп лашынды сүйттеп кеп қалдым. Ағып кете барды.

- Еркін, лашынның қаздарға қарай ұшпай, қисық ұшқаны несі, неге төмен ұшады?

- "Қыран құс қисық ұшып түзелер" деген сөзді білмейсің бе? Бұл алғыр құс екен, ұшқан түрі жақсы екен! - деді Еркін.

Біз, атты борбайға бір қойып, қаздарға туралап шапқанда, қаздар қаңқылдап, қанаттары далпылдап, бауырлары күмістей жарқылдап, мойындары найзадай тікейіп жоғары көтеріле бастады.

Лашынға қарасам: суда жүрген балықтай қанатын анда-санда бір қысып қалып, аяғындағы бауы соңында жыландай прелендеп, бауырымен шөптің басын сипап, оқтай ағып, қиялап тартып барады екен.

Қаздар жоғарылап бара жатыр, лашын неге көтерілмейді! - дедім Еркінге атымның басын бөгеңкіреп.

Ол, өзінің ілетін мөлшеріне барғанша көдеден жоғарыламайды - деді соңымнан құла байталмен далбақтап келе жатқан Еркін.

Жер бауырлап тартып бара жатқан лашын, қиялап барып бұрылды да, жоғарылап бара жатқан қаздардың дәл астына барғанда, көкке қарай жарқ ете түсті. Атқан оқтан кем емес шығар деймін, қаз недәуір жоғары еді, қалай барып қалғанын білмеймін, бір қаздың қанаты қайырылып, жерге қарай жалбырап құлай берді.

- Әне ілді! - деді Еркін артымнан айқайлап, көзіме жас толып кетті. Атымды сауырдан қамшымен бір тартып, бар шабысымен сілтеп келем... Жерге түскен жалғыз қаздың үстіне өзге қаздар да топырлап түсе қалысты. Жүрегім қобалжып кетті. Жете алмай келем... Мен жақындап қалғанда бір қаз қанатын сүйреп қала беріп, өзгесі ұша жөнелісті. Лашын қайда деп қарасам, қаздардың арасында жұдырықтай боп ұшып бара жатқан сықылды. Көзім бұлдырады ма? - деп жасын сүртіп жіберіп, қарасам рас екен: тағы да бір қазға жармасып жерге алып түсті. Тағы да қаздар үстіне топырлап түсе қалды, бастапқыдай емес, бұл жолы жақын еді, айғайды салып жетіп келгенімде, тағы бір қаз жатып қалып, өзгелері ұша берді. Бірақ бұл қалған қаз бастапқы қаздай қанатын сүйретіп жүгірмей, бір орында қаңқылдап, далпылдады да жатты, бірақ ұшқан қаздардың арасында бұл жолы лашын көрінбеді.

Шауып келген қалпыммен аттың үстінен қарғып түсе қалып далпылдап жатқан қазға барсам, лашыным көзі жылытырап, қаздың қанатының астында шалқасынан жатыр екен. Тұяғын топшыға қадап алған екен. Разы болғаным сондай, лашынға "садағаң кетейін-ай" деппін ғой. Қазды бауыздап, лашынды қолыма алып, кейінгі жағыма қарасам, Еркін де қанжығасына қазды байлап шауып келе жатыр екен.

Тағы да лашынның қызығын көретін ем, мана атымды бос тастаппын ғой, ұстайын дем ем ұстатпай, қызып алған ат, елге қарай бірақ тартты. Байталға қарасын да көрсеткен жоқ. Күн батып барады. Амал бар ма? - Қанжығама қанатын салбыратып, төсін жарқыратып, екі қазды байлап алып, ақ көбікке шомылған атты, секірте аяңдатып, лашынды елендетіп, кешкі самалмен әнге басып қайтсам жарасар еді.

"Төрт құбылаң түгел болмайды" - деген осы. Екі қаз, Еркіннің күзеулі байталының екі қанжығасына байланды. "Байталға сен мін" - деп еді Еркін, мінгім келген жоқ. Мінуге менсінбедім.

Байталды жетектеп, батып бара жатқан күннің алтын сәулесіне бөленіп Еркін екеуіміз елге жаяу қайттық!..

Күн батып, тишу болғандықтан іргені түрдіріп тастап, койлек-дамбалшан басқа киімді шешініп, астыма төрт қабат көрпе, басыма құс жастық салдырып, шалқамнан бір аяғымның үстіне бір аяғымды салып, көзім іргеден далада, қолым домбырада, ыңырысып, өлеңдетіп жатыр ем:

- Бүркіт - деді біреу. Жалт қарасам Қожырбай екен. Қожырбай Бөйкең ауылының жігіті. Бет-аузы шөмшірейген бір уыс, мұрны біздей, айран көз, сөмpek, орта бойлы шикіл сары жігіт. Кескіні аумаған орыс сықылды. Оның әкесі Тезекбай сол Мөйкең ауылында Қамысбай деген кісінің жиені болса керек. Түбі Жиделібайсын ба, немене? Әйтеуір кірме. Бірақ кірме болғанмен Мөйкең ауылының бір жанындай болып кеткен. Қожырбайдың өзі қазақша айтқанда "боз ауыз" - жуастау жігіт. Оның бар қасиеті домбырасы мен өлені. Домбыраға, он саусағы адам баласының жүйрігі: "Он екі злот, Көкей кесті, Бозінген, Қызыл қайың, Тарғыл бұқа, Жау қашты, Ала байрақ, Жетім қыз, Боз айғыр" сықылды күйлерді тартқанда құйқанды шымырлатады. Әсіресе домбыраға төрт шек тағып, басқы төрт пернесін буып тастап, сағасынан бір бүлкілдетеді-ау, жыбырлап көрінбей кетеді. Кейде, кейбір күйлерді тартқанда оның домбыраға неше перне тағатындығын кісі біліп болмайды. Ол домбыра тартарда екі-үш сағат пернесін оңдаумен болады, қандай домбыраны күйлеп ұстайтын кісі болса да, оның домбырасы Қожырбайға жақпайды. Ал өлеңге келгенде тіпті соғып кеткен: Даусы жібектей бұратылып, шырқағанда әлде қайда кетеді. Әбден қызып, терлеп, күре тамыры білеудей боп шығып алғаннан кейін, таң атқанша айтса да, бір болдыруы жоқ. Қайта үдей береді. Бозбалалардың арасынан орын алып жүргені осы өлені мен домбырасы, әйтпесе босағада отыратын-ақ еді.

"Далаға шығып кет" - деген Қожырбайдың сөзімен, сол жатқан қалпыммен, домбыраны іргеге сүйей тастап, соңынан еріп шықтым.

- Не айтайын деп ең? - дедім, Қожырбай ұзап бара жатқан соң тоқтатып.

- Қайныма барайын деп ем. Саған, қызық көрсін деп бірге жүр деп келіп ем, - деді Қожырбай тұра қалып.

- Бұрын барып па едің, ұрын барасың ба, жасырын барасың ба? - дедім күліп.

- Алғаш бара жатқаным. Жасырын барам, ұрын баруға әлім келе ме? - деді Қожырбай.

- Жарайды. Мен барайын. Қамдана беріндер!

Тобылғы торыны күміс тұрманмен әдемілеп ерттедім. Құйрығына үкі тағып, кекілін желкілдетіп, қызыл лентамен байлап тастадым. Тәуір киімдерімді киіндім. Бір шыны қош иісім бар еді, қазір үстіме құюға иісі шығып кетер, ауылға жақындағанда құярмын деп төс қалтама салып алдым. Жоққа амал жоқ, қолымда бар көркемдіктен пайдаланбаған түкте тастағам жоқ. Өйткені: Қожырбайдың қайны Бәтестің ауылында Итбас деген кісі болатын. Итбас Мақамбеттің немере інісі. Шаруасы дөңгелек адам. Итбастың қызының аты Ұрқия. Бет-аузы табақтай, аласа бойлы семізше, жалпақ мұрын, шашы бір тұтам сары қыз. Бір жақ шекесінде жасында жылқы тепкеннен қалған ай таңба бар.

Ұрқия үнемі Бәтестің қасында болады. Бәтеске қалай жолығудың ретін таба алмай жүрген кісі, Қожырбайға батамды бердім-ау. Бәтес сол ауылда болмаса мен шынында Қожырбайға еріп, қосшы боп, бармаймын да ғой. "Жануар сені осы жолы сынайын" - дедім де, тобылғы торыма мініп алып Еркіндікіне келдім. Даладан үрлеген көріктің, соққан темірдің дауысы естілді.

- Еркін бармысың? Шығып кетші!

- Ау, бармын, шығайын!

Қолы қара қожалақ күйе, үстінде көйлегі жоқ, беті мен төсі қып-қызыл нарттай боп терлеп, денесі түйілген-түйілген бұлшық ет болып Еркін шыға келді.

- Ә, мырза, жол болсын, жүріпсің?

- Әлей болсын. Әлгі Қожырбай "мырза" қайныма еріп жүр деп тұрғаны.

- Ә, бар, залал көрмессің, - деді Еркін күліп.

- Өзің алқам-салқам боп не істеп жатырсың?

- Балтамның өкшесі сынып қалып, соны таптап алайын деп жатыр ем. Біздің өлгенде болмаса жұмыстан қолымыз босайды деймісін.

- Маған не ақыл айтасың, - дедім жаныма келген Еркінге ат үстінен еңкейіп, құлағына сыбырлап.

- Сен жолда Ақыш ауылына түсе кет.

- Одан не алам.
- Сол ауылдағы Жәрке дегенді білемісің?
- Білем.
- Оның баласы Елеусізді білемісің?
- Білем, - Елеусіздің менімен бөле екенін білемісің?
- Жок.

- Білмесең, ол екеуміз солаймыз да. Кескіні жобалғы жігіт болғанмен де епті жігіт. Ол осы күні Токбақбайдың үйінің етіктерін тігіп жатыр деген. Егерде Қалиядан ретің келмесе, соны қарастыр. Ал жолың болсын, тоқтама.

Тартып отырып, Қожырбайға келсем, үстіне жағасына қызыл бүліс салған түйе жүн шекпенін, басына сары бүліспен тыстаған қара елтірі бөркін киіп, белін қызыл батсайы белбеумен буып, жанында Сағынбайдың Мұраты, Жолбосынның Жамағы бар, шалжиып атын жетектеп тұр екен.

Мұраттың аттығы онды жігіт, білімді жігіт. Оның үстіне палуан жігіт. Мен оның, ірі тойдағы күресін өмірімде бір-ақ көрдім: Арғын, Қыпшақтың басы қосылған бір үлкен той болды. Аттарды жөнелтіп салып, жұрт той асын ішкеннен кейін, құба дөңнің басына барып отырып күреске кірісті. Жиналған жұртта есеп жоқ еді. Бір шетімен бір шетіне зорға көз жетерлік болып, -тізілген таспықтай қаз-қатар отырысқан. Той Арғын жағыныкі. Бір заманда Қыпшақ жақтан: шоқша қара сакалы бар, балтыры бесіктей, екі жауырынына екі кісі мінгендей, кеудесі төп-төстек, басы шалқаң-шалқаң етіп бір қара кісі шыға келді. Бұл кім деген екен? - десіп еді, әр кім, - "Түйе палуан атанған, Қыпшақтың атақты Жұдырық деген палуаны, жамбасы жерге тимеген, 30-35-терге келген адам, күресті қойды деп еді, ел болмай шығарған ғой" - десті анығын білгендер. Ол кезде менің оқуға бармаған, көптің бірі, қадірсіздеу кезім еді. Кім күреседі деп қарап жүрсем, өзіміздің Мұрат шешініп жатыр. Ол кезде оның жасы 21-22-лерде.

- "Сен неге күресесің", - деп ем сыртынан келіп:

- "Өй жағың қарысқыр, маңдайдан тапсырып жіберейін бе осы! Не ақын бар, кімнің күрескенінде, саған сөз не керек, кет!" - деп Мұратты шешіндіріп жатқан бір жігіт мені қуып жіберді.

- "Сақ бол. Ұстаса кеткеннен үйіріп әкетеді дейтін. Өкшеден іліп, шалқасынан түсіреді дейтін. Қолды матайды дейтін,

жамбасқа алып кетеді дейтін, іштен шалады дейтін, екі жағымен бірдей қимылдайды дейтін" - деп әркімдер ақыл айтқан боп жатыр.

- "Өзі, екі аяқты қатыннан мен сықылды туған пенде ме екен? Пенде болса көрерміз, үндемеңдер!" - деді де Мұрат бір жеңін киіп, бір жеңін кимей, төсін ашып тастап жөнелді. Қасына, танымаймын, екі жігіт ерді. Ортада қара жол бар еді. "Сен өт, мен өт!" пен екі жағы керісіңкіреп еді. Мұрат "жол жықпас, күш жығар" - деп аттап өтті де, екеуі ұстаса кетті. Сүзisetін бұқа, шайналатын айғыр сықылды, біріне бірі күжірейіп, ұстаса кеткен балуандардың да қимылы қызық-ау!

Анау бір, тәкаппар мұндар екен. Мұратты менсінбеген адамдай, бір қолымен өз мықынын таянып, бір қолымен Мұраттың жауырынынан қапсыра ұстап, азырақ аяңдап жүріп үйіре кеп жөнелді. "Апырай, өкетпесе игі еді!" десті жұрт. Шалдар аруаққа сиына бастады. Мұрат Жұдырықтың дөңгеленгеніне болмады, іштен шап етіп шалып кеп алды. Жұдырық жалма-жан бос жүрген қолымен Мұратты аша бұттан көтеріп өкетті. О жақ та, бұ жақ та шу ете түсті. Мұраттың аяғының басы Жұдырықтың нақ жұқа шабына барып тірелді. "Ал өкетті!" - десті жұрт. Шандақ бұрқ ете түсті... Кім жығып, кім жығылғанын әуелі жұрт білмей қалып еді, артынан түрегеліп бара жатқан Мұратты, жатып қалған Жұдырықты көрді... Жұдырықтың жығылғанда бұғанасы сынып кеткен екен. Оны қыпшақтар ақ киізге салып алып кетті. Мұрат өрт сөндірген адамдай, қап-қара күрен боп зорға келді. Демін алып, жайланып сусынданғаннан кейін, жұрт:

- Ана палуан қалай көрінді? - деп еді:

- Мықты екен, үйіріп бара жатқан соң қайрат қылайын деп шалып алып ем, аяғымды қайта шығарып алуға бермей көтеріп өкетті. Аяғы тастан да қатты шығар. Аяғым іліксе шыдатпайтын ем, буынын бүге алмадым; аша бұтымнан көтергенде, жіліктерімді сындырып, санымды жұлып өкестер ме екен деп едім. Қалай жыққанымды өзім де білмей қалдым. Даяғашылар сүйеп өкеле жатқанда, есімді бірақ жидым. Алғаш шыққанда, көзім қарауытып, есеңгіреп қалдым, - деді Мұрат. Арғын түйе бастаған қасқа тоғыз бас палуанның бәйгесін алды. Содан бері оның жамбасы жерге тиген жоқ.

Жамақ жай бір ат күтер, жобалғы жігіт. Мен барғаннан кейін, ол үшеуі атқа мініп, Қызбелдің белін баса, төртеуіміз Мәйекен ауылына беттедік.

Жол өңгімесі Ұрқия болды. Қожырбайды күтіп, ермек қылдық. Кәде жағымызды есептеп ек, жететін сықылды көрінді. Әйткенмен, мен кеңес көбейсін деп:

- Кәдеміз аз емес пе? - дедім Мұратқа.

- Қатындарға бере берсең тойымдық бар ма? Сұрағанын бере бермеспіз: басты-басты қатындарды разы қылсақ, боз-балалардың жолын істесек, сонымен көңілдері бітеді ғой. Кейінгі жағы құр да қала береді.

Мұрат бұл арада "ертімін" дегендей көтеріліңкіреп, атын камшылай түсті.

Өңгіменің жолды қысқартатыны қандай: Мәйекен ауылының тұсына келіп қалыппыз. Төбесі көрініп қалды. Қас қараймай күйеу қайынның ауылына кіріп баратын заң жоқ.

- Токтандар! - деді Мұрат.

- Неге? - дедім.

- Үлкен ауыл ғой. Ерте барғанымыз жолға жатпас. Біркеуіміз алдымен баралық. Қожырбаймен біреу қалсын!

- Мен қалайын! Жамақ екеуің барындар, хабарға Жамақты жіберерсіңдер! - дедім Мұратқа.

- Қықымдікіне түсуге жол келер! - деді Мұрат.

- Одан кіші отау, ол ауылда жоқ қой, сонда түсіндер, егерде реттерің келсе - дедім.

Олар жүріп кетті. Қожырбай екеуіміз, бір сайлау жерге атты қаңтарып тастап, түсіп отырдық. Берекелі сөз сөйлескеміз жоқ. Менің Қожырбайға қысқаша айтқан кеңестерім мыналар: "Қалындығың келгенде, көтеріліп отыр, жаныңа отырған қыздарды құшақтап, қалжыңдас, балдыздарың басынып, үстіңе шығып кетпесін, Бәтес пен Әнәпиядан басқа пәлендей сөзшең қыз да жоқ шығар. Ол екеуіне Мұрат екеуіміз ие боламыз. Кешке қалындығыңды алып келгенде қапы қалып жүрме!.." Қожырбай менің бұл кеңестеріме балаша басын изегеннен басқа түк айтқан жоқ...

- Кәне жүріңдер! - деді Жамақ, қас қарая келіп.

- Қайда түстіңдер?

- Қықымдікіне.

- Қалия үйінде ме екен?

- Үйінде.

- Бәтес көзіне түсті ме?
- Естігінің алдында біраз сүйеніп тұрды да, үйіне кіріп кетті.

Сол арада қош иістің аузын ашып, қалпағымның ішіне, жағама, қолтығыма иісін шығара жақтым. Аттың шап айылын мықтап тарттым. Атқа міндік... Біз Қықымның үйінің сыртына келгенде, екі-үш жас келіншек, Қалия, тағы бірнеше жас балалар алдымыздан шықты.

- Күйеудің ат байларын алайыншы! - деп Қалия Қожырбайдың тізгінінен кеп ұстап түсірді де, оның оң жағында тұсуге ыңғайланып жатқан маған күліп, сыбырлап сені де түсірейінші! - деді, тізгінімнен ұстап.

- Мен күйеу емес қой. Өзім-ақ байлайын!

- Кім білет, бұйрық болса.

Қалия менің қолтығымнан ұстап түсіріп жатты да, бір қысып қалды. Шулаған бала-шаға, қатын - қалаштың арасында Жамақ, Қожырбай үшеуіміз араласып отырып үйге кірдік. "Мырзаның иісі қалай онды еді. Түзеліп келген екен!" - деп Раушан жолда бір қағытып өтті. Біз шешініп, жайланып отырғаннан кейін, үйдің айналасы сыбыр, сылдыр боп кетті.

- Қырылып қалғыр қыздар-ау, үйге неге кірмейсіңдер! - деді Қалия күліп. Сол сөздің артынан есік ашылып еді, қараңғы түнді қақ жарып келе жатқан айдай, маңдайы қақтаған күміс секілденіп, жанында ірілі-ұсақты оннан аса қыз бар - Бәтес кіріп келді.

- Жоғары шығындар! - деп арамызды аша бердік. Мұрат Қожырбайдың сол жағында, мен оң жағында едім.

- Жездемнің оң тізесін баса отырайыншы! - деп күліп маржандай тізілген тісі жарқылдап, көзі қап-қара боп тұнып, күмістері сылдырлап-жыбырлап, шолпысы бір оң жақ, бір сол жақ бүйрін соғып, тоқпақтай екі шекесіндегі үкісі онды-солды төңкеріліп, - Бәтес Қожырбаймен екі арамызға отырды.

- Амансың ба, сәулем? - дегендей мен Бәтеске қарадым, ол маған қарады, бірақ үндескен жоқпыз. Көзбен ғана амандастық.

Ойын етті жеп болғаннан кейін қызды. Сол маңдағы бес-алты ауылдағы қыз-бозбала, бала-шаға, келіншектерден келмеген тірі жан қалған жоқ шығар деймін. Үйге жұрт сығылысып сыймай кетті. Балаларды қуып шығып еді, сон-

да да симады. Үйдің іші қапа болып кеткеннен кейін, түндікті шалқасынан қайырып ашып тастадық, менің оң жағыма Базарбайдың сары қызын отырғызып еді. Тақылдаған сұмырай екен, отыра қалып сайрап еді. Бәтеспен жөнді кеңестірмей, бетімді бұра берді. Менің бір бүйірімде Қожырбай оған деген сөзді бер жағынан мен, ар жағынан Мұрат киіп әкетіп, сыр бермей отырмыз. Мен де сөзге пәлендей алғыр адам емеспін.

Мені "оқыған, мырза" деген ат сақтап отыр. Оның үстіне Бәтеске таңылған атағым бар. Бәтес бір рулы елдің қызының басы, өзге қыздар осыған да баға беретін шығар деймін. Жанымдағы сары қыз бір ретте, санымды шымшып алып:

- Бәтеске басынды бұра бермесейші, білеміз ғой. Неге бұрыла бересің. Бұдан басқа орын жетпей ме? - деп қойды.

- Түсінген жоқпын! - дедім күліп.

- Түсінбессің! - деді о да кекетіп.

- Тәңірі алғыр, не деп отырсың? - деп Бәтес сары қызға қарап, көзін лақтырып тастап күлді. Бірімізді біріміз күлкімен ұққандай болдық. Бектас түк білмегенсіп, бізді жағалап шықпай жүр.

Біраздан кейін "хан жақсы ма?" ойыны басталды. Қан болған көсе Досмақан. Жасы қырықтан асып кетсе де, ойыннан ілігіп қалмайтын бір ку. Оның қаншасы Қалия? Уәзірлер: Шақыман, Түлкібай дейтін ала аяқтар, олар кімді оңдырсын!

Тәртіп былай болды: Қыздың қасында отырған бозбала қасындағы екі қызымен ханға алып келеді. Әуелі ханды мақтап үш ауыз, ханшаны мақтап үш ауыз, екі уәзірді мақтап үш ауыздан алты ауыз өлең айтып аласың да; сөзінді дәлелдеп үш ауыз сын өлең, адам нанбайтын үш ауыз өтірік өлең, ылғи жанды мақұлықтың атынан құралған үш ауыз жансыз өлең және үш ауыз кер өлең айтасың. Әсіресе кер өлең қиын. Кер өлең дейтіні, бір ауыз өлеңді жаңылмай, тез аяғынан басына қарап жолдап айтып шығасың, мәселен:

- "Ассалаумағалейкум тақсыр ханым!

Қорқады қаһарыңнан шыбын жаным.

Осы үйде бір мөжіліс бар дегенге,

Дәм жазып құдай айдап келген шағым".

Осы өлеңді кер айтса:

- Дәм жазып құдай айдап келген шағым,
"Осы үйде бір мәжіліс" бар дегенге,
Қорқады қаһарыңнан шыбын жаным,
Ассалаумағалейкум тақсыр ханым!"

деу керек. Егерде ерегіссіз жолдап емес сөздеп санатады.

"Ханым тақсыр, ассалаумағалейкум,
Жаным шыбын қаһарыңнан қорқады" -

сықылды. Осылардың бәрін айтып бітіргеннен кейін қасындағы екі қызды үш-үштен алты ауыз өлеңмен мақтап аузынан сүйесің. Өлеңдерің айтып тұрған ойыңа қисынды, келісімді болу керек. Оның үстіне, сонша топтың ішінде біреу айтқан өлеңді біреу қайталап айтпау керек, егер бір жігіт өлең таба алмаса, ханның оған істейтін "кеңшілігі": ақша алады, ақша болмаса: орамал, айна, тарақ, бөкі, сабын, тағы сол сықылды нәрселерін алады, содан кейін бірақ қыздың аузынан сүйгізеді. Не өлеңмен, не парамен міндетін өтей алмаған жігітті "Алты қатынның абақтысы" деп қатындардың арасына апарып тастайды. "Мадам" деп әйелді дәстөрлейтін Еуропа елі болмаса, қазақтың әдетінде қатындардың арасына отырғаннан қоршылық болмас.

Ханның алдына алғаш барғандар өлеңмен құтылып еді, арты шатаса бастады. Қатындардың арасына кетіп қалғандары да болды: менің екі жүйе жаттап алған өлеңдерім бар еді. Оны басқа біреулер айтып қойды. Жұртты тұрғызып, отырғызып жүргеннің біреуі Бектас еді. Қолында білеудей қып есіп алған орамалы бар, қиқандағандар болса тартып жібереді.

- Жүріңіз мырза! - деп Бектас менің аяғымның басынан ойнаған боп салып қалды: өтіп кетті. Бірақ үндегем жоқ. Жанымдағы Бәтес пен сары қыз менімен бірге түрегелейін деп еді:

- Өзім де барам ғой, сіздер қозғалмаңыздар - дедім.

- Көне мырза, өлеңіңізді айтыңыз - деді де Досмұқан:

- Мұның қасындағы әйел балалар қайда, оларды неге тастап кеттің - деді Бектасқа.

- Тастап кеткен мен өзім. Міндеттеріңізден жалғыз-ақ құтылып не сый болса да орындап көрейін дегенім ғой,

әйел балалар ұялар деп ойладым. Ал, мен айтатын өлеңді өзгелер айтып қойды, маған не бұйырасыз - дедім Досмұқанға күліп.

- Не айтасыз - деді Досмұқан Қалияға.

- Шетте жүрген мырза ғой, жанын тым ауыртпаса да болады - деді Қалия.

- Аясаң жаныңнан бер, мырзадан осындайда жалап қалмағанда қайда жалаймыз. Түбінде бәріміздің де малымыз осынікі! - деді Бектас. Едігенің ескі кегі екенін біліп тұрмын. Дұшпанға таба болмайын дедім де, қалтамнан бес сомды суырып тастай бердім. Ондай ақша берген кісі жоқ.

- Мырзам жарады, бар, алып бар, ырза қыл - деді Досмұқан, ақшаны етегіндегі орамалға салып, көзім түсіп кетіп еді, орамал толып тұр екен.

Орныма әуелі келіп отырдым да, Бектастың ыңғайына қарай көшпей, Бәтеске ыңғайланып ем, Бәтес дағдылы қалпындай, сусынымды қандыра сүйісті. Сары қызды сүйгім келген жоқ еді? Жай ырымын қылайын деп, аузымды тоса бергенімде, ол құрғырдың өзі жабыса кетіп, ернімді жұлып әкете жаздады... Ұзақ кеште Бәтеспен емін-еркін сөйлесе алмадым. Бектастың бір 13 жасар қарындасы, Бәтестің қак алдына отырып алып, сөзімізді тыңдай берді, тегі Бектас тыңдатып қойғандығы көрініп отыр, оның үстіне үйде неше көз болса, солардың бәрі бізді аңдыған сияқтанды. Оған қосымша сары қыз да бөле болды.

- Бүгін қасыңа бара аламын ба? - дедім Бәтеске. Бұл кезде бозбалалар ыдырап, кәде алуға далаға Мұратпен шығып кетіп еді, солардың ішінде Бектас та кетіп еді.

- Келе алмайсың. Аңдыйды, ертең ебін тауып Бұлақтың қамысының арасына, сайға кел. Сонда не сөз болса да айттайын! - деді Бәтес күрсініп.

Жалған дүниеде ноғайдың күйеуінен бақытты күйеу бар ма екен? Олар күйеуді қалыңдығымен, оңаша қамап қойып, жан жолатпайды дейді ғой. Біздің қазақтың күйеуге қалыңдық көрсеткені құрып қалсын! - Жұрт кәдесін алып тарағаннан кейін, төртеуімізге қатар төсек салынды. Маған Қожырбаймен қатар төсек салынған екен, кәде алып көңілдері толған Ұрқияның жеңгелері, шамды сөндіре салысымен Ұрқияны дедектетіп алып келуі қалай! "Айрылма" деген сөзге ие болған Қожырбай, Ұрқияның "шешінейін" дегеніне де

қарамай, белінен құшақтап, төсекке алып ұрды; тірі жанмын ғой, қалай шыдайын, атып түрегелдім де, шекпенімді жамылып тысқа шығып кеттім...

Бастан өткен балалық; мен үйден шыға келгенде, іргеде жағалай етпеттерінен жатып тыңдап жатқан балалар тұра қашты. Түн бір әдемі қоңыр бұлтты жамылып маужырап тұр екен. Белуардан түскен қалың шыққа малынып, үйдің сыртына сүйеніп тұрдым. Ауыл-ауылдарына тарап бара жатқан қыз-бозбалалардың сөйлескендері, күлгендері, шолпыларының сылдырлағандары, даңылдаған домбырамен, оған шырқап ән қосқан бозбалалардың дауыстары, балалардың у-шуы - бәрі естіліп тұр. Менен басқа, жанды-жансызда рақатқа белшесінен батпаған бір зат жоқ сықылды. Бәтестің қасына жатсам, төске төсті аймалатсам, мына тәтті ауаны Бәтес екеуіміз іргеден бір көрпенің астында бөліп жұтып, мына жұпар иісті табиғаттың иісін бөліп иіскесек - жалған дүниенің рақаты сонда болар еді. Қазір түн де қоңыр, дала да қоңыр, деңкиіп қалқиып тұрған, Бәтес жатқан сегіз қанат қоңыр үй де қоңыр. Менің ойым да қоңыр. Бәрі де қоңыр!..

Ертеңіне жұрт шайын ішкеннен кейін қыз-бозбала тағы жинала бастады. Күн қайнаған ыстық. Іргені түріп тастап алдымызда қымыз. Жанымызда қыз. Қолда домбыра, ауызда өлең, әзілді соқтық та жаттық. Бәтес әлі келген жоқ. Манарақ үйіне кіріп, кемпірге сәлем бергенсіп барғанымда, жаңа тұрып, далаға шығып кетіп еді. Сол келмегеннен түске шейін келмеді, себебін білмедім.

- Қымызды іше-іше ақтаңдай болдық. Күн ысып кетті, бір шай қойсаң қайтеді, Қалия жеңгей! - дедім Қалияға.

- Сенен немді аяйды дейсің, қайным. Қояйын! - деді, Қалия, көзін лақтырып тастап, күліп. Шайды Қалия қайнатып болып жана жасап жатқанда, шашын арқасына жайып, жалаңбас, төс камзолшаң, белі қыналып Бәтес келді. Шашын жуып, әлі кепкен жоқ екен.

- Шашыңды жуыпсың ғой! - деді сары қыз маған бір, Бәтеске бір қарап, мені шымшып алып, күліп:

- Кет мәжүн, қара басыңа көрінсін! - деді Бәтес те күліп.

- Еркежан-ай, көп ұйықтайсың-ау, мына күйеулерді күтісіп жіберсейші! - деді Қалия Бәтеске, еркелеткен дауыспен.

Астына бір көрпені тастай беріп, Бәтес самауырдың қасына отыра кетті. Өзге қыз шай құйғанда бір тізелеп

отырады ғой, Бәтес өйткен жоқ! Еркек кісідей малдасын құрып отырды. Жалғыз бүгін емес, оның ежелгі әдеті солай.

- Қант қайда, Қалия? - деді Бәтес, қант жоғын көріп.

- Бетім-ау, ұмытып кетіппін, - деп Қалия, жағалауына желбірек салған бір қант дорбасын Бәтестің алдына тастай берді. Бәтес жұртқа екі-екіден, үш-үштен жағалай қантты тастап келді де, қасында отырған маған бір-ақ түйір қант тастады.

- Мен жұрттан көрі көбірек сусап отыр ем, маған қантты неге аз бердің, қарындасым! - дедім Бәтеске.

- Сіздің сусыныңызды қандырар қант табылар! - деді Бәтес маған қарап күлейін деп еді, аузы күлгенмен, беті мен көзі күлген жоқ.

Шайды жағалай бір шөшкеден бергеннен кейін, Бәтес өзі бір шөшкені құйып алды да, шайын ыстықтай басынан үрлеп бір ұрттап, қантын шетінен тықыр еткізіп бір тістеді де:

- Мына қантты сіз жеңізші! - деп маған тістеген қантын берді.

- Мұныңыздың мәнісі қалай?

- Дәм татысайық дегенім ғой.

- Рас айтасыз ба?

- Рас.

- Әкел қолыңды!

Екеуміз қол алыстық. Өзге жұрт не мәніс екенін түсінген жоқ шығар деймін. Бектас пен Жұман және олардың келіншектері жоқ еді.

Бәтестің қанты маған өз қантымнан жүз есе тәтті көрінді. Қант аузымда ерігеннен кейін, ішіме жұтуға қимадым, түкірігімді былтжыратып, ауызды тамсана бердім!..

- Сендер енді аттаныңдар! - деді Жұман түс кезінде бізге.

- Неге? - деп ек:

- Мәйкең сапарынан оралса керек. Бүгін кешке үйге келеді деп хабар келді. Ол кісі келгенде, ауылда күйеудің жатуы ерсі ғой! - деді. Көйлекшең далаға шықтым. Ойым Елеусізге жолығу. "Жолы болар жігіттің, жеңгесі алдынан шықсын" - дегендей, даладан шалбарының бауын байлап, Елеусіз маған қарай қарсы келеді екен. Мені көріп бұрылды да, күліп - жақсы жатып, жай тұрдыңдар ма? - деді.

Жәй білгенім болмаса, бұрын көз тоқтатып көрген жігітім емес еді. Өзге денесінен өнер шықпайтын қораштау жігіт сықылданғанымен, кішкене шағыр көзі, жолбарыстың көзіндей адамға тесе қарап, өңменіннен атып жібере жаздайды екен. Ішімнен: "мына көзбен тегін жігіт болмассың, Еркін адамды танитын еді, осал жігіт болсаң, саған сеніп, мені сілтемес еді!" - деп тұрмын.

- Шүкір, жақсы жаттық.

- Онда жарайды. Жас жігіт жақсы жатса, одан артық не керек...

- Біз қазір қайтайық деп жатырмыз! - дедім Елеусіздің қалжың сөзін бөліп.

- Е, жолдарың болсын! Асыққандарың не?

- Мәйкең бүгін келеді екен.

- Келсе қайтеді. Ол кісі жас болып көрмеді дейсің бе?

- Сонда да ұят қой. Менің саған бір айтатын кеңесім бар еді - дедім Елеусізге күлімсіреп.

- Айт.

- Айтқанда, жігітшілігіңе тапсырып айтам, және Еркін де саған сөйлес деп еді.

- Мен, мырза сені Еркінсіз де танимын. Айтатыныңды шегелемей-ақ, сеніп айта бер!

- Жастық басында бар ғой...

- Жөн айтасын! - деді, Елеусіз көзі ойнақшып.

- Менің Бәтеспен көңілім жақын еді...

- Ептеп құлағымыз шалатын еді - деді Елеусіз тағы да сөзімді бөліп. "Құлағының шалғанын" ұнатпай қалдым.

- Соңғы кезде Бектас пен Жұман мені аңдып жолатпауға айналды...

- Оны да ептеп сеземін! - ішімнен "мұны сезгені өтірік шығар. Бір мақтаншақ неме болмасаң жарар еді" дедім.

- Сонымен, Бәтеске бүгін, не ертең сен арқылы жолығайын деп ем, осыған ретің келе ме?

- Қай жерге жолықтырайын! - деді Елеусіз, бәрі соның қолында тұрғандай-ақ!

- Бұлақтының сайына.

- Болады. Бірақ сен, ауыл жатпай, іңір қараңғылығында жолық. Бұл кезде біреуді біреу елемейді. Бәтесті үлкен үйінде деп отауы, отауында деп үлкен үй отырады. Мен оған шейін Бәтеспен сөйлесіп қоярмын.

"Ер мойнында қыл арқан шірімейді" - деген мақал бар ғой, - деп, Елеусізді көңілдендірейін деп келе жатыр ем...

Айта көрме, Бүркіт мырза. Сенің бір жұмысыңа жұмсалғанға мен сенен бірдеңе дәмететін құтырып кетіппін бе! - деп сөзімнің аяғын сөйлетпеді.

Атымды қайда қояйын?

Сен әуелі інірде біздікіне кел, сұраған адам болса, маған бір ат көпшік істетіп алам деп келген екен дейін. Атыңды біздікіне байла. Ар жағын ретіне қарай көреміз.

Екеуміз қол алыстық. Жабырқаған көңіл көтерілейін деді. Атымды аттаңқырап басып үйге кіріп бара жатыр ем, Қалия үйінің сыртына шығып бір орамалын жуып отыр екен, тұра қалдым. Ол маған қарап күлді. Мен оған қарап күлдім.

Елеусізбен не сөйлескенінді білдім. Еркежанды Бұлақтанға жіберейін! - деді Қалия.

Оның сонша көңілденіп жүргені сегіз метр кара барқыт пен 10 метр қоңыр бәтесті, бір жұма бұрын біреуден беріп жібергем. Ысқақ сөз сөйлесуге маңайдағылардан қаймықтық.

Біз бір-бір аяқтан қымыз ішіп, киініп жатқанда, аттарды ертеп, даладан Жамақ та кірді. Бұл кезде үйдегі көп қыздар сергіп, Бәтес, Мапия, сары қыз, тағы бірер келіншектер қалып, өзгелері үйді-үйіне бытыраған кез еді. "Ат аттанайық" деп далаға шыққанда, қыздар да, келіншектер де бізбен бірге шығып, атқа бірге ере келді.

Ағайды қолымнан аттандырып жіберейінші, - деп Бәтес, менің шылыбырымды шешіп жатқанда, қасыма келді де, қолымынан қатты қысып-қысып қалып, аттандырды. Бойым ол кіргендей, қаным қайнағандай болып кетті. Көзіне көзім түсіп кетіп еді, неге екенін білмеймін, көзі жасаураңқырап тұр екен.

Қош, қарындасым! - деп қолымды бердім.

Қош! - деп Бәтес те қолын берді, бірақ, қолын берерден бұрын қалтасына оң қолын салып еді, мен қолымды оған қарай алғанда, бір бүктелген ақ орамалмен, шетіне түсіп бір нәрсе алақаныма қыстырылып, қолыма ере келді. Ірі жанға сездірмей қалтама сала қойдым. Біз аттанып бара жатқанда, үкісі самалға бұлғалақтап, Бәтес үлкен үйдің сыртында сүйеніп қарады да тұрды.

- "Баян ауыл басында балалы құр,
Бір сүйейін қалқатай мойынынды бүр.
Ауылыңның тұсынан аттанғанда,
Ақ боз үйге сүйеніп қара да түр",

деген өлеңмен:

- "Баян ауыл басынан бүлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсың жетпес.
Ақ отаудың тұсынан аттандырып,
"Қош, ағатай!" - дегенің естен кетпес!" -

деген екі өлең осы арада есіме түсе кетті, артында құлыны қалған биедей, мен де, жалтақтап қарай бердім. Біз ұзаққа-раған кезде Бөтес үйіне кірді. Қалтадағы орамал, санымды қыздырып бара жатқан сықылды. "Түсіп қала ма" дегендей бір қолым қалтамнан айналып шықпай келеді. Екі көзім де әлсін-әлсін үңіліп қарай береді. Ойым "орамалдың ішінде не бар?" деген жұмбақты шеше алмай отыр. Бірақ орамалды қалтамнан алғам жоқ. Өйткені Мұраттар сезбеген секілді де, сондықтан орамал алыпты деген сөз шығып өсек боп кетер деп сабырлық қылдым.

- Менің Бұғыбай ауылында бір жұмысым бар еді, сондағы Асаубай дегенге бір домбыра істетіп алмақ ем, сендер жүре беріндер, мен кешке қарай қайтармын! - дедім, Мұратқа. Олар жүріп кетті. Мен бұрылып қала бердім де, Асаубайдікіне келіп, Асаубайдың істеп жатқан бір домбырасын көрген боп отыра бердім. Ол үй маған бір шай қайнатыпты, соны іштік. Күндегі заматта өтіп кететін күн, бүгін шақырая тұрып алып, сілемді қатырып зорға батты. Асаубайдың "бір мал сойып берейін, қон" деп жік-жапар болғанына қарамай, іңірде аттанып, ауыл торыған қасқырдай, бір саяң жермен аяндап отырып, іңір қараңғысында Елеусіздікіне келіп түстім.

- Бүркіт мырза, келіп қалдың ба? - деп, аттың дүрсілімен Елеусіз жүтіре шығып, атымды байлады.

- Мырза, бір малдың басын жейтін ретің бар еді, күнде келіп жүрген жоқсың. Бірақ мына жұмысты реттеу керек! - деді Елеусіз. "Қонбайтын қонаққа мырзамын" - дейді екен Қонақбай деген кісі. Сол сықылды, ауыз байлығын көріп тұрмын. Өйткенмен сөзін мақұлдағансып:

- Айта көрме. Дәм қайда қашады дейсің. Мына жұмысты реттесен, маған сол да аз емес. Дәм дегенді айта көрме! - дедім.

Елеусіз шығып кеткенде, үйде бір көрі кемпір екеуміз қалдық. Тегі үйдегі бар жаны сол-ау деймін. Келіп көрген жоқ ем. Үйінің абыройын бұлт жауып тұр. Егерде ай жарық болса, ішінен жұлдыздарды санайтын үйдің нағыз өзі. Үй іші қара көленке, ішінде не бары анық көрінбейді. Әйткенмен, анда-санда тезектің арасынан жылт ете түскен оттың соулесімен, пәлендей көз тоқырағарлық түк жоғын көріп отырмын. "Бұл неғып мезгілсіз жүрген адам" дегендей кемпір, аузын бір тамсанды да, бұзауын байлауға далаға шығып кетті...

Елеусіздің Мәйекең ауылына барғанын, сол ауылдың иттерінің үргені айтып тұрды, Бәтестің үйіне ендігі кіріп шыққан шығар деген кезде мен шекпенімді шешіп тастап, ықшамданып далаға шықтым. Айтпақшы, ұмытып барады екем, Елеусізден:

- "Бәтеспен сөйлестің бе? - деп сұрағанымда, ол: "сөйлестім. Сенің келгенінді Бәтеске білдіру үшін, іңірде үйіне барып кіріп шығатын болдым. Бәтес соған түсініп, Бұлақтыға өзі баратын болды. Сенімен ана біреу, құрғақ, қураған қамыстардың арасында табыспақ болды!" - деген.

Мен көресімді қашан да болса иттен көретін болдым. Елеусіз үйінде де бір қаншық ит бар екен. Қаншықтың дауысы қандай ащы болады. Үріп соңыма түсіп алып, даусы саңқылдап соңымнан қалсайшы, "күшім-күшім!" - деп ем, өршелене түсті. Еркіннің жоғы сол арада есіме түсті-ау, ол болса, амалын табар ма еді, қайтереді.

Қаншық менімен Бұлақтыға еріп барып, қу қамыстың түбіне етпетімнен жатқанымда, шоқайып қасыма отырып алып үрді де отырды. Амалың болса қыл!..

Бәтес ауылынан бір-екі кісі қараңдап, қаншықтың үрген жағына (маған қарай), жақындап келіп, жүрелерінен отырып, жан жақтарына қарады. Кімдер екенін білгем жоқ. Бірақ дыбыс бергем жоқ. Көздеріне ешкім түспеген соң үндемеген қалыптарымен тұр екен, Елеусіздің ауылына қарай беттеді. Нақ түбімнен өтті; көрген жоқ. Қаншық оларға үріп, еріп кете барды. О да бір тыныс болып қалды.

Және біреу, бір аздан кейін қараңдап, Елеусіз ауылына қарай кетті. Бұл Елеусіз шығар деп ойладым. Оның артынан тағы біреу шығып, түп-тура маған аяндады. Бірдеме дүсір-дүсір еткенде, біреулер келіп қалған екен десем, жүрегімнің соққаны екен. Қараңдаған адам Бәтес екенін ішім сезгеннен кейін еңбектеп, алдынан шығып дыбыс бердім.

Бәтес аяғын үшінен басып, жүрісін естіртпей аяңдап келді. Шыққа былғанады деп бір қолымен етегін, сылдырлайды деп, бір қолымен шолпысын ұстап алған екен.

- "Кидасын кер, деген соң, кидасын кер,
Жебір тайлақ коктемде бұйдасын жер.
Сыбырласып тұрдағы сылқ ете түс,
Көзі көрген шіркін-ай, қимасы!" - дер!" -

деген бір ескі өлең бар еді. Сол сықылды, Бәтесті мен құшақтай алдым, ол мені құшақтай алды: екеуміз сыбырласып сылқ ете түстік, бірақ "қимасын!" дейтін жанымызда көз көрген кісі жоқ.

"Сыбырласындар, армансыз сыбырласындар, мен тірі жанға естіртпейін!" дегендей, нақ сол арада жел тұрып, қамысты шулата бастады. "Біз сені жасырайық, қорықпа!" дегендей шық қалындап, жер жүзі аппақ теңіз болып кетті. Менің қадалуым жетпегендей сирек бұлттардың арасынан миллиондаған жұлдыздар да Бәтестің көзіне қадалып, барлық жұлдыздың сәулесі түскен Бәтестің кішкене қара көзі: миллиондаған жұлдыздарды сыйғызған түнерген аспанмен бірдей болды...

- Минутті қызықты көріп келемін ғой, маған не айтпағың бар? - деді Бәтес жинала бастап, басын көтеріп.

- Менің айтар сөзім, өдемілемей тура айтқанда, сені өмірлік жолдас қылғым келеді.

- Менің сенен күткен сөзім, осы еді. Мен сендікпін. Бірақ менің атым өйел. Өзің ретін тап та мені ал. Мен не десем соныға мақұлмын.

- Осы сөзің рас па?

- Рас.

- Сертіңнен өлсең де қайтпайсың ғой!

- Жоқ.

- Әкел қолыңды! - Қол алыстық. Тағы да сүйістік.

- Егер де қазақшылықпен реті келмесе, заң арқылы болса да, сені алмай қоймаймын. Соған да шыдайсың ғой! - дедім, Бәтестің амандасып қолын қысып тұрып.

- Шыдаймын! - деді Бәтес.

- Неге екенін білмеймін, айрылғым келмей, тағы да құшақтай алдым. "Армансыз сүйісіндер, енді жолығар, жолықтастарыңды кім біледі" дегендей жұлдыздар көзін жұмып

тор жағын бұлт қоршалай, бірге жаралмаған дене бөлектігін келді: қайта-қайта сүйісіп, қайта-қайта құшақтасып, қол алысып айрылды!..

Неше жылғы жұмбақ ойды бүгін шешіп, төбем көкке шегендей көтеріліп, көңілді, аттай-аттай адымдап, Елеусіздікіне келдім. Атым жоқ... Бір күзеулі бие байлаулы тұр... Елеусіз бір жерге байлаған шығар деп; үйге кірсем, тор алдында бырылдап ұйықтап жатыр екен; менің қолым шегенде оянып кетіп:

- Бүркітпісің? - деп түрегелді.
- Ие, менің атым қайда?
- Байлаулы тұр еді ғой. Ұйықтап қалыппын.
- Бір бие байлаулы тұр. Ат жоқ.
- Қой, биімен ешкім келген жоқ. Абайламаған шығарсың.

Екеуіміз де далаға шықтық. Елеусіз күзеулі жылқыға сенбей бауырына үңіліп қарады да:

- "Апыр-ай, маскара болмасақ игі едік. Мынау ат сықылды. Біреу жал-құйрығын күзеп өкетпесе жарар еді? - деді.
- Қой! - Қарасам атым. Жалын кекіліне шейін, құйрығын құйымшағына шейін тақырлап күзеп өкетіпті.
- Мұны кім кесті екен? - дедім ашу қысып.
- Әлгінде осы ауылға Жұман мен Бектас келді деп еді, сол кесті. Одан басқа жан кеспейді! - деді Елеусіз.

Солар екенін мен де білдім. Бірақ Елеусіз ішінде болмады ма екен? - деп сезіктендім. Бәтесті алмайтын болсам "Мені қай қыздарыңнан ұстап алдыңдар, атымды күзейтін! деп өкелерін танытар ем, бірақ не керек, іс бүлінеді!

Осызда бүлінеді. Өйткені: ел құлағы елу, Бүркіттің пәлен ауылда атының құйрығы кесіліпті деген сөз, аман болса, ертең-ақ жайылады, өсек өрлейді.

Жазаласа, қуыстырып келгенде, кеңестің анығы шығады. Олай болса "туғаныңды жасырасың, өлгенде қайтесің!" - дегендей, жасырғанмен не болады?

Ойым сынаптай толқып, қорлыққа шыдай алмай, әлекті саттым келіп бір тұрды. Атымның құйрық-жалын түгенде деп жатып алғым келді. Бірақ ойлап-ойлап, ашуды ақылға жеткіздім... Қашан сөз әбден ұшығып, бет ашылғанша, Бәтеске кір келетін кеңесті мен бастамаймын. Бастаса басқадан басталсын деп ойладым.

- Апыр-ай, енді қайттым! - деп сасқалақтаған Елеусізге:
- Саспа. Далада ат шалдырып отырып ұйықтап қалсам,
біреу күзеп әкетіпті дейін! - деп оны жұбатқан болдым.

Жал-құйрығы төгіліп тұратын жануарым, қысыр қалған биеге ұқсап, құйрық - жалдан айрылып, тырбиып тұрған соң үстіне сүйретіліп зорға шықтым. Бір жақсысы тірі жан көрмейтін түн. Егерде күндіз болса, өлгеннің әкесі сонда болар еді.

Аттанып былай шығып алғаннан кейін, ой өзекті тағы өртей бастады: қанша білдүмейін дегеммен, бұл кеңес ертең дау ете түседі. Әкем атыңды қайда күзеттің деп сұрайды. Бұрын ондай қорлықты көрмеген адам, кек алу үшін кім күзегенін айтқызбай тынбайды. Айнала келгенде ауыр салмақ Бәтес екеумізге, әсіресе Бәтеске түседі. Бәтес ол салмақты көтере ала ма, жоқ па? Мен көтере аламын ба, жоқ па? Екеуміздің де сынға түсетін кезіміз келді. Тұрмыстың толқыны бізді сынның көпіріне айдап алып келеді; өте аламыз ба, жоқ па? Қайсымыз өте аламыз? Әлде біріміз ғана өтіп, біріміз қарық боламыз ба? Көппен күресетін заман келді. "Шылық" жеңе ме, біз жеңеміз бе?

Осы ойлар тұманмен бірге қоюланып алып, бір ойдың үшіне көзімді жеткізбей бұлдырата берді. Төбемнен көк басқандай, астымнан жер ойылғандай болды. Ауа бітіп қалғандай, тынысым тарылып, демімді зорға алдым; өкпем аузыма тығылып, жүрегім қысылды. Бойым мұздады. Түн қара бұлт жамылып, желдетіп түнере түсті. Менің ойым да түнеріп, ішімде дауыл соқты!..



Екінші бөлім

БӨТЕСТІҢ СЫРЫ

І. ЕРКЕКШЕ

"Қыздарға жолама, қызы жұғады" - дейтін әжем менің жасырақ кезімде.

Балалық шіркінді қойсайшы. Мен ол сөзге мардамсып, бергін келгенше "ұлмын" деп жүрдім. Апыл-тапыл басып, тінім шығып, ойынға жарай бастаған соң-ақ, еркек баланың пышақ пен асыққа, әйел баланың қуыршақ пен инеге үйріле келетіні қандай; менде де сол өзімнің "негізіме" тартушылық жас кезімде болғанмен, жұрт "ұлсың" деген соң, қыз үмір болған нәрсеге жолағам жоқ; асық пен пышаққа жармастым, оным "ұл" болғандық.

Менің "ұл" болуымды, маған көпсінгендей-ақ, ауылдың еркек балалары мені қымс етсе "ұл келе жатыр" - деп мазақтаптын еді. Мен, оған ыза болып жылайтын ем. Бірақ қанша ұл болғаныммен, еркек балалармен, тұз-енбегім жараспай, сондарынан ілесе түсіп қала беретін ем, шынында менің "ұлдығым" ұлдармен бір жүріп, бір тұруда емес еді, еркекше киінген сыртқы пішінімде еді, одан қала берді, үйдің, ауыл аймақтың "ұлсың!" деген жұбаныш сөзі еді.

Итбастың Көккөз деген бір тентек ұлы болатын. Ауылдың қан қақсататын еді. Қатындар "шешек шықсын!" - деп қартайтын еді, ақырында шешектен өлді. Мен ұл болсам, оның ұлдығына кемшілік келетіндей, сол бишараның менімен жай өмірінде бір жараспай, дүниеден маған өшігумен өтті. Бір күні сол Көккөз қолымдағы қошқардың асығына қорластын күйдырып алған сақамды, "көрейін-көрейін" деп сұрап алып, алды да қашты.

- Сақамды бер деймін! - дедім жылап.
- Саған сақа не керек. Сен қызсың. Сені күйеуге береміз. Көк ине болмай іске үйрен. Үйің сені "ұл" деп алдап жүр. Сен қызсың! - деп, "қызсың" деген сөзді құлағыма сіңдіргісі келген адамдай, қайта-қайта айтты да, жүгіріп кете барды. Жылап үйге келдім.

- Кім тиді қалқам, - десті өжем мен апам.
- Көккөз тиді.
- Не деді?
- "Қызсың!" - деді
- "Өтірік айтады, оған көресісін көрсетермін. Жылама айналайын! - деп апам күлді. Апамның сөзімен өжем де қостай салды.

Менің қыз екендігімді дәлелдеудің тетігі Көккөздің "қызсың" деген сөзінде тұрғандай-ақ, сол күннен бастап "ұл емеспін" деген ойға өзімде мықтап кірдім. Жұрт "қызсың" деп айтпағанымен, кескініме қараған кісіден "қыз деп ойлап тұрсың-ау" - деп сезіктенуге айналдым.

"Қызбын", "ұлмын" деген екі сөз көңілімде алты-жеті жасымнан таласа бастағанымен, үйдің, ауылдың "ұлсын" деген сөзінің ыңғайымен кетіп, 13 жасыма шейін еркекше киіндім. Бірақ, оннан асқан соң, іс тігіп отырған Көкен дейтін апамның машинасының құлағын бұрасып, пішкен матасының шетін ұстасып, қалған қаюын, тіккен кестесін көріп, маңайына үйір болдым. Көккөз айтқандай, келешекте "көк ине" болады дей ме, немене? - апам да іске жақындағанымды жақсы көріп: "Қалқам, ұлсың ғой! Әйткенмен іске үйрен, былтыр біздікіне келіп, іс тіккен жас жігітті көріп едің ғой. Түбінде сол жігіт сықылды машинені, шебер боласың" - дейтін еді.

Он үштен асқан соң екі сөздің "қызсың" деген жағы жеңді. Еркекше киінгенде: көйлекті ышқырдан аз-ақ төмен киіп, оқалап, құндыздаған бауы бар шалбар, басыма елтірі бөрік киетін едім. Он үштен асқан соң салбырап жүрген шалбардың бауын көрсетуге ұялып, көйлегімнің етегін тіземе қарай апаратын болдым. Көкен бір күні көйлегімді бойыма өлшеп пішіп жатқанда:

- Апатай, тіземе түсіріңкірей түс! - дедім.
- Көйлекті ұзын киетін сен қыз ба едің? - деді Көкен. Ұялғаннан қып-қызыл болып, маған біреу зорлап айтқызғандай, жат та жыла!.. Көкен жалынып, бетімнен сүйіп зорға тоқтатты.

"Үлсын" деп үй-ішінің дәріптеуі, мені жұбату емес, шынында өздерінің көңілін жұбату, өздерін өздері алдау. Апам он бір құрсақ көтеріп, содан Кәкен, мен, Сейіл үшеуміз тана қалыппыз. Сейіл менен он жас кіші. Он бір құрсақтың өлген сегізінің жетеуі ұл екен. "Үлкен ұлым Серкебай тірі болса, ендігі отауы түсіп отырар еді" - деп апам кейде жылайды. Бәріміздің кенжеміз де, ініміз де шикі өкпе жалғыз Сейілжан. Басқа жарымаған сорлылар болған соң, "оразаға көшкен ермек" деген сықылды, мені "ұл" деп ермек қып, тұлпыпқа мәңіреген сиырдай өз көңілдерін өзі жұбатып жүргендері ғой. Әйтпесе, "ұл" деген сөздің түбінде расы шықпай қоймайтын "ұрлық" болған соң, оны жасырудан үйге не пайда, маған не пайда?

Менің он төрт жасымда, Кәкенді ұзаттық. Оның өз киімдері өзінде кетті. Жалғыз-ақ үйде үкілі, құндыз бөркі қалды.

-Қалқам, базарға кеткен әкеңнен саған жеңді-жеңсіз бүліс қамзол, көйлектік бәтес қосып жібердім. Құдайдың бұйрығы. Жұрт сені енді бойжеткен қыз дейді. Қалияға киімдерінді ілкітпейін. Өңіріне, етегіне айнала келістіріп күміс қадайын. Көйлегіңнің етегін қос етектеттірейін, иығына желбіреуік салдырайын, басыңа Кәкеннің бөркін ки, жарай ма қалқам!

деді апам бір күні, Кәкенді апарып салып, үйге келгеннен кейін. Үндегем жоқ. Бетім дуылдап, үйден ұялып шығып кеттім.

Ертеңіне кешке базардан әкем келді. Апам, амандықтан кейін әкемнің қоржынын алып келіп, үлкен үйде шешіп, ақтарды. Көзімді салып отырмын: былғары, сиса, шай, қант, тағы сол сықылды үйге керек-жарақтар бірінің артынан бірі, апамның қолына ілігіп қоржыннан шығып жатыр. Бір мәнерлі қызыл бәтес шықты "мынау маған арнап алған көйлегі ғой" дедім ішімнен. Бірақ көзіме бүліс ілікпеді. Қайгер екен? - деп апамның қабағына қарай қалып ем, шытышып отыр екен.

- Бүліс қайда? - деді әкеме алара қарап.

- Табылмады.

- Неге табылмасын. Ақшанды аяғансың ғой!

Әкем үй-ішімен шарылдасуды ұнатпайтын адам еді, апам ашусыз кескінмен қарады да:

-Асылтас, саған не болып кетті. Мен Бәтешжаннан ақша аяды деймісін, құрғырды таба алмадым. Осы құрыған заманда не бар дейсің? Баяғыдай, толып тұратын базар бар деймісін? - деді.

Апамның бір жаман мінезі, бір ашуланса, ертеден қара кешке мыңқылдап сөйлеп, шаршағанша қоймайтын. Ерні, иегі сөзге біткен сүп-сүйір, бетінде жөнді ар тұрмайтын, қайқы мұрын, сазарған қара сүр кісі еді. Менің апам түк пішінім тартқан жоқ, мен әкем сықылдымын. Әкем: қызыл шырайлы, қыр мұрындылау келген, дөңгелек жүз. Орташа қара көзі бар, жазық маңдай, денесі сұлу. Жауырынды, сындар адам. Әдемі шоқша сақалы бар.

Апам, әкемнің мыңқылдап соңынан қалмады. Әкем қанша шыдамды болғанымен, шыдай алмады білем:

- Мына иттен жаралған, басымды ауыртып не былшылдап отыр. Балаға сен менен жақын болдың ба? Үрмей отыр, басымды ауыртпа! - деп жекіріп тастап еді, апам сескеніңкіркеп, сөзін қоя қойды. Өйткені, әкем кейде ұрып тастайтын еді.

Апам бүліске қараған жоқ. "Не қылғанмен сені қыз қалпына түсірем" - деп ерегіскен адамша, ертеңіне, сандықта жатқан үш тақа батсайыны Қалияға алып барды да, маған жеңді-жеңсіз қамзол піштірді.

Қалияны сіздерге таныстырудан бұрын, үй ішімен таныстырып өтейін: шежіре қуатын мен еркек бала емеспін. Сондықтан атамнан арғы жағының кімнен өрбитінін білмеймін. Атамның аты Мақамбет. Жұрт о кісіні Мәйекен дейді, атам әлі тірі; жасы сексендерден асқан ұзын аппақ күмістей сұлу сақалы бар; аппақ қияғы ұзын мұрты бар; қабағы салыңқы, қасы жалбырап көзін жауып отырады, қошқар тұмсық, бір-бір тісі бармақтай, еңгезердей денелі, ақ сары кісі. Атам бір рулы елдің батагөйі. Арғында төресі болсын, қарасы болсын, атамның сөзін жерге тастамайды. "Пөленшекең" атанып жүрген елдің қандай бас адамы болса да, атамның алдында құрдай жорғалап жүреді. Атам шақырған жер болмаса атқа мінбейді. Жазы-қысы атамды маңайдағы ел шақырып қонақ қылмай қоймайды. Атам сабыр иесі, сөзді сараң сөйлейтін, бірақ не айтса сонысы ем болатын кісі.

Атамнан менің әкем Тоқбақбай мен Қикым туған. Одан басқалары да болса керек. Бірақ өліпті. Әкем де адамшылықтан құр қалған кісі емес. Сөз жүйесін о да бір кісіден

көм білмейді. Бірақ атамның көзі тірі отырғандықтан, ол атқа көп мінбей, көбіне шаруаға айналады. Бірақ ара-тұра елдің ұсақ билігіне араласпай да жүрмейді.

Қиқымды мен төте деймін. Төтем "ұя бөрік, жуан қоныштың" өзі. Туралап айтқанда, елдің "жаман, ынжық" деп атайтын адамы. Бірақ атамнан туған соң, ешкім олай дей алмайды. Қалия осы төтемнің келіншегі. Шынында Қалия төтеме лайықты кісі емес. Тең-теңімен, тезек қабымен деген сықылды, Қалия төтемнің теңі емес, төтемнен ол артық.

Қалия қыз күнінде бұлғақтапты. Бұлғақтағаны сол, төтем ұрын барған екен, төрт-бес қонып, Қалияны көре алмапты. Женгелерінің, үй ішінің айтқанына, көтте жұрт болып айтқанына міз-бақпай: "Басымды кессендер де бармаймын. Зорлап апарсандар не өзімді, не күйеулерінді жарып өлтіремін!" деп сазарып отырып алыпты.

Ақырында әкесі барып: "Шырағым, алланың бұйрығы, мені ел-жұртқа масқара қылма, ұрын келу ойыншық емес!" деген екен, "Сөзіңнің керегі жоқ" - деп оны да тыңдамапты. Сол қорлықпен төтемдер үйге келген соң, атам намысанып:

- Менсінбейтін ол неме қайдан келген екен, ат көтіне мінгестіріп алып келіндер шалжандайтын немені! - деп жүз жігіт аттандырып, қан жайлауда тапа-тал түсте сайланып барған жүз жігіт Қалияны аттың артына мінгестіріп алып келіпті. Келгеннен кейін де бұлқынса керек. Бұлқынғанмен елден мықты ма? Амалсыз көніпті. Бірақ көнгенмен үй ішінде төтем еркек емес, Қалия еркек. Төтем бірдеңе деп келе жатса:

- Албасты басқыр, саған сөз не керек, сен сөйлесен құсқым келеді! - деп ауызға қағып сөйлетпейді. Шынын айтқанда төтем шаңырақ иесі деген жай бір белгі болмаса, Қалияның күйеуінің әлде кім екенін, алда білмесе, адам біліп болмайды, келгеннен екі жыл кейін Қалия, төтемді өксеммен араздастырып, еншісін алдырыпты. Осы күні бізден бөлек. Жақсы, - дөңгелек ауқаты бар.

Қалия не киейін, не шейін демейді. Қандай байдың қатыны болсын, үй шаруасын істеп жүргенде жарқырап киім киіп ме, біздің Қалияда ол жоқ: жаулығын көк нәлге малып көгертіп, күндігін шекесіне салып, кимешегінің күйірығын жерге сүйретіп, жағасын қайып, сәндендіріп салынады, көйлекті ылғи не бәтес, сәтен не қымбат сисадан киеді. Көйлегінің де етегі жерде шұбатылып

жүреді. Үстіне бір кіршік жолатпайды. Көйлек-жаулы-ғын үш күнде бір жуады десе де сиятын. Жұрт "Қалияның киімі жуумен тозады" - дейді. "Дүниеден көрген қызығым осы" - деп ойлай ма екен, немене? - әйтеуір Қалия: не жағасын кірлетіп, не жеңін жалбыратып киім киген адам емес.

Сөзге қандай шебер: көзіне көрінген бір тәуір бозбаланы, - "жат отыр, жақын отыр" демей, ол бір қағып өтпей қоймайды. Өзімізге қараған екі-үш ауылдың қыздары Қалиясыз аяғын аттап баспайды. Бір ойында бозбалалармен ерегісіп:

- Ал, мен деген қыз маған еріндер. Мен қайтам! - деп Қалия түрегелгенде, соңынан 20-30 қыз өре түрегеліп, бозбалалар Қалияға жалынып, жалбарынып, қыздарды зорға отырғызғанын көзім көрді.

Қыз ұзатқанда күйеуден кәде алуды басқаратын Қалия. Қыз танысқанда қолтығын сүйейтін Қалия; келіншек түссе бет ашарын алатын Қалия! Бала туса кіндігін кесіп, қалау қалайтын Қалия, - міне, біздің Қалия осындай кісі.

Айтпақшы, әжемді ұмытып барады екем. Мен апамнан туғаныммен, "кімнен тудың" десе "әжемнен тудым" деймін. Жас кезімде, әжем: "Қай жерімнен тудың қалқам?" дегенде, "Оқ - дегенде аузыңнан түсе қалдым" - дейтінмін. Шынында мен әжемнің бауырында өстім. Әжем бес биенің сабасындай жалпақ қараторы кісі. Жуандығынан есікке зорға сияды. Ауылдың қатындары әжемді басына хан көтереді. Өзі де келін-кепшекті ұстай білетін адам, - "қарағым, шырағым, келінжан!" - деп жүреді. Келін біткен әжемнен қойдай ығысады, бірде бірі алдын кесіп өтпейді. Ашуы келсе таяқпен келіндерін басқа салып қалатын да әдеті бар. Онысын келіндері кек көрмейді. Әжемнің бір жағатын жері: жіп-шу, ас-суға қолы береген. Сол берегендігінің арқасында екі-үш ауылдың қатынына үйдің шаруасын істетеді: біреуі қой қырқысады, біреуі мал сауысады, біреуі жіп есіседі, біреуі ас пісіреді, қысқасы, екі-үш қатын басқара алмайтын ауыр дәулетті, ауылдың қатындары басқарады. Сондықтан жылына бір-ақ сауыншы қатын жалдап аламыз.

Әжемнің бар жек көретіні Қалия. Сыртынан "бұзылған күң" деп қиянаттап отырады. Қалия да әжемді сыйламайды. Бір кезде әжем үлкендік қылып, таяқпен басқа салып қалайын деп жатыр екен:

- Әрі кет, көрі қақпас! - деп Қалия әжемнің таяғын жұлып алып лақтырып жіберіп, үйіне кіріп кетіпті. Әжем содан кейін Қалияға беттеуді қойса керек! Әжем Қалияға сенбейді. Көкенге Сәрсекей деген жігітті апарып, бір алтын жүзік пен бір атылас шапан алды деген сөз шығып, екі елдің арасы бір жаз ұрыс болған. Ұрамын деген әжеме істейтіні анау, апам сыбағасын жегізбейді, атам мен әкем үндей алмайды, төтемді билеп алған, сонан соң Қалия еркінсімегенде кім еркінсиді. Өлгіндей мінезін көргеннен кейін, әжем менің де Қалияға жанасқанымды ұнатпайды. Бірақ Қалиясы құрғыр, қызға дегенде сондай жұлдызды: - қалай соңына ертіп алғанын қыздар білмей қалады. Сондықтан бозбалалардың көбінің қолы қызға Қалия арқылы жетеді.

Әңгіме қамзолдан, қамзол менің қыз салтын құруға ыңғайлана бастағанымнан шықты ғой. Қалия қамзолдарымды пішіп, қолына ұстаған соң-ақ, кемелді қыз болдым деп санадым.

Бір күні үйде кісі жоқ болған соң күміс бақанның тармағында ілулі тұрған Көкеннің құндыз бөркін басыма киіп, айнаға қарай қойдым: екі шекесінде тоқпақтай екі үкісі бұлғалдап, төрт сайындағы алтын оқасы жарқылдап, құндызы қап-қара боп түріліп, үзбелеген түйреуішінің алақанына айнала орнатқан күмістері жалбырап, - басыма жараса кетті. Кішкене шегіне түсіп ем, бойымдағы еркекше киім бөрікке үйлеспеді. Көкенге бұл бөрік жараспайтын еді, өйткені Көкен апам тартқан ажарсыз кісі еді. Бөріктің басыма жарасқанына қуандым да, енді мұны киімдерім тігіліп болғаннан кейін киейін деп, басымнан ала бергенімде, үйге апам кіріп келді. Сасып қалғандығым ғой, жүгіріп барып төсектің басына жасырына қойыппын.

- Ұялма, қарашығым! - деді апам.

Одан жаман қызараңдап, үйден жүгіріп шығып кетіп, төтем үйіне бардым.

- Еркежан, бері келші қамзолдарыңды бойыңа өлшеп көрейін!- деп, Қалия, өңірлерін тепшіп, жеңді қамзолымды үстіме кигізіп көріп, "мына жерінде міні бар екен!" - деп, қолтығымды, белімді, жауырынымды түртіп, басып-басып қойды. Көзімнің астымен қарасам, белі қыналып, жарасып тұр екен.

- Жақсы пішілген екен, денең қонып тұр, көртайған кезіме кездескен жалғыз қайын сіңілім еді деп, бар өнерімді салып тігіп жатырмын, ақысын тәуір қып бересің! - деді Қалия, мені көзімен арбап.

- Қалағаныңды аларсың! - дедім күліп.

- Онда жарадың - деді, Қалия да күліп, көзін ойнақшытып.

Қалияның күлкісі суық күлкі сықылданды. Бірақ балалық базарым басымнан өтпеген күнім ғой, бөтен ойға жорығам жоқ. Жалғыз-ақ "ақымды оңдап!" деген сөзді Қалияның өте көп айтқаны және күліп айтқаны есімде қалды. Әйткенмен оны да зілді сөз көргем жоқ.

Қалияның қолы іс алса, желмен бірдей. Үш күн өтіп, төртінші күні екі қамзол мен бір көйлекті бітіріп, отауға алып келді. Мен бұл кезде отауда отыр ем, мені алатын әзірейіл келгендей жүрегім су ете түсті. Әкем ол күні үйде жоқ еді. Киюге ықыласым кетіп тұрғанын сезгендей-ақ, Қалия, шымылдықты түсірді де:

- Ата-ененің жоралғысы, Еркежан. Құдайдың бұйрығы, шымылдыққа кіріп, шалбарыңды, қысқа көйлегіңді таста да, мына жаңа киімдеріңді ки ұялмай! - деді.

Тосаңсып тұр ем, апам да, тағы ауылдың бір-екі қатындары да, "кие ғой, айналайын!" - деп араның ұясындай шу ете түскенде, шымылдыққа қалай кіріп кеткенімді білмей қалдым. Бұрынғы киімімді қимай, шешкім келмесе де, Қалия шымылдықтың аяқ жағында "киін, айналайын, бол" деп тақылдап тұрып алған соң, амалсыз шешініп, жаңа киімдерді кидім. Неге екенін білмеймін, ұзын көйлек денеме суық сықылды көрініп, жайдан жай қалтырап кеттім. Киімімді киініп түрегелгенімде, айнаға қарсы келе қалармын ба? - кескінім, тұлғам өзгеріп кеткен сықылданды. Басымдағы балалықтың "құсы" шырылдап ұша жөнелгендей болды. Маңдайымнан тер шықты. Мен айнадан, айна менен ұялып, екеуміз де теріс қарастық.

- Болдың ба, Еркежан! - деп Қалия қарады да, шымылдықты жинап алды. Менің қызша киінгенімді қызық көріп апам ауылдың қатындарын жинап күрт-май мен шай бермек екен:

- Отырып шай құй, қалқам! - деді Қалия, қатындарға шайды жасап.

Самауырдың жанына ығысып кеп отырдым. Өз ұятым өзіме аз болып отырғандай, қатындардың бас-басына шулап "қайырлы болсын!" - ды жаңбырдай жаудыруы қалай!

Балалық базарын базарлап, даналық, одан асса аналық базарына аяқ басқанымда қатындардың қанша жұмысы бар: - шуылдап-шуылдап, шайларын ішіп "қайырлы болсын" -ды менің үстіме үйіп кете барды.

Қатындардың "қайырлы болсынын" естігенде ұялғанымнан, жер тесік болса кіріп кетер ем, екі бетім оттай дуылдап, не болып, не қойғанымды білмеймін, ішімнен: "Байланбаған құлын ем, басыма нокта кидім, қайырлы нокта болатынын, қайырсыз нокта болатынын қайдан білейін!?" - дедім.

II. БОЙ ЖЕТКЕН

Мен қазір он жетідемін. Он жетідегі қыз бойжеткен қыз. Он жетіге толған қызға сын да көп, мін де көп, өтірік те, өсек те көп. Он жетіге келген соң, қыз өзіне өзі сақ болмаса, оған достық ойлайтын кісі де аз. Мысал келтірейін:

Біздің ауылда, менімен арасы үш-төрт ақ атаға келген Жұман, Бектас деген екі мырзамыз бар. Менің алды-артымда жалғыз Сәйілжан ғой. Ана екеуі біле-білсе маған қорған, бас-көз болатын жөндері бар емес пе? - олардың өздері жау болды:

- Құлағыңды әкелші, Бәтес! - деді Жұман, бір күні менен шылым сұрап, жаныма келіп.

- Айта ғой! - Құлағымды тостым.

Бірдеме жыбырлап келе жатыр еді, қытығым келіп, күліп, басымды тартып алдым, ойымда дәнеңе жоқ.

- Есіттің бе?

- Жоқ.

- Ендеше бері кел. Қайта айтайын.

- Жоқ, енді сыбырламай айт!

- Сыбырламай айтпаймын!

- Айтпасаң айтпа! - деп жүре беріп ем, білегімнен күліп ұстай алды.

- Құлағыңды әкелші!

- Айта ғой! - тағы тостым.

- Саған Болаттың Мағашы бір сөз айтып еді! - деді тамағын кернеп; сезіктене қалдым. Бірақ есіткім келді.

- Не сөз? - дедім қабағымды түйіп.

- Жай, - деді, Жұман менің ыңғайымды шамалап.

- Жай емес. Неде болса туралап айтшы! - ондай сөзді айта алатын өткірлігім бар.

- Маған сіздікіне келем деп еді.

- Жай ма?

- Жоқ.

- Ауру ма? - дедім қасақана.

- Жоқ қонам дейді.

- Сонсоң?..

- Айтпаймын.

- Айт-айт, ұялма!...

- Сенің жаныңа жатам дейді.

- Айтайын дегенің осы ма еді? - деп жүре бергенімде.

- Токтай тұр! - деп білегімнен ұстай алды да - рас айтамын! - деді Жұман.

- Саған өтірік айтасың дедім бе? Бірақ мұндай сөзді маған естіртуші болма!

- Оның бір мәнісі бар еді.

- Не мәнісі?

- Олжам бар еді.

- Не олжа?

- Маған бір батсайы шапан мен бір тоқты бермек еді.

- Шапан керек болса, үйінде қарындасың бар ғой, соған апарып ал...

- Жоқ, саған құмар!..

- Басымды ауыртпа. Қолымды қоя бер! Ендігәрі бұндай сөзіңді естіртпе, егер де естіртетін болсаң, мен әкеме айтам!.. - деп, қолын жұлып тастап жүре бердім. Жұман қызарандап шығып кетті. Енді Бектас бауырдың "бауырмалдығына" келейік:

Алтыбақан теуіп, таң ата үйге қайтып ем, қасыма Бектастың қатыны Жамал ерді.

- Сал жігіт! - деді маған Жамал, орта жолда құшақтап.

- Бір сөз айтайын, өкпелемеймісің.

- Жоқ! - дедім әдейі.

- Сағымбайды білемісің?

- Қай Сағымбай?

- Әнеугі Мырза жігіттің келіншегі түскенде Үкілі мен Шырайлымның арасына отырып өлең айтатын, өне біреу әдемі жас жігіт.

- Ол кім еді? - дедім түсінбегенсіп. Сағымбайды білетінмін.

Құрдас үйіндегі атам аттының әрі мырзасы, әрі кенжесі, елінің бас жігіті көрінеді.

Ал, мақтауың жетті. Оны не қыл дейсің?

Сол жігіт ағанның жігітшілігіне "құрбы, замандас едік" деп, бір аманат тапсырған екен. Аған: "Жүздесіп көрмеген бала еді, қытып сен айт, мен ұялам!" - деп маған тапсырып еді.

Ал, не деген екен, не тапсырған екен?

"Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір" - дегендей істес құрбым деп, сенімен ойнап-күлгісі келеді екен, өйтпесе еліңнен қыз табылмай жүр деймісің.

- Бектас не деді?

- "Саған айт, ер жігіт қой, жүзін жырtpасын!" - деді.

- Қалай реттемек! - дедім кекетіп.

Жамал кекеткеніме түсінген жоқ. Мені көніп қалды ғой деп, ұры иттей жылмандап кетті.

- Аған бір күні ретін тауып, үйлеріңе кіргізбек. Жай саған, балалық қып дыбыс шығарып жүрмесін деп, алдын ала айтып жатқаны ғой. Өйтпесе, сенің сөзден шықпайтынды біледі ғой.

- Не олжасы бар екен? - дедім тағы да кекетіп.

- Бір қара құлын жарғағын беретін болыпты. Оның үстіне аған, кәріліктің алды, жігіттіктің соңы деп, Сағымбайдың немере қарындасы Напияда көңілі бар болса керек. Бірақ ол жағын менен жасырады ғой, өйткенмен, мен сездім! - деді Жамал күліп қылмындап.

- Айтып болдың ба? - дедім.

- Болдым.

- Ағай рас айтты ма?

- Рас.

- Мойнына саламысың?

- Ұялмай мойындастырам десең, мойнына салам! - деді Жамал, сөзімді қалжың көріп.

- Е, жеңгелікке жүрген ағадан кісі ұялама, - дедім, түсімді суытып.

- Мойындасайын! - деді Жамал құшағына қысып. Қолын білімнен жаздым да:

- Бектасқа сәлем айт - дедім...

- Ал?..

- Бектас ағай осылай деп жүр деп, апам мен әкеме ақылдайсайын, - дедім кекетіп.

- Ойынды қойшы Сал жігіт! Қыздары құрғырдың өстіп дінкенді құрытатыны-ай. Жарайды деші! - деді жармасып.

- Әрі кет! - деп итеріп қалдым да, - Сен қатын маған екіншілей бұлай деуші болма. Мен жұртқа әйгілеп, жағынды айырмам. Аға-інісі жоқ еді деп, Бектастың қамқор болғандағысы осы ма? Ондай аға маған бір тиынға керегі жоқ айта бар!

- Өкпелесе қайтесің?

- Өкпесі шірісін!

- Қалай-қалай сөйлейсің, Сал жігіт! - деді Жамал шошып кетіп.

- Қалай сөйлегенде нең бар. Шатаспандар, мен апама айтармын.

- Әулиесіме. Көрерміз. Біреумен аяқсыз жақындассан, өңгіме сонда болар! - деп Жамал үйіне беттеді.

- Көрсек көрерміз! - деп мен де үйге беттедім. Мұқаған шығар деген кісіше, Жамал: "Сал жігіт тоқташы!" - деп артына қарап еді, мен тыңдамаған боп үйге кіріп кеттім. Бір жақын ағамыздың "достығы" осы.

Бұлардан басқа да "достық" істегісі келетіндер бар. Соларды ойлағанда, кім шығарғанын білмеймін, бозбалалардың айтып жүретін мына біреу өлеңі есіме түсіп кетеді:

- "Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылдап танауласа,
Ішігің іші қызыл орман түлкі,
Құлпыртып жез сабаумен сабауласа".

- "Қарғылы тұрса тазың сылдар қағып,
Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып.
Бүгілтіп жылқыдағы жарау атты,
Танертең жылқышылар келсе алып!".

Бұдан былайғы жағы түлкіні бүркітке қалай алдырғанын суреттейді де, аңшы жігіттерді қызы бар үйге әкеліп қондырады. Ішінде бір мырзасы болады. Өлеңнің аяғы:

- "Самауыр ақ шойнекпен тұрса қайнап,
Отырса бір бұраң бел көзі жайнап.
Сол күні қыз өкесі үйде жоқ боп
Отырса өзілдесіп күліп ойнап".

- "Шешесі желокпелеу, жастау келсе,
Ол қызға бір жеңгесі қастау келсе,
Бір жігіт кездігімен түлкі сойып,
Әзіл мен қалжың сөзін бастай берсе!" -

жетісін екі ауыз өлеңмен тынады. Бұл өлеңді сіздердің алдарыңызға тартқандағы менің мақсатым: мырзалардың аң құмар, құс құмарлығын көрсету емес, өлеңнің бас жағы маған қатынаспайды, мен бас жағын әлде қалай айта салдым. Маған қатынасатын өлең, соңғы бір ауыздың бастапқы екі сөзі:

"Шешесі жел окпелеу жастау келсе,
Сол қызға бір жеңгесі қастау келсе!"

жетісін екі жол. Әдейі маған арнап айтқан сықылды. Менде оның екеуі де болды.

"Шеше" дегенде, адамның туған шешесі қастық ойлайды. Домбыра тартқанымды қызық көріп, кейде, жігіттердің көшіне "домбыранды тарта ғой, қарағым" дейтіні болғанмен, менің ізімді бағып, аңдып жүреді. Маған қастық ойланған апам емес, өгей шешем. Ақық.

Ақық менен алты-ақ жас үлкен. Әкем алғанда 16 жаста екен. Бір кедей адамның қызы. Әкесі Ұлтарак дейтін бір аман шал. Анда-санда біздікіне, қазақ арбаға өгіз жегіп кетіп, қор-жерімізді алып кетеді. Біздікі оны құда екен деп есептейді. Үстінен биті ағып жүреді. Қонғанда қыс болса төл тұратын үйге, жаз болса ас үйге жата кетеді. Бишараның келесінігі ғой, әйтпесе, апам мен әжемнің төркіндері келсе "қымыз сапырулы, қол қусырулы" дегендей бары даяр тұратын. Төбемізден тік тұрып күтеміз. Ұлтарак кейде біздікіне келгенде әжем "Сенің нағашың Ұлтарак" десе мен ыза боп қалатынымын.

Әкем Ақықты бала үшін алған. Бишараның бақытсыздығына қарай құрсақ көтермеді. Апамның Ақыққа жұлдына қарсы. Шашын жұлып, бақыртып, байындай сабай береді, апаппан тілді болады дегендей, осы күні апамды Ақық та бетіне теуге айналып жүр. Әжем апамды ерте бауыр басқаннан, өрі тендес жердің қызы болғандықтан тең қып ұстайтын, ал Ақық сорлыны орынды жерде де, орынсыз жерде де шармандатып сабап жатқаны. Ақыққа болысатын төркін жоқ, екі көшінен жасы кетпей, көк-ала қойдай болады да жүреді.

Әкем соңғы кезде Ақыққа жөнді қарамады ма, немене? - жас неме ғой; үйдегі Шұлғаубай деген бір жалшымен ойнап күледі екен. Соны мен бір күні қораның түкпірінде көріп қалып, апам айтып келгем. Апам әкеме айтып, әкем бір күні, күнімен ұрып, көзі добалдай боп ісіп кеткен. Ақық қайдан білгенін білмеймін, менің айтқанымды есітіпті. Содан бері мені атарға оғы жоқ. Менің атымды шығарып, жұртқа масқара қылғысы келіп жүр. Бірақ мен оның ыңғайына аяғымды бір баспаймын. Қысқасы, үшінші мықты жауым, осы тоқал шешем - Ақық.

Төртінші жауым Раушан. Ол Жұманның келіншегі. Ол кісі үйінен екі қабат болып келіп, түскеніне төрт ай толғанда, бір қыз тапқан ғой. Апамның ауылдың қатындарымен тату жүретін күні бола ма? - Бір ретте, Раушанның бала көтеріп келгеніне соқтығып, намысына тиіп алыпты. Менің Раушанға түк жазығым жоқ болғанмен, ол, апамның сөзін менің алдыма келтірем деп маған "қойныңа пәленді ал!" деуін қоймайды; мен тыңдамаймын. Жақсыны да, жаманды да тілегісі келеді. Мен тілін алмаймын. Оның өштігі осы.

Өзге жеңгелерімнен де "пәленше пәлен деп еді" дейтіндері бар. Бірақ олардікі қастық емес, ғұрып; "қайын сіңліңе апар!" деп біреу жалынған соң айта салатындарын сезем, бірақ қузамайды. Кей біреулерінің жаны аши ма, болмаса жағына ма? - "Өзіңе өзін берік болсаң, күйеуіңе сыйлы боласың!" - дейтіндері де бар.

Әйел 17-ге келген соң сөзден көз ашпайды дегенім осы ғой. Жалғыз мен емес, бұл барлық қыздың да басында бар әңгіме. Жас қатындардың басы қосылса-ақ, ақ болсын, қара болсын:

"Ойбай-ау, ана қыз сүйтіп қапты, мына қыз бүйтіп қапты!" - деп қыз байғұсты ағаш аттың басына мінгізе бастамай ма? 17-ге келіп отырған мен, қайта жұртқа өкпелеймін-ау; ауылымызда бір кедей адам былтыр 13 жасар қызын ұзатты, сақалы сапсиган, сол байғұсты бір үлкен кісіге берді. Сол қызды осы ауылдың қатындары:

- Ойбай-ау, қара қыздың төсі шығып қалыпты, жаясы жалпиыпты... Жылқышының сол үйден шығып бара жатқанын пәленше көріпті... үйтіпті... бүйтіпті... - деп қандай қылды. Оған қарағанда қазақ мені сиырдай қыз дейді ғой.

Жұрт бейшараны жазықты қыла бермейікші. 17-ден асқан соң әйелдің кемелдене бастайтыны шынында рас қой,

мәймөңкелегенінді білмеймін: 16-дан 17-ге аяқ баса бастаған соң-ақ көзіме ілгергі өмірдің сәулесі елестей бастады. Жұман мен Бектастың сөздерін сұнысынғандығымнан тыңдамағам жоқ, біле тұра тыңдамадым. Өйткені, мен табан жолымды білмейтін қазақтың надан қызы емеспін. Төрт жыл сабақ оқыдым. Кітаптың тіліне түсіне білем. Үйге "Еңбекші қазақ" газеті мен "Әйел теңдігі" журналын алдырам. Ескі ақындардың да, жаңа ақындардың да, сүйісу туралы кітаптарын оқып жүрмін. Мен қара қазақтың қызы емеспін, оқыған қызбын, олай болса менде махаббат бар. Мен біреуді сүйюім керек, шынында сүйетінім бар да. Ол ма? Ол - Бүркіт.

Бүркіт екеуіміз мектепте бірге оқыдық. Есімізді білер-білмес кезімізде, Бүркіт дегенде жаны-құтым қалмайтын, менде оған деген құмарлық бар еді. Сол құмарлығым мектеп ішінде одан да артты. Бүркіт екеуіміз үйір тайдай болдық. Сол үйірлікпен төрт жылды ұдайымен (әрине мектепте оқитын қыз кезімде) бірге жүрдік. Обалы не керек, төрт жылдың ішінде қанша жақын жүргенмен, Бүркіт маған бір ауыз бөтен сөз айтып көрген емес. Жол үстінде бір сүйістік, ол сүйісуіміз маған көрген түсім сықылды. Қайдан сүйіскенімізді, өзім де білмеймін. Ол сүйіс, менің ақылымда емес, қиялымда...

Жасымнан еркекше, еркек болып өскендіктен сіздер мені - "17-ге келгенше басы бос отырған қыз екен. Ол мына Бүркіт деген жігітке бара қояды екен!" - деп отырсыздар ғой. Сүйгеніме барамын ба, жоқ па? - Ол алдағы күннің әңгімесі. Бірақ басы құрғырым, қазақша айтқанда бос емес.

Бала туғанда қазақем: "Ұл ма, қыз ба?" - деп сұрамайды. "Ат ұстар ма, қырық жеті ме?" - деп сұрайды.

Қыз сорлы енесінен шырылдап түскенде-ақ, әкесінің көзіне: тұрманымен, әукесімен сегіз балалы мал, жеке ту бие, түс ат, мініт ат, жанама, босаға, балдыз көрімдік: қырық жетінің малы қырқа маталып қарсы алдында тұра қалады. Қызды қазақем бала деп түсінбейді, "мал" деп түсінеді. Ұлы жоқ, қолында он қызы бар кісіден балаң нешеу? - деп сұрасаң "балам жоқ" дейді. Он қыз оған бір ұлдай көрінбейді.

Біздің үй сықылды бай үйлердің, "қызық" көрімпазы қандай. Сол қызықтың кесірі маған тиіп, мен бесікте жатқан кезде біреумен, біреу емес-ау, сүйек жаңғыртамыз деп әжемнің төркіні Жақсыбаймен құда болған. Мен оны бертін келгенше білмей жүрдім. Нағашың кім? - деп сұраған кісіге

Жақсыбай дейтінмін. Әжем анда-санда төркініне барып келетін. Мен әжемнің бауырында өскендіктен соңынан қалмай, бірге баратынмын. Мені жиен деп, Жақсыбайдың қатыны Ұмыттық, жақсы көретін. Нағайбұл деген үйінде бір бет-аузы қисық, жаман бала жүретін. "Ойнай қойыңдар, қарағым" - деп Ұмыттық мені Нағайбұлға үйір қылғысы келгенмен, менің жуығым келмейтін, маңайынан қашатынмын. Нағайбұлдың маған "тәуелді" адам екенін мен 15 жасымда білгем. Өйткені: бір күні Жақсыбай келгенде, апам менің алдыма шымылдықты түсіре қойып, мен:

- Неге түсіресің, нағашым емес пе? - дегенімде:

- Ол енді нағашың емес, атаң - деген.

Ойлап-ойлап, Нағайбұлді тапқам. Өйткені ол үйде одан басқа ұл жоқ-ты.

Нағайбұлді "Нағайбұл" деп қойған себебі: ол айы-күніне жетпей туып, 40 күндей тымаққа салып, керегеге іліп қойды деген сөз бар. Адам болу болмауы Нағайбұл деп үйінің қоя салған аты болса керек. Ол маған шала туғандығынан ұнамай жүрген жоқ, менің тіпті оны көрген күннен қаным сүймеп еді, сол сүймеуім әлі сүймеу. Өз көңіліме салса, мен Нағайбұлға бармаймын. Бүркітке барам, менің сүйгенім сол.

Бүркіт елден кеткеніне екі жыл, ол Н... қаласында оқиды, биыл оқуға баратын кезінде, біздікіне келіп екі қонып кетті. Сол Бүркіттен сүйісу сөзін есітемін бе - деп құмарттым. Оның көңілінде еш нәрсе болмады ма? Болмаса сөз айтуға ретін таба алмады ма - өйтеуір ләм-мим деместен аттанып кетті. Көз қарасында терең сыр болған соң, көңілім қанша құлап тұрғанмен, мен өз бетіммен барып соқтыға алмадым.

Шыны солай. Анығында: еркекке біткен құмарлық, еркекке біткен әсемпаздық әйелде де бар. Бірақ, әйелдің ежелден бергі қоғамнан алып келе жатқан орны: ұялшақтық, жалтақтық. Сондықтан олар өз бетімен, ықыласы құлап тұрса да сабырлы кісімсиді. Біреудің мінезі жеңіл, біреудікі ауыр болатыны рас қой, әйткенмен әйелдің бәрі бір әйел. Бәрінде де кемелді жасқа келген соң табиғи құмарлық болады. Бірақ бәрі де мен сықылды өз тілегін өзі жарқыратып, еркектерше айта алмайды.

Бүркіт аттанған күні кешке төтем үйіне бардым. Қалияның іс тікпей отыратын күні жоқ; бір көйлек тігіп жатыр екен. Сисасының мәнерін көрейін деп, қасына барып ем:

- Еркежан! - деді күліп.
- Ау, дедім есімде дөнене жоқ.
- Өкпелемеймісің, бір нәрсе айтсам.
- Айта ғой, - сезіктендім.
- Ендеше, Бүркіт саған бір қағаз тастап кетіп еді.
- Қойшы апатай! - дедім ұнатпағанысып, бірақ ішім жылынып жүре берді. Көпті көріп, талай қыздың мінезінің оқуын оқыған Қалия сұм, менің бетіме қарады да, қуанып тұрғанымды сезе қойып:

- Қыздары құрғырдың өстіп тәлімсіп, өп-өтірік қылмыңдағанын көрмесем екен. Оқышы, Еркежан! - деп бүктелген хатты, менің бармағым мен сұқ қолымның арасына әкеп, өзі қыстырды. Бұл кезде денені жүрек билеп әкетіп, ұялшақ көзімді еріксіз әкеп, қағазға төндірді; қолымның сіңірлері тартылып, алақаным көзіме жақындады, бір қолыма бір қолым жуықтап, қағазды жазды. Жүрегім еркімді алып, ашылған бір тарақ қағазға көзімді салсам, баяғы өзіммен мектепте бірге оқып жүргендегі Бүркіттің қолы екен. Кей әріптерді әдемілеген жазуының нұсқасы сол күнінен өзгерген жоқ екен. Оқыдым:

Бәтесжан!

- "Жолда сіздің үйге сен үшін ғана бұрылып ем. Рас, арамызда бір-бірімізді ұмытпастай қылықтар әлі болған жоқ. Әйткенмен өзіміз болмасақ та, құмарлығымызды көзіміз аңғарысқан сықылды еді. Сенің қарауың жалған деп айтуға қақым жоқ. Өз қарауым адал қарау. Сүйіп қарау, іштегі жасырын сырды көзбен ұқтыру үшін қарау еді. Осы жолы бір сәті бола ма, сырымды ақтара аламын ба? - деп келіп ем; ретін келтіре алмадым. Мен сенен үміттімін. Алдағы жұмысты, тұрмысқа, жазмышқа сүйерміз. Менің әзірге осыдан артық айтарым жоқ. Егерде бұл сөздерімді мақұл көрсең, екеуміздің арамызға мына Қалия дәнекер болсын! Қош, сәулем!

Бүркіт. 18/IX-26 ж.

Хатты оқып шықтым да, үндемей бүктеп қалтама салдым, Қалияның көкейін тесіп бара жатқан: Бүркіттен алатын алымы екені, сүйісу деген сөздің иісі оның мұрнына

бармайтыны, менің бақытты, яки бақытсыз болуымның оған қажетінің аздығы көкірегімде сайрап тұр. Сол үндемеген қалпыммен, есікке қарай аяңдай беріппін.

- Еркежан, маған неге естіртпедің? - деді Қалия.
- Бөтен сөз жоқ.
- Сонда да?
- Жәй.

- Айтпасаң айтпа. Өзім де білем. Әлі уақыт көп. Кеңесерміз. Қолында қызылтас көзі бар, бір оңды алтын жүзігі бар екен. Көртайғанда сенен соны қолыма кисем арманым жоқ,- деді Қалия жылмандап.

Үндегем жоқ. Бірдеме есіткісі келіп:

- Әйткенмен жарайды дейсің ғой, Еркежан! - деп алдымды орағытып, қоймаған соң.

- Кезінде көрерміз, - дедім.

- Болды. Кезінде көргеннен артық жұмақты өзім де күткен жоқ, - деп тағы да күлімдеп, - өзіде оңды жігіт қой, мен сені анау-мынауға қиямын ба? - деп Бүркітті де мақтап қойды. Мен үйден шығып кеттім.

Хатты қайта ашып оқығым келді. Үйге барып оқысам, біреу-міреу, "ол не қағаз?" деп сұрар дедім де, түзге отырған болып, шекпеншемді бүркеніп дөң астым. Қолымда хат: кем болса, бару мен қайтуда жүз рет оқып шыққан шығармын. Үйге қайтып келген соң жеңсіз қамзолымның төс қалтасына салып қойдым.

Жасымда өкпемнен бір шаншу пайда боп, Тулақпай деген басқы қынаға қайнатып ыстық кебек тартып, ыстығы іші-бауырыма өтіп кетіп еді. Төсімдегі хаттың ыстықтығы сол кебектен кем болған жоқ, денемді шымырлатып, төсімді қыздырғандай болды. Хаттың сол арада қалтамнан түсіп қалуына түк себеп болмаса да, "бар ма, түсіп қалды ма?" - деген кісіше, әлсін-әлсін үңіліп, өз төсіме өзім қарай бердім.

III. ӨСЕК

Бүркітпен Бұлақтының сайында жолығып, үйге қайтып келе жатқанымда жайдан-жай елегізіп, денем әлде неге тітіркене бастады. Өз жүрегімнің соққаны өзіме, артымнан біреу қуып келе жатқандай әсер беріп, жан-жағыма жалтақ-

тай бастадым. Белуардан түскен шықтың ортасында малынып, етегімді түрген қалпыммен, жүгіре басып келе жатыр ем, оң жақ жанымнан бір-екі нәрсе қараң ете түсті. Көзімнің қыры сол қараңдағандарға түскеннен кейін, сескеніп, аяғымды үдете түсіп ем, қараңдағандар түрегелді де, артыма түсті, - кісі екен. Біреуі қақырынып еді, оған қарағам жоқ: шекпенімді бүркеніп алып үйге қарай жүгіре аяндай бердім.

- Токта Бәтес! - деді біреуі дауыстанқырап.

- Бүгім еді? - деппін сасқанымнан. Екі кісі екен, біреуі жанымға келіп қалды.

- Біз! - деді қатарласа беріп жақындаған.

- Бізін кім?

- Танымаймысың? Қарашы анықтап! - деді кекетінкіреген дауыспен әлгі. Бектас екен. Қасындағысы Жұман екен.

- Қайдан келесің? - деді Бектас.

Ашуым келіп кетті. Аузыма не түсіп, не қойғанын өзім де абайлағам жоқ:

- Менің қия басқанымды аңдитын сен кім едің? - деппін ғой, артынан бөрекелді-ай, бекер байланыстым-ау деген ойға келдім.

- Қалай-қалай сөйлейсің!?

- Қалай сөйлесе, не қылайын деп едіңдер!

- Көрерсің!

- Көрсек көрерміз!..

Жүрегім лықылдап аузыма келіп, бетім дуылдап, тынысым тарылып, ашу қысқан қалыппен, Бектас, Жұманның өзге сөздеріне құлақ қоймай үйге кіріп кеттім.

- Қайдан келдің, Бәтесжан? - деді әжем. Атам намаз оқып отыр екен.

- Отаудан келдім! - деген сөзді айттым да, төсегімді шалашарпы сала салып, жата кеттім,

- Қалкам, неге ерте жаттын, атаңа қайнатып отырған сүр бар еді, жемейсің бе? - деді әжем.

- Жоқ, әже басым ауырып жатыр.

- Жеңіл жүресің. Суық ұстаған ғой.

Шымылдықты түсіріп, жатып алғаннан кейін, ызаға шыдай алмай, ал жыла, ал жыла... Ұйықтап кетіппін!..

- Бәтесжан, түрегел. Атаң қонақтардың шайын берсін дейді! - деген әжемнің дауысымен оянып кетсем, күннің көзі төсектің тұсына келіп қалған екен. Түрегеп керіліп,

қамзолымды кидім. Оған шейін түндегі жылағаным есіме келген жоқ еді, төсектен түрегеп, шымылдықты жияйын деп қолымды апара бергенде, есіме түсе қалды. Жалма-жан төс қалтадағы айнамды алып жіберіп көзімді қарасам, еті ісіп, ағы қып-қызыл болып кетіпті. Оның үстіне, өмірімде көрмеген былшық пайда болып, көзім көз емес, әлде неме-не болып қалыпты. "Біреу көзіңе не қылды десе, не бетімді айтам!" - деп ішімнен ренжідім; ренжігенмен амал бар ма? Шекпенімді бүркеніп түзге отырып келдім. Келсем де көзімнен ұялып үйге кіре алмадым. Сабындап жусам кетер деп, ақ сабынды көпіртіп ысып-ысып жуып ем оған да кетпеді.

- Көзің неге іскен қалқам? - деді әжем, үйге кіргенімде.
- Қатты ұйықтағандікі білем! - дей салдым.
- Басың тәуір ме?
- Тәуір!..

Қонақтың шайын бергеннен кейін, үйде отыруға ұялып, көзімнің ісігі басылғанша Қалиянікінде отыра тұрайын деп сонда кеттім. Мен тәтем үйіне барғанда Жамал сол үйде бір тізерлеп отырып алып, Қалияға бірдемені күбірлеп айтып отыр екен. Қалия ұнатпай отыр екен.

- Әй, Еркежан, бері кел! - деді Қалия жұлып алғандай, мен басымды есіктен сұға бергенімде.

- Немене? - дедім жақындап.
- Түнде сен қайда барып ең?
- Қайда ойбай?!..

- Осы ауылдың иттері сені түнде Бүркітпен ұстап алдык деп келіпті...

- Ит деме. Неге ит дейсің. Ит басыңды тартсын! - деп Жамал жоғарғы ерні шөп жұлған аттың ерніндей шошандап іліп алды да кетті. "Мә саған безгелдек!" дегендей, түндегі-түндегі ме, одан сорақысы мұнан шықты. Қалия да өмірінде сөзден жеңіліп көрмеген адам.

- Шатаспай аулақ жүріңдер. Еркежанда жұмыстарың болмасын. Қамқорсымандар. Өз қыздарыңа ие болыңдар. Еркежан жалғыз, құдай жалғыз, сендер пана болмандар! - деді Қалия.

- Сен де қамқорсыма. Білеміз: үстінде киіп отырған көйлектің де қайдан келгенін білеміз, сандығыңда жатқан көзі бар алтын жүзікті де білеміз, ашыса мына біздің жанымыз ашиды!.. - деді Жамал өршеленіп.

- Апатайлар-ау, сендерге не жаздым, қойыңдаршы, құлдың кетейін! - деп жалынып ем, қояды деген не? - Бірін бірі талайтын иттей арсылдасып, ауыздары көпіріп, көтеріле сөйлеп, бірінің сөзіне бірі кезек бермей, шапылдасып айдалы да кетті. Ақтаған сөздері де, қаралаған сөздері де жаныма батып барады. Әрі, біреу келіп қала ма деп зәрем ұшып барады. Қойғыза алмадым, үдеп кетті.

- Бұл не айғай? - деді апам кіріп келіп.

- Мына Сал жігіттің пұшық қатыны Еркежанды неге таңып жүргенін есіттің бе? - деп Қалия, апам дәттетіп қоя берді. Өзі қара кісі, одан жаман көмірдей боп, апам Жамалмен байланыса кетті.

- Сен бұзылған, үйіндегі жалғыз енеңе ит-аяқтан су ішкізіп отырғаныңды бізге де істегің келген екен. Періштеден таза баламды өсекке байлап, не былшылдап жүрсіндер. Көпір, ұят тұтар кескінің жоқ қой. Не деп айтуға аузың барды? Үйінде бала тауып келген өзіңе қараймысың. Аузымды неге қышытасың!..

Жамал да сыбағасын жіберген жоқ "е" десе, "мме" деді. Ауыздарынан ақ ит кірді, қара ит шықты. Қалия да бір жағынан қосарланып жатыр. Бір ауылдың түгел жабылып талағанда, жалғыз ит не қыларын білмей, аузын ашып, жан-жағына дөңгелене беретін. Мен нақ сол болдым. Шеше деген шешенің де қамқорсыған сөзі жаныма батып барады... Жер тесік болса, кіріп кетер ем, шықпаған құр сүлде тұрды-ау!

- Ауызды қышытпасаң қышытпа. Менің бала тапқанымды сен көзіңмен көріп пе ең? Қызыңды ақтама, Бүркіт былай тұрсын, жылқышы Жылқыбайдың да таң ата үлкен үйден шығып бара жатқанын көрген кісі бар...

- Бүркіттің Бүркіт болсын, Жылқыбайың не, ай имансыз! - деп күйіп кеткендіктен, амалсыз Жамалдың сөзін бөліп ем:

- Өне, Бүркітті қызыңның өзі мойнына алды. Кәне өтірік екені? - деді Жамал, менің сөзімді ұстай алып.

Шаршады ма? Болмаса қойғылары келіп ақыл түсті ме? - өйтеуір бәрі де, бір заманда бөсеңдей бастады. "Ә, құдай берерсің!" деп қуанып кеттім. Апам бірдеңе деп, дауысын бөсеңдетіп, бастап келе жатыр еді, жалынып:

- Құлдың кетейін апа. Енді қойшы! - деп ем:

- Сен қызды ма? Сен қызды не ақтап алам, не қаралап, бауыздап өлтірем. Бұдан да сенің өлгенің жақсы. Өлгенің жақсы ойбай, өлгенің жақсы! - деп апам өршеленіп, жерді жұдырығымен екі-үш түйді. Сүйтті де: - сен қатын осы жұмысты көзіңмен көрдің бе, болмаса кім айтты, - деді апам Жамалға.

- Шешей, сен сөздің байыбына бармай, жеңешемнің сөзімен мені жазғырып кеттің. Әйтпесе, бұл жұмысты көрген мен емес, біздің үйдегі қайның мен Әсем жігіт.

- Ім, әнің жаңа түзелді ғой! - деп апам тағы да сөзге кірісіп келе жатыр еді. - Сені әкем шақырады, - деді Сейіл апама, даладан жүгіріп келіп.

- Бұл сөздің мен түбіне жетпей қояды деме, сен қатын! Күйеуіңмен де мойындастырам. Жаны ашып, көзімен көрсе, Бүркітті неге қолынан ұстап алмапты - деп апам шығып кетті.

Әңгіменің басталуы осы екен. Сөз үстіне сөз борандай борап, өсек өрбіді. Бүркіттің атының құйрық-жалы күзелгені де мәлімденді. Бектас пен Жұманның күзегенін біле тұра, Әбіл Елеусізден көріп сол ауылдан барымта алдырып, Елеусіздің жалғыз атымен, бір сиыры айыпқа алынғандығы естілді. Сөзге сөз жалғанды, өсек кеулеп, өтіріктер араласты, кейін Қалиядан, кейін басқалардан естимін. Жалпы алғанда, өсектердің, өтіріктердің маңыздылары мыналар еді:

N 1 - Ұрқияның күйеуі келгенде Бүркіт Бәтеске түнде жолыға алмаған соң, Қалия күндіз шымылдықтың ішінде жолықтырыпты... Шымылдықтың түсірілулі тұрғанын біреулер көріп, "неге түсіріп қойдың" деп Қалиядан сұрағанда: Қалия - "көйлек киіп ем, жиылмай қалыпты" депті, сол кезде шымылдықтың ішінде біреулердің сыбырласып жатқаны естіліп жатыпты; сол сыбыр Бәтес пен Бүркіттің сыбыры екен. Оны іргеден балалар сығалап көріпті...

N 2 - Жылықпай Бүркітті іңірде қапшыққа тезек қып салып, үлкен үйге енгізіп қояды екен. Бір күні бір бала қапшыққа сүйенейін десе, ішінде бірдеме былық ете түсіпті. Бала кісі екенін білген соң, басқа кісіге балалық қып айтпай, кім екенін білгісі кеп, үйдің алдында шөгіп жатқан түйенің жанында түн ортасына шейін отырыпты. Түн ортасында үйден Бүркіт шығыпты. Баланың көріп қалғанын Бүркіт көріп, баланы шақырып алып: "ешкімге айтпа, саған сабын берейін" деп, қолына құмалақ бірдемені ұстатып кете

қырыпты. Бала сабын екен деп, алданып қала беріп, ертеңіне қараса ащы құрт екен дейді. Сондықтан бала жұртқа жайыпты...

№ 3 - Бәтестің бір күні қыр арқасы сиырдың жас боғына, түгел былғанып, Бәтес оны сезбей, қамзолын үйіне әкеліп іліп қойыпты. Ертеңіне үйіндегі қонақтары түгел көріп, Бәтес сонда да абайламай, тысқа сол қамзолды жамылып, шығып барады екен, Биқасап далаға ере шығып: "бетпақ мынаны қайда былғадың?" деп Бәтесті жұдырықпен бір түйіп қамзолды үстінен жұлып алыпты. Мұны бұзау қайырып жүрген бөлен кемпір көзімен көріпті...

№ 4 - Түнде түсіп қалып, таба алмаған бөркін, Бәтес, таңертең мал өрер кезде тауып әкеле жатқанын қойшы көріпті. Бүркіт ылғи, сайды өрлеп келіп Бұлақтының сайында жатады екен. Бәтестің іңірде сол сайда ұзақ уақыт жоқ болатыны, иттердің іңірде сол жаққа қарап көп үретіні содан екен.

№ 5 - Биқасап біраздан кейін Бүркіттің Бәтеске жақындығын сезіп разы болыпты. Қалияның реті келмесе, кейде өзі де жеңгелетіп жіберсе керек. Бүркіт Биқасапқа бейқасаптан жеңді-жеңсіз қамзол, бір көйлек-жаулық әкеп беріпті. Қалия Бүркіттен қыс бір ту бие алып сойыпты.

№ 6 - Жақсыбай жүйрік құласын бермеген соң, осы жұмысты бастап жүрген Тоқбақбайдың өзі дейді. Әбілдің кер жорғасын алмақ болыпты дейді. "Мен білмеген боп жүре берейін. Заман мынадай ғой. Қызға ерік. Өздерің ретін тауып, Бүркітке шығарып беріңдер. Артынан заңға сілтерміз" - депті дейді. Осылай деп отырғанын Көмила қатын есітіпті дейді.

№ 7 - Бәтестің безгек боп, жазғытұрым ауырғаны өтірік, жүкті боп қалса керек. Салақпай деген бақсыны емдетем деп алып барып, тамырын ұстатқан екен, Салақпай Биқасапқа: "қызың өлмейді, жітпейді, от басынан кетпейді. Алла берген сырқат емес, адам берген сырқат" - деп емдемепті дейді. Артынан бүлкілдек кемпір Бәтесті кірпіштің булауына отырғызып, ішін астаумен езіп, баласын түсіріп, баланы тас байлап құдыққа батырып жіберіпті дейді. Биқасап Бүлкілдекке беремін деген көйлек-жаулығын бермеген соң, Бүлкілдек кемпір, Бүкір кемпірге "бекер обалына қалған екем, жан бітіп қалған екен, аппақ сазандай ұл екен" - депті дейді.

Өсектердің ірілері осылар. Ұсақтарын адам сынап болар емес. Адам айырып болмайтын бір қалың сөз. Тасыған сөз теңізінің ішінде мен бір жаңқа болып, қалқыдым да жүрдім. Үйден шығуды қойдым... Жұрт бетіне қараудан қалдым. Күндіз жұрт аузынан естіген сөзден мазам кетсе, түнде сол сөздер мыйыма оралып алып, ұйқы бермейді. Ойдың ауырлығынан бас сүйегім біраздан кейін кәдімгідей сытырлағандай болады. Таламын... Қамығамын... Жылаймын... Жан болып жаралғанымға күйінем... Сондай ойдың тұманына тұншығып жатқанда көз алдыма Бүркіт елестесе, ноктасын сыпырған құлындай, бойым сергіп жүре береді. Маған 18 мың әлемдегі жанды жансызда жалғыз-ақ дос - Бүркіт.

Төңірі әуелде екеуімізді бір пенде қып жаратпай, екі бөлек пенде қып неге жаратты екен?!

IV. ӘЗӘЗІЛ

- Бәтес шырағым, далаға шығып кетші! - деді Қайрақбай дейтін атқа мініп жүретін, бір, 30-35-тердегі шоқша қара сакалы бар, жанымыздағы ауылдың жігіті. Сол күні таң атқалы, үйдің маңына жұрт жиналғанынан қорқып ем. "Бұл неге шақырды?" - деп ойыма келді. Бірақ бармаймын деуге ұялдым да, үлкен үйден Қайрақбайға еріп далаға шықтым. Қайрақбай отауға қарай аяңдады. Мен де соңына ілесіп, төңірегіме ақырын қарасам, екеу-екеу, үшеу-үшеу, топ-топ боп, дала қаптап отырған кісі екен. Үйдің маңы жабырлаған ерттеулі ат. Бір он шақты ақсақалдың ішінде атам да отыр. Зәрем ұшып кетті. Ығысыңқырай басып, Қайрақбайдың артынан отауға кірдім.

Отауда бес-алты қатын, ішінде апам да бар, күңкілдесіп кеңесіп отыр екен. Қайрақбай оларды далаға шығарып жіберді де, қамшысын жерге таянып, шарта жүгініп, маған қарсы отыра қалып:

- Шырағым, - деді. - Алдымыздан кесіп өтіп көрмеген бала едің. Саған бұл сөздерді айтқызып отырған бір уақыт шығар. Өтірік пе, шын ба? - сен туралы сөз көтеріліп жатыр. Туғаныңды жасырасың, өлгенде қайтесің деген сықылды бүгін жасырғанмен, ертең шығайын деп отырған өңгіме, - сені Әбілдің Бүркітімен кетейін деп жатыр деген сөз бар.

Осы сөзді атаң естіп, "құдай" көртайғанда маған мына қорлықты көрсетпей ал!" - деп, сақалынан жасы шұбырып жылап отыр. Мынау халықтың да жиналып отырғаны осы жұмыс. Ішінде Әбіл де бар. "Құлан басына күн туса, қорығына қарамас" дегендей, Әбілдің де басына күн туып, "баламды Мәйкеме теңгермеймін, жұрт, мен де, сендермен біргемін!" деп отыр. Осы жұмыстың анығын өзінен ауызбауыз естіп кел деп, жұрт мені жіберді. Осы сөз қай сөз? - деді Қайрақбай оң жанбасына қисая беріп.

Түсіне қалдым. Қайрақбай маған сөйлеспестен дәл бір жұма бұрын, мен Еркінді көріп: "Бүркітке сәлем айт. Мені өлтірмесе алып кетсін. Егерде өз қолынан келмесе, милиция әкелсе де келсін. Мен енді белімді буындым. Әке, шеше, туысқан, туғанға қарамаймын!" - дегем. Милиция әкеле жатыр ма, болмаса өзі дүрліктіріп жүр ме? - ол арасын біле алмадым. Өйткенмен жұрттың жиналғанына себеп болғанын түсіндім. Бірақ көріп көрмегенсіп:

- Ағай, ол бекер сөз, менде ондай кеңес болған жоқ, - дедім Қайрақбайға.

Атқа мінерлерді алдау, оңай сауда емес қой. Жасынан сөз бағып қалған қу, менің өтірік айтып отырғанымды сезді де ерніндегі ыс-сандыра мұртын оң жағына қарай буып, оң жақ езуі жымсиып маған қарап, көзі ойнақшып:

- Шырағым, - деді. - Жел болмаса шөп басы қимылдамайды. Жұрт дағдарып отыр. Сен балалық қылма. Шыныңды айт мүмкін, көп болып сенің жоғыңды іздерміз. Қазір не істеудің ретін таба алмай отырмыз.

- Рас айтам. Менің бөтен ойым жоқ.

- Шырағым, шынымды айтсам: Бүркіт алдыңғы күні түнде үйінен екі ат алып жоқ болған екен. Сол Бүркіт қаладан ба, болыстан ба? - милиция өкеле жатыр деген хабар келді. Хабар емес-ау, "көртайып, өлер шағына жетіп отырған, бір рулы елдің батагөйі болған Мәйкемнің шаңырағына жау түсірмеймін!" - деп шауып келіп хабар берген Әбілдің өзі.

- Менің Бүркітке тиемін деген сөзім жоқ. Сөздерің сол болса, оған шаршамандар! - дедім түсімді суытып.

- Шырағым, - деді Қайрақбай да қабағын түйіп. - Сен не балалық, не әйелдік қылып отырсың. Ел аузы күйлі. Бүркітке уәденнің бары анық. Бұны қуыстырып білдік. Егерде (бұл арада жүзін жылытып сөйледі) өз ықыласың шын құласа, бұл заманда зорлық жоқ. Саған Бүркітке барма дейтін кісі жоқ. Орның да, жігітің де жаман емес. Бастапқы: құда

болып, құдай дескен, құйрық-бауыр жескен жеріңе бар дейміз. Егерде бармасаң оған да зорлау жоқ. Қазір елді бір абыржытып отырған нәрсе, сенің Бүркітке баруың емес; барғанда - мылтық, қылышы бар милициямен кетуің. Сен түгіл Арғын боп сыйлайтын атаңа бұл тірідей өлім. Біздің сенен тілейтініміз: милицияны ауылға келтірме, әрі баласысың, әрі тілеуің бар жас адамсың, атаңды назаландырма? - дейміз. Ал, милиция қайтқан соң өзіңмен ақылдасып, ренжімейтін қамынды істерміз. Бұ заманда зорлық бар ма?..

- Сонымен не қыл дейсіндер? - дедім кейіп.

- Бүркітке қолыңнан хат беріп, милициясын қайтар дейміз!

- бұл арада күлімсіреп маған жақындай түсті. Үндемедім.

- Неге үндемейсің. Тілеулі тілеуіміз бар. Сені алдап құтырып кетіппіз бе. Алланы ант етіп айтамыз. Анау мылтықтың қайтар, содан кейін Бүркітке шын барғың келсе, атаңның батасын әперіп, ырғап-жырғап, қызығыңды көріп, қолымыздан аттандырайық. Бұл сөзімізге илан!..

Қайрақбай түлкідей қадалып қоймаған соң:

- Менің барам деуім рас, барам. Баратын болған соң, бата бұзған соң, қалай кетсем де бәрі бір емес пе? Менен тілек тілемей-ақ қойыңдар! - дедім де жылап жібердім. Көзімнің жасы бір тамды ма? Жоқ па? "Осы жылауым әйелдігім-ау, жылайтын не бар" дедім де көзімнің жасын сүрте қойдым.

- Осыдан басқа айтарың бар ма жарықтығым?

- Жоқ.

- Ойланып айтшы!

- Ойланғаным осы.

Қайрақбай бетіме бір адырайып қарады да: "осы сөзбен бір барып келейін" деген кісіше қамшысын беліне қыстырып, шығып жүре берді. Бұрынғыдай емес, буынды бекітейін дедім. Көңілімде: "милицияны қайтарайын ба, жоқ па?" деген екі сөз салмақтанып еді, "жоқ" деген жағы басыңқырады. Әйтеуір кететін болғанын қасарып отырып алайын деген серттің түп етегінен жармастым. Сонда да қолында өскен ата-ене есіме түскенде көңілім толқындай толқыды. Әйткенмен толқын "жоқ"-тың жарығына кеп соғыла берді. "Көнейін", "көнбейін" деген екі сөз, бірімен бірі дамылсыз алысты. "Көнбейін", "көнейінді" жыға берді. "Көнейін" түрегеліп жармаса берді.

"Әбіл, сен кір!" - деген сөзге жалт қарасам, бастығы Әбіл болып, Түйебай, Қонақбай, Балтабай, Балғабай, Қылышбай, Қайрақбай, Қорабай, Салмақбайлар, барлығы оннан аса кісі кіріп келіп, табақ тартатыннан жаман, төрге қаз-қатар отыра қалысты.

- Салмақбай, сен сөйле! - деді Қылышбай.

- Жоқ, Әбіл сөйлесін! - деді Салмақбай.

- Мен сөйлесем, - деді Әбіл шарта жүгініп алып сақалын бір сипап - шырағым, Қайрақбайдан естіген шығарсың. Қазақша мен жалпақтағанды білмеймін. Әкемнен артық қоретін Мәйекеңнің отына, көртайғанда, қолымнан келсе нөле төктірмеймін. Бала, менен туған бала болса, мен ол баланы дегеніме көндірем. Бәріміз де жас болғамыз, жастықтың желігімен алмасатынбыз, бірақ түзелетінбіз. Үлкеннің сөзін тыңдайтынбыз. Баламның адам болғанын ішім жек көрмейді. Бірақ алар орны бұл орын емес. Қыз алыспак түгіл, Мәйекеңе біздің үйдегі шешен әлі көрінбейді. Жеті атаға келмей жатып, бұлай жол салуымыз сұмдық емес пе? Баламды алдынан кісі жіберіп үйге қайтарып отырмын. Енді саған айтайын деп келдім, шырағым. Өз баламнан артық болмаса, кем көрмейтінім Аллаға аян. Балалық қылма, бұл жұмысты таста!..

Үлкен бір жұмыс бітіріп тастаған адамдай, Әбіл қайтадан малдасын құрып отырды да, "не дер екен?" - деген кісіше, маған тесірейіп қарай қойды.

- Әбілдің сөзі рас. Бәріміз де соны айтамыз. Бұл балалықпен басталған жұмыс қой. Ендігі кеңес шырағым, сенде! - деді Дөненбай.

- Бала қайда барар дейсің. Ақылсыз бала демейтін. Ақылы болса ел-жұртты сілкіндірмес! - деп Балтабай, қыли көзін ақшырайтып, қалтасынан шақшасын алды да насыбайын атты.

- Мақұл сөз! - деп қалғандары қостады да "насыбай атқаның да мақұл!" - дегендей, бөрі Балтабайға қарады. Балтабайдың үлкен мүйіз қара шақшасының тығыны сартылдап ашылып, төрдегілерді жағалап түсті.

- Шырағым, не айтасың? - деді Балғабай орнынан қозғала түсіп.

- Бала ұялып отырған шығар. Айтпаған сөз қалған жоқ қой. Дөненбай, Қылышбай, Қайрақбай үшеуі қалсын. Өзгеміз

шығайық. Жауабын сол үшеуі әкелер, - деп Түйебай орнынан қамшысын таянып түрегелді. Мақұл десіп бәрі де шығып кетісті.

- Көне, шырағым, не дейсің! - деді Қылышбай.

Үндемедім.

- Шырағым, бір жауабыңды бер. Әркімнің де жабдығы бар, Тарайық! - деді Дөненбай, мен зорлап әкеп отырған адамдай міндетсініп.

- Әбекем баламды үйіме қайтардым деді ғой, енді сөз қысқа емес пе. Менде қанша күш бар, - дедім.

- Осыдан басқа айтарың бар ма? - деді Қайрақбай.

- Жоқ.

- Көне жүріндер! - деді Қайрақбай өз жолдастарына, сонан кейін түрегеліп, маған адырайып қарады да, - үлкен-кішіміз болып жалынғанда бір қайрылмадың. Осыдан - Бүркітпен кетсең, әулие екенсің. Көрейік әуселенді! - деді.

Шынымен кетіп барады екен десем, олай емес екен, есікке жақындап бара берді де "енді мұқаған шығарсың!" деген түрмен қайта оралып:

- Шырағым, ашу айтып жатырмын. Бізге де оңай боп жатқан жоқ. Елдің бірлігі бұзылайын деп тұр. Ендігісін өзің біл! - деді де Қайрақбай үйден шығып кетті. Мен теріс қарап жауап бермей қалшыып отырған қалпыммен қаттым да қалдым.

Ыңырсыған бір дауысқа қарасам, есіктен аттап кіріп, шаршысының етегімен көзін сүртіп, сыңсып жылап келе жатқан апам екен.

- Құдайдан көрейін бе, адамнан көрейін бе? Сап-сау баламның басын өстіп базарға салған Қалия-ау, екі дүниеде көзің жұмулы өтсін! - деп жанымға еңіреп отыра кетті, апамды құшақтай алып, мен де еңіреп қоя бердім.

- Ә, құдай ө, аруақ! Жөн бере гөр! Шешесіне жылап көрісті ғой, еркін сөйлессін, жүр үйдің маңынан кетейік! - деген бір дауыс шығып еді, көпке шейін құшағымызды жазыспай, солқылдап жыладық, көзіміздің жасы омырауымызды алып кетті. Апам екі бетімнен кезек-кезек сүйді де, біраздан кейін құшағын жазды.

- Құлыным-ау, неден мұндай болдың, басың базарға түскендей! - деп апам тағы жылады. Мен қайратыма міндім.

- Апа! - дедім ақырын. - Сені кім жіберіп отырғанын білем. Ырақ мені қинама. Бетім бір ашылған соң, енді ұялғанмен болмайды. Әр аттың басына киілетін мен нокта емеспін. Бүркітке сөз беруім рас. Мен соған өлсемде барам.

- Өзің біл, қалқам, іші құрғырым уылып, ішек-қарным аяғымның басына түседі. Менің сенен басқа нем бар. Бірақ мен сорлының қолынан не келеді. Жұрт мені, баланды көндіріп жіберіп еді. Өзің біл, қалқам! - деп апам тағы да егілді.

Ертеде бір қатын жылан тауып өлтірейін деп жатқанда: "іштен шыққан шұбар жылан ғой тимендер!" деген екен деп олар кімдердің айтқанын естіп едім. Сол айтқандай, балаға, өсіресе қыз балаға шешеден артық жаны ашыр адам бола ма? Апамның маған шын жаны ашатынын білем. Бірақ оның қолынан не келеді?

- Қарашығым-ау, өзің білесің десем де, ел талқысы қиын ғой. Саған болысатын құдайдың құлы жоқ. Әке деген жалғыз әкең: "көзіме көрсетпе. Тіл алмаса мені көрем деуші болмасын, бір шіріген жұмыртқа. Әйтпесе аруақты сілкіндірмесін!" - деп отыр. Бүркіттің әкесі Әбіл: "құдай не алар, болмаса, мен бұл жұмысты істеттірмеспін!" - деп әкеңнің ар жағында жұлынып отыр. "Тіпті болмай бара жатса, бар малды төгіп, милицияның аузын алып, Бүркітті қаңғыртып жібереміз, милиция оған көнбесе, кісі өлімін жасасақ та бермейміз. Милиция қайтса, Бүркіт тағы айналып келгенше қыздың көзін жоғалтып, Нағайбұлмен екеуін адам таба алмайтын жерге қоямыз" деседі. "Батам теріс кетпейтін еді. Аруақ сарт боп кетпесе, мені далаға тастамас, балаға айтыңдар, қолымды теріс жайдырып, менің қарғысымды алмасын!" - деп атаң отыр. "Тілеп алған балам еді, мойныма бұршақ сап сілесем оңбас, айтыңдар!" - деп әжең отыр. Көп қорқытады, терең батырады. Не боп кететінінді қайдан білейін! - деді апам, көзінің жасы мұрнының екі жағынан жыландай жорғалап, жаңбырдай сорғалап отырып.

- Апа! - дедім, сөздің адалы өлу ғой, егер Бүркітке қоспай, зорлап айырса, қолыма бір істік темір бермей кім аңдып отырады; көпір қауымында кетсем де жарылып өлем, не суға кетем, не буынып өлем, әйтеуір тірі болмаймын. Ерегіссе менің істейтінім сол. Менің орныма жұрт болып егін ексін!

- Астапыралда, айта көрме қалқам, төбе құйқам шымырлап кетті ғой! - деп апам қуарып кетті.

- Илан, иланба, істейтінім осы! Осы! - дедім қаттырақ.
- Шырағым! Жұрт қайта жіберді - деді Қайрақбай үйге кіре беріп.

- Не айтатын ең, - дедім теріс қарап.

- Айтсам, жұртты сен жеңдің. Жұрт қажыды. Бата баспаймын деп атаң әуелде қатты отыр еді, артынан сенің қатты отырғаныңды естіп, іштен шыққан бала болған соң қимады. Құс баласы үшін торға түспей ме. Айналып келгенде, ақылды кісі ғой, атаң: "болмас-болмас. Баланың басын базарға салмайық. Тәңірінің жазуы осылай шығар, бұйрық шығар. Баласы баламның теңі, Әбілге бір баланы қияйық. Бірақ ұлы-қызым тіреліп отырған адам емес едім. Төрімнен көрім жуық боп отырғанда қызығын көріп қолымнан берейін. Кімнің босағасында жатады. Отауын көтерейін. Осы сөзді балаға айт", - деп жіберді, не нәрсе алланың жазуында ғой шырағым, көнбейік деп ек, заманың мынадай болған соң амал бар ма. Дәмің ақыры осылай жазған екен. "Бүркітке әзірше шыда. Үйдің ризалығымен барайын, милицияларыңды қайтар!" - деп бір жапырақ қағаз жазып бере ғой.

- Түбінде сөздерінді орындай алмасандар қандай болады?

- Айта көрме шырағым, алланы ауызға алған соң, жұрт алдап құтырып кетіп пе, тілеулі тілегіміз бар, неге алдайық. Көнбей отырып алсақ та, сен ештеңе қыла алмас ең. Милиция дегенмен, малға бұрылмайтын жан бар ма, оны да көрер ек. Бірақ, айнала қарағанда сені ренжіткіміз келмеді.

Ойым тағы толқыды. "Көнейін" мен "Көнбейін" тағы да таразының басына түсіп, салмақтана бастады. "Алла" деген сөзге, жылқының құйрығына қадалған ошағандай жабысқан көңіл, сенген көңіл, "көнейін" жағына аударып алып келді:

- Иманың көміл болсын. Жұртты аллаға тапсыр! - деді Қайрақбай тағы жүзін жылытып.

- Олай болса, жарайды! - деген сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін өзім де аңғармай қалдым.

- Тәңірі тілеуінді берсін. Құдай риза, аруақ риза, біз риза, - деді Қайрақбай.

- Көне, шырағым, қағазыңды түрте ғой! - деп қалтасынан қайдан салып алғанын білмеймін, бір қарындаш пен бір табақ қағазды суырып алып, менің алдыма тастай берді. Қарындашты ұстайын десем де "ұстамайын, алдайды" дегенде, қолым дірілдеді; "жазғызбайын, алдайды" дегендей қағаз үрлеместен ұшып барып анадай жерге түсті; "көнбеймін, ал-

дайды" дегендей, көзім қарауытты. "Ойлаймын алдайды" дегендей басыма түк сөз келмеді, басым миы жоқ жай бір қуыс сүйек сықылданды. "Маған салып жазба, алдайды" дегендей, тізем селк-селк етті. Ес жоқ, түс жоқ, қарындаш пен қағазды алып, жазып, артынан не жаздым екен деп қырасам:

"Бүркіт!

Үй береді. Аруақтан шыға алмадым. Атам риза. Алланы куә қылды. Алдамайды. Сен милицияңды қайтар!" - деппін. Жазуым жазу сықылды емес. Қардың үстіне жорғалаған қаптесердің ізі сықылды, шұбатылған бірдеме. Аяғына қол қойыппын.

- Мә! - дедім Қайрақбайға қолым дірілдеп. Қағаз қолына тиюі мүң екен, Қайрақбай ұша жөнелген құстай ғайып болды. Қағазды жазуын жазсам да, басыма қараңғы тұман қайта орнап, ой теңізі қайтадан толқыды:

... Мен, бір кезде бір үйлі жанның ортасындағы еркесі едім, дөңгелетіп қырыққан шашым жалпылдап, жүгіріп барып атамның алдына отыра қалып, мойнына асылатын ем. Атамның жібектей ұзын ақ сақалы бетімді жұп-жұмсақ боп жауып, таңқайта қырыққан мұрты бетіме қадалып, мені сүйетін еді. "Айналайын" дейтін еді. Әкем бес-алты жасыма дейін мені мойнына мінгізіп, бетімнен сүйгені былай тұрсын, екі балтырымнан сүйетін еді. "Қалқам, атасынан менімен бірге туған, менің бауырым ғой!" деп, мені тартып, құшақтап қысатын еді. Әжем түнде ашылып қалады деп, мені көйлегінің ішіне тығып, басымды қарнының үстіне салатын еді. Еркелеп, екі емшегін екі қолыммен ұстап, кезек-кезек еміп әжемнің төсінде ұйықтайтын ем. Мен емген соң алпысқа келген әжемнің мейірімі түсіп, емшегінен сүт шығып еді. Сол, сүттен тәтті не бар еді? Апам, күнде таңертең шайын ішкеннен кейін, мені отауға алып барып, ақ сабынмен шомылдырып, күнде жаңа көйлек кигізетін еді. Жалаңаш тұрғанымда, құшырланып иіскеп, қадалып сүйетін еді. "Мен сенен туған жоқпын ғой, апа, мені неге сүйесің?" деп еркелегенімде: "Көпей қайын сіңлім болған соң жақсы көрем, қалқам!" - дейтін еді. Менің сөйлегенімді үйдің іші қызық көріп мені әурелей беретін еді. Сол еркелікпен, тілім келсе де келтірмей, бес-алты жасқа шейін "р" әрпін, "и" деп дағды алып, шолжың болып ем. Ол кезде періште екенімді, балапан екенімді, құлыншақ екенімді, қысқасы әлде кім екенімді,

өзім де білмейтін ем, бар білетінім: серіппей айтқанда бір үйлі жанның, көтеріп айтқанда бір ауылдың еркесі едім!

Енді кім болдым? Сондағы атам, сондағы әжем, сондағы әке-шешем, сондағы жұрт бүгін мені кім деп отыр? Таң атқалы кім келді, кім кетті, кімдерді көрдім? Нелерді есіттім? Осынша ауыртпалық үстімнен басқанда, жерге кіріп жок болмайтын мен асқар тау болдым ба? Болмаса ұн боп үгіліп кетпейтін қара тас болдым ба?

Осынша ой кернегенде, былжырап су боп ағып кетпейтін, менің миым ми емес, сіңір ме? Денеме осынша уыт жайылып, күн бойы тырсылдап, от боп күйіп отырған жүрегім, соғуын бір бөсеңдетпейтін ет емес, темір ме? Жұртты қалай көрем? Осынша ылаң салып, енді атамның жүзін көруге, жүзім күйіп, көмір боп кетпей қалай шыдайды.

Осынша менің соңыма түскендей, мен үйге не жаздым? Жұртқа не жаздым? Менің кімге тиіп, кімге тимеуімде олардың қанша жұмысы бар еді? Күйеуге баратын мен болған соң, күйеумен жасар өмір өзгенікі емес, менің өмірім болған соң, өз тіршілігіме керек нәрсені мен өз тілеуімше қалауым керек емес пе еді? Біреудің тиер күйеуін, жасар өмірін, жүрер жүрісін өзіне билетпеген соң, адамды адам деудің қанша сәні бар. Менің бұл тілегімнің басқаның тіршілігіне, не күн көрісіне, не жүріс-тұрысына залалы тисе, онда бір сөрі еді. Менің Бүркітке тиюім, өзімнің табиғи тілегім үшін ғана керек жұмыс. Олай болса менің өз тілегімді өзіме билетпейтін, жұртқа мен не жаздым? Егерде өз еркім өзімде болмай, біреуде болса, онда тіршілікте не қасиет бар еді? Тіршілігімде қасиет болмаса, тірі жүргенімнен не пайда? Екі өлгенше бір-ақ өліп, сөзімде неге қатып қалмадым? Ал, сөзімде тұра алмаған соң, әйтеуір маған деген өмірдің, алды күнгіртке түскен соң, неге өлмедім?!..

Қайрақбайға хат жазғаннан соңғы маған түскен ойлар осы. Бір жастықты басыма тастай беріп, әкемнің төсегінің басына қисайып, шымылдықты түсіріп, теріс қарап жатып алып ал жыла, ал жыла... Ұйықтап кетіппін... Оянып кетсем, күн сәске болып, шаңырақтың күлдіреуішінің арасынан үйге түскен сәулесі дәл менің басымда тұр екен. Көрпемді ашып қалғанымда, "ұялмай неғып аштың, жап" дегендей, күн көзіме қадалып еді, көрпемді көлеңкелей бердім. Нақ сол кезде әкем, менің бас жағымнан бір киімін созылып ала беріп еді, көзіне көзім түскенде жүзім күйіп кете жаздап, көрпемді бүркей түстім.

- Бөтесжан, тұрсайшы! - деді апам. Әкем далаға шығып кеткеннен кейін, тіріде тұрайын ба? Бір зәр қысқан соң еріксіз түрегеп, бүркеніп далаға шықтым. Әйтпесе күні бойы жатар ем, далада жыңды кісідей отырып-отырып, жалыққан соң, бүркеніп үйге қайта келе жатыр ем, Елеусіздердің ауылының бір баласы алдымнан жүгіріп өте беріп ышқырынан бір қағазды алдыма тастай берді де, кете барды.

Жан-жағыма қарасам, кісі жоқ екен. "Маған деген хат" шығар деп еңкейіп алдым да, далада бүктеуін жазайын десе ме, қорғалап қалған жүрегім бата алмады, үйге келсем шымылдық сол қалпымен тұр екен. Ішіне кіріп, ашып жіберсем Бүркіттің хаты:

Опасыз, Бөтес (жан)!

Еркіннен айтқан екі ауыз сөзіңмен, шыдай алмай болысқа барып, одан милиция таба алмаған соң Н... қаласына барып, екі милиция алып шығып ем. Сені алып қайтам ғой, деп көңілім судай тасып келе жатқанда, алдымнан бастығы Қайрақбай боп, үш кісі қарсы шығып, сенің хатыңды берді. Аумаған сенің қолың. Әкем өлгеннен кем болғам жоқ.

Екі милиция ренжіген мәнімді сұраған соң, сенің хатыңды көрсеттім де, "сіздерге рұқсат!" дедім. Сенің бармаймын деген сөзіңді аузыңнан естіп, екі өлгенше, хатыңды оқып бірақ өлейін деп ойладым.

"Деген соң ой бұраң бел, ой бұраң бел,
Ішіме сені ойласам толады шер.
Егерде сол шерімді баса алмасаң,
Жүзімді алақандай олгенде қор!" -

деп Еркін өлең айтатын еді. Бір адам мықты болса, сен сол шығар деп ойлайтын ем. Сен олай болмай, опасыз болып шықтың. Енді алақандай жүзімізді не өлгенде көрісеміз, не көріспеген қалпымызбен өтерміз. Мен енді кетем. Қош бол. Менен басқаға барып опа тап! Мен адастым, енді қаңғырып кетем! Қош, қош!

Құдайдың төбемнен ұрғанын білдім. Өзі кеткен бе-рекем одан да жаман кетті. Бірақ амал бар ма, менің қолымнан не келеді. Бар әлім келетіні "шығынсыз" көздің жасы...

"Бүркіт жүрейін деп жатыр" деген хабарды мен оның хатынан бес күн соң есіттім. Ауыл арасына қатынасқан кісіден хабар айтайын деп ем, ауыл боп аңдып, күдікті кісіден, маңыма тірі жанды жолатпады. Оның үстіне ауылдың қатындары менімен сырласқан болғансып, менің көңілімді Бүркіттен бұру үшін талай кеңестерді айтты. Бәрі "сен ананы айт, мен мынаны айтайын" деп, болмаса "сен пәлендей дәлелдерді келтір!" деп ауыздарына түкірісіп қоя ма, немене? Өтірікті қисынын келтіре-келтіре соғады, ішіндегі басты өтіріктері мыналар:

№ 1 - Саққұлақ деген жігіт Метропке деген қалаға барып Метрей деген тамырының үйіне қонып отырса, сол үйге кешке, орысша киінген бір қазақ жігіті келіп қонуға рұқсат сұрайды. "Аты-жөнің кім?" десе, "Әбіл дегеннің баласы Бүркіт деген жігітпін. Оқудан келем" - дейді. Метрей рұқсат береді. Бүркіт нәрсесін үйге енгізіп, қарным ашты деп, Метрейден тамақ сұрайды.

- Шошқа еті болмаса, өзге тамақ жоқ еді! - дейді Метрей ойнап.

- Дін басқа, құдай бір, маған шошқа болса да бола береді. Реті келіп тұрса, орыс болудан да қашпаймыз - дейді Бүркіт.

"Әкел!" деп жалақтап отырып алған соң, орыс сынайын деп, қатынына, табаққа салдырып, майы төрт елі, шошқаның тұтас сүбесін алдырады. Бүркіт жиіркенбей, "бисмилда рахыман рахым" деп, оқуды мазак қылып, "оспадый, ысла-вый" деп шоқынып, сүбеге қолын сала бергенде, Саққұлақ:

- Жарықтығым, рас жеймісің. Орынды жердің баласы-сың. Мен қалжындап отыр екен десем, мұның не, қой жарықтығым! - дейді.

- Мына қазақ не былшылдайды. Шошқа жылқыдан арам болып па? - деп, Бүркіт, нанға қосып ақ майды соғып алады. Артынан кекіріп отырып:

- Жарықтық семіз екен. Қабырғасы шидей екен! - деп күледі дейді...

№ 2 - Қыдыр деген жігіт, Бүркіт оқып жүрген қалаға бидай тартып барады да, амандасайын деп Бүркітке келеді. Барса, Бүркіт бір сары қызыл шаш қызбен, тырдай жалаңаш құшақтасып, темір төсекте ұйықтап жатады. Үстелдің үсті

толған шошқаның шұжығы мен самагон, үйі арақ сасиды. Қылдырдың көзі Бүркіттің мойнына түсіп кетсе, байлап алған кіресін көреді. Қыдыр жағасын ұстап, далаға шықса, алдынан бір көзі соқыр, ноғайдың бір көрі қатыны кез келеді.

- Қай елдікі боласың? - дейді ноғай қатын шүлдірлеп.

- Бүркітпен елдес ем, амандаса келіп ем, - дейді Қыдыр.

- Бүркіттің не боп жатқанын көрдің бе? Ылғи істейтіні осы. Жақында шеркеуге барып, біржола шоқынып келді. Озі "шоқынған адамды суық су құйған бөшкеге малып алады екен. Малып алғанда аузыма пайғамбардың аты түспей қылды!" - деп отырады. Жегені шошқаның еті. Ішкені арақ. "Өкесіне сәлем айт, баласын алып кетсін" дейді, - ноғайдың қатыны.

Сол орыстың қызын Бүркіт алып, бір бала туыпты. Қатын-баласымен еліне келе жатқанда, Әбіл алдынан кісі жіберіп, "келсе жалғыз келсін, маған орыс келіннің керегі жоқ, көрмеймін" деген соң, қатынын қайтарыпты. Қатынын өкеле жатып, бір үйде шай ішіп отырғанын Серкебай көріпті. Қатынының бір күшігі бар дейді. Қатын күміс қасықпен қаймақты бір рет Бүркіттің аузына, бір рет күшіктің аузына, бір рет өз аузына салады - дейді.

№ 3 - Бірдеме деген елге төре болып барыпты, бір байдың жалғыз қызын алып қашып, қалаға апарыпты. Қызға шошқа етін же деген екен, қыз көнбепті. Айтқанымды істемедің деп, күнде мас боп кеп сабап, екі-үш айдан кейін, киімін тонап алып, шашын күзетіп, бір жолаушының арбасына салып, еліне қайтарып жіберіпті.

№ 4 - "Бәтеске орыс қатынымды айтқам жоқ, алып болғаннан кейін тоқалдыққа көнбегенде қайда барады" деп отырғанын, осы елдің ертеде ұзатқан бір қызы естіп, елге "сак болсын!" деп хабар айтыпты.

№ 5 - Құс келгенде еліретін ауруға ұшыраған екен. Сол аурудың аяғы қояншыққа айналыпты. Өткен жаз Қарабас деген жігіт Бүркітке амандасам деп барса, Бүркіт оң жақта, аузынан көбік ақтарылып, көзі аларып, шиқылдап жатыр екен: - "осындай бір дертке душар болдым" деп, бетін перделей беріпті. Қояншығы ұстағанда, қасындағы кісіні бас салып, шайнап тастайтын да әдеті бар дейді. Кейде көтеріліп, екі-үш жігітке бой бермесе керек. Ауруы ұстағанда адам қысылады ғой.

Сол қысылудан әуелгі кезде не себебі жүріп кетіп, артынан сол, дағдылы шыжыңға айналыпты.

Алдайбай легендікіне қонған күні төсегін былғағанын, сол күні бірге қонған Балғабай ақсақал да көріпті. Қалада, осы күнгі алған қатынына бір жігітпен таласып, ана жігітті жарып өлтірген екен. Адам қаны жіберсін бе? - қояншық болуы соның салдарынан екен. Ала көз деген бақсыны алдырып, әкесі қаратқан екен, Ала көз: - "бұған Сұмқара деген жын жабысқан екен. Ол жын бауырдың көк етінің ішінде жүреді. Оны сыртқа шығару қиын. Бұл бір жазылса, енді үш жылда жазылады. Өйткені ол жылы Кәугерек деген жын, Дауылпан деген жынға құда түсерге барады. Сұмқара Кәугеректің жиені еді. Егер оған ермесе, сүйегімен бірге кетеді. Ал, Сұмқараның Құлқара деген інісі бар. Оның да біреуіне жабысуы мүмкін. Сондықтан мен Қыяқты дейтін жыныма осы бәйтерекке байлаттырып тастайын!" - депті дейді. Лөктірге қаратқан екен; ауруы үдеп кетіпті...

Қатындардың өсекке шебер келетіні қандай. Жоғарғы өтіріктерді қиындастырғанда жүздері бір құбылмайды, ауыздарын қайыстай созып, жаныма қайдан келетіндерін білмеймін, мылжындайды да отырады. Әсіресе Бүлкілдек шешей. Кәрі кісімін демей, жаман күпісін иығына жамылып алып, ұршығын қолына алып, күнде жүгіріп келеді де, от басындағы құманның қасына отырып алып, теңселіп соғады да отырады. Тыңдауға құлағым шаршайды. Үйде отырсам оған болғаны. Шүйкесін жазып отырған үсік қолына, көзін сығырайтып қарап алады да, аузы малмандап сөйлей береді. Әуелгі кезде, қисындалып айтқандықтан, кейбір өсекке нанып қала жаздап жүрдім. Артынан азғырынды сөз екенін анық білдім. Сондықтан бір қатын Бүркіт туралы бірдеме айтып келе жатса, менің істер қарсылығым: үйден шыға жөнелу болды. Міне, әзәзілдердің азғыру талқысына түскендегі, менің өмірімнің суреті осындай.

У. БУАЛДЫР

Бір заманда, маған дүниенің ең қызығы, елдің көші еді. Баларақ кезімді былай қойғанда, бертін келе "ел ертең көшеді" дегенде жүрегім қуанғанынан алып ұшып, түн бойы ұйқы көрмейтінмін. Жайлаудың басын бір жаңғыртып кетейік деп, қыз-келіншек жиналып алатынбыз да, екі-үш ауылдың ортасына алты бақанды құрып тастап, сайранды салатынбыз. Біз қыз, бір бозбаладан арқанның екі жақ шеткісіне оты-

рып, аяқты орта арқанға тіреп, екі жақтан сілтеген екі бозбаланың күшімен, шырқап аспанға бір шығып, бір жерге түсетінбіз. Ән салатынбыз. Әнімізге көтеріп тұрған қара мақпал - аспан да қосылып, жаңғырығып, о да бір қиырда шырқайтын. Қамзолымыздың тұла бойына таққан күмістеріміз, шайқалған денемен бірге шалқайып сылдырағанда, жалпылдап көктегі жұлдыздармен шағылысатын. Әннің ара-арасында біз сақылдап күлетінбіз: бізге қосылып аспан, аспанға қосылып жұлдыз, жұлдызға қосылып күмістеріміз күлетін. Шайқалған денеге қанат біткендей сезім пайда боп, жерден көкке қарай зымырағанда, аспанның ар жағына шығып кеткендей, маңдайымыз жұлдызға тақылдағандай болатын. Колтықтасып қатар отырған бозбалалардың қызуы бізді, біздің қызуымыз оларды күйдіріп жібере жаздайтын.

"Күйіп кетесіңдер!" дегендей, түнгі самал, алты бақан теуіп жатқанда желдетіп, жабысқан қолтықтың арасынан салқын леп үрлейтін. Алты бақаннан түскенде "енді мазаламаймын, айттырған соң жастық отына күймессіңдер!" дегендей, түгел желденген самал демін жинап, жел басыла қалатын. Ол күнгі түн өзге түннен қысқа болатын. Таңның қалай атқанын білмей қалатынбыз. Күншығыс бозара бастағанда, жұрт оянып, үйлерінің киізін сыпыратын. "Бақан керек еді балалар, уық алысындаршы!" - деп қартан қатындар бізді еркелеткен дауыспен күлетін. Күлкіміз күмістей сылдырап, күмісіміз күлкімен күліп жайлаудағы сайранмен ақтық амандасып, алты бақанды тастап, уық алысатынбыз.

Мен белімді қызыл жібек белбеумен қынай буып, үстіме кешке киетін киімдерімді киіп, қолыма першеткемді киіп, уық алысатынмын. Атам, ол кезде, келін-кепшіктер ұялар деп, қолына ақ таяғын алып, бір жуас атқа мініп көліктерді қайырысатын. Ауылдың қыз-келіншектері, бозбалалары біздің үйді жығысатын. Бірімізбен-біріміз алысып, ауната-тынбыз. "Қойсандаршы, балалар. Бәтесжан үйді жықтырмадың ғой, ойнап" деп, әжем күліп, далада күбідей боп күпісін жамылып отыратын. Үйдің іші-сыртын артып болған кезде, менің боз жорғам да, күміс тұрманмен ерттеліп даяр тұратын.

- Ал балалар, жөнеліңдер! - деп атамның күпісінің етек-жеңі салбырап, үйдің қасынан тымағын бастыра киіп өте беретін.

- Қымыз жұтындар, қалқаларым! - дейтін әжем, үй жығысқандарға. Жылқыбай даланы жаңғырықтырып, қара сабаны күрпілдетіп пісіп, көбігін көпіртіп, үлкен тегенеге құятын. Сап-сары, сап-салқын, саумалдау қымызды ашырып қанып бір-бір жұтып, атқа мінетінбіз.

Бұл кезде малдардың ұйқысы қанбай; құлын биеден, бұзау сиырдан, лақ ешкіден, қой қозыдан, бота інгеннен адасып, бірін-бірі іздеп азан-қазан болатын.

Оған: үрген ит, шикылдаған қазақ арбаның доңғалағы, шулап көлік айдаған дауыстар қосылғанда, жер-дүние тасыған өзендей сапырылысып кеткендей болатын. "Біз де көшейік" деген іспетті, қылымсып, аспанда қалғып тұрған қоңыр бұлт қозғалып, оны ысылдап таңның самалы айдайтын; будақтаған бұлт "үстерің шанданбасын" дегендей, сіркіреп жауып өтетін. Көліктерді жөнелтісіп, малдарды өргізіскеннен кейін, тасыған көңілдің екпінімен, озып бара жатқан бұлттың көшінен қалмайық деп, көштің алдымен тарта жөнелетінбіз... Ол, бір заман екен!..

Бүркіт кеңесі шыққаннан бері көштің қызығы былай тұрсын, өз басымды алып жүрудің өзі, маған бір қиын сауда болды. Бұрынғы ойнап күлетін құрбы, замандас менен безді. Мен әрі қосағынан, әрі үйірінен айрылған, адасқан қаз болдым.

Осындай қалың күйіктің ішінде, не қыларымды білмей жүргенде, елдің жайлаудан күздікке беттейтін кезі жетті.

- Ертең, бүрсі күндері үй жығу керек. Жабдықтың уақыты таянып қалды! - деді атам, бір күні жұртқа. Атам айтты: сөз бітті. Жұрт ертеңіне көлігін жинап, үйін арта бастады.

Бүркітке қолдан береміз деген елдің сөзі жалғанға шықты. Ауызға алған алла, айтқан ант аяқтың астында қалды. "Көменестердің құдай жоқ дейтіні рас, егер бар болса, мені алдағандардың бірде-біріне пәле түсірмес пе еді?" - дедім.

Сол күні "Бүркіт осы жаққа кетіп еді-ау!" - деп, далаға шығып, үйге сүйеніп, күн батысқа қарап жылап тұр ем; - туу-туу дөңнің үстінде төрт аяқ арба жеккен екі адам, біздің ауылға қарай беттеп келе жатқанын көрдім. Жай бір жолаушы шығар деп, онда жұмысым болған жоқ.

Менің көзім: көк пен жердің жабысқан жиегінде; одан да әрі кетер еді, буалдыр аспанның жиегі буалдырланып, бүркей берді. Бүркіт сол буалдыр аспанның ар жағында тұрған сықылданды. Буалдыр аспан, шымылдық боп Бүркітті көрсетпей тұрған тәрізденді...

- Не қарап тұрсың? - деді Жұман, маған. Менің қасымнан бір түйесін жетектеп өте беріп.

- Не қарағанда не әкеңнің құны бар, әлі мазақ қылуың, кекетуің жеткен жоқ па? - дедім күйіп кетіп. Жұман үндеген жоқ. "Осы не қарап тұр!" деген адамша, мен қарап тұрған жаққа о да қарап, арбаны көре сала, түйесін тастай беріп біздің отауға кірді.

- Бапа (әкемді Жұман Бапа дейтін) - деді Жұман.

- Немене? - деді әкем.

- Бір жырық-етектер келе жатыр!..

Сол кезде: "Бүркіт тағы милициямен келеді" деген қауесет шыққан. Оның өтірік екенін мен-ақ білетінмін, өзгелері нанып жүретін.

- Ол кімдер екен? - деді әкем сасқалақтап.

- Бүркіт болып жүрмесе! - деді Жұман.

- Қатын, Бәтесті басқа үйге шақыршы! - деді әкем, апам.

- Қарағым, үйге кірсейші! - деді апам, даладағы мені көріп. Сөздерін менің естігенімді аңғарған жоқ.

- Басымды ауыртпа. Мені ажал болмаса енді кім алады деп жүрсіндер!..

Арбалы жақындай түсті. Үйдің іші абыржи бастады. Әкем далаға бір кірді, бір шықты, маған жауап қатқан жоқ, бірақ "үйге кір!" дегендей зілді қараспен талай алара қарады. Бүркіт емес екенін анық білмесем де, ерегісіп, әдейі сазарып тұрып алдым. Арбалы атын желдірген бойымен, біздің үйге кеп тоқтады.

- Ә, Бошан екен ғой! - деді әкем, ана жігіт арбадан түсіп жатқанда. "Бошаны кім?" - деп ойлап ем, есіме түсе кетті: 4-ауылда бала оқытып жүретін Бошан деген мұғалім бар дейтін. Өзі көменес. Кескінін көргенім осы: оң жақ бетінің үстінде ай таңбасы бар, қырбық мұрты бар, дөңгелек жүз, мұрны бәлкім батыңқы, ашаң жүзді, талдырмаш, орта бойлы, ерні қалыңдау, кара торы жігіт екен. Мен құрғырдың атым қайда бармады дейсін, "сені білемін" дегендей өңмен, қасымнан өте беріп "есенсіз бе" - деп басын изеді. Мен де сондарынан ердім.

- Ат жектірейін бе? - деді әкем, Бошанға, Бошан орнына отырып болмай жатып.

Бүркіт кеңесінен бері үйге жырық етек келсе, үйдің іші түгелімен кірпідей жиырылып отыруға айналған. Әкем Бошанның тез кеткенін жақсы көріп отырғанын ішім сезе қойды.

- Жексеңіз жегіңіз! - деді Бошан.

Жырық етектердің бір жерде тұрақтап отырмай, екі қалтасына қолын салып, түрегеп жүруді жақсы көретіні қандай. Екі аяқ қымыз ішкеннен кейін, Бошан қалпағын үйге тастап, желеңін желбегей иығына жамылып, шашын бүркыратып далаға шықты. Мен де ере шықтым. Бошан бірденені ыңырсып өлеңдетіп, желге қарай екі қалтасына қолын салып жүре берді. Соңына ерген мені сезбеді. Қақырынып қалдым. Артына жалт қарады да, қайырылып тұра қалып, менің бетіме қарады. Бірақ үндеген жоқ, менен жауап күткендей болды.

- Ағай, тоқтатты деп айыпқа бұйырмаңыз!

- Оның не айыбы бар?

- Айып болмаса... Менің қандай адам екенімді естіген шығарсыз, ескіліктің уысынан шыға алмай, осындай күйге ұшырадым. Мен қазір адасқан қызбын. Сізді көзі ашық ағамыз ғой деп, дос көріп, ақыл сұрағым келеді. Сөзді көбейтіп қажеті жоқ, менің осы елден кеткім келеді. Соған не ақыл айтасыз?

Бұл кезде дағды алған көздің жасы, болса болмаса да саулай жөнелді. Қайғы басқанда ғана келе қалатын, осы көздің жасы не екен? Егерде біреу ретін тауып, Бүркіт кеңесінен бергі менің көз жасымды бір ыдысқа жинап ала берсе сол ыдысқа қазір өзімді тастап жіберсе, тұншығып өлер ем! Соншама су менің бойыма қайдан сиып жүрді екен?

- Жылама, қарындас! - деді Бошан, қабағын тыржитып, - бейнетсіз адамға рахат жоқ. "Сарғая сақтаған, қызара бөртеді" деген мақал бар. Қажырлы болу керек. Қажымай, қайратқа жеңдірген адам, дегеніне жетпей қоймайды. Неше жыл айдауда жүрсе де, жігерлілігінен Ленин бабамыз мұратына жеткен. Елден кетем деуңіз мақұл. Оқуға кету керек. Адамның ең жақын досы оқу.

Сол оқуға қалай барам. Үйден қалай шығам?

- Үйден кету оңай. Осы болысты аралап, қызыл отау соты келе жатыр. Сот өзіңіз сықылды қазақ әйелі. Соған арыз берсеңіз, сізді әкеңіздің қолынан алады. Бермесе заңмен алады. Мен арыз жазайын. Сіз қол қойыңыз, бірақ, арыз берген соң мықты болыңыз!

- Ағай-ау, мені бұл елден құтқаратын адам табылмайды ғой! Егерде табылса етегіне жармасып, қолымды балтамен шауып айырмаса, өмірімде айрылмас ем. Сүйретіліп соңында өлер ем!

Ендеше мен арызды жазайын. Сіз сонау сайдың ішіне барып, түзге отырған боп, мені тоса тұрыңыз. Мен жолдан қол қойдырып алып, қызыл отауға табыс етейін.

- Жарайды...

Шекпенімді бүркеніп қыр астым. Сай, шақырымдай бар еді, соған бардым да отырдым. Жанынан жол өтеді екен: жолмен жүріп бара жатқан адамдар: "Мынау не еткен адам екен?" - деген кісіше қарасы үзілгенше қарап өтіп жатыр.

Бошандар көрінді. Тура жүріп келеді... Менің арызымды сотқа апарады... Мен елден кетем!.. Жүрегім қуанғаннан алып ұшты. Жанындағысы Жұман екен: жолдың езуінде отырған мені аңғармаған адамсып, атын шықпыртып жіберіп, өте шығып еді, Бошан "тоқтат!" - деп әлде неше рет айтып тоқтатты. Алысырақ тоқтағаны маған да жақсы болды. Бошан арбадан қарғып түсе қалып, түрегелген маған қарсы жүрді де, қағазды оқыды:

"Аудандық қызыл отау сотына

N... уезі, 2 болысы, 6-ауыл азаматшасы,

Бәтес Тоқбақбайқызынан

Арыз

- "Мені ел болып жабылып, тиетін Бүркіт Әбіл баласынан айырды. Бүркіт Ташкентке оқуға кетті. Атағы шыққан қыздың ел өдетінше жексұрын болатыны мәлім. Сондықтан елде тұруым қиынға айналды. Менің елден кетіп оқығым келеді. Елде маған дос жоқ. Әке-шешеме шейін жау. Егерде сіздер мені босатып алмасаңыздар, мені туғандарым тірідей жібермейді. Сондықтан қанды жаспен жылап, мені босатуларыңызды өтінемін!

Арыз иесі..... 2/VIII-28ж."

- Мына жерге қол қойыңыз! - деп Бошан, арыздың астына кішкене сары книжкесін салды да маған ұсынды. Көңілімнің азда болса өскені ғой, баяғы оқып жүрген кезімдегідей, әріптерді тасқа басқандай ғып, тізілтіп қол қойдым.

- Өзіңіз хат біледі екенсіз ғой, емлені қалай оңды білесіз? - деді Бошан, қағазды менен алып.

Маған біткен бір мінез: өзімді біреу мақтаса ұялып қалатын ем. Апам, менің ардақты кезімде, қайыған қаюымды, қатындарға: "Бәтесжанның қолмен қайығаны машинеден кем

емес!" - деп көрсеткенде: "бөйге алайын деп пе ең, апа, о не керек!" деп қолынан жұлып алатынмын. Сол ұялшақтығымды ұстап, Бошан "жазуын оңды екен!" дегенде төмен қарадым.

- Көп сөйлесуге асығыспын. Қош болыңыз. Совет өкіметіне сүйенсеңіз, сізді дегеніңізге жеткізеді. Бірақ мықты болыңыз! - деп, Бошан қол алысты.

Жұманның біздің не сөйлескенімізді естігісі келіп жаны шығып, жақындап еді, "кет әрі!" деп Бошан ақырып тастады...

Бошан кеткеннен кейін, ел ішінде мені Бошанмен кетпек болыпты деген сөз дүңк ете түсті. Не нәрсеге болса да пісіп-қатып алатын адамда бір әдет бар емес пе! Суық өткен адам ауруға шалдығады - дейді жұрт. Сол өп-өтірік: аулымызда қой бағып жүрген бір шалдың жеті-сегіз ұлы бар еді, бәрі де жас еді. Солар ала қыстай етік дегенді көрген пенде емес. Аяқтары оттай жанып, қызарып, қардың үстімен, екі үйдің арасында жалаң аяқ зырлап жүретін еді. Солардың біреуі де ауырып өлген жоқ. Бәрі де қап-қара, сеп-семіз, денелері қорғасындай боп өсті. Алды осы күні комсомолға жазылып, бір ауылнай елді иіріп жусатып жүр.

Суыққа үйренген қойшының балалары сықылды, мен сөзге үйреніп алдым. Жан-жағымда, мен туралы араның ұясындай өсектер шулап жатқанда, бүйрегім бүлк етпей жүре беретін болдым.

Ел көшіп, Қоралыға беттеп, Егін-жал деген жерге қонды. Екі көзім төрт болып, қызыл отаудың адамын күтем. Көзім күнде далада...

- Токбақбай Мақамбеттің үйі осы ма? - деді біреу сырттан. Мен бұл кезде тұрмай, шымылдыңтың ішінде ояу жатыр ем.

Күн, биені екі сауған мезгіл.

- Орыс түсіп жатыр! - деді Сейіл даладан жүгіріп келіп.

- Орыс емес, орыс емес, болыстың милициялары. Қаңғырып бір жаққа бара жатқан ғой. Осылар-ақ жүріске тоймайды екен! - деді өкем, есіктен сығалап. Бір адам емес, екі адамның дауысы шығып, саймандары саудырлап, үйге кіре бастады.

"Осылар маған келмеді ме екен?" деген оймен жалма-жан киіне бастадым.

- Азаматша Бөтес Токбақбайқызы осында тұра ма, - деді бір дауыс.

Осында:

Ол саған неге керек еді? - деді әкем.

Қайда?

Үйықтап жатыр.

Оят!

Себеп?

Жауап аламыз!

Бұл кезде мен киініп, шымылдықтан шыға келдім. Орысның ағаш құдайындай, екеуі қақиып, мылтықтарына сүйеніп тұр екен: біреуі мұрты бар, қара торы, семізше; біреуі аққұба, жұқа жас жігіт екен. Екеуінің де үстінде жағасы қызыл, сүйрестілген қара шекпендері, қызыл-жиек орысша картөздері бар.

- Бәтес мына кісі ме? - деді қара мұрт, мені көріп.

- Менмін! - дедім жұлып алғандай.

- Сіз киініңіз!

- Неге? - деді әкем.

- Сот шақырып еді! - деді ақ құба.

- Сотқа неге барсын, түк жұмысы жоқ.

- Жұмысы болмаса шақыра ма?

- Бармайды! - деді әкем екіленіп.

- Біз сізді білмейміз. Сіз сөзіңізді босқа шығын қылмаңыз. Бізге мына әйел балаңыз керек. Бұл кісі өзі барам десе, сонда сіздің сөзіңіз далада қалады! - деді қара мұрт, әкеме ақырын сөйлеп.

- Бала бармайды. Барса мен тоқтатпаймын! - деді әкем, бұл кезде "бармаймын де!" - дегендей, маған көзін едірейтіп, қабағын түйіп, басын шайқады.

- Сіздер маған келдіңіздер ме? - дедім.

- Сізге! - деді аққұба, жылмандап.

- Маған келсеңіздер, мен даярмын! Мен сіздерден қалмаймын.

- Әкеңіздің айтып тұрғаны не? - деді аққұба, орақ ауызды, ұшқалақ, жеңілтек жігіт екен. Қара мұрт көп сөйлемей, салмақты тұрды.

- Әкем айта береді. Мен әкем емес, әкем мен емес, мен барамын дедім; болды. Аттарыңды қамдаңыздар! - дедім саспай.

- Отағасы көлік қамдатыңыз! - деді қара мұрт.

- Мен ат бермеймін.

- Ылауға бұйрығымыз бар.

- Жүз бұйрығың болса да ат бермеймін.
- Неге?
- Бергім келмейді; бермеймін!..
- Заңға бағынбайсыз ба? - деді қара мүрт.
- Осы жолы бағынбаймын. Жайшылыққа келсендер жүз ат жек десендер де жегем.
- Рас айтасың ба? - деді аққұба.
- Рас.
- Ендеше! - деп аққұба, керегеде ілулі тұрған аттың сайманын барып, қолымен ала бастады.
- Сұраусыз қайда апарасың? - деп әкем аққұбаға жармаса түсті.
- Қоя бер! - деді аққұба.
- Жоқ бермеймін!
- Қалай бермейсің?

Бұл арада әкем мен аққұба екеуі сайманға таласқанда, әкем, аққұбаның жағасына жармаса беріп еді, аққұба жанындағы былғары қабында тұрған кішкене мылтығын суырып алып, әкемді жақтан салып кеп жіберді. Әкем жағын ұстап шегініп кетті.

Аққұбаның көзі ежірейіп "контр!" деп тағы ұмтыла беріп еді, қара мүрт "болар" дегендей басын шайқағанда қоя қойды.

- Отағасы, сіздікі қате! - деді қара мүрт.
- Бәрімізді бағып отырған заң бар. Біз сізден көңілге ат сұрап отырғанымыз жоқ, заңмен сұрап отырмыз. Қызыңызды сот алып кел деп отыр. Сіз қарсылық қылды деп, біз өзі барам деп тұрған қызды тастап кете алмаймыз. Сіз ат бермедіңіз, сонда жаяу кетеді деп ойладыңыз ба?

Әкем қара мүрттың сөзін құлағына да ілген жоқ. Кескіні өрт сөндірген адамдай күренденіп далаға жүгіріп шығып кетіп, ерттеулі тұрған атқа мініп алды да, айқай салды.

- Әй милициялар, маған, үйіме келіп: "шай қой, ет ас, мал сой!" - деп осынша ылаң қылатын мен не жаздым?.. Мен сендердің әкелеріңе барайын!.. Ойнайтын кісіні тапқан екенсіңдер... Бұл малды сендердің жолдарыңа төгейін!.. Не сендердің көздерінді жоймай, не өз көзімді жоймай тынсам, қатын болайын!.. көпір өтейін!..

О.. қаласындағы Төлеген адвокаттың менің жақыным екенін білмейтін шығарсыңдар бөлем!.. Одан жоғарғы жерде

те жақыным бар, тіпті болмай бара жатса, Әзімбетке шейін барамын!.. Асықпандар!.. - деп, дүсірлетіп, қайда кеткенін білмеймін, шауып кете барды.

Қара мұрт өкемнің сөзін естігенде мұртынан күлді де түрды. Аққұба күйіп-пісіп:

Мынау контур екен... Совет өкіметіне қарсы екен!.. Протокол жасайын!.. - деп апалақтап, қарындашын қарап жатыр еді:

- Барсын. Қайтер дейсің! - деді қара мұрт күліп.

- Өкенді ұрғанда не жаның шыдап тұр! - деп апам жүгіріп келіп, иығымнан жұлмалап жатыр еді:

- Әрі кет. Маған туған болғандарың жеткен, менде жұмыстарың болмасын! - деп қолын қағып жібердім.

- Шырақтарым!.. - деп атам бірдене айтқалы келе жатыр еді.

- Сіздің жұмысыңыз болмасын! - деді қара мұрт. Атам қоя қойды. Әжем "ә, жасаған, көресінді көрмей, көрге кірмессің деген осы ғой!" - деп маған қарап, мөлиді де отырды.

- Ат даяр! - дегенде, үйден қалай шығып кеткенімді білмеймін. Арбаға барып мініп алып, алдыма қарасам Сейіл келіп аяғымды құшақтап жылап тұр екен. Үй-орман, ауыл-ағайын көңіліме бит шаққандай да келмеп еді, Сейілге көңілім бұзылайын деді. Бірақ өзімді өзім тоқтатып, Сейілді құшақтап бауырыма қыстым да, екі бетінен кезек-кезек сүйіп:

- Бауырың осылай болды, қалқам. Сен жігіт болсаң бұл мазақты не көрер ем, не көрмес ем; өлсем бақұл бол, тірі болсам бір көрермін! - деп құшағымды жаздым.

- Ат жүріп кетті. Қанша берік болайын десемде, Сейілжан, "Бәте, (мені Бәте дейтін еді) қайда барасың!" - деп шырылдап жүгіргенде көзімнің жасы ыршып кетті.

Мойнақ: "Бәтесті қайда апарасыңдар? Жібермеймін!" дегендей барқылдап, аттың тұмсығына екі-үш рет секірді де, тістей алмаған соң, "айдатпаймын" дегендей бишіктің жерге салбырап келе жатқан ұшынан тістеді. Ақ құба мойнақты оршелендіріп, жақындап келгенде, құлақ шекеден тартып қалып еді, қыңсылап, ойбайлап қала берді.

Апам да шыдай алмады білем, "Құлыным-ау, қайда кетіп барасың!" - деп соңымыздан далбақтап жүгірді. Сейіл де жүгіріп, жете алмайтын болған соң жер тебініп, бақырып отыра қалды. Ақық бие сауып жүр екен. Ішінен "құдай берді"

деп жүрген шығар, бізге қараған да жоқ, биесін сауа берді...

Ауылдан бір көш жер шыққанымызда, артымыздан бүркыраған шандақ, шапқан аттың қарасы көрінді.

- Ал, қуып келе жатыр! - деді аққұба апалақтап.

- Тәйірі, қайтеді дейсін, келсе келер! Мылтық бар ғой, неден қорқасың, - деді қара мұрт.

Айналасы оннан аса кісі, бірінің артында бірі тізіліп шауып келе жатыр. Алдында біреуі озық көрінеді... Алдыңғы, шақырымдар шамасына келгенде, сойылын көтеріп айқай салды.

- "Мынау Қаратілеу қарақшының аты сықылды!" дедім сасқалақтап.

Ол бір қан ішер болатын... Қаратілеу екен... Жақындап келіп қалды. "Атты айда!" - деді Қойшығұлға қара мұрт. Жеккеніміз әкемнің көк ірсегі еді, жүргіш жылқы еді, пәрменімен желе жөнелді.

- Токтандар! - деді Қаратілеу жақындап.

- Ойбай, ананың қолында наған бар екен! - деді аққұба абыржып, қара мұрттыға ықтай беріп, Қаратілеуді көрсетіп. Токтағамыз жоқ... Қаратілеу жақындап келгенде, мылтықтың даусы шаңқ ете түсті... Екеуі де бұғып қалды.

Менің есім шығып кетті... Сасқанымнан: "енді қайда барайын!" дей беріппін. Қалшылдап ұшып кете жаздадым. Қара мұрт, Қаратілеуге "қайт" деп бір-екі рет дауыстап еді, Қаратілеу:

- Қызды қолыңнан таста. Болмаса тартып аламын, - деп ентелей түсіп, мылтығын оқтанып ақырды. Жұрт, Қаратілеуді "кісіні малша бауыздайды" - деп өсек қылатын еді. Ана жылы Жабағының солдатының ішінде бастық болып жүріп, қызылдың біраз кісісі қолға түскенде бөрін жайғастырған осы Қаратілеу қарақшы дейтін еді. Милициялардың мылтығын тыңдамай қуып келгеннен-ақ зөрем кетті, ес жоқ!..

- Қызды таста! - деді Қаратілеу, қатарласа түсіп ақырып. Кейінгі жағы да жақындап келеді.

Қара мұрт мылтықты қалай атып қалғанын өзім де аңғармай қалдым: көзімнің оты жарқ ете түсіп, құлағым тас боп біте қалды... Артыма жалт қарасам, Қаратілеу атымен омақа аса жығылып жатыр екен.

- Ағатай-ай, атып тастадың ба? - дедім жылап.

- Жоқ, атын аттым. Әйтпесе олар соңнан қалмайды! - деді қара мұрт. Жығылған аттың астынан Қаратілеу жинал-

ашына, біз кетіп қалдық. Екі-үш рет артымыздан Қаратілеу шығып мылтық атты. Оқтары зуылдап нақ құлағымның қасынан жанап өткен сықылданды. Артқы кісілер Қаратілеуге үйісілеп тоқтай қалысты. Біреуі атын берді...

Бұл арада милициялар "аспанға атып қорқытайық" - деп, қатарластырып мылтықты тағы да атысты.

Оқ аузы суық қой. Қаратілеудің оғы таусылды ма? Болмаса қорықты ма? Шаба түсіп қала берді. Арттағыларыда аңсарылып тұрып қалды. Біз кете бардық!..

Қуғыншылардың қорқынышымен Қызбелге қалай келіп қалғанымызды білгем жоқ. Жол нақ біздің ауылдың жұртының іргесінен, Бұлақтының түбінен өтеді екен.

Ауылдың жұртында жайылып, сиырдың жапасының астындағы ақ құрттарды жеп жүрген жорғалап кара қарғалар біз жақындағанда қарқылдап ду көтеріле ұшты. Жұман үйінің жұртында отырған екі өгіз шағала (ақ шағала) бізді көргенде сақылдап, ішегі қатып күлді. Итекен үйінің қарасан болып өлген тарғыл тайыншасының, ит-құс жеп, содырайып тұрған қабырғаларының үстінде бір кара құс отырып алып, қалған-құтқан қызылдарды жұлып, бізге адырая бір-екі рет қарады.

Бектастың үйінің, үйіне жетпеген алты айлық сары күшігі жұртта адасып қалған екен: кө-кө-лөп милициялар шақырып еді, келмеді. Ит болса да, ауылдың иті болған соң, көзіме ыстық көрініп, мен кө-кө-лөп едім, дауысымды танып шауып келді; көзімнен жас шығып кетті. Күшік мені көрген соң тілін салаңдатып, құйрығын бұлғап, соңымызға ерді... Бұлақтыдан өтіп бара жатырмыз: Бүркіт екеуміз соңғы жолыққан жер өне жатыр!.. Ей, жауыз жазмыс, осындай қылғандай мен не жаздым?.. Сол түні енді қайтып көріспестей, өте құшырланып құшақтасып ек, әлде де не, мәңгі айрылатынын сезді ме екен?! Енді қайтып көре ме екеміз?.. Ойымның осы арасына келгенде демімді ала алмай талып кете жаздадым...

Қызбелдің адыры "қайда барсаңдар да, сондарыңнан қалмаймын!" - дегендей, көпке шейін мұнарланды да тұрды. Жан-жағымда сағым бұлдырады. Сағыммен бірге ойым, ой мен бірге келешектегі өмірімнің суреті бұлдырады. Айнала буалдыр... Айнала бұлдыр... Тұрмыс теңіз, мен жаңқа... Ай-

налам толқыған толқын... Мен зымырап, күміс көбіктің күлкісінің ішінде ағып кетіп барам... Толқын бір көмеді... Бір шығарады... Бір құшағына ап қысады... Бір жазады... Қайда ағып бара жатырмын? - Білмеймін!!!

VI. ҚЫРЫҚ ҚЫЗ

- Ағай, анау не қылған үй? - дедім кара мұртқа, айдалада жалғыз тігулі тұрған, шаңырағында қызыл жалауы бар, жалғыз үйді көріп.

Қуғыншылардан құтылғаннан бері, мен милицияларға бұдан басқа түк жауап қатқан жоқпын да. Аттың делбесін ұстаған Қойшығұл деген бір нашар шал еді. Өзі әжеммен құрдас болатын. Қойшығұлды әжем өурелей беретін. Әсіресе "р" әрпіне тілі келмейтінін келемеж қылатын.

Қойшекеннің мынадай бір қызығы бар: Қыпшақтан көшіп, Қайрақбай ауылына келіп отырған Мұқамбет деген қазірет, өткен жылы "жұртта дін қалмай барады" деп, жастар ықпалына жүрмеген соң, өңшең көрі шалдарды жиып оқытқан. Сол көп шалдың біреуі Қойшығұл екен.

62 жасқа келгенде "р"-ға келмеген тілі, 62-ден әрі қарай не келе қойсын.

Қойшы-екен "р"дың орнына "и"дейтін сықылды. Молдада ұят жоқ. Тілінді келтірмейсің деп Қойшығұлдың тілін бұрапты. Қойшығұл әліп-биден ай жарымда "алдалап" шығып, асты-үстін оқуға кіріскенде:

- "Ғайын гусын ған,
Ғайын қасын ған;
Ғайын құтыр ған. -
Ған ған ған"-
деудің орнына:
"Ағайыным қутиған,
Ағайыным қутиған"...

дейді екен. Қазірет тілінің келмегенін есептемей "тілінді шайтан буып, алланың сөзіне әдейі қастық қылып тұр" - деп Қойшығұлдың тілін орамалмен бұрап, қанатыпты. Сонда да келмепті. Қойшығұлдың 62 жасқа шейін сөзжаға басы тимеген кісі екен.

Қазірет оны намазға жықпақ болып, іш дәрет алып келіп жібергенде "қытығым кеп баяды, қажият!" - деп үйге қайтып келе беріпті ғой.

"Шәкірт боп өлген кісі жұмаққа барады" деген сөзбен, сорлы иемнің әуре боп жүргені ғой; өйтпесе, 62-ге келгенде не оқу оқығысы келіп жүр дейсің. "Дін үйретемін!" дегенмен, қазірет лінді өңшен кедейге үйретті. Сақалы сапсиган 15 шақты кісі оқыды. Соның ішінде бір ауқатты адам жоқ, бәрі құранай-тырнайлар. Ауқаттылардан жалғыз Үсіп пірөдар бар еді, ол кісі бір жұмадан кейін, қазіретпен ұрсысып, "осы қазірет арқылы жұмаққа қырмай-ақ қояйын, бұл алдымен Қыпшақтан ұрлық істеп қашып келген күнәсынан тазарып алсын" - деп шығып кетті.

Әжем Қойшығұлдың "ағайыным күйтқан" дегені ермек боп, сорлыны "ағайыным қағынған" деп неге айтпайсың деп, үйге келсе мазасын кетіретін еді.

Қойшығұл біздің ауылдікі болмағанмен, мен оны көптен білем. Менің жастау кезімде ол біздің үйдің биесін сауатын. Әжем мен екеуі сол күнде де ойнай беретін... Қойшығұлды әжеме таңған Қалияның бір сөзі де бар, бірақ биті ағып жүретін Қойшығұлды не қылсын. Жай қалжың қылып ойнайды дағы.

- Әженді айып қашам! - дейтін Қойшығұл, менің жас кезімде, даусы шінкілдеп мен әжемді қызғанып, Қойшығұлды, қолыма не түссе, сонымен, басын, көзің демей сабайтынмын. Қойшығұл менің ұрғанымды елемек түгіл, мені құшақтап сүйеді.

Мен қолын тырнап, бетін шымшып, сақалын жұлатынмын. Оған да жібермеген соң, "қоя бер деймін" - деп бақыратынмын.

- Баланы бақыртпа, албасты басқыр! - дейтін әжем.

- Ойда-ла-йын! - деп Қойшығұл мені босататын. Бір жерде не той, не ас болса, Қойшығұл маған ылғи асықты жілік алып келіп беретін: сол жіліктердің асығының өзі бір дорба болған...

Сол Қойшығұл мені әкеле жатыр. Елден ерген жалғыз Қойшығұл, жеккен көк ірсөк, жолдан қосылған сары күшік... Жуас адам ғой, әрі манағы атыстан есі де шығып кеткен шығар.

Анда-санда маған көзінің астымен бір қарап, мұрнын тарта түсіп атын айдай береді. Бірақ мен оған қарамаймын.

Атыс басылғаннан кейін, қара мұрт менің оң жағыма, аққұба жігіт сол жағыма отырған. Аққұба бір аздан соң маған қарап күлімсіреп, иығын жақындатып, бір тізесін тіземнің үстіне салған.

Мен онысын ұнатпай: "Әрірек отырыңызшы қысылып кеттім" дегем. Аққұба сонымен үндемей отырып, бір аздан кейін тағы қылмындап, мені бір оңай олжа көруге айналған.

Қара мұрт аққұбаның қылықтарын ұнатпай отырып, бір ретте, "қыспай әрі отырсайшы!" - деген ашулы дауыспен. Аққұба қайқалақтап қалған.

Ішімнен "қара мұрт үлкен екен, әрі оңды кісі екен" дегем. Содан кейін тым-тырыспыз да...

- Анау не қылған үй? - дегенімде, қара мұрт маған бұрылып қарады да:

- Ол сізді шақырған қызыл отау үйі, - деді.

- Қызыл отаудың ар жағындағы дөңде тұрған сонау қазқатар үйлер не?

- Ол болыстық мекемелердің кеңсесі.

- Қызыл отау сотында кім бар, ағай?

- Оның бастығы қазақ әйелі.

- Рас айтасыз ба?

- Неге өтірік айтайын.

Қуанып кеттім. Бошанның "сот әйел" деген сөзі есімнен шығып кеткен екен. Сол арада есіме қайта түсті. Әйтпесе, сот еркек болса, қиын болады ғой деп ренжіп келе жатыр ем.

Кеңесіміздің аяғын бітірмей, ат қызыл отауға кеп тоқтады. "Қызыл отау" дегенге, мен сыртын қызылмен қаптап тастайтын шығар, не киізді қызыл бояуға малып бастыратын шығар деп ойлайтынмын. Олай емес, көдімгі қазақтың киіз үйі. Бар айырмасы: үзіктің етегін ала, үйді айнала сыртынан жалпақтығы нығыз қарыстан астам қызыл шүберек ұстаған.

Сол қызыл шүберекте - Октябрь әперген әйел бостан... деген жазу бар. Жазудың басы да, аяғы да үйдің тасасына айналып кеткен.

Сондықтан көрінбейді. Шаңырақтан көрінді деген қызыл жалауым, шаңырақтан емес, мандайшадан екен. Бір ұзын сырыққа екі ен қызыл атаныны байлапты да, атаныға ақпен жазу жазыпты.

Күн желтендеу болып, жалау жалпылдап тұрғандықтан оны оқи алмадым.

Мен арбадан түсе бергенде үйден бір әйел шыға келді. Әйелді орыс екен деп қалдым: жеңі шынтағына жетпейтін, етегі тізесінен зорға түскен, жағасы жоқ. Омырауы ашылған ақ көйлегі бар. Шашын желкесінен екі айырып өріп, үшін жалпақтығы екі елідей жасыл шүберекпен байлаған, басында тартқан кішкене қызыл орамал бар; аяғында өкшесі бір қарыс, асығынан зорға келетін кебісі бар: мәсі жоқ, балтыры жалаңаш сықылды, сол жақ білегінің орта кезінде байлап алған сағаты бар; осыдан басқа киімі жоқ. Жақындаған-да кескіні қазақ сықылды көрінді.

- Сабыржан, мынау Бәтес бауыр ма? - деді әйел қара мұртқа қазақшылап. Сот осы кісі екенін біле қойдым. Жүзі жылы көрініп кетті, өйткенмен киімдерін ерсі көрдім.

Бүркіт кейде маған: "қалада бұл киімдеріңді тастайсың, пәлендей-түгендей киім әперем!" дегенде, мен: "қойшы тәйірі, үстінде киген киімнің төгіліп тұрмаған соң адамның сыйқы келе ме - тырнадай тырбиып жүргеннің несі жақсы дейсің!" дейтінмін. "Кимек түгіл киерсің" деген Бүркіттің сөзіне, "кимеймін" деп, сол арада ки деп қыстап тұрған адамнан жаман, жатып тұрып ерегісетінмін.

Сол киімдер міне алдымнан шықты. Ішімнен: - "қос етек көйлек киіп, белін қынап қамзол киіп, үстіне күміс қадап, басына үкі таққан, көмшат бөрік киіп, қазақ салтымен жүрсе қандай ажарлы кісі. Өз сыйқын өзі бұзып тұрғанын қарашы" - деп ойлап жатырмын.

Өйткені: кескіні аумаған Тоты сықылды екен. Тоты жанымыздағы ауылдың қызы еді. Мұрны жіп-жіңішке, үсті түзу соққан пышақтың қырындай, көзі тостағандай қап-қара; дөңгелек жүз, ерні қаймыжықтай, маңдайы кере қарыс, белі құмырсқадай үзіліп тұрған адам, - адам емес, бір сурет еді.

"Қыздарда да қыздар бар қылдырықтай,
Қыз қалқа құмға біткен тал шыбықтай!" -

деген өленді, біз, осы Тотыға арнап шығарған шығар деп ойлайтынбыз. Тоты ұзатайын деп отырғанда, 17 жасында, шешек шығып өлді. Мынау сот, аумаған сол Тоты сықылды. Тіпті сойып қаптап қойғандай. Тотының жұтқыншағының оң жағында қап-қара меңі бар еді, мынада да сол мең

бар екен. Бірақ бұл Тотыдан мықындылау екен; соған қарағанда ерге шыққан адам екен деп, кісі айтпай-ақ жобалайтын.

- Әйтеуір әкелдік-ау, - деді қара мұрт.

- Жібермейміз деді ме?

Қара мұрт көрген білгендерін қысқаша, сотқа дөттеп өтті.

- Оқасы жоқ, - деді сот қара мұртқа. Содан кейін бетін маған бұрып, жылы жүзбен:

- Денің сау ма, бауыр? Ренжіп келемісің? Ренжіме, тірі болсаң, көрмеймін деген туғандарың жылап көріседі!..

- Әсия деген апаңыз осы кісі болады - деді қара мұрт. Қара мұрттың аты Сабыржан екенін, соттың аты Әсия екенін сол жерде білдім.

- Үйге жүріңіз! - деді Әсия.

Қызыл отаудан бұл кезде, бір ақбұжыр, шашы дударланған жігіт пен бір қырма сақал, қара жігіт шығып бізге қарай жүріп жақындады.

- Мына кісі соттың хатшысы Сәлмен, ана кісі почтавай Бейсекей! - деді қарсы келген екі жігітке жақындағанда Әсиядан, "мыналар кім?" деп сұрағаннан жаман.

- Бұл кісі Бәтес қарындас па, - деп, неге екенін білмеймін, ақбұжыр (Сәлмен) маған оң қолын созды.

- Бәтес қол алысуды қайдан білсін, - деді Әсия маған бір, Сәлменге бір қарап, күлімсіреп.

Біз үйге кіре бергенде, оң жақ босағадан бір жас келіншек сығалап тұр екен. Біз босағадан аттағанда шегіне берді.

Мұрнының ұшы қара құстың тұмсығындай іп-имек қара сұр, ұзын жақты адам екен. Шалысының астындағы маңдайшасына, теңгеліктің орнына бес-алты 20 тиындық қадапты. Сыртында тұрған қасаптар қамзолы бар, шалысы жыртық, қолы қарғаның тұяғы сықылды.

Мен төрге барып отырғанда, менің жаныма келіп о да отыра қалып, амандық жоқ саулық жоқ, мелшиіп маған қарай қалды.

- Мына кісі бір нашар адамның қызы екен. Осыны әкесі екі қатын үстіне беріпті. Тиышы болмай сотқа арыз берген екен. Бұл кісі оқу оқимын, үйіме бармаймын деген соң, болыстағы әйелдер курсына оқуға түсірейін деп алып қалдым. Бүгін осында қонып, ертең оқуына барады, - деді Әсия.

Үй ішінде жасау жоқ. Оң жақта бір темір төсек: үстінде жаюлы ақ шүберек, бір жастық.

Төсектің аяқ жағында бүйірі ішіне енген сүйретпе (торсық), төр алдында биік стол. Стол үсті толған қағаз, столға үлкен қызыл шүберек жапқан. Столдың төр жағында үш орындық, есік жағында аяқ орнатқан ұзын тақтай.

Керегеде толып жатқан суреттер: біреуінде өрмек тоқып жатқан қатын мен жаман үйдің суреті, біреуінде өжем сықылды бір жуан қатынның суреті; адам айтып болар емес, өйтеуір бір толған сурет...

- Қымыз ішесің бе? - деп, Әсия менің "ішем, ішпеймін" деген жауабымды күтпестен, ақ кесеге қымыз құйып алып келді. Қымызды қолыма алып ернімді тигізіп ем, аржағымнан бірдеме итеріп тұрған адамдай, ықыласым шаппай, бір ұрттадым да қайтып бердім.

- Неге ішпедің?

- Ішкім келмеді.

- Шаршаған шығарсың. Ұйықтайсың ба?

Әсия басыма жастық қойды. Қисайып жатып ем, көзіме кергіш салып қойғандай, көзімді жұма алсамшы! Ұйқым келмеді.

- Бәтес далаға шығасың ба? - деді менің ояу жатқанымды көріп.

- Шықсақ шығайық.

Басыма шекпенді бүркеніп жатып ем:

- Оның керегі не? - деді Әсия.

- Ұят емес пе?

- Сайға барамыз!

Біз үйден шыға бергенде, болыстық кеңселер деген үйлер жақтан, ұсақ-ірісі аралас қырық шақты қыз бірін-бірі құшақтап өлеңдетіп, дөннен түсіп келе жатыр екен. Әуелі өлеңді бірекеуі шырқап бастап, аяғына бәрі қосыла кеткенде жер күңіренгендей болды.

Құлағымды сала қойдым:

"Намысы бар кедейдің балалары,
Неше мың жыл құл болған, бауырларың -
Жолдастар!
Кедей ұлы жігерлі,
Бірігіп ұран салып қал!
Қызыл тулы майданда,
Бостандықты алып қал!"

- Алдау, мынау неткен көп қыз! - дедім Әсияға, аузым мен көңілім өленде келе жатыр.

- Болыстық кеңсенің жанынан, әйелдерге арнап, екі айлық курс ашылған, екі жүздей әйел оқиды, маңайдағы ауылдың әйелдері тарап кеткен. Мыналар алыстан келіп, осында жатып оқып жатқандар. Оқудан басқа, бұлар іс те үйренеді: қызыл отаудың іс тігетін алты машинасы бар еді. Сол машиналармен, әйелдерге қалаша киім тігуді көрсетіп жүрміз. Және кілем тоқу өнерін үйреніп жатыр. Оқушылар екіге бөлінеді. Біреуі ерте күнде ескіше оқығандар, екіншісі бұрын қара танымайтындар. Бұрын оқығандар түгіл, қара танымайтындардың өздері осы күні газет пен кітаптарды суылдатып оқуға жарап қалды. Оқытушы үшеу. Біреуін уездік әйелдер бөлімі басшы ретінде жіберіп еді, менімен бірге келіп еді. Біреуі қаладағы үлкен мектептің біреуінде оқып жүрген Рақия дейтін қыз: дем алысқа келген екен, болыстық әйелдер бөлімі оқуға жегіп қойды, біреуі менмін. Әйелдер оқуға бір түрлі ынталы. Жастары түгіл орта жастыларының өздері де оқуға кірісіп жүр. Бұдан 7-8 жыл бұрын, алты миллион қазақ елінен алты әйел оқымайтын еді. Қазір бір болыстан 200 әйел оқып жатқаны үлкен олжа. Әйел бостандығы дегенмен, әйелдердің өздерінің санасы өспесе, ол бостандық жарыққа шыға алмайды. Күндік оқу арқылы жойылады!..

Әсияның сөзінің жартысын тыңдап, жартысын тыңдағам жоқ. Өйткені өлеңге елігейін дедім. Аспан ашық, жел жоқ. Күн де әдемі екен. Алты бақан тепкенде екі қыз қосылып өлең айтсақ аспанды басымызға көтеретінбіз; 40 қыздың даусы қосылған соң не шыдатсын, жер дүниені күнірентіп жіберді. Бізге жеткенше 3-4 түрлі ән айтты. Соның біреуі "Еділбай", біреуі "Гүгәйәй", өзге екеуін естімеген әнім. "Еділбай" мен Гүгәйәй"-дің де әні болмаса, өлеңін бұрып әкетіпті.

- "Аржағында Еділдің бір терең сай, Еділбай-ау,
Жібек арқан сүйреткен, тел қоңыр тай, жөнеше-ау,
Осынау зарым өзгеше-ай!

Ал қара кок жаз жайлап

Сал орамал бір байлап.

Сағынып сәулем келгенде,

Қайда кеттің апырмай - той тойлап.

Аққау айдай елтіңнен,
Бермей жедің жентіңнен,
Олер болдым, қалқатай,
Сенің бір ғана-ай дертіңнен!?

дейтін "Еділбайды", олар:

- "Тегестікке жол салған Маркс, Ленин жолдастар-ау!
Сол жолменен бастаған еңбекші елін мұндастар-ау,
Тілегі бір сырластар:
Қызыл туды қолға алып,
Мың, миллион боп қозғалып
Аттанайық күреске, тобымызды жазбайық;
Қан қылайық майданды.
Құрытқан соң байларды,
Социалдық дәуірге,
Саламыз, жетіп сайранды!" -

деп өзгертіпті.

Біз дөңнің етегіне шыға бергенде, өлеңдеткен, қырық қыз бізге жақындап келді де, бізді әйгерлек ойнаған балалардай, қоршап ала қойды. Бір-екеуі Әсияға келіп, белінен күшактап, бетінен сүйді. Бөрінің де көздері мені тесіп барды. "Мына кісі Бөтес деген бауырларың!" - деп Әсия, мені, қысқаша қыздарға таныстырды. Бөрі де білетіннен жаман бастарын изесті.

- Қазір қайтып келеміз. Біздің үй жаққа бара беріңдер, - деді Әсия күліп.

- Спектакль жұмысын ақылдасайын деп ем, әйелдер, өсіресе қыздар, жұрт алдында жаулық салына алмаймыз деп бөлмайды. Оны қайтем? - деді бір дембелше, орысша киінген қара торы қыз.

- Неге олай дейсің. Түсіндіру керек! - деді Әсия.

- Түсінеміз, жаулық салынғанда не түр. Бірақ шешелеріміз "жаулық салынбандар" деп, ойын болады дегеннен бері ойбайлап жүр. Және спектакльге күшіміз де келетін емес. Жәй сауық кешін жасап, өлең, домбырамен таратып жіберсек қайтеді. Бөрінен сол оңды болар еді! - деді бір қазақша киінген талдырмаш, өткірше қызыл шырайлы қыз.

- Қашанға даярламақ болып едіңдер?

- Енді үш күнде болыстық жалшылар съезі болады екен, соған даярланбақ ек - деді дембелше қыз.

- Ақылдасармыз, - деді Әсия.

Біз дөңнің бауырымен ілгері жүргенде, әйелдер "Гугай"-ға қосылып қызыл отауға беттеді, ішімнен:

"Дүниенің қызығы қызыл отаудың маңында екен" дедім.

- Анау қаптап жүргендер кімдер? Той бар ма? - дедім Әсияға дөңге шыққаннан кейін болыстық кеңсе дегеннің маңында қаптап жүргендерді көріп.

- Елу шақты жалшыны оқытып жатқан ересектер мектебі бар еді, солар ғой. Оған қосымша: кооперациядан бұл алуға, қарыз серіктігінен машина-сайман алуға келіп жүргендер бар шығар, кеңсе адамдары да бар шығар. Әйтеуір сол кеңсе маңының адамдары ғой! - деді Әсия.

Әсия екеуіміз дөңнен асып, бір сайлау жерге келіп отырғанда, күн екіндіге айналды. Кәдімгі өзіміздің ауылдың кеші. Сол сықылды селдір бұлт. Жалғыз-ақ: маңымда, бұл кезде ағытатын бие жоқ, ойнақтаған құлын жоқ; өрістен қайтқан енесінің алдынан мөңіреп, жүгіріп бара жатқан бұзау жоқ; қайтқан қаздай тізіліп, жалғыз аяқ соқпақпен, бірінің ізіне бірі түсіп, шұбырып келе жатқан сиыр жоқ; өркешіндегі масасын қағып, қайда түгін болса, соның саясын іздеп жүрген түйе жоқ. Қозысы орғып, лағы секірген, қанатын жазып, жартысы оттап, жартысы сусаған қой-ешкі жоқ; "Еркежан, қойшы қалқам, жұмысым бар еді!" - деп жұлмалап ойнағанымда, бетіме қарап күлетін Қалия жоқ. Қысқасы біздің ауыл, біздің жер жоқ; әйтпесе, аспан, бұлт, күн - бәрі біздің ауылдағы сықылды айныған жоқ!..

Ақырын күрсіндім. Елдің әйелі болса: "неге бұлай болдың?" Кім бұйтті?.. Анау-мынау..." - деп басымды қатырар еді, Әсия мазамды алмады, жолдан жұлып алған қызғалдақтарын иіскеп, айнала қарап отырды.

- Неге күрсіндің бауыр? - деді Әсия, мен күрсінгеннен кейін.

- Жай.

- Елің ойыңа түсті ме?

Үндегем жоқ.

- Бүгін маса қалай көбейген, үйге қайтайық, маса талап барады ғой! - деді Әсия.

Менің қалың киімімнен масаның тұмсығы өте алған жоқ. Жұқа ақ көйлектен басқа етінде жөнді киім болмағандықтан Әсия мәстек аттай жауырынын қыйқандата бастады. Шынында маса көп еді. Масаның сұр бұлты шығып, бір топ

маса пештің мұржасынан шыққан қою түтіндей шоқталып, ызылдап ән сап, біздің үстімізде үйірілді де тұрды.

- Қайтсақ қайтайық. Менің жеңді қамзолымды кие ғой. жеңсізімнен де масаның тұмсығы өтпес, - деп Әсияға жеңді қамзолды бердім, киіп еді, жарасып кетті. Бірақ белі тарлау екен... Үйге беттедік.

- Бөтес, - деді Әсия тұрып, үйге қарай аяқты бір аттағаннан кейін - сен еліңді, туысқандарыңды ойлайтын көрінесің. Бұл адамда алғашқы далаға шыққан кезінде болмай қоймайды. Сен менен мысал ал. Мен саған басымнан кешкен кеңестерімді сөйлейін.

Бұл кезде менің жеңсіз қамзолымның, білегіме пайдасы болмай, маса шаға бастаған соң, Әсия екеуміз құшақтасып, жеңді қамзолды жамылып алдық.

- Иә, сонымен, - деді Әсия - өкем шаруа, нашар адам еді. Қазақ кедей кісіні жаман дейді ғой. Өкем ел сөзімен айтқанда "жаман" адам еді. Өкемнің менен басқа баласы болған жоқ. Маған өркімдердің құда болғысы келгенмен, өкем "баламды алатын кісіні қол бала қылып алам!" - деп, мені сипкімге берген жоқ. Сол берілмеген қалпыммен 16 дан 17 жасқа шықтым. 17 жасым еді, бір күні өкем бір жаққа кетіп, үйде апам екеуміз қалдық. Күн қыстың орта кезі. Кедейде кайі жөнді үй болады. Жалғыз атымыз қотыр болып, өкем бұратын жеріне біреуден өгіз сұрап алып, атты шаңытпен емілеп, үйге қойып кетіп еді. "Өліп қалмасын, байқап тұрыңдар!" деп тапсырып еді. Апам інірде ұйықтап қалғанмен, мен атқа шөп суырып өкеп, қасында біраз қарап тұрып, тоңазыған соң апамның жанына жата беріп ем, далада сықырлаған дыбыстар естілді. Өкем ол күні келмейтін. Жалғыз сиырымыз бар еді. Қораның аузын бұзып, түнде шығып кетіп, көрінген үйдің албарын бұзатын. Сол шығып кетті ме деп орнымнан тұра бергенімше болмады, есіктен саудырлап біраз кісі келді. Шошып кеттім.

Апамды оятып ем оянбады,

- Апа түрегелші! - деп жұлмалаған соң, шошыды ма немене:

- "Ә-ө!" - деп есенгіреп тұра бергенде сіренке жарқ ете гүсті.

- Бұл кім? - деді апам, арқасын қасынып.

- Біз!

- Біздің кім?

- Зорлықбай!
- Зорлықбайың кім?

Сол кезде Зорлықбай деген кісі мені сұрап, әкем бермеппі деп естігем.

- Көресің ғой. Шам жақ.
- Шам жақшы Әсия! - деді апам.
- Өзің жақ - дедім. Қорқып барам. Көрпемді орана түсем. Апамның көңілінде дөнене жоқ. Орнынан бұрқырап түрегелді де, шөшкенің сынған табағына істеп қойған білте шамды сығырайтып жақты.

- Шал қайда? - деді біреуі апам.
- Үйде жоқ.
- Қимылдандар! - деген біреудің сөзі аузынан шыға бергенде, біреу келіп, апамды құшақтай алды.

- Ойбай! - деді апам. Жан дауысы шықты. Мен сасқанымнан атып түрегеліп ем, буынып кетіп, етпетімнен түстім. Біреуі кеп мені құшақтай алды. Қырау басқан суық құшақ, көйлекшең етіме тигенде, тісім тісіме тимей сақылдап, қалшылдап ұшып кете жаздадым. Жағым байланып, үнім өшіп, дыбысым шықпай қалды... Апамды ортадағы қисық ашаға байласты. Мені киіндірді. Есімнен адасып қалыппын.

Далаға шыққанда, бетіме суық тигенін бір-ақ білдім. Екі жігіт салақтатып, алып келді де, бір ақ киіз салған шанаға өкеліп көтеріп ұрып, бір жабағы бөстекке орап, басымды тұмшалады да, үстімнен баса біреуі мініп алып жүріп кетті...

- Сонымен - (Әсия бұл жерде ауыр күрсінді) - басым айналып, көзім қарауытып, өзім пысынап-терлеп, үстіме басқан кісі жібермей, өрі үй есіме түсіп, сүлдерім құрып, жылап келе жатыр ем, шана тоқтай қалды.

- Киізді аш! - деді біреуі бір ауылға келіп, бір үйдің алдына тоқтаған екеміз.

- Түс! - деді сақал-мұртына тебінгідей қырау қатқан біреуі.

- Не қыл деп түсем. Сендер кімсіңдер? Мені қайда өкелдіңдер? - дедім ашуланып.

"Түспеймін" дегеніме болған жоқ. Біреуі сүйрей жөнелді. Үйге кіргізе бергенде бір кемпір, басыма шалы өкеліп "атаненнің жоралғысы".. - деп жаба беріп еді:

- Мені қай малыңа сатып алып ең, көрі ит, өрі кет! - деп итеріп қалғанымда шалқасынан түсті. Шалыны лақтырып жібердім.

Манағы сақалдым, тымағын тастап, сақал-мұртындағы

қырауды қолымен жұлып болды да, шешінді: шықшытынан төмен қарай, иегін жағалай біткен қалың сары сакалы бар, мұрты мысықтың мұртындай тікireйген, бір жіп-жирен кісі. Мен отырғам жоқ.

Жарықтығым, не нәрсе құдайдың бұйрығында, әкеннің үлесі бар еді. Мына заманнан қорқып, өздерің түнде алып кетіңдер деп еді. Осы үй саған үй болуға жарайды. Мұндай үйді жұрт іздеп таба алмайды, бағың бар адам екенсің. Бір-екі жас бала бар. Ана кемпір бар. Осылардың бәрі сенің қолыңа қарайды, мына ауыр дүниені сен билеп, төстейсің. Мынау Зорлықбай мырза қосағың. Тұғырдан түсіп тұрған жоқ! - деді бір қара сақал. Төрге барып шешінген сары сақалды көрсетіп.

- Әкемнің сөзін мен естігем жоқ. Мені алып келдіңдер. Мен мұнда адам боп тұрмаймын, апарып салыңдар! - дедім жылап.

Жазу осылай болған шығар. Алла тағала сенің дәміңді осында жаздырған шығар!

- Жазуды басына шайнап жақ. Мың жазу болса да, мен мұнда кісі болмаймын.

- Тек, жарықтығым, олай деме!

- Қайда барады дейсің. Сөзді шығын қылып тұрғаның не, Әлеке. Шашы ұзын, ақылы қысқа әйел емес пе. Әйтпесе қоне қояр еді ғой. Жүр, қайтайық! - деді бір жалпақ бет қара жігіт.

Жұрт шығып кетті. Мен қасқыр талаған қойдай, есім шығып, не қылуға білмей, бүрісіп, үрпидім де тұрдым. Кемпір бір тамсанды да, түк білмегенсіп, төсегіне теріс қарап жата кетті. Бір үш жасар қыз, Зорлықбайға "әке" деп келе жатыр еді, "әженнің қойнына жат!" деген соң ол, кемпірдің көрпесінің ішіне кірді. Зорлықбай, оң жақ босағаға бір үлкен күс төсекті салды да, басына екі жастық тастап, үстіне бір үлкен көрпе тастап, түрүлі тұрған ескі ақ шымылдықты түсірді. Өзі шешінді.

- Шешін! - деді маған.

- Неге шешінейін!

Шам Зорлықбайдың үрлегенімен жалп ете түскенде, темірден қатты екі қол белімнен кеп құшақтай алды. Бұлқынып ем болмады. Қаңбақтай дөңгелетіп әкеп төсекке алып ұрғанда, көзімнің оты жарқ ете қалды... Рақымсыз қара күш, менің нәзік денемді өзіме билеткен жоқ... Талып кеттім.

Жарты жыл өтті. Көнгем жоқ. Көнбегенмен істер амал жоқ. Зорлықбай 54-ке келген, би болған, болыс болған бір мықты болып шықты. Атының басын оңдап жүре алмайтын "жаман" әке, маған пана бола алған жоқ.

Әсияның кеңесінің осы арасына келгенде, Қызыл отауға келіп қалдық. Бұл кезде қас қарайыңқырап, ымырт жабылып бара жатқан уақыт еді.

"Мен түндікті жауып барайын, сен үйге бара бер!" - деді Әсия, түндікті жауып кеп, бестік шамын жақты да, Әсия кеңесіне қайтадан кірісті.

- Иә, сонымен, - деді Әсия. Алты-жеті ай өтті. Ауылнай келгенде құлаққағыс қылып ем, ол сүйей салды сөзін айтып кете барды. Бірақ артынан Зорлықбайдан екі биенің сүтін алып, сол қалпымен ол кеңесі жабылды. Ол кезде оқыған атаулыны төре дейтін едік қой. Бір күні үйге бір төре келді.

- Жол болсын! - деп Зорлықбай сұрап еді:

- Әйелдер жиылысын өткізуге уезден шығып едім! - деді төре. Төренің сөзін түні бойы тыңдап отырсам, бәрі менің қамым сықылды. Азар болса тағы да шығын болған бір сөзім болар деп, бір қаға берісте, төреге мәнімді айттым. Төренің екі көзі шарасынан шығып "Апырай, мынау сұмдық екен, мен ертең милиция жібертіп, болысқа алдырайын!" - деді. Бұдан былайғы жағы аумаған сенің қалың сықылды. Маған да милиция келді. Мені де бермеймін деп Зорлықбай жанжал салды. Мен де сотқа алғаш келгенде жүрексіндім. Мен де сотқа алғаш оқуға кетерде туған жерді қимадым. Бірақ бәрі өтті: екі жыл партия мектебінде, екі жыл әйелдер курсінде оқыдым.

Оң қол, сол қолымды танығаннан кейін күйеуге шықтым. Күйеуім уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде. Мен мұнда кеттім. Қазір қара басымның қамы емес, өзім сықылды артта қалған әйелдерді жарыққа шығару. Мектеп бітіріп жалғыз мен ғана жүргенім жоқ.

Мен сықылды талай қазақ әйелі қызметке кетті. Менімен бірге оқыған: Шамшия дейтін бір әйел Ленинградқа, Ләтипа дейтін бір әйел Мәскеуге кетті. Бұлар сол қалалардағы заводтарда іс үйреніп, қайтқанда іскер болып қайтпақ.

Жақын арада Шамшиядан хат алып едім.

Саған соны оқиын. Олардың не істеп жүргенін содан көресің.

Әсия бұл арада түрегеліп, керегенің басында ілулі тұрған естіктің қонышы секілді бір былғарының ішінен бір конвертті алып келді де, - оқиын, тыңда! - деді.

Бауырым Әсия!

- "Көрмегелі жылыға жақындап бара жатыр. Жақында жездейге ("жездей" дегені менің күйеуім еді - деді Әсия) хат жазып, сенің қайда жүргенінді сұрап ем, маған адресінді жіберіпті. Сол адреспен саған бүгін хат жазып отырмын. Партия комитеті, мені Ленинградқа тәжірибе жұмысына жіберер білем деп, бір рет хат жазып ем ғой. Ақыр солай болып шықты. Өзімнен барамысың, - деп сұрап еді, өйтеуір қоғам ісіне араласқан адам болған соң, Ленинград сықылды пролетариаттың ордасы болған жерден үлгі алайын деп разы болдым. Үйден атпен шығып, үш күнде поезға келіп міндім.

Бұрын ондай үлкен қаланы көрмеген басым, шығуын шықсам да, жүрегім қобалжып еді. Поезбен үш күн жүріп, кеңесетін кісі аз боп, көңілсізденіп орнымда қисайып жатыр ем, біреу алдымнан өте берді. Қарасам өзіміздің Ләтипа.

- Ләтипа! - дедім басымды көтеріп алып, қуанғанымды сұрама.

- Ә, - деді о да жалт қарап. Екеуміз құшақтасып, сүйісе кеттік. Вагондағылардың іш-шегі қатып күліп жатыр.

Сұрастыра келсем, оны да партия тәжірибе ісіне жіберген екен. Бірақ ол Мәскеу барады екен. Талай сөзді кеңестік. Күннің қалай өткенін білмей қаппыз. Мәскеуге келіп қалдық. Ләтипа екеуміз жылағандай болып айрылдык. Жарты сутке жүріп Ленинградқа келдім. Смольный деген жерде облыстық партия комитеті бар. Алдымен соған барасың деп уком адресін беріп еді. Поездан түскеннен кейін, вокзалдың мына жағына шыға келсем, қара құрттай қаптаған жұрт, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан машиналар. Аспанмен таласқан тас үйлер. Қайда барарымды білмей

анырып, есім шығып біраз отырдым. Ауылдан әуел өзіміздің уездік қалаға келгенде, апырай мынадай да үйлер болады деп таңданып едім. Уездік қаладан өзіміз оқыған қалаға барғанда оған таңданып ем. Мынау олардың қасында тіпті керемет. Аналар ат қора сықылды. Жөнімді милициядан, басқадан сұрап таба алмайтын болған соң, біреуіне барып сөйлесіп едім, "мына автомобильдердің біреуіне мін, не 12-трамвайға мінгін. Сол апарады" - деді.

Автомобильге бір сом төлеп, зымыратып отырып, Лениннің ескерткіші тұрған, бір адам айтар емес, ұзыннан-ұзақ үйге келдім, біреулер: "автомобильге отырғызып алып, бір жаққа апарып өлтіріп тастайды" деп, уезден шығарда қорқытқан еді.

Қашан Лениннің ескерткішін көргенше, зәрем ұшып барды. Лениннің ескерткішінің маңдайына орнатқан гүлдерді көрсен, кілемді ондай ғып тоқымас. Шұбалған үйге кірдім. Бір шетімен, бір шеті шақырымнан артық. Қайда барарымды білмей дағдарып тұр ем, қолында винтовкасы бар бір қызыл өскер жөнімді сұрады да, жоғарғы үйге 215-комнатаға барыңыз деді, ол үйде әйелдер бөлімі бар екен. Сонымен қыскартып, айтқанда маған сол Смольныйдың ішінен бір жақсы бөлме берді. Жаныма бір әйел ертіп, қолыма қағаз жазып беріп, ертеңіне Маркс атынан ашылған байпақ тоқитын фабрикаға жіберді. Соның коллективіне жазылдым. Мүмкін сен коллектив дегенді білмейсің. Мұнда бір-бір заводта пәленше мың жұмыскер болады ғой, соларды коммунистері бір ұяға сыя алмайтын болған соң, әлде неше ұяға бөледі екен де, сол ұяларды коллектив басқарады екен. Менің фабрикімде 5691 жұмыскер әйел бар. Коммунисі 3437. Бауырмал адамды іздесең осыдан табайды екенсің. Мені күншығыс әйелі деп төбелеріне хан көтерді. Бұл фабриктың әйелдерінің білімін сұрама: "Маркс айтты, Ленин айтты" - деп қымс етсе зарлап қоя береді.

"Ас пісіретін әйел үкіметті басқарсын" - деген Лениннің сөзін, осы әйелдерді көріп айтқан екен деп ойлайсың.

Сол әйелдердің балаларын тәрбиелейтін яслиі бар. Яслиде 1361-дей бала бар. Туған соң суалтып жібереді екен. Балаларының шекесі торсықтай сеп-семіз. Туғандарының кім екенін білмейді.

"Кім баласысың" - деп сұрасан: тілі шығып, есін білгені "коммунизм баласымын!" дейді.

Келгеніме көңілдімін. Әуелі көңілсіздеу де, қазір үйреніп алдым. Мұнда қазақтан оқитын 60-70 жігіт бар екен. Олардың көбімен таныстым.

Барған жерлерім көп, оны тағы бірде жазармын, өзiрге мән-жайым осы.

Өзің хат жаз. Байланыс жасап тұрайық. Бөріміздің тілегіміз: социалдық дәуірді орнатуға көмектес болу, кірпішін қаласу болғандықтан, көрген ісіміздегі тәжірибемізді ауысып тұрайық. Кейде сағынам, жемісті іс істеп қайтуға тілектес боп.

Айпақшы ұмытып барады екем. Ләтипаның маған жазған бір хаты бар еді. Оның да не істеп жүргенімен таныссын деп осы хатқа қосып, салып жіберіп отырмын. Ендігі хатта көртішкемді жіберем.

Аузыңнан сүйіп досың, жолдасың,
сырласың: Шамшия.

Адресім: г. Ленинград,
Смольный. Комната 11.

Ш. Абдулхаликовой.

1927 г. 11/ВП.

- Ал енді, Ләтипаның хатын оқиын, - деп Әсия маған қарады да, - шаршаған жоқпысың, оқиын ба? - деді, шаршауын шаршап ем, өйткенмен шаршадым деуге ұялып, "оқысаң оқы!" - дедім. Әсия тағы оқуға кірісті.

"Айнам Шамшия!"

Июльдің он бірі күні жазған хатыңды алып амандығыңа қандым да, сол сағатыңда хат жазуға отырдым. Ленинград пен Мәскеу, бөрі бір қала ғой. Сондықтан қала туралы көргенімді айтпай-

ак, тура іске кіріскенімнен бастайын: мені облыстық партия комитеті "Красный богатырь" деген заводқа жіберіп еді. Әйелдер ұйымдастырушысымен бірге істеп жүрмін. Күнде жиылыстан босамаймын. Өкіл әйелдер жиналысын, сайлау науқанын өткіздік. 2799 әйелден 295 әйел өкіл сайладық. Бұларды тәжірибе жұмысына, секцияларға бөлдік. Хат танымайтындарын сауатсыздықты жоятын мектепке белгіледік. Партияда жоқ, өкіл болмаған жұмыскер әйелдер арасынан саяси сауат үйірмелерін аштық. Жұмасына бір мәртебе әйелдер жиылысына барып тұрамыз. Жұмыскер әйелдерге қарағанда біздің ел ішінде жұмыс жөнді жоқ деуге болады. Бұлардың көбі үгітсіз-ақ, өздері белсеніп іс істейді. Тіпті бұл әйелдердің арасына тағайынды кісі қоймай-ақ, партияның үгіт-насихат бөлімінің жалпы жұмысымен қатар алып барса да болады, екен. Біздің Қазақстанда мынаған қарағанда, әйелдер арасында істеу өте қиын. Қиын болса да амал бар ма. Мұндағы істің тәжірибесін ұғып алып, осыны қазақтың еңбекші әйелдерінің арасына жүргізе білуіміз керек.

Өзім мұндағы қазақ жігіттерімен танысқам жоқ. Бірде-бірін көргем жоқ. Театрға барып тұрам.

Қазір сағат екі. Ұйқым келіп отыр. Сонда да хатымды аяқтайын деп отырмын. Жалғыз отырған соң адамды қиял басады екен ғой: ауыл, ауылдың әйелдері көз алдыма келе қалғанын қарашы! Бұдан он жыл бұрын біз кім едік? Барлық қазақтың әйелі кім еді? Енді кім болдық? Қайда келіп отырмыз? Мынау жеті қатар, аспанмен таласқан ұй... Терезесін ашып, жан жағыма қарасам: аспанда жұлдыз, жерде жұлдыз. Аспан жұлдызынан, жер жұлдызды - электрдің шамы көп сықылды. Көше бойы құмырсқадай қыбырлап, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан анау топ адам... анау зырылдап жүрген машиналар...

Неше миллион жылдан бері, бірін бірі құлданып келе жатқан адам баласының өмірі ағымының социалдық дәуірге бұрып, тарихтың жаңа бетін ашқан...

Уа, жер жүзін күңіrentкен Октябрь! Мені, қазақтың қалың ұйқылы даласынан қайда алып келдіңіз?

Уа, тегеуріні темір үзген пролетариат!

Кешегі, жалғыз тәңірі - патша билеген, отаршыл, озбыршыл, қан сорғыш Россияны бүтін қандай халге түсірдің!?

Сөкеннің мына бір өлеңінің есіме түскенін қарашы:

- "Советстан біздің ыстан, совстан!

Экспресс, талма екпінді шабыстан.

Гуле жүріп,

Үні құрып,

Қалсын ұлып,

Екі жалған арттан қалмай жабысқан.

- Жас арыстан күшейесің айына,

Қылыш қайрап, дүниенің байына.

"Шешен мырза,

"Көсем құлша"

Енді "ырза"

"Сасық" деген табаныңның майына.

- "Айда от арба, күш аямай айдап бақ,

Дөңгелегің зырылдасын тақ-тақ-тақ!

Шаңқан жарық -

Шамға қарық

Болсын халық,

Электр жақ, тынбай айда, жол ұзақ!

Кондуктор,

Қарап тұр.

Жол ұзақ,

Айдап бақ,

Уклон бар,

Терең жар.

Сақ бол, сақ,

Төк-төк-төк,

Айдап бақ.

Рудзутак!

Тырат-тат-тат!

Тырат-тат-тат!"

Шамшияжан! Сен Сәкеннің осы "Экспресс" деген өлеңін оқып шықшы! Қиялым әлде қайда шауып, сағатыма қарасам, 3 болғанын сезбеймін, енді жатам.

Қош, айналайын.

Сағындым. Бауырың: Ләтипа.

14/ВП-1927 ж."

Ләтипаның хатын оқуды күтіп тұрғандай-ақ, ас келді, ішіне жұқа нан салған қойдың екі жілігі екен. Бірер жапырақ жедім де, сорпасын ішкім келмеді. - Ләтипаға ұқсап, сенің ұйқың келді білем, - деді Әсия күліп.

- Жатсақ жатайық! - дедім, Әсияға, керіліп. Әсия мен шешініп қалғаннан кейін далаға шығып келді. Ескі дүниеден жаңа дүниеге аяқ басқандығымнан маған не болса сол таңсық көріне бере ме, немене? - жатардағы Әсияның киімін сіздер тыңдамаңыздар, мен айтпайын.

- Төсіндегіні шешіп, тастасайшы. Ол адамға залалды нәрсе екен, лөктірлер солай дейді, - деді Әсия мені құшақтай беріп, шынында өзі қиын боп жүр еді, төсімді білдірмейін деп қыса-қыса, екі жақ қабырғамның терісі қолдырап қотыр боп жүрген, шешіп тастадым...

Жатқаннан кейін, Әсия бір кеңеске кіріп еді, ұйықтап қалыппын. Түс көрдім:

Суға кетіп жүрмін... Сары май жеп жүрмін... Шашымды өртеп алып жүрмін... Жүзігім жоғалып жүр... Әйтеуір бір бытысқан, бас-аяғы жоқ түс!..

... Мұрныма біреудің қолы тиіп кеткендей болғанға ояна кетсем, Әсия ойнап, мұрнымның үшін қыса қойған екен.

- Түс болып қалды. Оянсын деп ем, - деп күлді, терлеп қалыппын. Керіліп көзімнің былшығын сүртіп, басымды жастықтан көтеруге айналғанда, көзіме, үйдің таңертеңгі көрінісі елестей кетті... Таң біліне, атам тұрып намаз оқитын, одан кейін әжем тұрып, есік алдына шығып алатын да: "Осы үйдің келіндері қайда? Бұзауларды аштан өлтіретін бе едіңдер? Кешегі қайнатқан құрт әлі түр, неге жаймайсыңдар? Ау, Биқасап тұрсайшы!" - деп айқай салатын.

Әжем намазын оқып болған кезде уәделесіп қойғандай-ақ, ауылдың екі-үш кемпірі келіп, әжеммен кеңесіп, жүн

түнісіп, жіп есетін. Өздері әлде неменені кеңес қылатын. Кейде мені ұйықтап жатыр деп, жастықтың кеңесіне кететін.

"Сенің шалың құманнан қалған жоқ шығар!" дейтін Бүлкілдек әжеме.

"Өзіңнің шалың да сау емес шығар. Кемпірім кейде жанымыш болады дегенін естідім!" дейтін әжем. Мен өп-өтірік нысылдап ұйықтаған болып, рақаттанып тыңдайтынмын. Кейде күлкі қысып зорға шыдайтынмын. Бір күні дыбысым шығып кетіп, әжем менен, мен әжемнен ұялып қалғам. Әжем содан кейін, Бүлкілдек бірдеме деп келе жатса:

"Көртайғанда жастық кеңесі не керек. Бала-шағадан ұят емес пе, қойшы қара басқыр, жоқты сөйлемей!" - деуге айналған.

Әжем тұрғанның артынан мен біраз ояу жатып, тағы да ұйықтап қалатынмын. Қалай қарап жатсам да, Сейілжаннан құшағымды жазбайтынмын. Түнде оянып, жатқан жамбасым ұйып қалып, тың жағыма аунасам, Сейілжанды аунаған жағыма салатынмын, кейде Сейілжан жылайтын. Бұл кезде әжем" "бала неге жылады? Біреу келді ме" - деп күдіктенгендей боп, жан жағымды сипалап, көпке шейін сенбегендей боп жататын. Сейілжанмен менің құшағымды, жалғыз-ақ Бүркіттің құшағы айырған, бірге туысып, шын сүйіскен жалғыз бауырым Сейілжанның құшағын, өмірлік боп бірге жүрем деген Бүркіттің құшағына-ақ теңегем. Табиғаттың заңымен жалғыз бауырымның құшағынан құшағымды жазсам, одан кем емес, мәңгілік құшақтайтын ыстық құшақ таптым деп ойлағам. Мен бүгін кіммен құшақтастым. Сүм өмір мені қайда алып келдің? Жалғыз бауырымнан айырған Бүркіттің ыстық құшағы қайда?.. Сол ыстық құшаққа мен енді қайтып құшақталамын ба? Жоқ па?..

VII. ҚЫЗЫЛ ОТАУ СОТЫ

Біз шөйді ішіп, дастарқанды жинап жатқанда, мандайша, босаға адамның жылтылдаған көзіне толып кетті. Кей жерлерде туырлықты саусақ тесіп үйдің ішіне шошайып шыға келіп, артынан сол кірген тесіктен сыңар көз пайда болды. Біреулердің іргеден бет-аузы көрінді.

- Осы үйдің маңындағы жұртты әрман қарай жіберші, үйді жыртқандары несі, нені таңсық көреді? - деді Әсия, бір торсық қымыз әкеп, төсектің аяқ жағына байлап жатқан бір жігітке.

- Өзі де қызым-ақ екен ғой! - деді - бір дауыс.
- Жаман болса аты шыға ма? - деді біреуі.
- Бәлкім көзі үлкенірек болар ма! - деді біреуі.
- Көзіңді сатпай-ақ қой. Өзіңнің жаман, қара қатыныңның тілегін тіле! - деді біреуі біреуіне күліп.
- Жақсыны көрмек үшін! - деді, анау. Сөздері, мен туралы екенін білдім, білсем де амалым бар ма? Нені естімеген құлақ.

- Осы жерден не аласыңдар. Кісі көрмеп пе едіңдер, ұят емес пе? - деп жігіт үйден шыға келгенде, сырттағылар дүркірей қашты. Шайды жинағанын аңдып тұрғандай қолтығына қағаз салған қатырмасын қыстырып, соттың хатшысы Сәлмен кірді. Бойы үш кездей бар. Қақпаға, түсі сүп-суық, ала көз, салпы ерін біреу келді:

- "Бұл кісі болыстық қосшы комитетінің бастығы Бұзаубақ деген ағаң: соттың кезекті биі" - деді Әсия. Басына қызыл орамал тартқан, киімі орысша мен қазақшаның арасында, бетіне әжім кірген шамасы 40-тар кезінде, бір қараторы әйел кірді: "Бұл кісі Күң-шаш деген жеңген, болыстық әйелдер бөлімінің бастығы, бұ да соттың кезекті биі" - деді Әсия.

Атам кейде өзі теңді шалдармен сөйлескенде, сөзінің арасында: "Заман бұзылды ғой. Құм жиылып ас болды, құл жиылып бас болды. Сиыр бұл болды, қатын би болды" деп отыратын. Бұзауақ пен Күң-шашты көргенде атамның сөзі есіме түсті. Әсия, хатшысы, Бұзаубақ, Күң-шаш бәрі бірдемені күбірлеп кеңесті.

- Мен енді сот құрам. Сен жалықсаң далаға шығып келерсің. Болмаса үйде отыра бер! - деді Әсия маған.

Әсия қызыл шүберек жапқан столдың сол жақ босағаға қараған басына отырды. Бұзаубақ Әсияның оң жағына, Күң-шаш сол жағына отырды. Әсия баяғы Әсиядай емес: қолына бір кішкене қоңырауды ұстап салдыратып тірі жанның дыбысын шығармай, түсін суытып, хатшыға да, милицияға да бұйыра сөйлеп, көзіме бөтен Әсияға ұқсап кетті. Ел көзінде милициядан үлкен төре жоқ қой, сол милицияларың Әсияның алдында құрдай жорғалады. Біреуі мылтығын ұстап, қақайып есіктің ішкі жақ босағасында тұрды; біреуі Әсияның әкел деген кісісін әкеліп, шығар деген кісісін шығарып тұрды. Үй адамға лық толды: біреуі айыпты, біреуі куә, біразы жұмысы жоқ - жай сөз тыңдаушылар, соттың сөзінен менің ұққандарым да бар, ұқпағандарым да бар. Жалпы айтқанда сол күнгі көргенімнен ұққандарым мына қаралған істер.

№ 1 - "Әйел теңдігі" журналынан "Екі қатын алуға заң жоқ" - деген сөздерді оқығанда күлетін ем. Сол заң бүгін алдымнан шықты: Итбайдың Күшікбайы деген біздің үйге келе беретін, жасы 40-50 шамасында, жуан, қара бұжыр бір кісі бар еді, сол кісі тоқал алған екен. Аққұба милиция тоқалын да, Күшікбайды да дедектетіп алып кірді. Тоқалы, жасы 16 шамасында, көркемшелеу келген бір талдырмаштау адам екен.

- Мына кісіні сүйіп бардың ба? - деді Әсия келіншекке.

- Иә, - деді келіншек.

Тамағына қақырық тұрып қалды ма, болмаса соттан жүрексінді ме, не жаңылып қалды ма? Әйтеуір "ие" деген сөздің өзін ол қақырынып, даусы дірілдеп зорға айтты.

Бурыл сақалдау, жыртқы күпілі бір шал, келіншектің аузына қарап, сасқан адамдай жалтақтап тұр еді. Бақсам өкесі екен. Жауаптарының бәрінде менің не жұмысым бар; қысқартып айтқанда, жауап бойынша қыз "сүйіп" тиген, Күшікбай "сүйіп" алған.

Өкесі "сүйгеннен" берген болып шықты. Өтірік екенін сот түгіл мен де көріп тұрмын, өйткені жауаптары шатақ.

Өкесі - "Қолымнан бердім, сүйіп барды" - деді.

Күйеуі - "Өкесі бермейтін болған соң, сүйген адамым болған соң, Совет құқыметінің арқасында, заңға сүйеніп алып қаштым!" - деді.

Куәлар - "ие, ие" дегеннен басқа түк жауап айтқан жоқ. Не сұраса да "ие, ие" дей берген соң Бұзаубақ қасақана, "Өкеңнің еріксіз бергені рас па?" деп еді, оған да "ие" деп қалды. Жауаптары біткеннен кейін, Әсия келіншекті оңаша алып қалып, сай сүйегін сырқырататын сөздерді айтып келіншекті ақыры шынын айтқызды. Еріксіз барғаны рас екен. Сол келіншекті Күшікбайдан айырды.

№ 2 - Құдайжар деген бір қазірет, өткен жылы өзінің жалғыз қатынын "талақ қылдым" деп, бір неше кісіні куә қылып сотқа арыз береді. Сот шақырып алып, жалғыз әйеліңнен неге айрыласың десе, - "шариғатта, әйелсіз тұратын сопылықтың бір жолы бар, соған түскім келді!" - дейді қазірет. Соттың алдында әлде неше кісі куә боп, "талақ" қылғанын мөлдіретіп тұрған соң қазіреттен әйелін, малын қақ бөліп беріп қазіреттен айырады.

Қазіреттің жалғыз інісі өледі екен. Інісінің 20-21 жастағы әйелі қалады екен. Қазірет соттан кейін "жесірім" деп келінін алғысы келіп, келіншек көнбесе де, ел-жұрт боп "іні өлсе аға мұра" деп қазіретке қосады екен. Қазіреттің бәйбішесінен заң күйінше айрылған бір себебі осы келінін алу, екінші себебі налогке ілігетін малы көп болғандықтан соны екі жерге бөлу болады екен. Қазіреттің бәйбішесі "талақ" болғаннан кейін, қазіреттен бір перзент көтеріп, ұл табады екен. Қазірет тоқал келіні жас адам болғандықтан, "суық жүрісің бар" деп сенбей, кісі бетіне қараса ұра бастауға айналған екен. Сол көп ұрудың біреуінде, тартып қалған қамшының ұшы қатеден көзіне тиіп, келіншектің бір көзі ағып түскен. Қысқасы тоқал сотқа "күн көруім қиын болды, кетем" - деп арыз берген екен.

Қазірет - жасы алпыстар шамасында, ұзын қара сақалы бар, екі беті шикандай қып-қызыл жуан кісі екен. Жауабынан да шатасты.

- Бәйбішенді тастасаң мына бала қайдан туды? - деді Әсия қазіретке. Әсия қазіреттен, үлкен кісі екен деп биттей де шіміріккен жоқ.

- Мен білмеймін, - деді қазірет. Өтірік екені көрініп тұр. Қанша таңғанымен, ар жағында аян боп тұрғандықтан, өтірік айтқанына өзінен-өзі ұялады білем, қып-қызыл боп кетті. Ішімнен "апырай, қазірет кісі де өтірік айтады екен?!.. - деп тұрмын.

- "Қолыңызға құраныңызды аласыз ба? Осы бала менікі емес" деп, - деді Күн-шаш күлімсіреп, қазірет не айтарын білмей сасып, жан-жағына жалтақтай берді. Аузына қатеден түсіп кетті ме? Болмаса шынын айтқысы келді ме? - Әйтеуір дыбырлап тұрды да бір заманда:

- "Шарифатта қайла шарғи деген болады. Соған муәпік қылып істегеніміз еді, бала менікі еді!.." - деп аяқ жағын күмілжітіп жіберді. Соттың бұл ісі туралы қорытындысы - қазіреттің абақтыға жатуына, біраз малы қазынаға алынып, келіншектің еншісін өперуге барып соқты.

№ 3 - Шокбыт деген бір шал, он бір жасында жетім қалып, Көдебай деген кісіге қой бағуға тұрған екен. Сол тұрғаннан 35 жасына шейін тұрып, дәл 35 жасында бір нашар адамның қызын мал беріп алады екен. Көдебай өлгеннен кейін Шокбыт оның баласы Сасықбайдың қолында қалады екен. Шокбыттың қатыны Домалақтан үш қыз, екі ұл туады екен. Екеуі 25 жыл отасқаннан кейін, Домалақ бір

күні күрт қайнатып отырып, етегіне от тиіп кетіп, күйіп өледі екен. Екі қыз күйеуге беріледі екен. Домалақ өлгенде шалдың қолында Балбөпе деген 8 жасар қызы мен, Кенжеқара деген он жаста бір ұлы қалады екен. Үлкен ұлы Шұлғау Сасықбайдың көп жалшысының біреуі боп жүре береді екен. Кенжеқараны бір коммунист "оқуға берем" деп алып кетеді екен. Балбөпе 14 жасқа келеді екен. Сұлу боп өседі екен. Сасықбайдың қатыны үшеу болса да жас иіске қызығып, Балбөпеге аяқ салғысы келеді екен. Сасықбай бір күні Балбөпені түнде зорлап, қасына жатқызады екен. Сонымен Балбөпе төртінші тоқал болады екен. Бірақ "шақырусыз қонақ, орынсыз жерге отырады" дегендей, әуелі қызыққанымен, артынан құнсыз келген Балбөпе құнсыз тұрмысқа көшеді екен. Сасықбайдан басқа анау үш қатын да бұған күн көрсетпейді. Қысқасы Балбөпенің байы біреу емес төртеу болады екен. Балбөпені Сасықбай алғаннан бір жыл кейін, Кенжеқара мектебін бітіріп, болыстық комсомолдар комитетінің хатшысы боп келеді екен. Қарындасын көргеннен кейін, шыдамай, әрі қарындасын босатуды, әрі әкесіне мал өперевуді талап етіп, Кенжеқара сотқа арыз береді екен.

Сасықбайда куә мұндай көп болар ма. Ылғи семіз кісіні іздеп жүріп куәға салғандай, куәларының бәрі де қарындары шартпаған өңшең дәулер екен, 25 жыл Сасықбайдың тепкісінде жүрген Шоқбыт Сасықбайға жаутандап, қалшылдап дөнене айта алмай:

- Әкем 55 жыл еңбегін сіңірді; шешем 35 жыл күндігінде жүріп, күйіп өлді; Шұлғау деген ағам биыл 28-де, есін білгелі о да осының жұмысында; мен өзім де мұның 5 жыл қойы мен қозысын бақтым. Балбөпенің жайын көріп тұрсыздар, ұзатқан екі апам бірдей осылардың күндігінде жүрді. Сасықбайдың жиып отырған малының көбі біздің еңбек. Өмірімізде бір тиын алған пенде емеспіз. Бәріміз де тамаққа жүрдік! - деді Кенжеқара екілене сөйлеп.

- Байларда құдай жоқ. Сонша еңбегім сіңіп жүргенде, маған бір бүгін көйлек өперген жоқ, Жақын арада көк-ала койдай қып ұрған таңбасы иығымнан әлі кеткен жоқ; - деп Балбөпе көйлегінің жыртығынан етін көрсетті. Рас көк-ала екен.

Сот - Шоқбытты Сасықбайдың малына ортақ деп тауып, бірақ үйі мен малды қақ жарып бөліп беруге қаулы шығарды.

- Малды алғаннан кейін, Шұлғау мен екеуінді малдарыңмен болыстағы коллективке апарып қосам. Маған бай болудың керегі жоқ! - деді Кенжеқара әкесіне.

- Қарағым-ау, Сасықбай өлтіреді ғой! - деп Шоқбыт еңкілдеп жылап жіберді.

№ 4 - "Сен нешедесің шырағым?" - деді Бұзаубақ басына орамал тартқан 12-13 жасар бір әйелге.

Он тоғыздамын, - деді анау.

Ерсі көрмеген жан болмады білем. Жұрт ду күлді.

- Рас, он тоғыздамын! - деді әйел өз сөзіне өзі сенбегендей жаутандап.

Дәрігер бұл әйелдің 12-де екенін куәландырған екен. Күйеуі 35-тер шамасындағы адам екен. Сот бұл жұмысты созбай "жасы жетпеген адам" деп айырып тастады.

№ 5 - бір жесір қатынның мал-мүлкі мен бала-шағасын күйеуінің туысқандары тартып алып, өзін қаңғыртып қоя берген екен. Қатын арыз берген екен.

Жауап сұрағанда, малға, балаға ие болған біреуі: -

- Балалардың өзі қалды. Мен зорлап алып қалғаным жоқ. Ағамнан қалған бала болған соң, шешесі күйеу іздей беріп кеткен соң, күтіп отырғаным рас! - деді.

- Балалары қай жаста? - деді Әсия.

- Біреуі 3-4 жасар, біреуі 5-6 жасар.

- Өтірік айтады! - деді қатын, соттың сабыр етіңіз дегеніне болмай - ұлым, мен кеткенде сегіз айлық еді. Қызым бір жарым жаста еді. Менің кеткеніме міне тоғыз ай.

- Баланы алып келіндер! - деді Әсия.

Балаларды сол жерге әкеліп қойған ба? Болмаса ауыл жақын ба? Аққұба милиция кешікпей, бір жас баланы көтеріп, біреуін жетектеп алып келді. Қызы шешесін ұмытқан жоқ екен? Көргенде "апа" деп шынғырып қоя берді. Ұлы танымай қалыпты. Екеуі де жүдеу, шаштары өсіп сіркелеген, үстерінде бір жапырақ киім жоқ, денелері қотыр, кір, өсіресе ұлының қарны жуандап, басы қазандай боп, мойны қылқиып, сирағы шидей боп кетіпті.

- Құлыншақтарым-ау, қайда адасып қалдыңдар! - деп қатын дауыс қып балаларын бас салды, жұрттың көбі жылаған шығар деймін. Мен өзім: зарыққан анамен, сағынған балалардың көріскеніне шыдап тұра алмадым, көзімнің жасы ыршып кетті. Сот балаларды шешесіне тәуелді қылды.

№ 6 - бір жігіт, бір қызды үйінің ризалығымен алады да ЗАГС-ке тіркетем деп болысқа алып келіп, сонда қонады. Қыз қасында жатады. Ертеңіне "бір жерге барып келейін" деп жігіт кетіп, түсте қайтып келсе, әкелген келіншегі басқа біреумен некесін қидырып қояды. Жігіт "әйел менікі" деп таласса, ЗАГС: "әйелдің кімді сүйсе де еркі бар" деп болмайды. Жігіт санын соғып кете барады. Әйел онымен ғана қоймайды, бір жаздың ішінде бес кісіден шығып, алтыншыға тиеді. Ақырында болыстағылар сезіктеніп қузаса, әйелдің орнын ауыстыра беретін себебі - ағалары сатып мал қылады екен. Сот бұл істің анығына жетіп, ағаларын жазаға тартты. Әйел кінәсін мойнына алды.

№ 7 - бір молда аштық жылы, тамағы тоқ отыра, бір кедейдің жалғыз қойын сойып жеп, етін мешітке тығып қойған жерінен тауып алған екен. Бұл істің қылмысты жағы қысқартылып, ақылы іске көшкен екен. Сот қойын өсімімен алып берді.

№ 8 - бір қатын: "Маған Желдібай деген жігіт қол салды!" деп арыз берген екен. "Біз де көрдік, дауыстап жатқан жеріне жүгіріп барсақ, ұстап отыр екен. Акті жасадық" - деп ауыл-найдың хатшысы куә болыпты. Сұрастырып келгенде өтірік болып шықты. Қатынның жала жабатын себебі, бір қайын інісінің келіншегі кетіп, соны осы Желдібайдан көреді екен. Кек қайтарам деп істеп жүргені екен. Сол әйелді өтірік арызы үшін сотқа тартты.

Сот тағы бір жұмысты қолына алып күннің кешкіргеніне қарамай, іске кірісіп жатыр еді. Күн желденіп, дауыл болып, жаңбыр төгіп қоя берді. Үйден тамшы сорғалап қағаздарды еріксіз жинатты. Хатшы далаға шығып келді де, "бұлт қалың екен, жаңбыр басылмас, сотты жабайық" - деді. Сот жабылды.

- Уһ, шаршадым-ау! - деді Әсия, маған жақындап кеп керіліп.

- Апырай, өзің шаршамайтын мықты екенсің. Сөйлеп, дамыл көрмей отырған сен түгіл қарап отырған мен де шаршадым - дедім. Оным рас. Күн желденіп, бұлт қалталап жауып, біраз жарқылдап-күрілдеп тұрды да басылды.

- Сіздерді қонаққа шақыра келіп ем! - деді бір жігіт жаңбыр басылғаннан кейін, үйге, басына жалбағайын киіп кіріп келіп.

- Сен қай жігітсің? - деді Әсия.

- Болыстық кеңсенің күтушісі едім.
- Кім шақырды?
- Тәстемір ағай. Бүгін бір тоқты сатып алып еді, соны жолдастарына жегізбек екен. Сізді ішінде болсын деп еді.
- Тәстемірің болаткомның төре ағасы ма?
- Иә.

Тәстемір деген сөз менің құлағыма таныс сөз сықылды боп естілді. Менің жасырақ казімде, біздікінде жалшы боп жүретін Тәстемір деген бір сары жігіт бар еді. Өзі өлеңші де. Дәкен екеуіміз Тәстемірдің қолы босаса-ақ, отауға алып барып, домбыра тарттырып, өлең айттыратынбыз. Тәстемір оңашада Дәкеннің төсін ұстап, күліп ойнайтын. Бір күні аузынан сүйіп жатқанында көріп қалғам. Үй іші Дәкенмен көңілдестігін сезіп қалып, әкем: "бір өгіздің мүйізін сындырдың" - деп, сабап-сабап, ақысын бермей қуып жіберген. Сол Тәстемір біздің үйден кеткен соң, орыс арасына сіңіп кетіп, өнерпаз болыпты деп естігем. Биыл Тәстемір деген біреу болыс болғанын естігеніммен, ол Тәстемір деген ойымда да жоқ-ты.

- Ол қай Тәстемір? - дедім Әсияға білгім келіп.

- Әкесінің аты Қойбағар.

Сол болып шықты.

- Киін, Бәтес! - деді Әсия.

- Мен бармай-ақ қояйын.

- Сен бармасаң, мен де бармаймын - деп Әсия өкпелейтін болған соң:

- Барсам барайын - дедім.

Екеуіміздің жолшыбайғы кеңесіміз, менің оқу оқитын қалама қалай баруым болды.

- Осында N... қаласында оқып жүрген Балқаш деген жігіт жүр. Өзі жақсы жігіт. Сені біледі. Мен сені сонымен жіберейін деп ем. Оны білетін бе едің? Бұған қалай қарайсың, - деді Әсия,

- Балқашың Балықбастың Балқашы емес пе? - дедім жұлып алғандай. Ол болса білемін. Білмек түгіл, мен мектепте оқып жүргенде, ол бір айдай мұғалімге жәрдемші де болған. Бізбен елдес: танауы делдиген, ұрты жалбыраңқы, жалпақ бет, кертеш мұрын, тапалдау, дембелше кара жігіт. Біздікіне жылда келіп, бір қонып кететін. Биыл келіншек алды деп естігем.

Иә, сол Балқаш! - деді Әсия.

Ол қайда?

Бір жаққа барып келем де кеше кетіп еді. Бүгін болысқа кешер. Не келген де шығар. Өзі сені алып кетем деп әдейі тосып тұр. Жанында келіншегі де бар. Бір жасар ұлы бар.

Кетіп қалмай ма?

Жоқ кетпейді.

Ендеше, мен соған ерем..

Ымырт жабылған. Ай жоқ. Аспан түнерген, қап-қара бұлт жаппа жағымызда, анда-санда найзағайдың оты жылтылдап, жарқылдағанда, қап-қара бұлтқа көзің түсіп кетсе, зәрең үшкандай. Анда-санда сатырлап кеп кеткенде, бұға қалам. Өйткені бір жылы Қайрақбай ауылында бұзау қайтарып жүрген бір кемпірге күн түсіп өліп еді. Содан бері, күн күркіресе зөрем ұшады.

Күн көп жауғандықтан, жер сазданып қалған екен. Аттың аяғы тиген жері, көлдің ішінде келе жатқаннан кем шалпылдаған жоқ. Доңғалаққа жабысқан балшық, жентектеліп алып, арбаның ішіне жалпылдап түсіп үстімізді былғады. Бір ретте жарты бұттай бір балшық, төбемнен келіп бергенде, көзімнің оты жарқ ете түсті.

Шаңырағынан оты жарқылдап, ішінде ызындаған домбыраның даусымен, сөйлескен, күлген адамдардың дыбысы шыққан бір үйге келіп тоқтадық.

- Осы Төстемірдікі шығар! - деді Әсия. Жұрттың алдынан бір ит барқылдап үріп бізді қарсы алды...

VIII. ҰЗАҚ ЖОЛ

Қонақ асымызды ішіп біз аттанғанда, таң ала сәулеленіп қалған екен. Бұлт ыдырап, жел басылды.

Үйде отырғанда ұйқым келгенмен, Балқаштың әйелі Айдай, жылы ұшырап, жаныма отырып кеңескісі келген соң ұйықтамағам, өйткенмен маужырап, есінеп зорға отырғам.

Төстемір менімен, не себеп екенін білмеймін, жауап қатқан жоқ. Сол үндемеген қалпымен қалды.

Балқаш: "мен әкеңнен демеймін, ағаңнан кем болмаспын. Айдай жеңгеңнен кем болмас, ойыңа түк те алма. Ендігі жылы өзім үйіңе ертіп барып, табыстырам!" - деді арбаға мініп жатқанда.

Таңғы самал ұйқыны ашты, бірақ уайымды аша алған жоқ. Балқашты көргеннен кейін көңілім бұрынғыдан тоқ болғанмен, "қайда барам?!" - деген ой ойымнан екі елі шықпай-ақ қойды. Алдым қараңғы тұман сықылды, артым қаптаған өрт сықылды. Түскен жолым, шеті жоқ бір ұзын жол сықылды...

" Мен қайда барам?!" - деген сөзді, қызыл отауға жеткенше, миым миллион рет айтқан шығар...

Біз отауға жақындағанда бір ерттеулі ат, оның жанында сүмірейіп біреу тұр еді, отауға кеп тоқтай қалғанымызда "құлыным-ау!" - деген апамның таныс дауысы құлағыма сап ете түсті. Жалт қарасам, манағы сүмірейіп тұрған апам екен, құшағын жазып кеп, мені бас салды.

Апам:

- "Базардан келген бал ма - екен - ойбай,
Балаға бір көңілім зар ма екен - ойбай.
Құлыным сенен айрылып, ойбай,
Менен де сорлы бар ма екен - ойбай!
"Әуеден ұшқан лашын - ойбай,
Жерге жаяр құлашын - ойбай.
Мені бүйтіп зарлатқан,
Мендей болып жыласын - ойбай-и-и-ий!" -

деп жырлап жөнелді. Тағы бірдемелердің басын құрап соғып жатыр, мен дауысымды шығарғам жоқ. Өксідім де тұрдым.

- Ұят болады, шешей, қатты жылама! - деді Әсия апам "қой" деп, апам ол сөзін тындамаған соң, апам ұят-мұятына қараған жоқ, үдете-үдете соғып, даланы басына көтерді, екі көзінен ыстық жас, шүмектен аққан судай құйылды. Апамның дауысынан қорыққандай, шық көтеріліп аспанға ұшты.

"Ерте жылаған кім?" - деп таңданғандай, күн де жарқырап шыға келді, күн көзінің сәулесімен, апамның көзінен моншақтап жас қып-қызыл қанға ұқсап кетті, "менің де сүйегімді босатты!" деп, бұлт та көзінен жасын төгіп өтті. Апама - қызыл отаудың жанынан өріске өріп кетіп бара жатқан сиырлар да мәңіреп дауысын қосты. Дөңнің басында бір түйе шөгіп жатыр екен, апамның даусы шыққаннан кейін, түрегеліп, қарап біраз тұрды да, ойнап кеткен ботасын жоқтап, апама қосылғысы келгендей, боздап бізге қарай

аңдап, "жырынды бір жырласайық" - деп, торғайлар қияға шығып алып, қанатын ебелектетіп қарады да тұрды, дауысы оңтандай болып, дүние жүзі жыры, қимылға айналып кетті. Аппам жылауын, жырлауын қояр емес еді, сілесі қатты, үні шықпай қалды...

Әкем қайда? - дедім апама, құшағымды жазғаннан кейін.

Аппам жылап отырып: менің артымнан қуып жеткісі келіп ат сұрағанын, үй ат бермегенін, әкем біреуді "осылай қылып кетті" - деп қалаға шаптырғанын, аппам желідегі құлынды биенің біреуін салт мініп адасып, жауын өтіп, қызыл отауды жаңа ғана зорға тапқанын - айтты. Бізге ақыл айтып тұрған Әсияға мен: - күн шығып қалды ғой, сен ұйықта. Мен аппаммен кеңесе тұрайын. Ұйқым келсе жатармын! - дедім.

"Азғырылып қалма!" - деген көз қараспен Әсия үйге кіргеннен кейін аппам мені тағы құшақтады. Бірақ дауыс қылған жоқ, жәй жылап, маңдайымнан иіскеп, бетімнен, қолымнан шопылдатып сүйді.

- "Үйге қайта алмайсың ғой. Қалай қайтасың. Қойшығұл, "Бәтесті оқуға жіберетін болды, ертең жүреді" - деп келген соң шыдай алмай келдім. Әрі сенің кеткеніңді намыс қып, әрі атын аттырып, ел дүрлігіп жатқаны анау. Жұртқа соқпауылдай қыз көрінгеніңмен, өзіме бала сықылды едің. Ұйқың да ашылған жоқ еді. Қайда апаратындарын, қай жерге қаңғыртып тастап кететінін қайдан білейін, сүттей ұйып отырған әке-шешеннен айырып, осындай басыңды базарға салған жұмысты құдайдан көрейін бе, адамнан көрейін бе? - деді аппам.

Тағы да бірдемелер сөйлеп келе жатыр еді, бет-аузы жыбырлап, ерні болпылдап, жасы іркіліп, сөйлей алмады, мен жылағам жоқ.

- Апа! - дедім.

- Немене, құлыным! - деді аппам көзін сүртіп.

- Сен енді жылама. Берік бол. Ауылға мен енді қайтып бара алмаймын. Оны өзің де айтып отырсың. "Жақсы ит өлімтігін көрсетпей өледі" - дейді ғой. Мен тым болмаса ит құрлы жоқпын ба? Өлімтігімді көрсетпей өлейін, тірі болсам бір көрерсің, өлсем, көп өліктің біреуі боп қалармын.

Бұл арада менің көңілім босап, орамалыма көз жасымды біраз төгіп алдым. Тегі әйел халқы: нәзік, жасық, мұңды

болып өскен халық қой. "Мен қазақпын" дегеннің әйелінде, жылаусыз күн кешкен кісі аз шығар. Қазақ әйелінің жеті ата, жеті мысынан бері қарай көрген күні осы болған соң, жылау деген, жай бір дағды болып кеткен ғой. Әйтпесе құнымыз қалғандай сонша жылайтын неміз бар? Жылағаннан не пайда келеді.

- Ие! - деп апам сөйлеп келе жатыр еді, осы, құрып қалғыр көз жасы құрымайды екен, болар іс болып, бояуы сіңген соң жылайтын не бар! Мен енді не қылса да кетем, осында Балықбастың Балқашы жатыр екен. Жанында қатыны бар. Әсия мені соған қосып жібермек болды, - дедім.

Ұйқы деген адамның дұшпаны ғой. Біздің ауылда Тоқбақша деген бір кемпірдің жалғыз баласы өліп, соны түнде күзетіп отырғанда, - ұйықтап қалды. "Жалғыз баласының шілдегінде отырып, арсыз мұндар не бетімен ұйықтайды" екен! - деп қатындар өсек қып келген. Соның біреуі апам да. Талықты ма, болмаса ұйқышыл сорлыны ұйқы басты ма? - Менің сөзімді түгел тыңдай алмай, сәске көтеріле қалғып кете берді.

"Жаны басқа" деген осы ғой. Әйтпесе, бүкіл елден жаны ашып, түн қатып қуып кеп отырғанда, бір күнге түгел шыдай алмайтын несі бар? Тоқбақшаны кеңес қылғанда, өз басын да күн туатынын білді деймісің? Басы жұмыр, тойғанына тасып, өзінен өзгені ұмытып үйренген адамның баласы емес пе? Мені енді қайтып көреріне көзі жете ме? Неге қалғиды? Жан басқа. Жан басқа болған соң, әркімнің ойы да басқа!..

- Ұйқың келді ме, апа? - дедім, апам басын шұлғып қалғи берген соң.

- Ә-ә, - Кәкен... Сейіл... Бәтес! - деді де, ой-бой, сорлы басым-ай, не бетіммен қалғып отырмын! - деп көзін әлүсіретіп аша қойды.

"Кәкен, Сейіл, Бәтес" деп бәрін тұтас атап, өзіне керегін бір аздан кейін айтатын апамның ежелден бергі әдеті еді. Ал, әлүсіреп маған қарай қойған көзіне көзім түсіп кеткенде, қанша ренжіп отырғаныммен, мырс етіп күліп жібердім...

Сәске көтерілді. Қызыл отадан 3-4 шақырым жерде отырған ауылдардың жылқыларын топтандырып, отрудың қасынан айдап өтті. Әсия түрегеп түндігін ашты да, үстіне сарттың ала шапанын жамылып маған келіп:

- Ойпырой, әлі отырсың ба манағыдан? - деді.

Құдай басына салған соң отырмай қайда барсын! - деді апам.

Шешей, балаңызды қымай отырсыз-ау, бәріміздің де сіз секілді шешеміз бар; олар да жылап жүреді. Бірақ, жынып дәнеңе жоқ, аман болса ертең-ақ келеді, - деді.

Қайдан білейін қарағым. Бұл жол жүріп, сендердей балықтан бала емес қой! - деді апам.

Ірі болса ысылады! - деді де Әсия, маған - үйге бармаңның ба? - деп, өзі отауға кетті. Күн қайнай бастады. Ғұрт топырлап жиылуға айналды.

Кірінігім қатып, ұйқы мүлде қашқан, қалғымақ түгіл ештеңем де жоқ. Қалтамдағы айнамды алып кескініме қарасам қыбағым кіртііп, бетім іскендей жалтырап, көзім қызарып, кескінім кескін емес, әлде немене болып қалыпты.

Апау әкең емес пе? - деді апам сол жақ иығына қарап. Аппам қараған жаққа мен де қарасам, әкем бір топ кісінің арасында, қамшысын беліне қыстырып келе жатыр екен. Мені көрсе де көрмегенсіп, жанымнан өте берді.

Сынаптай көңілімнің толқып тұрған кезі болғандықтан, әкем бетімнен сүйіп, үйге жүр десе, еріп кетерме ем, қайтерек! Қайрылмай қасымнан өте бергенде, әкелік мейірімнің шап жойылғанын көріп, көңілім мұздай қайта қата қалды.

Жүр, апа, үйге барайық! - дедім тұра жөнеліп, апам аман қала берді. Мен үйге кіріп кеттім.

Әсия дастарқанына жемістерін төгіп, шайын жаңа жасап қатыр екен, шәй ішейік, отыр - деп еді, - ішкім келмейді, - деп тосектің орта кезінде, жағымды таянып сазардым да отырдым. Шәй ішіліп болған кезде, қолына бір қағазды ұстап Қайрақбай үйге кіріп келді де, Әсияға ұсынып, өзі шығып кетті.

Не жазыпты? - дедім Әсияға жақындап. Қағазды Әсия оқымастан, не жазғанын білгім кеп, - кел - оқиық! - деді Әсия, оқыдық.

Қызыл отау сотына

4-ауыл, Тоқбақбай Мақамбетұлынан

Арыз

- "Осы жыл, августың тоғызы күні таңертең ұйықтап жатқан кезімізде үйімізге біреулер кеп мылтық атты. Жау түскен екен деп ояна кетсек

болыстың милициялары екен. Ұйықтап жатқанда неге мылтық атасың деп ем, біреуі мені мылтық дүмімен бетке салып жібергенде мұрнымнан қан сиіп қоя берді.

Ақық дейтін әйелім маған араша түсіп еді, өзін көк-ала қойдай қып сабап, мылтықтың дүмімен түйгіштеп талдырып тастады.

Екі қабат адам еді. Милициялар кеткеннен кейін баласын тастап, сол талықсыған қалпымен қалды. Өлі-тірі екенін білмеймін. Милициялар өзімді, қатынымды ұрып алғаннан кейін, қотанда жатқан қойдан бір қошқар тоқтымды қолдарымен ұстап әкелді де, "мынаны сойып, ас" - деді. Қарсыласарға дәрмен жоқ. Сойып асып бердім. "Сүрі жоқ жас етте дәм болмайды" - деп, қолдарымен керегеде ілулі тұрған жарты жая мен қос қазыны бірге асты. Ет пісіп келе жатқанда, Қаратілеу дейтін басқа бір ауылдың адамы келіп, үйде пәлелер отырған соң қымыз да ауыз тимей, аттанып бара жатыр еді, милицияның біреуі "сен сотқа хабар берейін деп бара жатыр екенсің!" деп, тоқта! - деп айқай салды. Анау бір момын адам еді, қорқып тоқтамаған соң милиция атып, оқ атына тиіп табан аузында өлді. Еттерін жеп болғаннан кейін "сандықты аш!" - деп, еріксіз барлық сандықтарды аштырды, сандықтың ішінде бір алтын сағат жатыр еді, оны алды; екі алтын жүзік, бір күміс кесені алды; 85 сомнан сатқан алты аттың ақшасы жатыр еді, оны да алды. Сонан кейін өз қолдарымен атымды жегіп, қызым Бәтесті арбаларына салып өкетті. Қайда өкеткенін білмеймін. Қызды неге өкеткенін жөне білмеймін. "Қызын тастап кетейін, маған Сарыбауыр деген жүйрік аты мен жанат ішігін берсін" - деп кісі салған екен, мен "Совет үкіметінде пара беру жоқ" - деп бермедім. Осы жұмыстың бәрін көзімен көрген адамдар: Қайрақбай Орақбайұлы, Жұман Жаманұлы, Қылықбай Садақбайұлы, Балғабай Найзабайұлы, Дөненбай Бестібайұлы, Қарабас Сарыбайұлы. Осы

кісілерден жауап алып, үкіметтің атын былғап жүрген жауыздарды жазаға тартсаңыз екен.

Егерде қыз кетемін десе, Совет үкіметінің заңына қарсылығымыз жоқ. Бірақ, қара шаруа адамға, мынадай забыр салуы, үкіметті елге жек көрінішті көрсеткені.

Өтінуші (қол қойған)

10/VIII-1928 ж.

- Рас па, мыналары! - деді Әсия маған қарап.
- Біреуі де рас емес. Бәрі өтірік.
- Ендеше, мен өтірік арыз бергені үшін оларды сотқа тартайын.

- Мен кетіп барам. Жаны ашынғандықтан айтқандары ғой. Надан адам не демейді. Жазаландырып қайтесің! - дедім Әсияға.

- Солай болса болсын! - деді Әсия.
- Бәтес шырағым, шығып кетші! - деді Қайрақбай, үйге қайта кіріп.

- Не керек еді! - дедім бетіне адырайып.
- Жай бір жұмыс бар еді. Шыға қойшы шырағым! - дей берген соң, мен Әсияға қарап ем, Әсия маған сенгендігінен бе немене:

- Бара ғой, бір жұмысы бар шығар, - деді.
- Сенің айтатын сөзің әлі таусылған жоқ па еді. Не айттайын деп ең? - дедім, Қайрақбайға түсімді суытып, босағадан ұзамай.

- Сенің елден ұзап кетейін деп жатқаныңа, қабырғамыз қайысып тұр. Ажал бар да дағдыр бар, ауру бар, сырқау бар; бұрын жол шықпаған баласың. Ішіміз ашып тұр.

- Ал, оны не қыл дейсің?
- Үйіңе баруға ұялсаң, басқа ретін істегіміз келіп еді.
- Не рет?
- Мына жігітті танысың ба? - деді Қайрақбай, қасында тұрған бір адырақ көз, орысша киінген жігітті көрсетіп.

- Танымаймын.
- Танымасаң, Орынбор - Сібірдің оқуын тауысып жүрген өнерпазың осы. Аты Тәңірберді. Үйі шалқыған бай.

- Ал не қыл дейсің.
- Осы мырза сені алғысы келеді екен. Бұл, көзі көріп мақтағандық емес, Бүркітіңнен ана құрым артық. Ол аты

оқыған болмаса, мұның атының басын да алып жүре алмайды; өзі келісті, айдалаға қаңғығанша осыған қосыл. Үйің де риза.

Тәңірберді болмақ түгіл сайтан болды болса да мен ешкімге тимеймін. Сендерден күйеу сұраған жоқпын. Ажал алмақ түгіл, қағынып кетейін; әкем безбек түгіл шоқынып кетсін, мен енді сендерге жоқ адаммын. Өзі қаңғырған басымды қаңғыртпаңдар. Өле алмай жүргенде біреуіне пышақ салып құнымды артып өлермін!..

Мен сөзімнің осы арасына келгенде, Қайрақбай, "осы шынымен пышақ салып ала ма?!" дегендей, сескеніп шегіне берді. Адырақ көз жігіт өуелі маған көзін ойнақшытып, күліп тұр еді. О да тұмсара қойды.

- Менен бұдан басқа сөз ести алмайсың! - деп, Қайрақбайға алая бір қарадым да, үйге кіріп кеттім.

- Кәне шырағым, даярлан, жүрейік! - деді Балқаш кіріп кеп.

- Аттарыңды даярлатып па едің? - деді Әсия.

- Даяр.

- Сендерге милициядарлы қосып берейін.

Тағы да соңымыздан қуа ма деп көңілім қобалжып, жүрегім дірілдей қалды.

- Дұрыс! - деді Балқаш.

- Үй маңындағы жұртты әрі қарай жіберші. Бәтес екеуміз азырақ сөйлесейік, - деді Әсия қара мүртқа. Қара мүрт далаға шығып:

- Осы арада сендерге табақ тартылатын ба еді, неге кетпейсіңдер! - деп жұртты дүрліктіріп, қуып жіберді.

- Мен де кетейін! - деп Балқаш та шықты.

- Қымыз ішемісің, қарның ашар! - деді Әсия.

- Жок.

- Бәтес! - деді Әсия, кескініне қарасам жинақ отыр екен.

- Ә?

- Мен саған айтатын ақылымның біразын айтқам. Біреудің сөзі біреуге сөз болмайды деген бекер. Шын достық айтатын кісі табылса, зердесінде бірдеме бар адам, оның сөзін далаға тастамайды. Шын достық көңілмен өзіңе мына өңгімелерді салам: алдымен жылау дегенді осы жерге көміп кет, жасық болма, жігерлі бол! Жақсылық көретін де, жамандық көретін де күнің болар, аш та, тоқ та боларсың. Киімді де, жалаңаш та боларсың, соның бәріне шыдай біл! Шыдасан дегеніңе жетпей қоймайсың.

Екінші - оқуға ынталы бол! Қашан оң қол, сол қолыңды танығанша, саған оқудан артық дос табылмайды. Оқуды жақсы оқып шықсаң, қараңғы өмір жарық болады, көздеген жеріне оқудың өзі бастап алып барады. Баратын қаланда Сара, Нағима деген жолдастар бар, соларға хат жазып берсем, олар мектепке орналастырады. Қаражат жағынан тарықпассың. Қазір мектептердің тұрмысы жақсы ғой.

Үшінші... Әсия бұл арада жинағырақ сөйледі... Бұл өте керекті ақылым. Осы ақылымды мықтап ұқ. Ол - өзің-өзің берік бол. Ұлы сөзде ұят жоқ. Сен ер жеткен, жолың ашылған адамсың.

Ер жеткен адам тамақ пен киімді қандай керек қылса, жастықты да, сондай тілейді. "Жастық" дегеніме түсінерсің.

Ол бәріміздің де басымызда бар. Бәріміз де жаспыз. Бірақ сол, жастық деген жұмысқа өте сақ бол, оқуыңды бітіргенше шыда, одан өлмейсің. Оқуыңды оқып болып, өзіңе өзің келіп алған соң Бүркітке ме, басқаға ма? - өз көңілің қалаған біреуге қосыларсың.

- Мен коммунистпін. Оның не деген сөз екенін оқығанда білерсің. Коммунистер жалпы адам баласын теңестіреміз деген тілектен. Сол тілектің ішінде әйелдер бар. Коммунистердің ойынша: әйелге еркек жалғыз-ақ әйел деп қарамай жолдас деп қарау керек. Анығында солай: әйел еркек пайдалану үшін ғана жаралған зат емес, еркекпен бір дәрежеде, адам баласына жүктелген міндетті бірдей өтеу үшін, бірге еңбек істесіп, бірдей ішу, бірдей кию, бірдей жүру үшін жаралған зат. Бірақ осы күнгі қоғам тұрмысында, еркектердің әйелдерге көзқарасы олай емес? Олар әйелді үстіне киетін киімі сықылды меншікті мүлкі санайды.

- Ауыл әйелдерін көзің көріп жүр. Олар да бір, мал да бір, ұрады, соғады, ешкім арашаламайды, жылау, сықтаумен күн көреді.

... Ал, қала халқына келсек, онда "махаббат" деген бір пәле бар. "Махаббат" қазақша "сүйу" деген сөз ғой. Қаланың бозбалалары "махаббатшыл" келеді. Олар қашан сені алдағанша "сүйеді", "күйеді", "жалынады", "өлемін", - дейді. "Айы" да, "күні" де, "жарығы" да, "бақыты" да, "бәрі" де сен бола-сың, өлусіреп соңыңнан қалмай, ойынға апарғыштап, "кішірейгенсің", "күткен сің", кебісінді салып, киімінді киіндіріп, қолтықтап жүріп, төтті тамақ өпергіштеп, араққа баулып, "бақшашыл сып", соңынан "өліп-өшіп" қалмайды.

Бір аздан кейін, әлгі "күткіштер", "сылампаздар" бетіне де қарамайды, тастап жүре береді. Мұндай әдет адамды бұзды. Ауруға шалдықтырады. Ауру болғанда анау-мынау ауру емес, мүмкін сифлис болып қалуың. Ер мен әйелдің араласуынан бір біріне жұғатын сондай ауру бар. Егерде ол ауруға шалдықсаң, кезінде емдете алмасаң оның арты мерезге шалдықтырады: пұшық боласың, не басқа бір мүшенді кемітесің. Сөйтіп тірі болсаң да, тірінің қоры боласың. Болмаса жынданып есіңнен адасасың!.. Әйтпесе, еркектердің бәрі солай деуге болмайды. Әйелдің де бәрі бір емес. Сол сықылды еркектердің арасында да, ар-ұяты барлары көп. Бірақ, сондай адамға кездесу қиын!..

Әсия бұл жерінде екілене сөйлеп, осы арасын мықтап ұқ дегендей, жаныма жақынырақ келіп, қаттырақ айтты да, сөзінің аяғын жұмсартып, енді ақырын сөйледі.

- Қала өнердің ордасы екенінде талас жоқ, бірақ әлгіндей пәлесі және бар. Бәрімізге де бозбалалар "ағып", "жанып" кететін. Бірақ сақтанып "ақпай", "жанбай" қалатынбыз, - деді Әсия сөзін тоқтатып.

Әсияның сөзінің көбіне түсіндім, ішінде түсінбегендерім де болды. Әйткенмен ақылы көңіліме қонып отыр. "Бұған қалай қарайсың", деген көз қараспен Әсия маған қарай қалған соң; қайдан білейін бауырым. Алла білмесе. Алдағыны адам болжап бола ма? - дедім.

- Алла білмейді. Өзің білесің. Өзіңді өзің ұстай білсең, алқа да, шайтан да саған бөгет бола алмайды. Сөзді осымен тоқтатайық. Сендер енді кідірмей аттаныңдар. Аттанарда әкешешеннің жылағанына қарамай, көзіңді жұмған соң қатайып ал.

- Кіруге бола ма? - деді Балқаш.

Осы кезде: "Кіріңіз!" - деді Әсия.

- Ат даяр. Күн бесінге құлап қалды. Бәтес шырағым, кәне жүрейік! - деді Балқаш.

- Қымыз ішемісің? - деді Әсия. Менің "ішетін", тұла бойымда жан жоқ, қатқан өлексеге ұқсап, тырнағым көгеріп, денем дірілдеп, бетім сұрланып сазардым да қалдым.

- Ендеше жөнелтіп жіберейін! - деп Әсия түрегелді. Мен де түрегеліп ем, етегіме оралып етпетімнен түсіп ем, Әсия қолтығымнан сүйеп түрегелгізді. Буынымның кетіп қалғаны ғой, әйтпесе жас адам етегіне оралып жығыла ма? Әсия қолтығымнан сүйеген қалпымен, далаға шыға келсем, самсаған сары қолдай иін тіресіп қаптап тұрған жұрт екен.

Екі милиция екі салт атқа мініп, халықты "тарандар!" деп құса да, халық маған танданды ма? Қызық көрді ме? Құны қылған кісідей бірін бірі итеріп, қуғанға болмай жақындай бекірді. Топқа қарағам жоқ. Екі көзім қан ба? Жас па? Бірдеме толып кетіп, көзім буалдырланып түк көрмеді. Жер-дүние ырылдап айналып, төңкеріліп, бара жатқандай боп, мен басым төмен қарап құлап бара жатқан кісі сықылдандым.

Арбаға қалай отырғанымды да білмеймін.

- Қоя беріңдер. Құлыным-ау, қайда барасың!.. Өлемін ойбай - өлемін!.. - деген апамның дауысымен артыма жалт қырасам, екі бетін тырнап, қанын сорғалатып, жаулығы басынан түсіп қап, шашын бүркыратып көзі бұлаудай боп, тоқты жарып, бұлқынып апам келе жатыр екен.

- Ел-жұртты елемеген қыз не керек, жоғалсын көпірдің көзі. Не бар баратын? - деді Қайрақбай, апамның иығынан тартып. Қанша мықтымын дегенімен, апамның әлгіндей аянышты көрінісіне шыдай алмай, Әсия да еңіреп тұр екен.

Арбадан түсіп апама көрісейін деп ұмтыла бергенімде, иығы салбырап, төмен қарап тұрған әкем көзіме түсті. Өзгелеріне қарағам жоқ, аяғымды арбадан ыбырата бергенде - ал тартыңдар! - деп, милицияның біреуі жеккен атты салып қалғанда, ат шаба жөнелді.

Мен аттың екпінімен арбаға жалп ете түстім. Балқаш бір жағымнан, Айдай бір жағымнан сүйей берді. Басым айналып, көзім қарауытты. Құсқым келгендей болды. Жер-дүние қирағандай төңірегім салдыр-гүлдір болды.

Талып кетіппін!..

ІХ. КЕЗДЕСКЕН КЕСІР

Бір ну қалың қара ағаштың ішіне түске тармаса кіріп ек, бір ңе деген көп ағаш екенін білмеймін, көгендеген қойдай біріне бірі жалғасып, кешу бермей-ақ қойды. Сол күні күн бұлтсыз шаңқан ашық еді. Жел жоқ па? Болмаса қалың қара орман желді жібермей қойды ма? - Ол арасы маған танық, әйтеуір бір тынған тымық дала.

- "Жолаушыны менің нұрымнан көлеңкелейтін кеме скенсің" деп сүмбідей жарыса өскен биік ағашқа ерегіскендей, күн шырқап биікке шығып еді, ағаштың көлеңкелері қаймыққандай бауырына тығылды. Көк еркесі күн - бетін бүркер бұлт жоғына шаттанғандай күлімсіреп, аузынан жерге түрлі

- сілекейін тамызды. Шөп буыны қатқан мезгіл болғандықтан маса да көз тұндырарлықтай көбейген екен. Желдің жоқтығына олар да мардамсып ала ботаның түтініндей қара шоғырланып үстімізде әнге басты да отырды. Ыстыққа шыдай алмай сыртқы киімімізді шешіп тастап ек. Қолымызға бір-бір буда жасыл жапырақты ұстап ап, өзімізді-өзіміз қорығанымызбен, маса көптігін қылып шыдатпаған соң қалың киімді қайтадан киіп, басымызды бүркеніп алдық, жалғыз-ақ, Балқаштың ағасы Жанқаш денесін қорғамай, мойнына қонып бір тиіп, қызарып тойған масаларды анда-санда қолымен быртылдатып өлтірді де отырды.

Күн "қатын бесін де" құлаған кезде, ағаштың алаңқы кезіне кездестік. Жолдан жарты шақырым, бір шақырым жерлерде шоғырланған шоктар болмаса, нақ жолдың езуіне жақын ағаш "қатын бесіннен" кейін кездескен жоқ. Ағаш селдірлегенмен маса селдірленбеді, қайта ашыққа шыққан соң қоюлана түсті. Аттың үсті - жүнін сыртына айналдырып жапқан жабудай сарғалтаң тартып, масадан көрінбей кетті. Арқалықтың (седолке) артын ер жалаған, аттың жауыр сымақтау, қабыршықтанған жері бар екен, маса әсіресе соған үймеледі. Арқасын қиқандатқанымен жүгенінен босамайтынын көрген соң, ат анда-санда құйрығын шипандатып, "тым болмаса жел тұрып жаным сая табар ма екен!" дегендей айдаусыз делбені сүзе, желді де отырды. Тойған маса домалап түсе берді, оның орнына тыңы қонды. Жанқаш анда-санда ұмтылықырап барып бишігінің (қунт) сабымен аттың сауырындағы масаларды сыпырып түсірген болады. Оған маса кеміген жоқ.

- Шіркін табиғат-ай, сырың тамаша-ау - дедім ішімнен қолыма қонған масаны тірідей қанатынан ұстап отырып - мына масаның тұмсығын езіп көрсем, жұп-жұмсақ, сол жұмсақ әрі қылдан жіңішке тұмсық жылқының ине зорға өтетін сауыр терісін қалай тесіп өтеді екен? Қанды қалай сорады екен? Жуандығы жылқының бір түгіндей-ақ, тұмсықтың қанды өткізетін жұтқыншағы қандай екен? Уә, бір заттың тіршілігін екінші заттың бейнетінен құраған табиғат, сенің сырыңды түгел түсінетін де пенде бар ма екен?

- Балалар, анау айналасына ағаш өскен көлдің жағасына барып қонайық. Күн батуға айналды. Станция әлі 23 шақырым, қалаға түнде барып кайтеміз "атты тойындырып ап танертең ерте барамыз" - деді Жанқаш атын бөгенкіреп, мен масаның ойын ойлап отырғанымда.

- Бәтес білсін - деді Балқаш. "Қонсақ қонайық" деген кескінмен маған қарап.

Өздеріңіз біліңіздер, - дей салдым. Ойым, не де болса қалаға жету, қаланы көру...

Жанқаш өзге сөзді күткен жоқ, атын жолдан бұрып алды да, ортасы ағарып жатқан бір дөңгелек қаумақты ағашқа бұрылды. Ол араның жерінің тегістігі төсеген тақтай сықылды екен. Қайта, қатты жолда арбаның доңғалағы салдырлап басты ауыртып еді, ат жолдан бұрылғаннан кейін кілемнің үстіне сап тербеткен бесіктегі баладай боп кетті. Бір ағашқа жақын кеп атты тоқтатқанда күн де ұясына қонуға айналды. Арбадан түсе қап ағашқа қарап жіберсем, бұрынғы көрген ағаштарымдай емес. Қолдан орнатқандай бір сұлу ағаш екен: ағаштың айнала дала жақ бетіне қызылды-жасылды алақандай-алақандай жалпақ жапырағы бар біркелкі балапан теректер өсіп келеді екен; оған таяу, қыздардың қос-қос етек көйлегіне айнала ұстаған күміс оқасындай, бұлағы мен басына біткен, зәулім сау қайындар өскен екен; оның ішкі бетіне (көл жағына) қойған шамдай бас-аяғы теп-тегіс боп таласып, қайың, теректердің төбесінен қарап өскен жасыл берен бөрік киген қарағай екен. Оның ар жағында не барын біле алғам жоқ. Бірақ ағаш-ағаштың арасынан ішіне көзімді салғанымда, іші ағарыңқы көрінді, шулаған құстардың дауысы естіліп жатты. Анау дарылдаған не нәрсе, ағай? - дедім Жанқашқа, бір шақырымнан алысырақ бір ағаштың бауырында дарылдап жүрген арба сықылды бір нәрсені көріп.

- Шырағым, ол трактор деген нәрсе. Осы ара патша заманында орыстың бір байының учаскесі еді; соған қазір коллектив ашқан көрінеді. Анау трактор осы коллективтердікі.

Ол от-арба сықылды атсыз, өз бетімен жүретін бір арба. Орыс иттің... білмейтіні жер астында емсе пе, шырағым, сенді жерді де машинаға жыртқызып қойды.

"Трактор" дегенді бұрын да бір рет құлағым шалған. Қайрақбай ауылында Қабыт деген бір момын адам трактор деген машинаға үн үктірген екен. Сол ұны күйіп артынан жел диірменге үн үктіре барғанда, трактордың ұнын орысқа ала барып былай деген:

"Әйәта мукә тірактірскей, тірактірге үн үктірген іскәй ол іркенскей". Мұнысы орысша "тракторға үн үктіріп ем, күйіп кетіп, жей алмай отырмын, сондықтан жел диірменге үктіре

келдім" деп, орысқа түсіндірген сөзі болса керек. Трактор дегеннен бар білетінім осы еді. "Құлақ естігенді көз көреді" деген осы-ау, мұны да көрдім, - дедім ішімнен.

- Ағаштың ішінен бұтақ теріп әкелейік. Шай қойып ішеміз ғой. Барасың ба, қарағым? - деді Айдай, сыпайы кісімсіп сызыла сөйлеп.

- Барайық.

Ішіне кіріп, ілгері жүре түскенімізде көзімізге айдын шалқар көл түсті. Бір жиегіне түскен ағаш сол көлдің айнала дөңіне біткен ағаш екен, көл ойда екен.

Айдай-ау, мұнда көл бар екен ғой, жарықтық ағаштың ортасында екен. Жағасына барып көрейікші, не деген сұлу көл еді! - деп Айдайды қолынан жетектеп дәл көлдің суға тақалған қабағына келіп тұрдым да, төңірегімді көзіммен шолып өттім. Көл сырлы аяққа құйған қымыздай дөп-дөңгелек мөп-мөлдір аппақ боп тұнып жатыр екен. Көлдің жағасы да, асты да құм қайраң екен, қолмен орнатып, мінін қайшымен қырқып тастағанда, көлдің шетіне он қадамдай жерде, жалпақтығы 5-6 кездей теп-тегіс көлді айнала біткен бір-ақ жағында таяқ бойындай ғана есігі бар, ақ үкілі құрақ екен. Көлдің жарына төне түскен қайың аралас қарағайлардың сәулесі көлге түсіп, көлдің жиегінде тұрғанында астында да орман өскен бір дүние бар сияқтанады екен, көлдің ортасында жұбымен екі жерде төрт аққу жүзіп, қамыстың шашағын теріп керіліп, сыланып жүр екен. Бізді көргенде сескенгендей бастарын көтерісіп алып еді, залалсыз адам екенімізді білді білем деймін, қайтадан өз қалыптарына түсіп шашағын терді. Аққудың біреуі бізге қараңқырап тұрып, солқылдатып, әнге басып жіберіп еді, көлді қоршап тұнжыраған орман мен төбеден төнген торғын аспан дауысына қосыла кетті. Дәл сол кезде ағаш-ағаштың саласынан батып бара жатқан күннің қызыл жібек сәулесі тарамданып, көлдің үстіне қызыл өрмегін құрды. Аққулар бұл арада, терген шашағын тастай беріп, тұмсықтарын суға сүңгітіп, күннің өрмегін тоқысты. Ағаштың жапырақтарының күн жақ беті қызыл пүлістей, ық жақ беті аппақ күмістей жалтылдап, жапырақ-жартысы қан қызыл, жартысы қардан ақ - алмаға ұқсап кетті. Сол кезде кешкі самал тұрып еді, құрақтар мен жапырақтардың соғылысқан дауыстары қылдан шыққан күйге ұқсады. Шіркін көркем табиғат-ай, адамның жанына жан, әліне әл қосатын әулиесің-ау?

- Аға ренжіп жатқан шығар, шөпшегімізді теріп апарайық, қарағанда көл бізге несін береді, деді Айдай мені белімнен құшақтап. Мен бұл кезде көлдің көркемдігіне мас болып, өзге ойдан арылып едім.

- Қайтсақ қайтайық.

Тетелес өскен жолдасынан, ойнайтын ойынынан айрылып, рақымсыз қол, болат балтаның күшімен қыршынынан қиылған екі қайыңның арсаланған қу сүйегі жатыр екен. Айдай соларды жинап құшақтады. Мен де құшақтадым. Екеуміз екі құшақ отынмен ағаштан шыға келсек, күн ұясына қонып, қызарған сәулесі ғана қалған екен. Жанқаш пен Балқаш атты ағытып байлап жел жағына түтін салған екен. Кешкі бозғыл түтін жердің бетімен шұбала жылжып, жоғары көтерілмей, бір жақ ұшы қарауытқан күн шығыс жақ көктің жиегіне жалғанған екен. Біз отынды оттың қасына әкеп тастағанда, сыртындағы күйесі бес елі үлкен қара шөйнекпен Балқаш етігін сыпырып тастай беріп, бір шөйнек су алып келді. Жанқаш екі қазықтың ортасына белдік салып, шөйнекті отқа асты. Сытырлап, жалыны аспанға шыққан от, шөйнекті ерікті ерікке қоймай, бүркылдата бастады. Суы төтті болды ма? Болмаса сусадым ба? Әйтеуір шөйді сықпа құртпен ішіп, түрегелгенімде, тым тоңып кеткенімді бірақ сездім.

- Атты отқа қояйын, - деді Жанқаш, шөйді ішіп болғаннан кейін орнынан түрегеліп, бұл кезде ымырт жабыла бастаған еді.

- Әйтсең - өйт! - деді Балқаш та тұра беріп қарнын сыйпай кекіріп. Жанқаш атын тұсап кеп, қамытты басына жасана арбаның жанына қисайып еді, не деген тез ұйықтайтын адам екенін білмеймін; - қор ете түсті. Екі қолын қалтасына салып ерсілі-қарсылы, бірдеме ойлаған адамдай жүріп біраздан, кейін Балқаш та Жанқаштың жанына қисайды. Айдай екеуміз, астымызға бір киізді төрт бүктеп салып, үстімізге бір көрпені жамылып кеңеске кірістік.

От жылтырап біраз жанып, сөнді. Қайта жаққамыз жоқ. Қалың шық түсіп, жердің жүзі аппақ теңіз сықылданды. Ай тумалды. Ымырт жабыла жел тұрып, бір бұлт айналып еді, сол бұлт, қоюланып жалғыз жұлдыздың да кескінін көрсетпей көкті орап алды. Жауын жауатындай, жел жақтан бір салқын леп келді. Желдің лебіне ысылдаған шөптердің, сылдырлаған жапырақтардың дыбыстары, жайдан жай адамның

бойын сескендіріп қорқынышты сезім берді; анда-санда пысқырынып жылжи баса оттаған ат, біраздан кейін ұзады. Өзгесі ұйықтап, біреуін күзетке қойғандай, төрт аққудың біреуі анда-санда қыйқуланып, өзгесі үнін өшірді. Мені алдандырғысы келді ме? Болмаса ермек керек болды ма? Айдай қаланың кеңесінен бір ұзын сүреге түсе жөнелді. Ол сөйлеп жатыр, менің бір құлағымнан құйылған сөз, екінші құлағымнан ағып жатыр. Қысқасы мен Айдайдың сөзінен екі ауыз сөз ұққам да жоқ, ұққым да келген жоқ, тыңдағам да жоқ. "Солай", "е", "ал", "бөсе", "апырай" - сықылды демеулерді анда-санда айтқан болдым, оларды да айтқым кеп айтқам жоқ жай дағдыланған аузым миымнан ұлықсатсыз бетімен қимылдай берді.

- Мен тонайын дедім, - дедім Айдайға біраздан кейін.

- Ендеше қалыңырақ жабайын. Ұйқың келген жоқ па?

- Жоқ.

- Ендеше кеңесімді аяқтайын, - деді Айдай мені қымтай түсіп.

- Сона біреу қарандаған не нәрсе? - дедім Айдайға, көзіме ағаштың оң жағынан бір нәрсе шоғырланып көрініп қимылдағандай болғансын.

- Өне шырағым? - деді Балқаш басын көтеріп алып. Ақырын-ақ сөйлеп ем, қалай оянып кеткенін білмеймін.

- Өне!

- Мынауың кісі сықылды ғой, - деді Балқаш, жер бауырлап, ақ тандақтың астынан сығалап қарап.

- Қойшы жоқты айтпай, - деді Айдай басын көтере түсіп.

- Қойыңды білмеймін, мыналар салт кісілер. Жаңқашты оятайық.

- Қойшы, ағатай! - деп Балқаш жұлмалағаннан кейін, о да шошып оянып:

- Ол не? - деді.

- Мына біреу кісілер келеді!

- Апырай, не дейсің?

Аттылар дүрсілдеп келіп қалды. Үш салт екен. Бізге тоқтаған жоқ, орағытып атқа қарай шоқыта жөнелді.

- Уай кімсіңдер? - деді Балқаш пен Жанқаш қолдарына бір-бір ағаш ұстап, атқа қарай жүгіріп.

Сол арада мылтықтың дауысы сарт ете түсті. Іле тағы атылды. Жүрегім ұшып кетті. Дүние көкпеңбек от боп кетті, жылап арбаға тығыла бердім. Балқаш пен Жанқашты да,

санаттың біреуі мылтық үстіне мылтық атып арбаға қауып тықты. Қараңғыға көз үйренген, көріп тұрмыз; атымызды шешіп алып орысша дабырласып сөйлесіп, ұрылар кетсе барды.

- Жалғыз аттан айрылды. Станцияға кірешілермен ілесіп кет десем боламысың, қайдағы-жайдағыны тауып аласың. Енді не қылар екеміз. Жалғыз аттан айрылып, кейінгі боқтамақ не күн көрер екен? - деді Жанқаш арбаға шынтақтап сүйеніп тұрып, кейіген дауыспен.

"Қайдағы-жайдағыны" дегені мен екенім көрініп тұр, бірақ амал бар ма. Балқаш үндемеп еді, Жаңқаш мыжындап қоймаған соң:

- Басымды ауыртпа. Ұрыны мен шақырып әкелді деп тұрсың ба? Өлмеспін. Өкең өлгенде де өлген жоқсың да. Не өзің кісінің басын ауыртасың! - деп Балқаш жекіріп тастады. Сонымен сөз доғарылып бәріміз де жым-жырт болдық...

Ертеңіне бір жолаушыларға ілесіп біз станцияға кеттік: және бір жолаушыға ілесіп Жанқаш арбасын артып еліне қайтты. Бізге амандасқан жоқ. Ырымшыл боп өскен ортаның адамымын ғой, шықпай жатып "кесірге" ұшырағанымды ұнатқам жоқ...

Х. ҰМЫТҚАН ДОСТЫҚ

- Ағаң киінсін дейді шырағым, баратын қаламызға жақындасақ керек - дейді Айдай; мен бұл кезде зымырап ағып келе жатқан поездың терезесінен далаға қарап отыр ем.

Біздің ауылда Сасықбай деген "р" әрпіне тілі келмей ылғи "ғ" мен сөйлейтін бір ұрт мінезді адам бар еді. Қымс етсе өз мандайын өзі ұрып, "құғып қалғың тығышшілік, қоғымегенді қоғсеттің" дейтін де жүретін. Сол сықылды, ыстық күнде қаңсып көріне түсіп, арасы сылқылдап жататын екі доңғалақ қазақ арбадан басқаны көрмеген маған тұрмыс поезды да көрсетті.

Осы поезд бір кезде маған "жалғыз көз", шұбартас", "дәу қатын", "қамсық" сықылды ертегілермен бірдей еді. Елден станцияға барып қайтқандар "поезд дегенді көрдік, ат жекпестен бір арбаны бір арба сүйреп жүреді. Кісі ішінде отырып шәй ішеді" дегенде, өзімше шынымен ойлап ақылыма сыйғыза алмай қоятын ем. Міне сол құлақ естігенді, енді көзім көріп, ішіне мініп отырғалы, ішінде шәй ішкелі, ұйық-

тағалы, өз-өзім сықылды, үйреншікті болып кеткелі, Айдай кеп "киін" дегенде үш сутке толып төртінші суткеге ауып бара жатқан күні еді. Белді бекем буып, елді, жұртты, әкешешені тастап, шығуын шыққаныммен, алдағы өмірім не жайда болатынын болжай алмай, қиялды ойға салсам да, қырға салсам да бір тұманға келіп тіреле берген соң, үш күннен бергі (ұйқы мен тамақ ішкеннен басқа уақыттардағы) ермегім терезеге телміріп қарау еді.

Сонша көп жаратылыстың ішінен, менің қайғыма ортақтасатын бір серік таба алмаған ем, пәлендей жақсылығын көре қоймағаныммен, әрі ойлап, бері ойлап келгенде, бақытты болуымның да кілті мектепте сықылды еді, сондықтан соған жетуге құмар ем.

"Киін" деген сөз құлағыма шалына сала-ақ, орнымнан атып түрегеп, жатқан орныма келсем, Балқаш төсек-орнын буып жатыр екен. Менде төсек-орын жоқ. Айдай жамбасына тактай батарея деп бір құрамыс көрпесін, және бір кішкене жастығын берген, оны Балқаш өз төсегіне буып жатыр екен; менің бар мүлкім бір кішкене қол сандық. Оны да киімкешегінді саларсың деп Әсия берген. Сандығымда барым - бөркім. Үкісін, қадаған күмістерін, сайына ұстаған оқасын орыстар қызық көрді ме, немене? Бірін-бірі тұртіп қалып менің бөркіме қарай берген соң, ерсі көріп отырған шығар деп сандығыма салып қойғам. Одан басқа нәрсем: бір дорба күміс сақина мен тескен күмістер. Апам менің артымнан қызыл отауға қуып келгенде, маған деп жинап жүрген тана моншағын қалтасына салып ала келіпті.

"Алмаймын" деп болмап ем, "құрып қалғыр қу дүниенді қайда тастайын, сенің мұндай болатыныңды білгем жоқ. Ұзатқанда көркейіп барсын деп қолыма жинай беретін ем. Алып қалғанда оны мен не қылам, сенің моншағың еді деп көзіме күйік қылдырмай алып кет, бірдемеңе жаратарсың" деп апам болмаған соң, ала салып ем.

- Бөркің қайда, шырағым? - деді Балқаш, маңдайындағы терін сол қолымен сыпырып тастап, менің басыма қарап.

- Сандықта.

- Оған неге салдың?

- Орыстар күле берді.

- Басыңа орамал тартасың ба?

Балқаштың "орамал тартасың ба?" дегенін естігенде ернімді тамсанып, бетімді шымшып теріс қарадым, өйткені ауыл

олетінде қыздар басына шәлі салғанда келіншек болғанға есептеп, ұят көреді ғой. Балқаш менің ұялғанымды сезді өлем, ақырын жымыып, күлді де:

- Ендеше бөркінді алып ки шырағым, шашың шаң болады, оның ұят-шамы жоқ деді.

- Біз қайда түсеміз? - дедім Балқашқа, бөркімді сандықтан алып жатып.

- Әзекендікіне барармыз.

- Оныңыз кім?

- Қыдырдың Әзімбетін білмейтін бе ең?

- О кісі осында ма еді?

- Осында. Әзекен де, жеңгей де сіздің үйді ауыздарынан тастамайды, сіздермен бір жақындығы бар ма, немене?

- Ол Әзекен болса, естуімше жақындығы былай көрінген: Әзекеннің әкесі Қыдыр атаммен құрдас екен. Қыдыр өткенде Әзекеннің шешесі 30-35-тер шамасында қалыпты. Күйеуінің жылы толған соң "не елден құрық бер, болмаса төркініме кетем" деген соң ел құрық бергенде, құрығын атама салыпты, атамнан Әзекеннің шешесі бір ұл, бір қыз тапқан екен, ұлы өліп, қызы тірі қалған, осы күні де бар. Әзекен үш ағайынды екен. Ағам үлкен екеуін өз үйіне қойып Әзекенді 8 жасында өз қолына алып, оқуға беріпті. Әзекен біздің үйге бертін келгенше бала болып жүріп, мен есімді білер кезімде ғана өз үйін тапты. Бірақ жеңгей мен екеуі де біздікіне жылда келіп жүреді. Әзекенді менің көрмегеніме 10 жылға жақындап қалды. Ақ пен қызыл соғысардан бір жыл бұрын келіп кетіп еді. Содан бері не елге келмей ме? Келсе де біздікіне келмей ме? - Ол арасын білмеймін, бірақ көргем жоқ. Соңғы келген жылы 2-3 жасар Ләйли деген қызы бар еді. Онысы бар ма екен?

- Төләні айтатын шығар-ау, - деді Айдай, мен бір қате сөз айтқандай-ақ таңдана қарап. - Сол ғой, - деді Балқаш.

Өзге балалары бар ма? - деді кеңес болсын деп.

- Алты жасар біреуі бар.

Біз кеңесіміздің дәл осы арасына келгенде, поезд тоқтай қалды.

- Көне түсейік! - деді Балқаш абыржып. Вагоннан шыға келсек, вокзалдан: - тікірейген мұртын дөңгелетіп қырыққан, денелі, ала көз бір қара кісі мен тапал бойлы, жап-жалпақ, балтыры бесіктей, екі беті табақтай бір қара торы әйел, сирағы сидандаған, киімдері шолақ, шашын дөңгелете

қырыққан, мойнында байлаған қызыл орамалы бар 14-15 шамасында бір қыз, - үшеуі бізге қарай келе жатыр екен. Көзіме Әзімбет ағай сықылданып кетті.

- Ағай ана кісі емес пе? - дедім Балқашқа сыбырлап. Баладай жан-жағына қарады да, Әзекен көзі түскеннен кейін:

- Сол кісі, деді ақырын.

- Ассалаумағалайкум, - деді Балқаш Әзекеннің алдынан карсы барып.

- Аман келдің бе? Ел аман ба екен? - деді Әзекен. Қазақша сәлемге сәлем қайтарып, "оғалайкөм ассалам" деген жоқ.

- Біздің келе жатқанымызды біліп шықтыңыздар ма, болмаса тосқан басқа адамдарыңыз бар ма еді? - деді Балқаш. Бізге қарай аяндаған Әзекен жүре кеңесіп.

Токбақбай "Бәтес сіз тұрған қалаға кетті, алдынан шығып үйіңізге түсіріңіз" - деп телеграм берген екен. Сол себепті шығып ек, - деді Әзекен "сен шығарсың" деген кісіше алыстан маған көзін қадап, кімсің деп сұрамастан, Әзекеннің қасындағы жуан кара торы әйел "денің сау ма, айналайын" - деп құшақтай ап бетімнен сүйді. Жеңгей екенін білдім. Бірақ мен көргеннен өзгерілген бе? Болмаса ұмытып қалғанымнан ба? Сондай кісі еді деген басындағы суретке ұқсамай шықты.

- Денің сау ма шырағым, үй-ішің аман ба? - деді Әзекен өзінің дауысы солай ма, болмаса маған көңілсіз амандасты ма? Әзекеннің амандығы жеңгейдің амандасқанындай әсер бере алмады. Салқын амандық көрінді.

- Жігіт болып қалыпсың ғой, ана жылы екі шекенде айдарың бар, жалаң аяқ жүгіріп жүретін тентек бала едің... Өй айналайын... - деп жеңгей тағы бетімнен сүйді. Ырымын істеп жеңгейге мен де амандасқан болдым, бірақ атының кім екені дәл сол арада аузыма түспей қалды. Лөләйттен сескенген ешкідей, әуелде одырайыңқырап, қаламай тұрды да, "Бәтес апана неге амандаспадың қалқам" деп жеңгей амандас деген кісіше көзімен ишарат қылған соң, менің қасыма жақын кеп, басыма бір, аяғыма бірқарап безерді де тұрды. Қалияның аузы күліп беті күлмейтін бір арам күлкісі болатын еді. Қалия сол күлкісін күлгенде ішім суи қалатын еді. Сол сықылды күлкі жеңгейде де бар екен. Күлуге түк себебі болмаса да, жайдан-жай, ыржалаңдап менің бетіме қарай берді. Мен онысын да ұнатқам жоқ. Жеңгей ол күлкісін

жөк шылдың екінші жағына шыққанша тыйған жоқ. Біз вокзалдың ар жағына шыққанда қос қара керді пар салған сонымен бірге бел арба жеккен біреу бізді көре сала аттарын өңтестіріп жетіп келді.

Мынау біздің аттар еді, Бөтес шырағым, сен жеңгенмен мінші жүре бер. Бөріміз сыймаймыз. Балқаш екеуміз басқа атпен барамыз, - деді Әзекең маған қарап. Аяғымыз үзенгіге ісер тиместе, ылаушы бишігін сарт еткізе түсіріп еді, екі ат ұша жөнелді. Орта аты судай жорға екен. Шеткі ат басын бұрып тұқырып алып шабады да отырады екен. Бұл күні күн желтендеу болғандықтан, оған аттың қатты жүрісі қосылғандықтан көзіме шаң тығылып далаға жөнді қарай алғам да жоқ; екі ат сол ағызған қалпымен біраздан кейін бір ұяның алдына тоқтай қалды.

Түс, қалқам, біздікі осы - деді жеңгей. Жеңгейдің атының Желбике екені дәл сол арада аузыма қалай түскенін білмеймін. Әзекең мана бір сөзінде "Жөне" - деп еді. "Ләйтий ні" "Лөлә" дегені сықылды, "Желбике ні" "Женә" деп орысша оқырып қойғаны ғой дедім ішімнен. Жеңгей Лөлә үшеуіміз бір есіктен кіріп, қарағайдан істеген бір 3-4 сатыдан жоғары ортестенімізде алдымыздан жөне бір есік пайда болды. Сол есіктің босағасында салбырап тұрған бір темір бар екен, жеңген соны бір-екі рет жұлқып қалып еді, біраздан кейін, ар қалыңнан шашы дударланған бір әйел есік ашты. Беті сары кеткен. Кескініне қараса қазақ дейтін. Ал киімі мен жүрісіне қараса, орыс дейтін. Жалпақ сары кім болса да маған аман-дәсқан да жоқ. Қараған да жоқ, ерні қып-қызыл қанталап, жеңгейге бірдеме деп орысшалады да, бөксесін ырғалаңдатып, қайқаң-қайқаң етіп үйіне кіріп кетті.

Өлгі кісі не қылған кісі? - дедім жеңгейге, жеңгейдің бөтмесіне келіп орныққаннан кейін.

Ол кісі былтырғыдан біздікінде тұрады. Осында оқу оқиды. Әкесі Әзекеңдердің жолдасы еді. Өлгеніне төрт жыл болды. Шешесі бар және бір інісі бар. Олар басқа бір қалада тұрады. Аты Зуғыра, орысша Зоя дейді, - деді жеңгей.

Окпелеген жоқсың ба шырағым? Орнығып, кір-қонысшылы жудырып, моншаға түсіп жиналғанша сол болды - деді Балқаш, үш күннен кейін түс кезінде, Айдайды ертіп кетіп, жеңгей жалпылдап, тажып жастық, иіліп төсек болғаныммен, Лөле мен Зояға да үйір бола бастағаныммен, елден ертіп шыққан Балқаш пен Айдайды сағынғаным рас еді. Бірақ

Балқаштың ыңғайына қарап "өкпелегем жоқ" дей салдым.

- Моншаға түстің бе? - деді Айдай. Елде жүргенде моншаға: не бойында тері бар, не сарсығы бар кісі, не қотыр болған кісі, болмаса баладан ішінде жел қалған әйелдер ғана түседі деп ұғатынмын, өйткені әкем, анда-санда тері ұстағанда, көженің, кебектің, кірпіштің бұлауына түсіп, оған жазылмаса, атын жектіріп қалаға кетіп, моншаға түсіп бір жұма жатып қайтатын. Апам бір түсік тастап, соның ішінде жел қалғанда, қара қоймен қақтырып емдетсек те жазылмай, о да моншадан тәуір боп келген. Сондықтан моншаға "түспедің бе" деген Айдайдың сөзін ерсі көрдім де, "жоға тәңірі" - дей салдым.

- Ертең өзің алып барасың. Бүгін мен ертіп апарып мектепке орналастырайын, прием басталып жатқан көрінеді. Кешігіп қалармыз, - деді Балқаш.

"Білмеген у ішеді" дейді ғой қазақ. Біздің елде баяғыда (атамдардың жас кезінде) Құлақбай деген кісі өліп, соған Тінібай деген қу бата қыла барса, аят оқитын адам болмайды. Түркібайдың өзі аят білмейтін кісі екен. "Құлқу алла" қайыратын жан табылмаған соң Түкен: "Құлақбай құлқынына тығатын еді. Одан да жалайтын еді, бұдан да жалайтын еді. Сол жалақтап жүргенінде тырапай асқан екен" деп, қолын жайыпты ғой. Жұрт оны аят оқыды деп ойлапты. Түркібайдың мазағын намаз деп ұққан надандар сықылды қалаға келмей жатып, түсініксіз талай сөздерге ұшыраса бастадым. Соның біреуі Балқаш айтқан "прием", ана жылы елден қара жұмысқа деп солдат алғанда прием деп шақырып өкетіп еді. Сондықтан мен "прием" деген сөзді "солдат" деген мағынада ұғып жүр ем. Олай болса менің мектепке түсуіме "солдат тың" қанша қатысы бар еді; қалалы жерде қыз, қатындарды да солдатқа алады, деген лақап бар еді. Балқаштың "приемын" естіген соң "мектепке кірген кісіні солдатқа да жазып қоятын шығар" деп ойладым. Бірақ Балқаштан сұрауға ұялдым.

Қазақша киімдерімді киініп, бөркімді шекеме сап, Балқашқа еріп көшеге шықтым. Менен басқа кісі көрмеген адамдай, көшеде жүріп бара жатқандардың бәрі маған бұрылып тұрып (кейбірі тоқтай қалып) қарамасы бар ма?! Итбас үйінің бір сұлу қызы болып, соған үйіне келген бір орыс "қорошай депке екен" деп танданған соң қыз іле қағынып өлді деп еді. Сондықтан апам мен әжем мені орыс келе жатса үйден

шығарып жіберетін еді. Сол есіме түсіп, біреуінің "тіл-көзі не" сұқ болам ба деп сескенейін дедім. Біраз жүргеннен кейін, Балқаш мені абажа бір үлкен тас үйге әкеп кіргізді. Істікті ашып қалғанда-ақ араның ұясындай ду-ду еткен шуысты естідім. Көгілдір түтіннің арасында ұзыннан ұзақ үйдің ішінде ерсілі-қарсылы ағылып жүрген қазақтың көп жігіттерін көрдім. Жігіттер маған тандана қарап, маңайыма үйіле бастады. Мен оларға қарағам жоқ. Екі көзім Балқашта болып, ұзын бөлменің бойын өрлей тарта жөнелген, соған ердім де отырдым. Ұзын бөлменің орта кешіне жақындағанда, кіргендей емес, көзім үйреніңкіреп жан-жағыма қарай бастап ем, бір топ жігіттің ішінен бөлініп, бізге қарай аяндаған: қушық жауырын, талдырмаш, шошақ төбе, басы бір жағына қарай қисығырақ, еңкек, ұзын мұрын, ілмек тұмсық, жоғарғы ерні жұқа, төменгі ерні салбырлау, аласа бойлы бір жігітке көзім түсті.

- Қашан келіп қалдың? - деді салпы ерін Балқашқа.

- Өзің қашан келдің, Мүсәпір? - деді Балқаш салпы ерінге. Екеуі құшақтаса кетті. Ауыздарынан сүйісті.

- Мына кісі қай жолдас? - деді Мүсәпір, Айдайға аман-дасқаннан кейін маған жаутандап.

- Бұл кісі Токбақбай қызы... - деп келе жатқанда, Мүсәпір аяғын айтқызбай кие жөнеліп:

- Білдім-білдім Бөтес екен ғой, өзім де шырамытып ем, жаза басамын ба деп айта алмап ем: денің сау ма? - деп қолымды ұстай алды. Мен қолымды беріп жатып "қайда көрдім?!" деген сөзді басымда жүгірте бастап ем, есіме түсе кетті: ол осы жаз, майдың аяқ кезінде біздікіне келіп қонып, түнде ел өдетін істеп, менің қасыма келген. Мен қабылдамай, келгеніне ренжіп орнына қайтарғам. Жалынса да болмағам. Ертеңіне жүріп бара жатып, бір қағазды төсектің бас жағына тастағанын көзімен ишарат қып көрсеткен, ол кеткеннен кейін қағазды алып оқысам мынадай екі ауыз өлең болып шыққан:

- "Жас жастың тілегі бір дегендейін

Жатуға ойнап-күліп болып ойым,

Барғанда, жылы жауап бермеуінді

Өзің айт, абзал құрбым мен не дейін!

- "Ойлаған сізге айтар сырым бар ед,
Қоңілде топ болған бір мұным бар ед.
Сол мұным мен сырымды ақтара алмай,
Бетім қайтты; аттандым көңілім жүдеп".

Мен бұл хатты, бір келгенінде Бүркітке бергем. Бүркіт күлген де қойған. Сұрастырып келгенде екеуі қарын бөле (апалы-сінділі қыздардан туған) боп шыққан.

Мүсәпір маған амандасып, қолымды ұстағанда, себебі не екенін білмеймін, қаттырақ қысып ауыртты. Бірақ Бүркітке бөле боп шыққан соң Мүсәпірге деген күдікті ой көңіліме ұяламады. Мүсәпірдің қолы менің қолымнан айрылмай-ақ, маңайдағы жігіттер түйе көрмеген жылқыдай көздері едірейіп маған жақындай түсті. "Мына қыз кім?", "қайдан келді екен?", "ажарлы қыз екен?", "денесі сұлу екен!" деген сөздер құлағыма шалына бастады. Мен естімеген адам боп тұра бердім. Балқаш "не аласыңдар?" деген кісіше, адырая бір қарап еді, не ұялғандай, не қаймыққандай, жігіттер серпіле бастады.

- Көнсаларға барасыңдар ма? - деді Мүсәпір, жұтқыншағы сарайып Балқашқа мойнын соза қарап.

- Иә, - деді Балқаш.

Менің оң жағыма Мүсәпір, сол жағыма Айдай, Айдайдың ар жағына Балқаш түсіп, төртеуіміз көгендеген қойдай қаз-қатар ұзын үйдің бойын өрлей жүрдік. Бір жерде іркіліп тұрған судың бір жағына бір нәрсені сүйретсең су соған еріп ағып жөнелетін, сол сықылды ерсілі-қарсылы жүргендердің бәрі де жапа-тармағай біздің артымызға түсті. Біз сол үйдегі желді күнгі толқындай қайнаған адам ағынының жетекшісі болғандай болдық. Ұзын бөлменің бір жақ қабырғасы ылғи жыпырлаған терезе - далаға қарап тұр екен, бір қабырғасында қаптаған есік екен. "Сол есіктердің ар жағында тағы да үй бар-ау" - дедім ішімнен, өйткені біреулер кіріп, біреулер шығып жатты.

Ұзын бөлменің ден ортасынан ауған кезде Балқаш жанағы көп есіктердің біреуіне қарай бұрыла берді. Есікке жақындағанда сыртына қыстырып қойған алақандай жазуы бар қағазға көзім түсіп еді "Н... қаласындағы қазақ институтының деканатының кабинеті" деп жазған екен, оқығаныммен не деген сөздер екеніне түсінгенім жоқ.

- Мүсәпір, сен мына кісілерге серік боп тұра тұр, мен кенсеге кіріп Бәтестің қағаздарын беріп реттеп, оқуға орын-
дип шығайын.

- Озі бармай ма? - деді Мүсәпір. "Өзі бармаса да оқасы
жоқ. Болыстан керекті қағаздарын алғам және өзіміздің
кісілер емес пе, официальный жағы болмаса, бәрі бір при-
нимать етеді ғой, - деді Балқаш.

Балқаш "принимать" деген сөзді бастай бергенде оң қолын
есіктің тұтқасына салып, өзіне қарай тарта сөйлеп еді, ар
жағынан: бұқа мойын, зор мұрын, кең танау, ұры көз, кара
сұр, дембелше, үстінде ақ қамзол шалбары, аяғында ақ
бөтенкесі бар, басында сұр қалпағы бар, бір жақ қарында
іліп алғаны шекпені, бір қолында күмістенген жап-жалтыр
өлемі таяғы бар, сол таяқпен қапсыра-қабат ұстаған портфелі
бар (тұтқасы бар етіктің жалпақ қонышы сықылды қағаз
салатын былғарыны портфель дейтіндерін Әзекен үйінен
естігем) біреу шыға келді.

- Өй!.. Сен қашан келдің!.. - деді кара сұр, Балқашты
көріп, не өте қуанған, не өте қорыққан түрмен, аузын ашып
көзін кергіштеп.

- Сәләмәт жүрсіздер ме, Жәке? Жеңгейге барып амандасуға
уақыт болмай жатыр. Тамараның дені сау ма? - деді Балқаш та
асығып сөйлеп. Қара сұр тағы да сөйлеп қояр деген кісіше.

- Өзің, екі бетің табақтай, мықының жаялықтай боп,
қарның томпиып семіріп кетіпсің ғой, ел-екеңнің даласы,
қымызы, еті еркіне қоймаған екен, жүдеңкіреп кетіп ең.
Бірақ, сен ішкен-жегенің тез сыртыңа шығып, көкке той-
ған жылқыдай ісіне қалып, тез арықтайтын кара - етті адам-
сың ғой! - деді кара сұр, бастырмалата сөйлеп, күліп, бір
қызығы: кара сұрдың күлгенде дыбысы шықпайды екен;
тісін көрсеткен кісіше, ернін ыржитып аузын ашқаны бол-
маса, бетінде "күлдіге" жорырлық түк белгі болмайды екен.
Ал, көзі күлгенде, күлмеген қалпынан өткірленіп, ойнақ-
шып, адамды тесіп жібере жаздайды екен.

Кара сұр маған амандасқан жоқ. "Бұл не қылған адам?!"
деген кісіше өткір көзін жүгіртіп, бас-аяғымды, денемді түп-
түтел бір шолып өтті де қайтып қарамады.

- Жәке, мына баланы таныған жоқсыз ба? - деді Балқаш.

- Бұл қай бала еді? - деді кара сұр, бетіме бір қарап,
көзін тез ала қойып.

- Мәйекеннің немересі. Токбақбайдың баласы, Бәтес деген бала...

- Білдім-білдім! - деді кара сұр, тағы басыма бір, аяғыма бір қарап.

- Бәтесжан, мына кісі Бүркіттің нағашысы, Жабағы деген кісі, білетін шығарсың! - деді Балқаш маған қарап

Жабағыны мен сыртынан білетін ем. Бала кезімде бірер рет көргем. Бірақ, ол көргендегі миыма түсіріп алған сүгіретім тозған, кескіні қандай адам екенін ұмытқам. Бірақ, атын ұмытқам жоқ та, өйткені: бұ кісі ақ пен қызылдың соғысында ақтар жағында болыпты ғой. Газетте "Алаш орда" деп жазып жүр ғой. Сол Алаш орда кезінде ақтарға болысып қазақтан солдат алыпты, қызылмен соғысыпты. Сол соғыс кезінде (қызылдар ақтарды қуып, біздің араға келгенде) Жабағының қолына қызылдың 13 кісісі түсіпті. Біреуі қазақ, екеуі ноғай екен дейуі. Жәкең сол 13 кісіні өз қолынан аттырып, Қопалының қопасына көмдіріпті ғой.

Көмген кісілерді артынан ит қазып алып, жеп жүріпті. Оны жұрттың бәрі көрген. Өлген кісілерді көмген соң, суы арам болды деп жұрт біразға шейін Қопалыдан су ішпей жүрді. Артынан Құдайкүл деген қазіретке жұрт барып, шарифат сұраған екен. Ол кісі: "тауық түсіп өлген судан 40 шелек төгу керек. Қашыр (есектің ұрғашысы) түскен құдықтан 160 шелек су төгу керек. Қашырдың ауырлығы бес пұт. 13 кісі орта есеппен екі жарым пұттан (өлген адам жеңілденеді). Сонда 5728 шелек су төксендер көл тазарады. Қиынсыңсаңдар, кісі көмілген жағы есеп емес, кез келген бір жағынан төге салсаңдар да болады. Ал, бұл көлге түскен бір пөле бар, кітапқа түсуіне қарағанда бұл көл басынан кісі қолынан әлі де: 16 еркек, төрт қатын, 8 әйел бала, екі жас бала өлгелі тұр. Одан аман қалуы үшін көл басына жиып құрмалдық беріп құрмалдықтың терісін кім көрінген молдаға бермей, мешітке әкеп беріндер!" - депті. Жұрт қазіреттің айтқанын істеп құрмалдығын берді. Ет жеуге (бала кезім ғой) мен де бардым. Құдайжар деген пірөдар көлдің құрмалдық етін асқан жак бетінен өз қолынан санатып тұрып 5728 шелек суды бір, "төгілген шашылғанын толтыру керек" деп 9 шелекті бір төктірді.

Ол күнге көп жыл өтіп кетті ғой. Әйткенмен Жабағыға содан бері бір түрлі көзбен қарайтынмын. Кейде есіме түскенде көзіме кескіні кісі өлтіргеннен бері бір түрлі болып кет-

кен адамдай елестейтін. Сол "бір түрлі" кісіні міне енді көрдім "бір түрлі" боп, басқа кісіден пәлендей айырмасы жоқ. Әйткенмен мен жас кезімде басыма орнаған сурет оянып бұрынғы Жабағы мен қазіргі Жабағыны салыстырып ем бетінен қаны қашып, ерні көгеріп өзгерген сықылдылау екен. "Кісі өлтірген кісінің көзі өткір болады" дейтін еді әжем, Жабағының көзіне қарағанда, әжемнің сөзі рас екен дедім.

Жабағы маған "сенбісің, шырағым, үйің аман ба?" - деп амандасты. Бірақ ол амандасуы (Жабағы туралы ұғынысымның терістігінен шығар деймін) "неге келдің?" деп ұрысқандай әсер берді.

- Балқаш, бұл баланы біздікіне әкеп жеңгесімен таныстыр. Келінді де ала кел. Қонақ болындар, - деді де Жабағы "қош!" деп Балқаштың қолын ұстап, жүріп кетті.

- Мен кеңсеге барайын, сендер отыра тұрындар, - деп Балқаш кетті. Мүсәпір, Айдай үшеуміз орындыққа отыра беріп ек:

- Сені жашейкенің қатшысы шақырады деп Мүсәпірді имиген бір ұзын бойлы ақ сопақ жігіт шақырып әкетті. Айдай екеуміз оңаша қалдық.

- Қалай қар-р...р... ағым, елді сағынған жоқсың ба? Қаланы өгейлеген жоқсың ба? - деді Айдай, "қарағым" дағы "р" әрпін шегелей сөйлеп.

- Елді сағынғам жоқ, - дедім күрсініп. Шынында сағынып ем. Айдай жарамның аузын тырнап алды. Бірақ, сыр бергім келмей:

- Елді сағынуын сағынғам жоқ. Бірақ ішім пысыңқырап жүр. Төлә қыз жүгіріп үйде отырмайды. Жеңгей төсектен тұра сылануға кірісіп, содан қолы тимейді. Анау Зоя деген қыз әуелгі күні келіп жүріп еді, ертеңіне суыса бастады. Үйіне біреер рет барып ем, сөйлеспеуі былай тұрсын, келгенімді ұнатпаған кейпі байқалды. Сонан кейін баруды қойдым...

- Адыра қалсын, адыра қалғыр, - деді Айдай, кәдімгі ел әйелінше, менің сөзімді бөліп. - Ол - менсінбейтін қайдан келген екен, үйтіп көкімесін. Жәйті белгілі: бір орыс, бір қазақ, бір ноғай және біреу - төрт кісіге тиіп шыққандығын қылмасын. Көрінген бозбаланың қолтығында ілігіп жүретін, оған үлкендік қайдан келіпті; осында келгенде мойны тырнаға ұқсап жүретін еді. Әзекең болмаса әуселесін көрер ек, ол неге құтырады жынымды ұстатып!

Айдай қайдағы жоқ пәлені Зояның үстіне үйіп-төгіп шұбыртып бара жатқан соң, тыңдағым келмей:

- Әркім жақсылықты да, жамандықты да өзі үшін істейді ғой, сол құрғырды тасташы, басқаны кеңесейік, - дедім.

- Қайдан білейін! Жынымды ұстатқаны несі! - деді Айдай кекетінді дауыспен екілене сөйлеп, сөзін тойтарарда.

Зоя кеңесінен кейін, Айдаймен кеңесе қоярлық пәлендей сөз табыла қоймаған соң, ермек қылуға мойнымды сүртейін деп қалтамнан орамалымды алып ем, Әсияның Сақыпқа жазған хаты ере шықты. Әуелі не қағаз екенін аңдамай қалтама қайтадан салып жаттым да, тағы да көргім кеп сыртына қарап ем, "Сақыпқа Әсиядан" деген жазу көзіме түскен соң, бір қолыммен мұрнымды сүртіп, бір қолыммен хатты ұстап, сыртындағы жазуына қарадым да отырдым. Сақыптың қандай кісі екенін қайдан білейін, Әсия есіме түсті... Оның айтқан достықтары, көрсеткен бауырмалдығы есіме түсті...

- О не қағаз? - деді Айдай менің қағазға қадала қарағаныма танданып.

- Ұят болды-ау! - дедім, Айдайдың сұрауына жауап бермей, өзіме-өзім, дауысымды шығарып.

- О не, қайдағы ұят? - деді Айдай тағы да бетіме жалтақтап.

- Мына біреу хатты Әсия, осы қаладағы Сақып деген әйелдер бөлімін басқаратын кісіге бер деп беріп еді. Ішіне мен туралы көп кеңес жаздым деп еді. Жеңгейге айтып ем, ол кісі "жен отделдегі ылғи бай таба алмай жүрген қатындар, сені жарылқамақ түгіл, өздерін-өздері жарылқап алсын. Оларға үйір болмай-ақ қой, басыңды айналдырып, коменес қып жібереді. Өздеріне ұқсатып иығына қайыс салдырып солдат ойынын ойнатады" - деді. Сол кісінің сөзі қамшы боп бармай қалып ем, ұят болды-ау!..

- Ағаң жен отделсіз орындады ғой, бармасаң да жарайды, - деді Айдай.

- Жоқ... сонда да...

- Өзі не жазған екен, ашып оқиықшы! - деді Айдай мені бөліп. Хатты ашып оқысақ былай жазған екен:

Айнам Сақып!

"Партияның жүктеген міндетін өтеп елде жүріп жатырмын. Іс көп. Сол көп істі орындау бақытыма кез келгеніне өте көңілдімін. "Ас басшы" қатын ел билеуге жарағанша социализм болмайды" деп Ленин айтқандай, бір кезде сауын сауып, тезек теріп, құрт қайнатып, үй күні болып жүрген қалыптан, кеңес үкіметі азат еткеннен кейін, ел басқартып іс бергеннен кейін не жанымды аяйын; күні-түні істен қолым босамайды. Жалғыз сот жұмысы ғана емес, болыстағы басқа мәдени-ағарту істеріне де шамаша көмек тигізген болып жүрмін. Сот туралы жақын арада жазған бір хатымда айтқам. Одан өзгерген жұмыс жоқ. Сен, "көптен ауылда болғам жоқ" деп бір хатыңда жазып ең, сондықтан ауыл туралы қысқаша көргенімді жазайын.

"І-партия жұмысы: кеңес үкіметі алғашқы келген жылдары партияға бай балалары, ауылға барып паналаған Алашордашылар, ұры-қарылар, бұрынғы атқа мінерлер көбірек кіріп кетіп, ауыл коммунесі деген атқа солар ие болып еді - ғой. Қазір бұл жұмыс жөнделіп әлгіндей сұмдардың бірен-сараны болмаса көбі қуылған көрінеді. Ауылдағы партияның таптық құрылысы (социальный состав) жалпы алғанда жақсы, көпшілігі кедей-батрактан: біразы орташадан. Аздап мұғалімдерден де бар. Болыстағы жалпы коммунистің саны 48. Мұның 14-мүше, өзгесі кандидат, әйелі алтау, 32 сауатты (хат танырлығы бар, тәуір оқулысы бар) өзгесі сауатсыз. Коммунистері жалпы алғанда жақсы, тап жұмысын шамаларынша мықты ұстайды. Ішінде таза батрактан шығып белсенді боп, қазір дыңдай кісі боп кеткендері де аз емес. Қара шаруамен байланыстары жалпы алғанда жаман емес. Болыстың өзінде болсын, ауылдарда болсын қызметкерлердің көпшілігі солар. Бұл тәуір жақтары. Мұнымен қатар біраз кемшіліктерді де айта кетпей болмайды:

Бірінші кемшілік: сауат, не нәрсенің тетігі оқуда ғой. Оқу білмеген соң, партияның саясатын өз көзімен оқып біліп отырмаған соң адаспай отыра ала ма? 48 коммунистің 16-сы атымен қаратанымайды дедім ғой. Осыларға хат таныту жұмысын волком (болыстық партия комитеті) әлі дұрыстап жолға қоя алмаған көрінеді. Партияға сауатсыз кіре беруге шынында қажы бар ғой. Бірақ, сол сауатсыз кісіні сауаттандыру волкомның міндеті емес пе? Бұл меніңше өте үлкен кемшілік. Ал, хат білетіндерді алсақ, бұлардың да көбін саяси сауатсыз деуге болады. Волком олардың біразын саяси көшпелі мектеппен оқытқан екен, ал, біразы алыс жерде болғандықтан, келіп оқи алмапты. Саяси мектепті өткендердің өзінде де шалағайлық жоқ емес. Оған себеп? "оқытушының өзі пәлендей саяси сабаққа жетік кісі еместігі, оған қосымша кітаптардың жетпейтіндігі, әрі кейбір кітаптардың түсініксіз жазылғандығы көрінеді. Тегі менің сынауымша саяси сауат кітаптарының көбі ауыл коммунисіне қолайлы жазылмаған. Біразы орысшадан аударылған. Оны аударушылар - кәнәрәрышылдар болып, дұрыс аудармаған, ал басқа сөз орындары дұрыстығын қарамаған. Тіпті кейбіріне үлкен оқулы адам да түсінер емес. Міне осындай сауатсыздық ауыл коммунисін көп жерде адастыратын көрінеді.

Екінші кемшілік: коммунистердің кей біреулерінің соғыс коммунизімі заманынан, өлде соны істеп жіберуінде: орынсыз ылау міну, сабап тастау, "пуртокол қылам", "акт жасаймын", "зәметкеге алам" деп қорқыту, орынсыз кім көрінгеннің "құдайын" боқтап, ел шаруасының психологиясымен есептеспей - тағы осындайлар толып жатыр. Мынандай бір қызық бар: осы болыстағы 8-ауылда тұратын бір-екі коммунист "ораза ұстағандарыңды шеттеріңнен айдатып малдарыңды қазынаға алдырам" деп бір ауылнай елге ораза ұстатпай қойған. Артынан волком біліп, елге түсініс беріп, сол ауылнай оразаны өзгеден үш күн соң ұстаған.

Үшінші кемшілік: тәрбиесі аз болғандықтан, кейбір коммунист қойған іске шалағайлық қылады. Газет, журнал оқуға мойын қоймайды. Біраздан кейін баю ниетімен, қазына жеуге, не пара алуға салынады. Әрине бұл жалпы әдет емес; бірақ мұндайлар бар. Оны жасырып керегі жоқ.

Төртінші кемшілік: тап деген сөздің өзін коммунистердің кей біреулері ұға алмайды екен.

"Бай жаман, кедей жақсы" дегеннен басқаны білмей, бес қара біткен біреуді істіктің үшінше шанша бастауға ойлайды екен. Орташа, кедей, бай дегенді айыра білмейді екен. Орташаны да байға апарып қосақтап, партияның бұл туралы саясатына түсінбейді екен. Осымен қатар, рушылдық деген ауру да кейбір коммунистерде бар екен. Міне ауыл коммунистеріндегі кемшіліктердің жалпы түрі осындай. Әрине, бәрін терсе табыла береді, негізділері осылар. Бірақ бұл кемшіліктер жойылып келе жатқан көрінеді. Былай ғой Сақып: бұдан бірнеше жыл бұрын ауылда коммунист деген иісі де жоқ еді. Сол иіс қазір шығып, ауыл арасына жайыла бастаған жоқ па? Кемшіліксіз іс болмайды. Жалпы алғанда, ауыл коммунистіне мен өзім оп-оңды баға беруге айналдым.

2 - кеңес жұмысы. Бұл болыс бұрын алты болыс ел екен. Қазір біріккен. Жалпы үйлерінің саны 3438. Жалпы жанның саны 12643; мұның 7345-сі еркек. 5298-і әйел. Болыста бұрын 18 нөмер ел бар екен. Қазір оларды іріктеп 9 нөмер қылған. Кеңсе тілі қазақша.

Уездерден де қатынас қағаздар қазақша келеді екен; бірақ, сол қатынастардың біразын түсінуге болмайды. Аты қазақша болмаса, қазақшадан он екіде бір нұсқа жоқтары бар. Тегі ондайларды кім болса сол жазып, басында отырған адам қарамайды-ау деймін. Жалпы кеңсе жұмысы жақсы. Бұрынғыдай қоржынын құшақтап, кеңсесі қанжығасында жүрушілік жоқ. Аудандық кеңестер орнығып қызмет қылады. Бұл жағынан болыстың ісі оңды. Болыстық аткомның бірнеше

бөлімдері болады ғой. Солардың бәрі де кәдімгі салмақты мекеменің қызметін істейді. Болыстың салынған орталығы бар. Орталықта бірнеше үйлер салынған: он бір бөлмелі болыстық кеңсе (үйлердің бәрі қарағайдан), 14 бөлмелі мектеп, 6 бөлмелі аурухана (больница), 4 бөлмелі мал дәрігерінің үйі, 2 бөлмелі монша, ішінде канторы бар - төрт бөлмелі кооператор үйі, екі бөлмелі қарыз серіктігінің үйі, кооператив боп қарыз серіктігінің артық бұйымдарын қоятын үлкен бір сарай, май тоңазытатын жер астынан істеген сарай - бұлар салынып біткендері.

Ал салынып болмаған 10 бөлмелі мектеп балалары үшін іргесін көтеріп қойған жатақ үй және екі-үш үйге жететін запас қарағай жатыр. Бұл болыс ағашы жоқ болыс. Сондықтан болыстық кеңсенің маңына қала болып түсетіндер үшін болатком кірпіш соқтырып, соны күйдіріп жатқан көрінеді. Кірпіш күйгеннен кейін шаруаларға үй салушы арзан бағамен сатпақ, өзірге күйген кірпіш 14 мың, шикісі 31 мың. Тағысын тағы соқпақ. Осы үйлерді салу ретінде болатком бір жағынан өзара салықты молырақ салып жіберіп, екінші жағынан халықты ылауға айдап (станциядан қарағай тартуға), халық ренжіңкіреген көрінеді. Кеңес жұмысында бір кемшілік қара тізім екен. Кім болса сол қара тізімге іліге беріп былтыр осы болыстан 1618 кісі қара тізімде болған екен. Биыл содан 483 қалыпты. Болаткомде өлі де болса қысқартамыз деген ой бар көрінеді. Әкімшілік жағынан да болаткомде баса сілтеп жіберетіндік өлі бар. Болыста бір кемшілік - қалың мал жұмысына салақтық. Ол туралы бұл хатымда орын алғызбай-ақ қояйын. Жалпы кеңес, тағы сол сықылды қызметкерлердің елден тоқтыны көп жейтіні, жазаласа кеңсеге күніне бір тоқты мен бір саба қымыз әкелдіретін әдеттері де болған екен. Волком бұл іспен былтырдан бері күресіп, тамырын түгел құртпаған, сүйреткен көрінеді.

3) Шаруа жұмысы. Болыста жалпы малдың саны 88 мың 691 қара. Шамалап айтқанда жан басына алты жарым қарадан келеді. Егіндік жері 4570 десятина - үй басына бір десятина бір ширек шамасында келеді. Осы ара Қазақстандағы губернялардың тәуіріне (басына емес), ортасына жатады дейтін жер еді. Жалпы аумағы көп болғанмен егіндік жері аз. Халық оған қарамай егінге жұмыла бастаған көрінеді: биыл бұл болыста 16764 десятина егін салыныпты. Салған егіннің шамасына қарағанда егістікке жарайтын жерден 3-4 есе көп салынған. Бірақ соның шығымы пәлендей болмаса керек. "Жауын көп" көп жауған жыл болмаса, десятинасынан 25 пұттан 50 пұтқа шейін ғана аламыз" деседі шаруалар. Егін салудың өнерлі түрінің әлі бұл болыста иісі де жоқ көрінеді.

Бір агроном бар екен, ол шаруаға, ақыл айтудың орнына орыс далаларына барып самогон ішіп гөләйт соғатын көрінеді.

Және де жалғыз агроном үш жарым мың үйге бүркуге де келмейді ғой. Мал шаруасының өнімі жақсы емес. Баяғы сүтсіз кішкене сиыр. Қораш жылқы, қылшық жүн қой әлі бар. Мал тұқымы асылданбаған. Уездік жер бөлімі болысқа биыл 4 бұқа, бір айғыр, 8 қошқар берген екен. Оны бөлісіп алған көрінеді, бірақ ол неге жетеді? Жалпы мал саны соғыстан бұрынғы қалпынан асқан. Оны салыстырып байқадық (ескі уақыттағы тізімді тауып). Мал өскенде ел шаруасы сиырды өсіруге жұмылған көрінеді. Жылқыға пәлендей баға бермейтіні: сатқанда, мінгенде болмаса басқа пайдасы жоқ. Ал, қойды пайдасыз көретіні, оның жүнін құндап қазақ жия алмайды, сауып сауын болмайды.

Екінші жағынан ел ішінде "қонақ" қалмағандықтан көбі союмен таусылады. Бір пайдалы мал ешкі көрінеді. Оны ел былай есептейді екен: ешкі жылына екі рет лактайды. Және егіз табады. Бастапқы лағы алты айдан кейін қашып бір лактайды. Сонымен жыл тәулігінде бір ешкіден орта есеппен алты ешкі өрбиді, ол айнала 4 сомнан

қойғанда (бұл арада малдың бағасы солай) 24 сом болады, сонда бір ешкі өзінен басқа жыл тәулігінде 16-17 сом пайда келтіреді. Ешкіде одан басқа бір пайда - түбіті, 4 ешкінің түбітінен бір шаршы шалы шығатын көрінеді. Бір шалы базарға апарып сатса: ақ түбіт болса 12 сом. Сары түбіт болса 14 сом. Қара түбіт болса 25 сомнан 30 сомға шейін. Мен өзім 28 сомға бір қара түбіт шалы алдым. Сатқан кісі қымбат саттым деп қуанып кетті, өйткені елде одан артық баға жоқ қой. Ал мен арзан алдым дедім; оным рас, ондай шалыны қаладан 50 сомға да таба алмайсың. Шалы кәсібі өрбігелі, шалы тоқудың ел әйелдері неше түрлісін шығарған көрінеді. Кейбірін көргенде, "не ғып" ойлап шығарды екен деп мәнеріне таң қаласың. Мінекей, ешкі пайдасы осындайға айналған. Енді сиырға келейін: мұның сатса бұлы жақсы, мінсе төзімді, сауса сүті пайдалы екен. Бір сиыр жазына пұт он қадақ, асса пұт жарым май береді екен. Бұл арада майдың пұты 20 сом. Күз 30 сом болады деседі. Сонда бір кісінің 3 бұзаулы сиыры болса (мұндай сиыр көбінде бар) жылына майдың өзінен 60 сом алатын көрінеді. Бұрын ел май сатуды білмейтін еді ғой. Май кәсібі шыққалы кедей шаруаның шаруасы алға басқан көрінеді. Өйткені жыл тәулігінде кедейде 60 сомнан артық шығын болама. Бұрын кәсібі жоқ кедей жылдағы малының төлін жылда жеп қойып, малына мал қосылмақ түгіл кеми беретін еді ғой. Май сатқалы базарға бір торпағын сатпай, сатса өсіріп семіртіп сатып, жуанды жонып жейтін көрінеді. Май мен бірге сүт машинасы да көбейген, 16-жылы осы болыстағы үш мың жарым үйдің ішінде Сакқұлак деген байда ғана сүт машинасы болады екен. Қазір үй басы біреу десең де бар. Болыста жалпы сүт машинасының саны (кішкенелері) 1841. Бұдан басқа елдің жаз жайлауға шығатын қалың ортасына үш жерге күніне 80 шелек сүт шығаратын үлкен заводтар орнатылған, сүт кәсібі әйелдердің тұрмысын түзеуге бет ала бастапты.

Ол былай: сүт заводы, ыдыс-аяғы таза, киімі таза келген әйелге бөйге жариялапты. Сол бөйгеге қызығып әйелдер бұрынғыдай салтақ-салтақ болып жүруді қойып қазір сол бөйгенің арты дағдыға айналып бара жатқан көрінеді.

Кедейдің шаруасы өсуіне бір көмек, кедейдің шаруа салығынан не құтылуы, құтылмағанның аз тарауы көрінеді. Патша заманында жарлының жалғыз торпағы раматқа алынатын еді ғой. Ол шығын осы күні атымен жоқ. Бұл елде мал шаруасы мен егін шаруасынан басқа кәсіп шамалы екен. Сондықтан елдің шаруасы туралы сөзімді осымен қысқартам.

4-тап жігі: мұны жеке мәселе қылып алып отырғаным - күні былтырға шейін біздің ауылда тап жігін ашу ретіндегі жұмысымыз әлсіздеу келді ғой. Қазір ол жұмыс өркендей бастаған. Төрт түрлі мысал келтірейін:

1) Жер бөлісі: Өлкелік партия комитеті осы жұмысты нақ кезінде қозғаған екен. Шабындықты бөлу науқаны жаңада ғана басталып жатыр, ол туралы әлі қорытынды жасалған жоқ, оны кезінде жазармын. Ал, егіндік жерді бөлу науқаны біткен. Жалпы алғанда кедейлер түсіністен кейін үлкен белсенділік көрсетіп, "ағайын, туғаным" дегенді тастап, қолына тиген жерден тістеп айрылмауға айналған. Ата жерім деп қайдағы жердің шұрайын иеленіп келе жатқан байлар, қазір жердің шетіне, төменіне сырылып қалған. Шабындықты да бөле бастады. Үгіттеу науқаны бітті. Мен жақын арада бір-екі ауылдың жер бөлісінің ішінде болып ем. Кейбір кедейлер, байдың азғыруымен:

- "Біздің ауылда ата жері ешкімде жоқ. Жерге баяғыдан бөріміз ортақпыз. Әлі де солай шаба береміз. Бай бізге зорлық қылған жоқ" деген еді, өзге кедейлер: байдың қандай жер шапқанын, кедейге қандай жер бергенін, істеген зорлықтарын айтып, ана кедейлерді бастырмалатып тастады. Артынан ана кедейлер де түсінгеннен кейін, қатесін мойнына алып, байдың азғырғанын айт-

ты. Түгел аяқтатып болмағанмен, жер бөлісінен менің әзірге қорытындым: жер бөлісі кедейлердің белсенділігін көтерді. Бетін ашты, рушылдық, ағайыншылықтың тамырына балта шапты. Кедей мен байды жіктей бастады.

Әрине бұл жұмыста кемшіліктер де жоқ емес. Жер бөлісінің алдын ала жүргізген науқан күшті болмаған. Кей жерде өкілдердің осалдығын пайдаланып, байлар - өкіл көзінше жерден күдер үзіп, өз ырзашылығымен шыққан боп, өкіл кеткеннен кейін қайта бөліс қылған. Бұл қателер түзеліп жатыр. Жер бөлісі биылғымен ғана тоқталмақ емес, келешекте де жүрмек қой. Өзі биыл басталған жұмыс болғандықтан, қатесіз болмай қоя ма? Егерде осы жер бөлісін жақсылап аяқтасак, Крайком маңында сөз болып, әлі жарыққа шықпаған конфиске жұмысын жарыққа шығарсак, сонымен тап жігі ауылда ашылып болды деп жүру керек.

2) Қосшы ұйымы. Түркістан жағында ескі ұйым болғанмен, бұл арада ол ұйым 26-жылы ашылған екен. Қосшының қазір мүшесінің саны 1213. Мұның 172-сі әйел. Шаруа тұрмысына бөлгенде 695-і кедей, 378 батрак, 1906 орташа. Анығында, шаруа тұрмысына бөлуі дұрыс цифр емес, өйткені ұйымда бай балалары барлығы бай-қалып жүр.

Әкесі бай болғандықтан қара тізімде отырған, еншісі бірге байдың баласы мен келіні қосшыға мүше болып отырған қызықтар бар. Жалпы бағыты жақсы. Жұмысы жөнделе бастаған. Кедейлерді ұйымға тарта бастаған. Кедейлер ұйымдасудың жақсы екенін түсіне бастаған. Бірақ ұйымда қателік көп, ұйым таза деп айтуға болмайды. Таза емесін жер бөлісі көрсеткен көрінеді. Жер бөлісінде: "мен де қосшыға мүшемін, маған қалай жер бермейсіңдер" деген бай балалары табылды. Қосшыда қор (фонд) болады екен ғой. Бұрынғы қоғам комитеті дейтіндердің қолындағы мүлкі осы қосшыға көшкен екен. Қосшыда қазір (болыстығын ай-

там) мынадай мүліктер бар: 14 жылқы, 16 сиыр, 52 қой, ешкі, 4 түйе, 8 шөп машинасы, екі егін машинасы, бір егін соғатын машина, екі тілді бір соқа, бір тілді бір соқа, үш сүт машинасы, 687 сом ақша, 156 пұт бидай, 123 пұт сұлы, 42 десятина егін (өлі орылмаған).

Одан басқа жер бөлісінде қосшының қорына деп жер алатын көрінеді. Қосшының қоры жоғарыдай болғанмен соның пайдалану жағы пәлендей емес. Кейбіреулердің айтуына қарағанда, малдары жылда өліп қалады екен. Оған ерте тамақ (шөп) қамдатпайды екен. Ал, былтыр 28 десяти-на егін салдырып соққанда барлығы 364 пұт-ак астық алыпты. Бұл десятина басына 13 пұттан-ак келеді. Ал, сол егінмен егінін қатар салған жеке шаруалар десятинасынан ең кем дегенде 40 пұт алған. Бұл әрине, не қосшы ұйымының басындағыларының салақтығын, не жеп қойғанды көрсетеді. Волком бұл жұмысқа қазір көңіл бөліп, қосшыны бір жағынан сұрыптауға, екінші жағынан түзеуге кірісе бастаған.

3) Жалшылар комитеті - жалшылар комитетінің жұмысы шамалы түрде жақсы. Жазғы, күзгі екі науқанда елге өкілдер шығып, жалшылар мен байдың арасына шарт қағаз жасатады екен. Шарт қағаздың пайдасын жалшылар біліп, шарт қағазсыз тұрмауға тұрғаннан кейін: шарт қағаздың сөзін орындауға айналған. Биыл шартпен жүрген жалшылар саны 536; шартсыз жүріп, артынан еңбегін даулағандар 178. Көп жұмыстың ішіндегі оңды жолға қойылғаны осы, болыста жер-тоғай ұйымында мүше 857 кісі бар.

4) Бірлестік шаруа - бұл жұмыс былтырдан бері ғана басталған екен. Болыста мұндай шаруа алты-ақ жерде ашылған. Ұйымдастырылған кедейдің жалпы саны 513, жанының саны 230. Бұл ұйым әлі өркендей алмаған. Қолдарында қоры шамалы. Қарыз серіктігі, кооперация, қосшы ұйымы, болатком, тағы сондайлар көтермелеп жәрдем берген екен. Әйткенмен қаулап кете алмай жатқан көрінеді. Кедейлердің жалпы көзқа-

расы жақсы. Біреулерімен сөйлесіп көріп ем, "бірлесіп істегеннің өзі жақсы екен" деді. Онысы бірдеме түсінгені ғой. Тегі бұл ұйымдарға өзгеше жәрдем көрсетіп, машина, сайман көлік, сауын сықылдыларын молайтпаса болмас деймін. Конфиске болса тіпті жақсы болар еді. Бұл туралы газетке жазбақпын. Кедейбатрактардың байдан жіктену ретіндегі ұйымшылдық істері әзірге осылар. Бір көңілсіз нәрсе, орташа туралы партияның елдегі саясаты іске аспай жатқан көрінеді. Орташаны жергілікті мекемелер ұйымға тарта алмай, орташалар жер бөліс науқанында көп солқылдақтық көрсетті, біразы бай жағына ауып кетті. Міне бұл қолға алатын жұмыстың бірі.

5) Кооперация. 26-жылға шейінгі кооперацияны атамаса да болады. Ол жылға шейін кооперация ылғи байлар, жемқорлар отырып, елді кооперацияға тартпақ түгіл бездірген. Пайда қылмақ түгіл, мүшелік қордан жиналған ақшаның өзін жеп қойған. Елдің бір ренжитін жері - қылмыстары мойнына түсіп, абақтыға жатқан дүкен бастықтарының жазасыз тез босанып кетуі екен. Тегі біздің сот орындарымызда талай шатақ бар ғой, әйтпесе неге босатады. 26 жылдан бастап болатком пайдасыз көп дүкенді жауып, 4-ақ жерден дүкен ашып, сол төртеуін ондауға күшін салған екен, қазір кооперативтер түзеліп, халық алдында қадірін танытып қалған. Сол төртеуінің біреуі болыстың орталығында екен. Өзгесін аралағам жоқ. Айтулары жақсы дейді. Ал болыстың орталығындағысы шынында жақсы: 1417 мүшесі бар, мұның 580-і әйел, мүшелік жарнадан жиналған қоры 7085 сом. Айналма (обратный) қоры 13745 сом. Алты айлық пайдасы 2139 сом 76 тиын. Қазір халықтың кооперативке ынтасы күшті.

6) Қарыз серіктігі - бұда жақында түзеле бастапты. 8000 сомдай қоры бар екен. Биыл елге таратқан саймандары: 24 шөп машинасы, 52 сүт машинасы, 13 егін машинасы, 9 көк арба (бришке), 16 соқа, 23 тарантас; бұл болыста да, қарыз

серіктігінде де трактор деген нәрсенің әлі иісі жоқ. Жақын арада губерняда шығатын газетке осы уезге деп биыл 14 трактор берілгендігі, бірақ соның біреуін де қазақ коллективтері ала-алмағандығы туралы бір мақала жазылды. Әрине, қазақ коллективтерінде салақтық бар шығар, әйткенмен ептеп отаршылдық - орысшылдық да бар-ау деймін. Әйтпесе, осы уезде 12 қазақ болысы бар екен, соның біреуіндегі коллективке бір трактор неге тимейді. Бұл менің ұлтшылдығым емес. Бір тілді соқа мен арық мөстекке шірендіріп кейістік көріп жүрген коллективтерге жаның ашығандығы. Егерде трактор берілсе, коллективтер қандай өркендеп кетер еді.

7) Оқу - болыста 15 жерде бірінші басқыш мектеп, болыстың орталығында жеті жылдық бір мектеп бар. Болыста мектеп жасындағы жалпы баланың саны 2112, ал оқитын бала 765. Сонда биыл оқу жасынан оқымай 1347 бала қалып отыр. Ересектер үшін қазір бес жерде көшпелі мектеп жүріп жатыр. Онда оқитын адамдардың саны 526. Мұның 193-і әйел. Ескісі бар, жаңасы бар, болыста қазір жалпы халықтың 14 проценті хат таниды. Жалпы әйелді алғанда 4 жарым проценті хат таниды. Әрине, ескі заманмен салыстырғанда көп алға кеткен. Бұрын осы елде бір мектеп жоқ екен, қазір 16 мектеп бар, бұл аз олжа емес. Әйткенмен қазіргі заманға қарағанда мектеп саны аз. Мұны өркендету керек. Мектеп жұмысына бір бүгін елдің орналаспағаны көрінеді. Кей жерде мектептің сайманы болғанмен, қаланың орны кесілмеген соң, қай ауылға саларын білмей дағдарып отыр екен. Осымен қатар газет, журнал, кітап жұмысын да айта кетейін. Ел газетке түсініп алыпты. Пайдасын біледі. Бірақ ауылда почта жоқтықтан газеттері қолдарына бір ай, екі айдан кейін зорға тиеді, көбі жоғалып кетеді. Ал поселкедегі почта орындары көбіне қазақ газетін бағаламай, апарса апарып, апармаса қол сұртуге жұмсайды, осындай газетке елдің көңілі қалатын көрінеді. "Жаңа мектептен" басқа бұл елде

журнал көргем жоқ. Қазақстанның пролетариат - қара шаруа жазушылар ұйымы "Жыл құсы" деген әдебиет жинағын шығарған екен. Сол келіп ептеп тараған. Одан басқа журнал жоқ, кітап дегенді елдің көзі көрмейді. Бірен-саран қалаға барғандар әкелген кітап болмаса, оқу құралдарынан басқа, мен елде кітап көргем жоқ. Болыстық кеңес маңында бір кітап қана бар. Ол кімге жетеді. Қазақстан мемлекет баспасы газетке "пәлен кітап шығардық, пәлен дүкеніміз бар" деп жазғанда жер-көкке сыймайды. Бірақ елге сол кітап бара ма? Ол арасын абайламаған.

8) Салт-сана: елдің шаруасы, санасы өсумен қатар, тұрмысы да түзеле бермек қой. Әйткенмен ел тұрмысында әлі кемшілік көп. Баяғы монша көрмейтін қазақ әлі көрмейді. Баяғы битсірке әлі бар. Баяғы кір-қоң әлі сол. Ыдыс-аяқ баяғыдай әлі де былығып, адам ас ішерліктей емес: баяғы кір қолды табаққа тығып айнала отыра қап бір табактан тамақ ішу әлі бар. Бақсыға үшкірту-түшкірту, сенушілік қалған жоқ. Өйткені, сыйлау, әйел еркекті өзінен жоғары санауда пәлендей өзгерген жоқ. Қысқасы мәдени төңкеріс ауылда әлі еркін бастала қойған жоқ, тегі бұл жұмысты баса қолға алмаса болмас.

Енді хатымды қысқартайын, жаза берсе ауыл кеңесі түгесіле ме. Бірсыпыра кемшілікті (олар болмай қоймақ емес қой) былай қойғанда, ауылға келсең Октябрьдің 10 жылға толып қалғанына көзің жетеді. Болыстық кеңсе биыл елмен бірге жайлауға шыққан екен. Жақын арада болаткомның ағасымен қыстаудағы кеңсеге барып қайтып ем, ондағы істелген істерді көргенде қуанғандығымнан жылағым келді. Қазір жанымызда ересек әйелдер оқып жатыр. Солармен күнде кешке сейілге шығып, рахаттанып тұрып жүрем. Елге келгеніме бір түрлі ықыластымын. Әлі отаршылардың, әрі өз байларының тепкісін көрген қазақ еңбекшілері қазір адам болып, социалдық дәуірге көшінің басын бұра бастаған, осының бөріні істеген Октябрь.

Оны жасаған орыстың пролетариаты ғой. Сол пролетариатқа қай қазақтың еңбекшісі алғыс айтпас. Хатымның ең аяғында жазатын бір мәселем, осы хатты қолына апарып берген Бәтес туралы. Бұл кісі ауқатты адамның қызы болғанмен, ескілікпен күресіп, жарыққа ұмтылған бір талапты әйел. Мен өз қолымнан келгенді істедім. Бұл адамды әдейі саған жіберіп отырмын. Бұрын қалалы жерді көрмеген ауыл әйелі ғой, оның үстіне ер жеткен адам қала тұрмысына түсіне алмай, әулігіп кетіп, бақытсыздыққа ұшырап жүрмесін. Ондай істер болатын. Сен бұл кісіні өз қолыңнан мектепке кіргізіп, бақташы, ақылшы бола жүр. Осыны жолдастық жөнінен қатты тапсырам. Бұл хаттың басын, мен Бәтес келместен бұрын жазып ем, саған елде көрген істерімді таныстырмақ ем. Әзірге осымен доғарам. Тағы да хат жазармын. Бұл болыста сентябрьдің аяғына дейін болам. Өзің де хат жазарсың. Адресім бастапқы хатымда бар да. Қош! Коммунистік сәлеммен мен

Әсия. 14/VIII. 1927 ж.

Хаттың өзім туралы жазған жеріне келгенше, хат маған жетпейді әсер берген жоқ. Өйткені ол кеңестер маған керек кеңестер емес қой. Ал, өзім туралы жеріне келгенде жәйдан қалың ем, төбемнен біреу басқандай салмақтанып жүре берді. Үш хат болғандықтан біраздан кейін Айдай тыңдауға жаппапп, "өзі немене жазған" деп теріс қараған. Ол сол қалыңмен отырды. Мен хатты оқып болғаннан кейін ауыр күрестім де хатты қалтама салдым. Өйткені, күні кеше ғана 18 мың өлемде менің жалғыз досым Әсия еді. Басыма қара күн түгәнда, ол қарлығаштай су сеуіп, мені қанатының астына алып еді, ашыққанда нәр, талғанда әл болып еді. Ісімнен кетпес достық ақылын айтып еді. Ол маған жол сүйттеп еді. Сол сілтеген жолы көзіме түзу сықылды елестеп, сол жолмен жүрсем дегеніме жетемін деген көңіліме иман беріп еді. Қазір Желбикесі бар, Айдайы бар, мені ол жолдан тартырып басқа бір жолға салды. О жолдың нендей жол екенін білмеймін. Көзім жетпейді. Мен қазір айқын жолдан аласып, көмескі жолға түскендей болдым. Иманымнан айрылғандай болдым. Әсияның достығын ұмытып, ақылын аяққа бастым...

ХІ. СУЫҚ СӨЗ

Таңертең оянып киінейін дегенімде, сол күні оқуға баратындығым есіме түсті. Көрпемді аяғыма қарай серпіп жіберіп, шалқамнан жатқан қалпымнан оң қабырғама аударылып, басымды көтердім. Кешке ашқан терезенің жел жаңартары (форточка) сол қалпымен ашық қалған екен. Содан түнгі тұнған таза ауа үйге еркінше құйылып, онысы өзге күннен өзгеше иісті боп тұр екен. Сынаппен жарқыратқан тайтұяқ алтын сықылданып, күннің көзі дәл ортасынан терезеге жаңа ғана іліккен екен. Сол тайтұяқтан түскен сәуле күмістен жасаған бөренеге ұқсап, тіп-тік боп көсіліп, бір жақ басы дәл менің белуарыма асылып тұр екен. Күндегі күміс бөрененің үстін шұп-шұбар қып жауып тұратын шаң-тозаң, қыл-қыбырдың біреуі жоқ, бөрене мөлдір судан қатқан сүмбі мұз сықылданып мөлдіреп тұр екен. Жапырағының найза үші ғана сарғылт тарта бастап, өзге денесі жасыл бүліс, ак үкіге бөленіп тұрған терезенің алдындағы бір топ талдың бұтақ басына бір-бір қара торғай қонып алып қанаттарын желпе түсіп, әндерін қосып сайрап жатыр екен.

"Ұшады қара торғай қанат қағып,
Үстіне қанатының маржан тағып.
Бірге өскен кішкентайдан Балқадияша
Жат жерге мені тастап кеттің нағып!"

деген бір ауыз өлеңнен кейін домбыраға қосқан даусы көп қара торғайдың сайрағанынан аумай түсетін: айыр көмей, жез таңдай, қоңыраулы емес, бал дауысты. Тішән өншіл-ай, осы ұсақ құстардың жан сезімін қалай ұға-алдың екен!

Тішән деген біздің елдің бір асқан өншіл жігіті еді. Көдей болған. Астына мінер жалғыз атын, киер киімін, жүрер жүрісін ешкімнен кем қылмайтын еді. Біздікіне көп келетін еді, әсіресе Дәкен үйде отырған кезде біздің үйден шықпайтын еді.

Жасы қазір отыздан асып кеткенмен, әлі бозбалашылығын қимай, өлең мен домбырасын тастамайтын еді.

Төсектен басымды көтеріп, шынтақтап отырған қалпымда қара торғайлардың сайрағаны Тішәннің "Қара торғай" деген әнін, ән Тішәнді, Тішән ауыл үйді, үй, үйдің жандарын көз алдыма әкеліп көгендей қойды. Дағды алған белгілі күрсіну бар, сол дағдымды бұл жолы да істедім. Өйткені: мен бұдан бұрын да бір оқуға барғам ғой. Бірақ ондағы баруыммен, мұндағы баруымда жер мен көктей айырма бар.

Неге? Былай: 9 дан 10 ға қараған жылымда ауыл киіз үйлерінің кигізін ғана сыпырып алып күзгі арса болған табығатты еліктегендей-ақ үйдің сүйегін жықпай, керегені тырбитып, уықты сыйдитып, жұртқа қойып кетіп, жаңада таппа жер үйге түскен мезгілде, қораға түскеннің ертеңіне кешке таман мен қой бөліп келгем, сол кезде терезенің алдында таяғын қолына ұстап жақын арада лақтаған тушаның лағын бір қолтығына қыстырып, "шө-ге-шөге" леп әжем тұрған.

- Әж-ж-ж-е! - дегем жүгіріп кеп мойнына асылып.

- Әу, күнім! - деген әжем, жығылып қала жаздап менің асылғаным; әжемнің қолынан лағы шығып кетіп, "мен де шешеме еркелеймін" дегендей қойға маңырап жөнелген.

- Е-е-е, һ-е-е! - деген ыңырысып, еркеліктің жылауымен.

- Немене, саям! - деген әжем маңдайымнан иіскеп.

- А-а-йт-ба-а-аймын! - дегем бөлденіп.

- Нан жейсің бе? - деген әжем қалтасынан бауырсақты алып шығып, "дәуде болса керегің нан ғой" деген кісіше.

- Жемеймін.

- Қымыз ішкің келді ме?

- Ішпеймін!

- Енді не керек? - деген әжем, салмағымды көтере алмай, "енді болар, асылма!" - деген кісіше айқастырған саусағымды жазып.

- Оқуға баям! - әдейі тілімді "р" ға келтірмей.

- Қашан, қалқам? - деген әжем қолымды еріксіз мойнынан жазып.

- Ертең! - деп, айтуын айтып салғаныммен, ұялып, бетімді баса жүгіре жөнеліп кеп қойдың арасына жоқ болғам.

Ертеңіне:

- Ө, көзіңнен айналайын! - деп біреудің сүйіп жатқанына оянып кетсем, апам боп шыққан.

- Оқуға барам дедің, құлыншағым, қалқам, өкпем, панам, саям, қарашығым, күнім, айым! - деген апам құшырлана сүйіп.

Мен үндемей бетімді баса қойғам. Апам: екі алақанымнан, бір қолымның шынашағының басынан, мұрнымнан, иегімнің үстінен, ернімнен, кіндігімнің тұсынан, мойнымнан сүйіп-сүйіп кетіп қалған.

Орынымнан түрегеп, беті-қолымды жуып, отауға барғанымда, бір қозы қарын майды бастап той ғып, ауылдың

қатындарына құрт, маймен шөй беріп жатқан апамды көргем. "Қайырлы болсын, молда бол!" деген қатындар, араның ұясындай мен кіріп барғанда шу ете түсіп, оқуға баруға қуанғандығым ба? Не қатындардың шулағанынан ұялғаным ба? Тұла бойым дірілдеп; жарты шөшке шөйді зорға ішкем де тұрып кеткем. Шай жиналғаннан кейін әкем алыс жолға баратын кісідей-ақ өзінің күз мінерге жіберіп, жақында ғана ұстатқан көк ала жорғасын жеңілтек әдемі тарантасына жеккен.

- Осы біздің әжем қызық, баланың оқуға барғанын ұнатпай жүр, оқыса қайтеді!.. - деп апам, әкем атын жегіп болғаннан кейін, сандығын ашып, жарты кез қызыл ала батсайыға түйіп, бір сөлкебайды "молдаға бер, садақаға" деп әкемнің қалтасына салған да, мені киіндіріп далаға алып шыққан:

- Ә, құдай, қайырлы ет жасаған, есігімізден оқуға шыққан жалғыз бала еді!" - деген апам жылап.

Әкем екеуіміз мектепке кіріп барғанда, үй тола отырған бала бізге қарай қалған. Молда "Тоқа, жоғары шық!" - деп әкеме сәлем беріп, қолын ұстаған.

- Мынау жалғыз баламды оқуға алып келдім. Барымыз осы ғой. Бір шикі өкпеміз бар. Ол осы, тентек. Ерке бала еді. Байқап оқытқайсың молда! - деген әкем.

- Бұрынғы молдалардай біз ұрмаймыз ғой. Бір аздан кейін балаң үйіне жоламайтын болады! - деген мұғалім мені басымнан сыйпап, қолы басыма мақтадан жұмсақ сықылды боп тиген.

- Қош, молда, қалқам, енді қала ғой, "деп, молдаға батсайы мен күмісті бергенде, молда алмаған соң "алмасаң алма, өзіме де керек!" дегендей қалтасына салып, мені маңдайдан бір сүйген де әкем шығып жүре берген. Жылағым келмегенмен, әкем шыға жөнелгенде көзімнің жасы ыршып кеткенін өзім де аңғармай қалғам. Бірақ "неге жыладың" деген молданың сөзін естігеннен кейін, жылағанымды білдірмей, жасымды сүрте қойғам.

- Мына жерге отыр шырағым! - деген молда, маған бір баланың қасынан орын көретіп, мен отырғаннан кейін қолыма бір кітапты ұстатып, ең әуелі таяқ сықылды бір сызықты көрсетіп "мынау - а" және арбаның керігі сықылды екі сызықты көрсетіп "мынау - р, мынау - з" деген. Өз ойымша

оқу дегенді бір керемет қызық деп ойлайтынмын. Бірақ молда көрсеткен үш сызық маған қызық көрінбеген, "а" - деп ең алғаш дауысымды шығарайын дегенімде дауысым шықпай қалып, көмекейіме бірдеме тығылған сықылданған. Сол тығылғанды кетірейін деп жөтеліп қалғанымда, маған балалар сабағын тастап жалт қарасып ұялғанымнан екі бетім ду ете түскен. Уа, шіркін-ай, ол күн алтын еді-ау, енді қайтып келер ме екен!

Осы ойдан кейін орнымнан тұрып киіндім; жуындым. Жеңгей шайға шақырып еді, бір-ақ шәшке ішіп, төңкердім. Сол жүріс-тұрысымның бәрінде де ойыма бір жағынан ауыл, бір жағынан алдағы өмір түсіп, ойымның түйінін таба алмадым. Балалық заман өз бетімен құс боп ұшып кетті ғой; ал, елді, жұртты тастап, қалаға келіп түсейін деп тұрған оқуым мені кім қылатынына, қайда апаратынына, тіршілігіме не жәрдемі тиетініне көзім жетпейді...

Бір шәшке шайдан кейін, кітапсыз, дөненесіз, киініп мектепке барып кіріп ем, аңдып тұрғандай алдымнан Мүсәпір кездесе кетті де:

- Е, қарындасым, денің сау ма? Оқуға келдің бе? Қайырлы болсын! - деді қолымнан ұстай ап.

- Мен оқитын үй қайда еді, ағай? - дедім.

- Бірінші даярлағыш "а" группасы шығар, ол 8-інші бөлмеде болатын, - деді Мүсәпір, жүре сөйлескен маған қатарласа бастап.

- Ол қай жақта?

- Мен адастырмаймын...

Екеуміз қатарласа жүре бастадық. Екі-үш адым жүргеннен кейін, Мүсәпір жақ бүйірімнің сыртынан біреу түртіп қалғандай болған соң, жалт қарасам, Мүсәпір оң жақ қолын доғаша иіп, менің қолтығыма қарай әкеле жатыр екен: денем тітіркеніп, шегініп кеттім де:

- Қытықтамаңызшы! - деп жібергенім ғой. Неге айттым деп өзім де ұялып қалдым. Бірақ, қолтықтап жүруді көрмеген басым, елдің бозбалаларының түртіп, қытықтап ойнайтын әдетін істеп келе жатыр екен деп қалдым. Өйткен күнде де, танысып болмай жатып бұлай істегеніне түсіне алмадым.

- Қолтықтап жүрейін деп ем! - деді Мүсәпір былжырап сөйлеп, күлімсірегендей боп. Бірақ күлейін десе де күле алмады. Құр езуін жиғаны болмаса, бетінде күлкі мен ұят араласып кетті.

Бір ай өтті, оқуға да төселдім. Келген кезде адаса беретін қалаға да үйреніп алып, өз ауылымдай боп кетті. Біздің елдің жігіттерінің өздерімен де, үй-іштерімен де таныстым. Жабағынікіне де барып, ондағы жеңгейді де көрдім: сопақ бет, екі ұрты салбыраған, қушық мұрын, дорба ауыз, ажарсыз, сорайған, ұзын бойлы сынсыз кісі екен. Күрек тісінің екі жақ жанындағы тістері түсіп қалған ба? Болмаса әдейі сөнге істеткен бе: екі алтын тіс салдырған екен, бар денесіндегі қадырлысы сол екі тіс қана сықылды екен. 12-13 жасар бір қызы бар екен. Содан басқа баласы жоқ екен. Жеңгейдің аты Қалампыр екен.

Желбике жеңгей шынында желдетіп жүретін кісі боп шықты. Қалада білмейтін өсегі жоқ. Мен оқудан келе сала күнде бір өсек айтып қояды. Қай әйелдің қай еркекпен жақындығы; кім деген қызды кім деген жігіттің ухаживать (бұл сөзге қалаға келгеннен кейін үйрендім) ететіні; кімнің не ас ішетіні, не киім киетіні, не ыдыс-аяғының барлығы; кімнің үйінде қай күні неше қонақ болғаны, кімді кімнің қай күні шақыратыны; қай әйелдің күйеуімен қалай жүретіні (тату, араздығы), - қысқасы қалада не өсек болса, соның бәрінің кіндігі Желбикеді. Желбикенің сөзіне қарағанда, аяғын тік басып жүрген адамда күнәсіз пәнде жоқ. Не күйеуі, не әйелі, бірінен бірі екі елі айырылса, Желбике соның біреуіне бір кінә тақпай қоймайды. Мосқалданған адамның біреуі Қалампыр жеңгей ғой, сол кісі туралы да маған Желбике бір күні былай деді:

- Балалы үйдің ұрлығы жатпас деген ғой. Жәбекен үйі бір қонақ шақырып, қонақтар асын ішіп отырғанда, Тамара әкесіне; - "Папа, мама вчера с Толегеном, когда вы пошли на работу, на кровати валялись. Я видела" - депті. Төлеген де бар екен дейді. Қалампыр мен екеуі қып-қызыл болып кетіпті.

Желбикенің кеңестері біраздан кейін маған көңілсіз болатын болды. Өйткені ол ылғи сөзінің аяғын күйеуі мен әйелінің сүйіспеуіне әкеп тірейді. Желбикеше: дүниеде сөйтіп, алдаусыз тұратын бір ерлі-байлы адам жоқ. Неге екенін білмеймін, Желбике бойын үйретіп алғаннан кейін Бүркітпен екеуміз туралы кеңес бастауға айналды. Мен онысын ұнатпай:

- Жеңгей, өзгені айтсаңыз да, маған сол кеңесті айтпаңыз! - деуге айналдым.

- Айтпағанда несі бар, ол баланың (Бүркіт) мінезі жеңіл бала. Былтыр бір орыстың қызын аламын деп тастап кеткен. Осы күні де бір қызбен жүреді. Осы күнгі жастарға сенім бар ма. Демің біледі ғой, өйткенмен ол саған тең емес. Жеңілтек! - деді жеңгей бір күні. Кеудемді Желбикенің сөзі октай атып кетіп, не дерімді білмей:

- Маған ондай сөзді айтпаңыз! - деп орнымнан тұра бердім.

Жеңгейдің Бүркіт туралы айтқан сөзін мен өзіміздің елдің жігіттерінің төртеу-бесеуінің әйелдерінің аузынан есіттім. "Осылай дейік" - деп уәделесіп қойғам адамша біреуінен біреуі аудармайды. Бәрінің сөздерінің қысқаша төркіні, Бүркіттің "жеңіл тектігі" "тұрақсыз дығы". Қалампыр да соларға қосылып:

- Жиен (Бүркіт) жаман бала емес. Бірақ жеңілтек. Көрінгенге алабұрта береді. Нағашысына ақылдасып еді, ол кісі "оқуды бітірмей әйел алма" - деді. Жиен нағашысының сөзін далаға тастамайды. Әйел алмайды, - деді.

Бүркітті бір ауыздан "жеңіл", "жаман" ғып шығарулары былай тұрсын-ау, сол Бүркітті жамандайтындардың бәрі тағы да бір ауыздан: "салмақты, ақылды... Әйел алайын деп жүр, қыз таңдап" деп Мүсәпірді өлгенше мақтайды. Неге олай дейгіндеріне түсінбедім.

Әзекең үйінің жүріс-тұрысы, үй салты қалаша болғанмен, тамақ ішуі, әсіресе ет жеуі көбінесе елдікі сықылды. Екі күнде бір ылғи қазақша ет асып, ішіне жұқа нан салып, кәдімгі елдікіндей уыстап асап жейді. Неге екенін білмеймін, өздері асап жеген етті "бес бармақ" деседі. Әзекең құнара, таң ертең қызметке кетерде "қатын, бүгін бес бармақ қыласың ғой" деп жүргені. Әзекең үйінде Айбарша дейтін ас пісіретін қазақтың бір мосқал әйелі бар. Қолы бос болғанмен жеңгей асқа араласпайды. Бірақ Айбаршаның қылған асын жаратпай, құлағын мүжиді де отырады, сол мінезінен талай әйел жалдап, көп отаспай Желбике не десе де көтере беріп, бар істер қайраты - сыртынан мұқатады екен.

Айбарша менімен келген күннің ертеңінде ауыл-үй қонып кетті. Ауылдан келген адам болғанымнан, Айбарша ауыл әйелі болғандықтан мен де оны жақын тарта бастадым.

- Әйел баланың, ер жеткен соң әр түрлі кір-қоны болатын, шырағым. Менен ұялма, қазір қу бас боп отырғанмен бәріміз де ер жеткен әйел бала болған. Көйлек-көншегіңді өзім жуып берем! - дейтін болды, Айбарша, үйде кісі жоқта. Күнде бір рет екеуіміз сөйлесетін, сырласатын болдық. Кемпір кейде маған: "ауылды сағындым. Нашарлықпен тұрмын ғой. Әйтпесе үйренген далаға не жетсін... Басымды қарап берші, қалқам" дейтін болды. Мен басын қарайтын болдым. Желбикенің күнде істейтін қорлығын жадырата-тын кемпірдің жұбанышы мен, менің елді сағынғандағы жұбанышым кемпір болды.

- Қалқам-ау! - деді Айбарша бір күні, мен сабақтан келгенде есікті ашып жатып - саған сұмдықты айтайын. Желбикеле құдай жоқ... Саған қастық ойлап жүр. Сен Бүркіт деген бір жігітке тием деп келген екенсің ғой. Сені содан айырмақ, мен сөздерін күнде естимін. Ішінде Әзекең де, осында келіп жүретін ана бір кісілер де бар. Кеше қағаз таситын ноғай саған келді деп бір қағазды маған беріп кетіп еді, Желбике менен алып тығып қойды да, "айтпа, айтсаң өлтірем!" деді. Өздері саған күйеу іздеп жүр...

Бүркіттен хат келмегеніне өзім де сезікті едім. Айбаршаның сезін бөліп өкеттім де:

- Ол қағаз қайда әже? - дедім.

- Жүр тауып берейін.

Айбарша мені жетектеп Әзекең ұйықтайтын үйге алып келді де, түптегі жарқырап тұрған бір қатар жиналған кітаптың біреуінің арасынан екі конвертті суырып ап маған берді, екеуінің біреуін әуелі қолыма алып сыртына қарап жіберсем, "Бүркіттен" деген жазу бар екен. Екінші хатқа қарамастан, жалма-жан жыртып жіберіп оқысам, былай деген екен:

Бәтесжан!

"Қорыққан да, қуанған да бірдей ғой. Екеуінде де жүрек лоблып, адамның өз денесін өзіне билетпейді. "Келдім" деген екі ауыз сөзбен жазған хатың маған көп әсер берді. Өлген сықылды ем, отым өшкен сықылды еді, тірілдім, жандым! Ел талқысына түскенде, сен менен

қажырлы боп шықтың. Кеш. Өкпелеме. Хатыңды кешкі сағат 7 де алып, 8 де осы хатты жазып отырмын. Толық хатты кейін жазам. Карточкамды жіберем. Өкпелесен, өкпенді кеш. Қуанғаннан аузыма сөз түспей отыр!

Аузыңнан, бетіңнен сүйіп, құшақтап хат жазған ғашығың -

Бүркіт

2/X/27-ж.

- Рас емес пе, қалқам, Желбике бұзылған осы қағазды ығып қойды... Ананы да оқышы!.. - деді кемпір, жүгіріп терезеге барып кеп.

Екінші хатты ашып, басына көзімді салып жіберсем өкемнің ескіше жазуы сықылды екен. Жүрегім су ете түсті. Ескі жазуға жүйрік те емес ем, әйткенмен жорамалдап оқыдым. Былай екен:

"Алхат, Неспол Малахат!!-

- "Сізге ғәззатлу уа хұрматлу зияда қадірдем көруші: Фәзімбекке, иәнә Ябағыға, иәнә Усіпке, иәнә Секпайға, уәһәм ғайрый біздің елдің азаматтарына сәләм. Бағыдында біз тараптан хал-ахуал білмек идәдіңіз болса, әлхамдо лелләһи сағ уәселәмәтпіз. Емди ушбу хатқа жазамын: бән атаңыз Мақамбет, бән ағаңыз Тоқбақбай, уәһәм ғарый ел иәқшылары тілегіміз будур: біздің елден бір бала балалық қылып кетті. Ел ақсақалдары ғилажсыз қалды. Сол баланы сізлер Навыл ұғлы Бүркітке қоспаңыз. Башқа кімге берсеңіз де ел ыразы. Ушбу істі орындау әууәлі аллаға, екінші сізләрғә тапшырылады.

Мәгәркий бу хатты орындамасаңыз бек өкпелейміз, һәм сізләрді көрмейміз - даю сәлем жазушы - бән Тоқбақбай.

"Ушбу хатты жазғызған - бән Мақамбет хат білмеген үшін билік мөһірімді басам. Уәһәм басқаларда мөһірімізді басамыз, иә тамғамызды бармақпен саламыз.

12-сентябрь, 1927-йыл".

Хаттың ең соңғы сөздерін толық оқымастан хат қолымнан түсіп кетіп "жауыздар-ай, сонымнан әлі қалған жоқ па еді!" деп бетімді басып жылап отыра кеттім. Суық сөз денемді мұзды судай аралап жүре берді.

XII. СОҢҒЫ ХАТ

Мектептің есігінің алдында бақша тәрізді өсірген бір ағаштар тұратын еді. Ішім пысқан соң ағаштың арасындағы жалғыз аяқ жіңішке жолмен азырақ жүрейін деп, аяндап ішіне кіре беріп ем, басы мұқылданып, бұтақтары тырбиған бір жуан теректің түбінде шылымын аузына тістеп Балқаш отыр екен. Жанынан көрмегенсіп өте бергенімде:

- Бәтес, қайда барасың шырағым? - деді Балқаш.

- Сіз бе едіңіз, абайлаған жоқ ем! - деп қайрылып тоқтай қалдым.

- Шырағым, осы сен неге жүдеп кеттің? Қаланың тұрмысын ұнатпай жүрсің бе? Болмаса оқуды ауырсынасың ба?

Неге жүдегенім өзіме ғана анық, басқаға танық. Бұдан төрт-бес күн бұрын үстіме киіп көрейінші деп сандықта жатқан қазақша, жағасын сырған қос етек көйлегім мен төс қамзолымды алып көргем. Бұрын қаптырмасы тырсылдап зорға салынатын жеңсіз қамзолымның өңірі қолқылдап, айналып арқама жеткен. Көйлегімнің жағасының түймелерін салғанда, мойнымның етін айнала жонып тастағандай көрінген. Шын жүдегенімді көріп сонда-ақ зәрем ұшқан. Неге жүдеген себебімді айтуға тірі жан таба алмай, Балқашқа айтуға қорғалап, көкірегіме құсықтай болып толған ойды төгуге кезі келмей жүрген.

Қуанышты да, қайғыны да өзге мүшеден көрі тез сездіретін көз ғой. "Неге жүдедің?" - деген Балқаштың сөзі құлағыма шалынғаннан кейін, жасым қалай ыршып кеткенін білмей қалдым. Өксіп бетімді басып Балқаш отырған ұзын тақтайға отыра кетіп, белдемемді терекке тіреп еңіреп-еңіреп алдым.

- Неге жыладың, шырағым? - деді Балқаш, басымды ұстап, аянышты дауыспен.

Үндегем жоқ. Өз денеме өзім ие болмай, дауысым шығып кетті.

- Ана біреу жігіттер келе жатыр шырағым, ұят болады, қоя ғой ... Үйінді сағындың ба?.. Біреу бірдеме деді ме?

Неге жыладың, шырағым? - деді Балқаш, мен "жігіттер келе атыр" деген соң, жылауымды тоқтатып, сасқалақтап жатқанда.

Мен Әзекен үйінде тұрмаймын! - дедім жігіттер өтіп кеткеннен кейін Балқашқа.

Неге шырағым?

Балқашқа не боп, не қойғанын бәрін айтып келдім де:

Атамның, біздің елдің жігіттеріне жазған хатында сіздің атыңыз бар екен. Хат келгелі көп уақыт болды. Оны сіз неғып білмедіңіз, - дедім.

Балқаштың кескіні сол кезде сұрғылттанып құбылғандай болды.

Апырай, мынау мен естімеген сөз. Егер де рас болса масқара екен. Маған айтқан жоқ. Тіпті сол - хат рас болған күнде де азаматтар бұл жұмысқа не кірсін. Әсіресе, елден ертіп оқелген мен қатынаспаймын ғой. Бірақ сол "хат келді" дегеніңе мен неге екенін білмеймін, иланғым келмейді! - деді Балқаш, жерді қолындағы таяғымен шүкі сөйлеп, маған тура қарамай, бірақ хатты оқығандығын бетіне шыққан ұяттың ізі айтып тұрды.

- Сіздің бар-жоғыңызды білмеймін, - дедім Балқаштың көңілі үшін - бірақ Әзекен хаттың келуі рас. Олардың хатты оқып тығып қоюы да рас. Мені Бүркіттен айыруға бет алғандары да рас. Бала емеспін. Құлық-сұмдықты ептеп сезем ғой.

- Шырағым, - деді Балқаш кескініме тура қарап, "осы сөзіме де тоқтамаймысың!" деген кескінмен, - тіпті сенікі рас болсын. Сонда (өзгені былай қояйық) өзінің туған жиеніне Жәбекен қалай қастық ойлайды.

Балқаш бұл арада "осы сөзім бәрінен салмақты, дәлелді шықты білем" дегендей, орнынан қозғала беріп қайта отырды.

- "Керей Тоқсан би деген кісі Бала содыр деген орыстың ең алғаш келген төресіне "өтірік пен шынның арасы канша?" дегенде "4 елі" деген екен. "Оны қайдан білдің? дегенде: құлақ пен көздің арасы 4 елі, құлақ естіген шала, көз көрген анық болады" деген екен деген кенесті атам айтып отыратын еді. Сол сықылды сіз құлақпен естігенге нанбауға айналдыңыз. Олай болса сізге сол хаттың өзін көрсетейін, - деп хатты қалтамнан суырып ап Балқашқа ұсындым. Балқаш алғысы келмеген адамдай қолын созбап еді, хатты алды-

на апарып тастай берген соң, алды да ашты. Байқап отырмын: бұрын оқығандығы көрініп тұр. Жәй маған көз қылған боп, оқыған болғансыды. Бірақ бұрын кәнігі болып қалған көзі хаттың үстіне тұрмай мұзға түскен шанадай сырғанай берді, хатты көзімен шолып өткеннен кейін қимаған кісідей бүктеп қолына ұстап отырды. Бере қоятын әлпетін көрмеген соң суық қолы мен бармағының арасына, бүктелген хатты қысып отырған Балқаштан созылып барып суырып алдым да, қалтама салдым. Балқаш: не рас, не өтірік деген жоқ. Хатты оқып болғанда екі иығын көтеріп, мойнын қылқын еткізе түскеннен басқа түк деген жоқ. Кескіні күрөнденіп төмен қарай берді.

- Мүсәпірді көрдің бе? - деді Балқаш отырып-отырып.

Мектепке кіргелі шынында жұбанышым Мүсәпір болған. Бүркіттің жақын (туған) бөлесі болғандықтан, ол маған қастық ойлайды деп көңіліме келмейтін. Бір күні маған ол "сен менен сескенбе. Бүркітті қандай көрсең мені де сондай көр. Екеуміздің екі қыздан туған ақымыз болмаса бір қыздан туған кісіден жақынбыз" деген. Бүркіттен алған хаттарын көрсеткен. Бүркіт бір хатында Мүсәпірге "Біздің Бөтесжанға көз-құлақ бола жүр!" - деп жазғанын көргем. Бүркітке бірде 15 сом, бірде 20 сом ақша жібергенін айтқан. Соның бәрі Мүсәпірге менің сенімімді арттыруға себеп болған. Біраз үйір боп жүргеннен кейін ол, күнде ертең Әзекендікіне келіп, мені ертіп әкететін. Кешке үйге апарып салатын. Дем алыс кезінде қолтықтап жүретін. Көшеге шыққанда алма, тәтті нан, шоколад (қаланың бір тәтті тамағы сол ғой) әперетін. Екі-үш рет киноға, бір рет орыс театрына, екі рет казак театрына апарған. Билетті өз ақшасына алатын. "Шығында-нып не қыласың" дегеніме "ол қайтеді. Билеттің ақшасындай ақшаны кісі далаға да шашады. Бүркіт екеуміздің еншімізге. Түбінде Бүркіт менің әйелімді де осылай ухаживать етіп өтер!" - деп күлетін. Мүсәпірдің осынша жалпақтағанына кейде ойыма Әсия айтқан "қала бозбаласының махаббаты" есіме түсіп кеткенмен, Мүсәпірді ондай ойға қимайтынмын, аузым ондай ой ойлауға жібермейтін. "Бұл сусын. Арақ емес" - деп Мүсәпір бір рет тамаққа арақ алдырғанда "өзгені айтсаңыз да, маған мұны айтпаңыз" - деп жуымағам. Менің мектепке кіргелі Мүсәпірдің бетіне шыққаным сол да. Одан басқа екеуміз "сіз, біз" бен келе жатқамыз.

Балқаш Мүсәпірді сұраған соң - көргем жоқ. Алдыңғы күні көріп ем. Мектепкеде келмей жүр. Неге келмей жүргенін білмеймін, - дедім.

Мүсәпірдің үйіне барып көрдің бе?

Жо-о-қ! - дедім демімді ішіме тарта сөйлеп, - ойыма келген Мүсәпірмен жақын жүргеніме сезіктеніп, көңіліне қалай ой алды ма?" - деген ой сап ете түсті.

Барып көрмесең, - деді Балқаш маған бұрыла сөйлеп, - сен бір жақсы үйде тұрады, осы қалада Жылпылдақ деген өңірінің бір немере апамыз бар еді. Жасамыс бәйбіше адам. Мүсәпір былтыр үй таба алмай жүрген соң, сол апайдікіне орналастырып ем. Осы күні өз үйінен артық боп кетті. Өз баласынан кем күтпейді. Үсті-басын жуып, бар асын алдына асынып тұрады. Көбінесе "өз керегіне жұмса" деп ақша да асынады. Апайдың дәулеті мол кісі. Бір баласы Ташкентте сауда қылып тұрады. Бір баласы қолында. Оның келіншегін ақын арада әпереді. Апай өзі де қарап отырмай, қымыз сатып сауда істейді. Сен ол апайды көрдің бе?

Балқаш маған кеңесін айтып отырғанда жерде жорғалап барып жатқан бармақтай бір қара қоңызды қолындағы шыбылмен домалатып, кеңесін қоңызға айтып отырған адамдай, аузы сөзде, көзі қоңызда отырды. Кеңесін бітірген соң қоңызды қоя берді де маған қарады.

О кісіні мен де көрдім. Мүсәпірді аузынан түсірмей аяқтан отыр. - Мүсәпір расында оңды жігіт қой. Апайға өз баласынан артық боп кетті.

Сөлай көрінеді - дей салдым Балқашты қостап.

Сонымен, Әзекен үйінде рас тұрғың келмей ме?

Жоқ тұрмаймын.

Ренжіп жүрмесе.

Ренжісе ренжи берсін. Онда енді тұрмаймын. Егер балқаш үйі табылмаса, мектептің жатақ үйіне шығам.

Ендіше мен апайдікіне сөйлесейін. Саған содан жайлы үй болмас.

Жарайды.

Өңі бір сабағым оқылмаса да, көңілсіз отырған соң оған қарамай, Балқашпен кеңесімді бітірген соң үйге қайттым. Мен есіктің қоңырауын салдыратқанда, ар жағынан Айбарша есікті ашты да, мені көре сала жүгіре жөнеліп, астына отырып төсегіндегі киізіннің арасынан бір хатты суырып алып, хатта маған "жаңа өлгі қағаз таситын ноғай тастап кетті.

Кімге деп сұрап ем, саған деді. Сонан соң Желбикеге көрсетпей, өзіңе берейін деп тығып қойдым..."

Кемпір қолыма ұстата берген конверттің сыртына қарасам Бүркіттен екен. Жалма-жан конвертін жыртып жіберіп, сол орнымнан қозғалмай оқып шықтым. Былай деп жазыпты:

Бәтесжан!

"Қайтқан көңіл шыққан жан" деген мақал болатын еді. Сол айтқандай, маған өкпелі көңіліңді әлі тастамай жүрсің бе, немене? "Келдім!" деген ғана зілді сөзбен жазған ашық хатыңды оқығанның артынан күнде ұзақ хат күтем. Күнде үмітім алдайды.

"Былай ғой Бәтесжан: адам баласы болған соң менде сүю бар. Уәде бар. Серт бар. Өткен күндердің мен біреуін де ұмытқан жоқпын. Қайда көрістік, қайда сүйістік. Не дестік? Бәрі де менің есімде. Жалғыз-ақ биыл ел талқысына түскенде сен майысқақтық қылдың да, мен соныңа өкпелеп, кете бардым. Тегінде мен өйтпей, саған күш болуым керек еді. Сол жолға басты байлауым, өзіңе көзбе көз сөйлескенше қажымауым керек еді. Бұл арада менде жасықтық, қажырсыздық болды. Оған кінәлі мен. "Жаңылмас жак, сүрінбес тұяқ болмайды" дегендей, мен сүрінбес жерде сүрініп кеттім. Ол кінәмді өнеугі жазған кішкене хатымда мойныма алдым. Үлкен хат жазуға нақ сол күні сенің келгеніңе қуанғандығымнан аузыма сөз түспеді. Басыма ол келмеді. Меніңше кінәмді өзім мойныма алғаннан кейін, өмірлік жолдас болатын болсаң, сенің мені бүйтіп тұқырта беруің қате. Мен сені сүйгем, сүйемін. Әлі де сүймекпін. Оған сену, сенбеу сенің ықтиярыңда.

Бәтесжан! Енді бір айлар шамасында қысқы демалыс басталады. 15 күн кеңшілік аламыз. сенің келген хабарыңды естіген соң, оқу орнынан бір жұмаға рұқсат сұрап ем, ойым сені көріп, сүйіп, құшақтап қайту еді, оқу орны босатпады. Менің тұрған қалам от арбамен сенің қалаңнан бір-ак күншілік жер.

Сол бір күндік жерге жете алмай отырғанымды көрмеймісің. Мектептің рұқсатына қарамай тарта берейін деп ойлап ем, бір жылғы оқуым далаға кететін болды. Сондықтан, асығыстық қылмай сабыр еттім. Мұнымды сен де мақұл деуін керек.

Өзге жылда, жыл дегеніңіз зымырап өте шығатын еді. Уақытты жеткізе алмай өуре болатын едік. Биыл сол жыл өтпейтін, сол күн жүрмейтін күйге ұшырады. Күннің көзі шыққаннан кейін, осы күні батпай қасарып тұрып алатын сықылды.

Өттең не керек, тетігі қолымда емес. Әйтпесе бір айда 30 батып, 30 шығатын күнді машинаның доңғалағындай зырылдатып айналдырып жіберіп, бір күнде 30 батырып, 30 шығарар едім де, саған ертеңіне жетіп барар едім. Бәтесжан! Енді хатымды қысқартайын. Айтатын сөздерім көп, бірақ қайсы бірін хатқа сыйғызайын, "сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа" деген мақалды есімізге алайық. Сағынған көңілдің алаңдағаны болмаса, шынында бір ай деген уақыт көп емес қой. Дәміміз жазып өмірлік жолдас болатын болсақ, аз күнгі айрылысып тұрғанымыз еш нәрсе етпес.

Қош қалқам! Өкел қолыңды... Аузыңды... Төсінді...
Сүйейін! Сүйгенің Бүркіт". 15/IX-1927 ж.

- Үйде кісі жоқ па! - дедім Айбаршаға, хатты оқып болғаннан кейін.

- Жоқ, қалқам. Зоя бір орыстың жігітімен келді де, кідірмей шығып кетті. Өзгелері де үйде жоқ.

- Ендеше мен үйге барып хат жазайын. Біреу келе жатса маған хабарландырыңыз дедім де, өз бөлмеме кіріп, сырт киімдерімді шешпестен хат жазуға отырдым.

Бүркітжан!

Бұл хатымнан бұрынғы күндерде сені "жан" демек түгіл атынды атауға да ұялатын едім. Сағынысқан жүрек сол ұятты бүгін бүркетіп, саған менің ішімдегі барлық сүю сырымды ақтартқа-

тыр. "Ашы мен тұшыны татқан білер" деген ал бар ғой. Бір жерде жүріп, бір жерде тұрғандам бірінің бірі қадірін біле ме. Сенің, менің емдегі жаным екенінді мен аз күн сенімен қанда ғана білдім, сенен үмітім кесілгенді сөзім пайда болған кезден. Октябрьде ан бір тарақ хатыңа шейін мен шынында, қыз дене болдым. Маған жан кіріп, "тірімін" н сөзді ауызға алғаным сенің алақандай хатан кейін.

ткенді теріп не қылайын, Бүркітжан! Егер гін болсам: ел көзіндегі "ұл" мен "қыз" дың іресіне түсермін де, кінәні саған аударам, "есептескен дос болмайды" дегендей, кінә ақтасуды сен қойсаң, мен де қойдым. Ел - е қалды. Біз мұндамыз. Баяғы көңіл - көңіл. н күннің кеңесін бұдан былай мен де айтсал, сен де айтпа!

нді өз тұрмысыма келейін: елден қалай шықалаға қалай келгенімді, өзіңді көріп ауыз-йтып тауыспасам қағазға сыйғыза алатын пайтін. Сондықтан, саған қаладағы тұрмысым ы ғана жазам.

ен қаланың тұрмысын екіге бөлем:

рінші танық тұрмыс: - бұлай дейтін себебім: елдің тұсауынан босататын Әсия деген, л отау сотының әйелі, маған әйелдер

іне (қалаша айтқанда женотделге) бар дей. Мен оған бара алмадым. Бармаймын

ім жоқ, барғызбайтын ортаға түсіп, солар-ақпалымен кеттім. Не нәрседен жарылға-

ымды, - не нәрседен қарғалатынымды ке-к көрсетер ғой? Сонда да өуелі жарық

ні көрсетіп көзімді ашқан сол женотделдің тағы қызыл отау болғандықтан, женотдел

і бір бақыттың бұлағы сықылды боп йді де тұрады. Женотделден күн санап

іп алыстап бара жатқан сықылдымын.

"теген-ай!" көңілімнен кетпейді. Женотдел бір жұмақ тұрмыс. Ол тұрмыстың тұрмыс

і мен білмеймін, білуге құмармын, бірақ імай алыстадым.

маған
екені
біле а

"Екінші анық тұрмыс: бұл тұрмыстан да білмейтінім көп шығар. Әйткенмен, мен келгелі екі айдан асып барады. Содан бері күндіз де, түнде де көретінім осы тұрмыс болғандықтан, бұл тұрмыстың көпшілігіне көзім қанды. Сондықтан осы туралы бар білгенімді қысқаша жазам. Қатем болса сен түзерсің.

1) Алашорда. - "Еңбекші қазақ" газетін елде оқығанымда "Алашорда" деген жазуларды көріп, не екенін түсінбейтін ем. Сол "Алаш орда" өзіміздің Әзекендер болып шықты. "Алашорда" жалғыз Әзекен ғана емес, онда сенің нағашың Жабағы, тағы толып жатқан адамдар бар екен. Жакын арада бұлардың бір жасырын ісін Гепеу деген біліп қалып Ермен, Қабдәш, Қасым дегендерін жауып тастады. Одан бұрын жұма сайын, не екі үйге, не үш үйге ет астырып, арақ алдырып өңгімені соғатын еді. Менің бұл арада түсінбейтін бір нәрсем мынау: "Алашордалар" коммунистерді жамандағанда жерден алып, жерден салады. Ал, өздерінің мәжілістерінен: Ысман, Едірей, Жапар, Сарыбас сықылды коммунистерді тастамайды. Олар шамасы коммунисте өтірік жүргендер ме деймін. Әйткені коммунистердің істеген жасырын істерін Әзекендерге айтып жүреді. Осы күні байдың малын қазынаға алып, өзін жер аудару керек деген жасырын кеңес бар екен ғой. Ысман сол кеңесті бір күні Әзекенге айтып, Әзекен елдің атақты байларына малдарынды азайтындар деп хат жазды.

2) Қонақ: қалаға келгелі менің бойым үйренген бір нәрсесі осы. Жұмасында болатын екі-үш үйдегі қонақтың бәрінің ішінде де Әзекен мен жеңгей, Зоя болады. Олармен бірге мен де болам. Қонақтың екі-ақ түрлі асы бар: арақ, ет. Үшінші тамақ тәтті нандар мен шай, бірақ арақ пен етке тойып алған жұрт шайды ішпейді. Арақ ішудің өзі бір қызық нәрсе болады екен ғой. Оны шайға ұқсатып, әркім өз бетімен іше бермейді екен; қаз-қатар отырған жұрт балалар-

дың ойын шәшкесі сықылды кішкене шынаяқ-тарға арақты жағалай құяды екен де, біреуі түрегеліп "пәленнің құрметіне ішейік" деп жұртқа көтертеді екен. Сол, "құрмет" қашан арақ таусылғанша бітпейді екен, арақты қашан көтерсе де, өзге сөз айырбасталып жанарғанмен "құрмет" деген сөз өзгермей, темір дінгектей орында қозғалмастан қалады екен, мен әуелгі кезде ұсынған арақтан шошынып орнымнан тұрып кететін ем. Артынан Әзекеннің "іше ғой шырағым, оқасы жоқ" деген сөзінен ұялып ұрттасам, дәмі тәтті екен. Бірақ тамақты азырақ қырыңқырайды екен. Қазір сол араққа әсіресе қызылына үйреніп алдым. "Құрмет" мені де араққа баулыды. Бұл баулудың арты не баулу болатынына түсінбеймін. Бұлардың ет жеулері кәдімгі елдікі сықылды: бір малды сояды да, мүшесімен түгел асады. Бірақ, басын иесіне бермей өздері мүжиді. Әуелгі кезде бір-бір кішкене темір айырлармен шаншып жейтін ғып, содан бері алақанды толтыра асайтын өнер шықты. Қонаққа жиналғандар өте көп отырады. Арақты орталап ішіп қызуға кіріскеннен кейін, бір жүйесі кеңеске түседі де, бір жүйесі "прафиранс" деген қарт ойынына жұмылады. Қарт ойыны кейде төбелеске барып соғып, жаға созбаймен тарайды.

3) Әйелдер: - еркектермен қонақ болғанда кездескенім болмаса, менің көбінесе ішінде болатындарым әйелдер ғой. Елде жүргенде мен қала әйеліне бір түрлі көзбен қарайтынмын. Оларды әдепті, салмақты, білімді деп білетінмін. Әрине, қаланың барлық әйелдері жаман деуге қақым жоқ. Оңдылары да бар. Бірақ, жалпы алғанда, өзім ішінде жүрген қала әйелінен, мен үлгі боларлық нәрсені көре алмай жүрмін. Ең алдымен солардың көбі сырты жылтырағаны болмаса, ішінде түк жоқ, қуыс қурай. Әліпті таяқ деп білмейтіндері толып жатыр. Не нәрсенің тетігі оқуда деген сөзді өзің айтатын едің ғой. Сол сықылды оқу білмеген соң, қала әйелі, не "қазақ", не "орыс" бола алмай, не ескі, не жаңа бола ал-

май, әредікте адасып қалатын көрінеді. Мысалға Әзекеннің әйелін алайын: бұл кісі не орысша, не қазақша хат білмейді. Бар істейтіні: тырнағын бояйды, бетін бояйды, көп қыдырады. Не бала күтпейді, не жұмыс қылмайды. Не оқу оқымайды, не қоғам ісіне араласпайды - Әзекеннің тапқан-таянғанының көбі жеңгейдің киімі, бояуы, тамағына кетеді. Құр сырты жылтырағаннан шығар істің шамалы екенін жеңгей білмейді. Білімге ұмтылайын деген ойы жоқ. Жеңгей сықылдыларды, мен әр жерде-ақ көріп жүрмін. Меніңше, бұл жақсы емес. Женотдел жағына барғам жоқ, сондықтан оның маңайындағы әйелдердің қандай екенін білмеймін. Егер де Әсия сықылды болса, жаман болмас. Ал, "Алашорданы" былай қойғанда, осыған жақын жүретін кейбір коммунистердің әйелдерінде де оңбаған әдеттер бар, алдыңғы күні Қабдош қызметке кеткенде өлмек боп бір шыны иот деген дәрі ішіпті, дәріден кейін талып қалған үстіне бір жігіт барып, доктор шақырып зорға тірілтіп алыпты. Тексеріп келгенде Қабдош кінәсіз екен, ана қатын жай қыястық қылып істеп жүрсе керек. Менің бұл әйелдердей бола қоюым құдайдан ғой. Әйткенмен қала әйелдерінің кейбірінің тұрмысын көргенде жүрегім айнаиды.

4) Көңілсізбін. Бұған төрт түрлі себебім бар. Бірінші - жақын арада сенің жазған хатыңды және елден әкем жазған хатты Әзекен үйінің тығып қойған жерінен тауып алдым. Әкемнің хатын осы хатыммен бірге жіберем. Оқып көр. Менің бұл туралы ренжитінім - әкемнің хат жазғандығы емес; ел қазағы, әрі ашулы қалған адам, солай деп жазады ғой, бірақ сол хатты маған көрсетпей тығып қоятын реті жоқ еді. Ол кісі біле білсе, мен торғайдай оның бұтасына пана-лап келген жоқпын ба, - тегі Әзекенде, сенің нағашың да менің саған қосылғаныма разы емес көрінеді. Себептері не екенін білмеймін, бетіме өзiрге ашып еш нәрсе деген жоқ, бірақ не ойлап жүргендерін ішім сезеді, бұған сен нанбасаң нанба, түбінде бір көзің жетер, кімге тию ықтияры менің

өзімде ғой. Олардың азғырғанына көне де қоймаспын. Бірақ ойға барсам да, қырға барсам да, саған қосылатын ниетіме кедергі кездесе беретініне қатты ренжимін.

Екінші - жеңгей мен Әзекен бір жұмадан бері араз. Екеуі екі айрылып, жеңгей басқа бір үйге көшіп кетіп еді, артынан жұрт боп татуластырып, бүгін төртінші күн - екеуін табыстырды. Бірақ, әлі қабақтары жадыраған жоқ. Уақиға былай: бір күні Әзекен қызметке кеткенде бір қағазын ұмытып кетіп, түс кезінде үйіне келсе, сыртқы есігі ашық тұр екен. "Бұны неге ашық тастаған?" деп абайсыз үйіне кіріп барса, жеңгей мен Әлкен деген жігіт кроватта шешінген қалыптарымен құшақтасып жатыр екен дейді. Сол арада төбелес болып, Әлкен жалаңаш-жалпы қашып құтылыпты. Бұл өсек көптен бар екен. Аяғы кеп расқа шыққан көрінеді. Татуласуы татуласты ғой. Әйткенмен болған іс естерінен шығады дейсің бе. Мен өзім ондай істі істемес едім, істесем, өліп кетсем де сені көрмей өлер ем, мінекей, үй ішіне осындай араздық туған соң, адам қалай көңілді тұрар.

Үшінші - бір сұмдық және бар; Әзекеннің Лөля деген 13-14 жасар қызы бір күні кешке жоқ боп шықты. Бір жерде бейбастақ балалар өлтіріп тастады ма деп үй іші таң атқанша жылау-еңіреуде болды. Іздемеген жер қойған жоқ, таба алмады. Ертеңіне бесін кезінде Лөля өзі келді. Артынан сұрастырсақ былай екен: Лөля комсомолка екен, оқып жүрген мектебіндегі еркек балалар (ылғи большевикке қарсы адамдардың балалары екен деседі) "Ойра" деген ұйым ашып, сол ұйымға Лөляны да мүше ғып алыпты. Ұйымның мақсаты - жастардың құлқын, мінезін бұрып, теріс тәрбиелеп, комсомолдық жолды іріту болса керек. Сол "Ойра" комсомол тәрбиесіне қарсы боламыз деп, өздерінің мүшелеріне әйел мен еркектің жақындығын үйрететін үйірме ашыпты. Үйірме әуелі еркек пен әйелдің қатынасын сөзбен үйретіп, артынан тәжірибе ісіне кірісіпті. Тәжірибелері - кешке

мектептің бір бөлмесіне жиналып, бір қыз, бір еркектен жататын дағды шығарыпты. Осы жұмысты бір, шын комсомол сезіп Гепеуге айтып, бір күні үстерінен түсіріпті. Лөляның жоғалып шығуы, сол күні абақтыға қамалған екен, ертеңіне жауап алғанда, не себеп екенін білмеймін, Гепеу Лөляны босатыпты. Міне, бұл жұмыс, көңілсіздік үстіне көңілсіздің туғызды.

Төртінші - маған көңілсіздік туғызатын нәрсе Зоя. Бұл Әзекең үйінде тұратын бір қазақтың қызы. Екеуміздің бөлмеміз бірге. Орамызда шымылдық тәрізді "шырма" деген, бөлген бірдеме бар. Зоя құдайдың атқан адамы. Іздегені бозбала. Бетіне бұрқыратып опаны жағып, ернін қып-қызыл бояумен бояп, шашын отқа қыздырған темірмен бұйралап, тырнақтарының басын істіктеп, мәнерленіп, әуреге түседі де жүреді. "Оқу оқиды" дейді. Қайда жүріп оқитынын білмеймін. Бозбаладан бос сағатын өзім көргем жоқ. Әуелгі көрген кезде, сұлу кісі екен деп ойлап қап ем, артынан байқасам, опа мен бояу болмаса, бетіне әжім кіріп қалған сұп-сұр, қан-сөл жоқ бір перыстан екен, жақсы болсын, жаман болсын әркім өзіне ғой, онда менің не жұмысым бар. Бірақ менің өз қара басыма зияны тиіп барады; кеш болса-ақ бір бозбаланы қасына ертіп үйге келеді. Ішетін кересін (арағын) кейде, өзге жер жетпегендей үйге әкеп ішеді. Арамызда жұқа шырмалдан басқа түк болмаған соң, не істеп, не қойғандарының бәрі естіліп тұрады. Құлақты қалай бітеп тастарсың. Үнемі үйден шығып қайда кетерсін! - қысқасы осы Зоя менің мазамды кетіретін бір өзірейіл болды.

Міне, осы төрт себеппен мен Әзекең үйінен кетуге белді байлап отырмын. Сенің мұнда Мүсәпір деген бөлең бар ғой. Менің көңілімді ашып, серік болатын сол. Сені бір түрлі жақсы көремін дейді. Сол Мүсәпірдің пәтерінде бір бөлме бар екен.

Әлі сөйлескенім жоқ. Әйткенмен сонда көшермін деймін. Хатты өте ұзақ жаздым.

Өйткені: бір жағынан сені сағындым, екінші жақтан көптен денеме сыймай жүрген кеңестерімді саған құсып төккім келді. Қолыма қаламды ала бергенде, әр нәрсені ойлап, бойымды ой кернеп кетіп еді, бәрін түгел айтпағаныммен, қазір ішім кәдімгідей босап қалған сықылды боп отыр.

Бүркітжан! Асықпағаның жақсы болған. Бір ай саған көп уақыт болса, маған одан да көп қой, әйткенмен өмір бәрінен көп. Көп өмірге азық керек. Олай болса, аз күн сағынғаның үшін өмірлік оқуыңның бір жылын өлтірмегенің жақсы болған. Келерсің, көрісерміз, мауқымыз басылар, сағынған күндер бір күнгідей болмас. Оқу дегенің маған да бір түрлі ұнап барады. Күн санап алдым жарық бола бастаған сықылды. Баяғыда қазақ ішінде башқұрттың Ақмолда деген ақыны жүріпті ғой. Сол кісі:

"Жігіттің заманында өзі болсын,
Дұспанға ерегісер кезі болсын.
Бастағы екі коздің пайдасы аз,
Адамның көкіректе көзі болсын" -

дейді екен. Сол көкіректің көзі оқумен ашылатын көрінеді. Оқуға кіріспеген күнде, не көрсем соның бәрі жұмбақ сықылданатын еді, қазір ептеп жұмбақтар шешіле бастады. Бұл жағынан қалаға келгеніме өте көңілдімін. Менің көңілсіз болатын себебім жоғарғы өзіңе айтқан; тәрбие бермейтін, көтте бұзатын адамдардың арасына кездескенім. Екіншіден: шын жан ашып достығын көрсеткен Әсияның айтқанын істемей, бар деген женотделіне бармағаным.

Енді сөзімді доғарайын, басы жұмыр пәндемін ғой. Қайдан білейін - өз еркіме салса, дүние талқан боп жатса да сенен бұрылар ниетім жоқ. Өзін үзбей хат жазып тұр, ендігі хатты Мүсәпір арқылы жібер. Мақұл десең, Әзекендерге, наға-

шына мені ренжіткендіктерін айтып хат жаз...
"Қазақшылықты" тастаңыздар де. Ұнатпасаң үнде-
мей-ақ қой.

Қош, жаным! Саған елде жазған хатымнан бері
бетіме бір қара перде оралған сықылды еді, қашан
жүзіңді көріп мауқымды басқанша, оны сыпыра
алатын емеспін. Сағындым дегеннен басқа не
айтайын. Қазіргі сен туралы денемде отырған
сезімді қағазға қалай түсірейін! Қаламның темірі
менің жрегімнің еті емес. Қара сия тұла бойым-
ды бір ысытып, бір суытып отырған қаным емес;
қағаз менің тілім емес. Қара сия, қалам, қағаз -
өңшең жансыз, менің жалынды, жанды денемнің
сезімін саған қалай апарсын!

Сүйемін. Қош!

19/XI-1927 ж. "Сүйіктің - Бөтес".

ХІІІ. АДАСТЫМ

- "Жастық-ау, лапылдаған сен бір жалын,
Бойды алып уландырған дертің қалың?
Бір күні-ау, алдай тастап кететінің,
Ит жастық айтпасаң да маған мәлім!
Арқада-а-а-у талай сұлулар да келер,
Солардың бірін қоймай алдың бөрің!" -

деген еліміздегі Игібай өншінің "Наз қоңыр" деген әніне
(дауысымды өз құлағыма зорға естілерліктей қып) салып,
күн батқан кезде терезенің алдында отыр ем, мойнын ішіне
тығып есікке қарай өте берген Мүсәпірді көрдім.

- Е, қарындасым, неғып бұйығып отырсың? - деді
Мүсәпір, есіктен кіре беріп, күндегі маған үйреншікті бол-
ған күлкісі, үйреншікті даусы, жүрісімен.

- Үу-h-h-іп-пі!.. - дедім жауап қайырмастан, бетімді бұрма-
стан.

- Неге күрсіндің?

Үндегем жоқ.

- Елді ойладың ба?

Үндегем жоқ.

- Үйді ұнатпай жүрсің бе?

Ең соңғы сұрауында Мүсәпір нақ ойымның үстінен түскен соң "иә" деген кісіше бетімді Мүсәпірге қарай бұрдым. Өйткені: жер-дүниеде бір оңған адам жоқ екенін білмейім, болмаса менің бақытсыздығыма, өңшең оңбағандар кездесетінін білмеймін - жер-көкке сыйғызбай мақтаған Балқаш пен Мүсәпірдің "қазақы" апаларының да мәнісі болмай шықты. Бұл қалада саудагерді "жалдап" дейді екен. Апай сол жалдаптың екеуі болса біреуі, жалғыз болса өзі екен. Оның істемейтін саудасы жоқ, ұн да сатады, шөп те сатады, жеміс те сатады. Киім саудасын да қылады, мал да сатады, қасап та қылады. Қысқасы не нәрсе ақшаға сатуға, алуға жараса апай соның бөрімен араласады. Сыртынан қарағанда "қазақы" үй деп ойлайтын, өйткені күндіз-түні үйінен қыр қазағы кетпейді. Бірақ апай оларды "қазақшылығымен үйір қылмайды. Қырдан келген момындардың заттарын арзан бағаға алып, өз қолында бар нәрсені қымбат бағамен оларға құшақтатып жібереді. Апай мал саудасы, жансыз мүлік саудасы дегенді қанағат қылмайды, жанды нәрсемен де сауда қылады екен. Онысы былай: сол үйде алты бөлме бар. Даладан кірген кісі әуелі етік шешетін бір кішкене шоланға кіреді. Сол шоланның оң жағындағы бір есіктен кірген адам апайдың өз бөлмесіне, онан өтіп ортасынан сырмамен бөлген мені мен Мүсәпірдің бөлмесіне барады. Менің бөлмем дала жақ қабырғада, шоланның сол жағында бір есік бар. Осы есікпен кірген кісі әуелі апайдың қымыз сататын бір үлкен бөлмесіне кіреді, ол бөлменің түкпірінде (сонымен есіктес) бір бөлме бар, онда үш қыз тұрады; үш қыз бен менің бөлмемнің екі арасында бір есік бар, бірақ, ол жабулы. Мен алғаш келген кезде апайдың қымыз бөлмесінде күні-түні айғай-шу, сырнай-керней, өлең-жыр болып дуылдап жатты. Бастапқы кезде (жаспын ғой) мен де ойынға қызығып, есігінен қарап тұратын, кейде ішіне кіріп көріп тұратын болып ем, біраздан кейін бездім. Өйткені ол бөлмеде жалғыз қымыз ғана емес, арақтың да жеті атасы сатылады екен. Ол бөлмеге неше түрлі адам, көрмеген пенде жиналады екен. Анау үш қыз қымызға келген бозбалалардың қалтасын қағатын қыздар екен, апай сол қыздардың (қымызға қоса) алып-сатары мен сауда қылатын адам екен. Апайдікіне келген

түнінен бастап нығыз бір айға шейін күндіз-түні ызыннан тұрып, аламын дамыл жоқ еді, тәңір жалғағыр, галавной розыске беріңіз, немене? - бір жұмадай болды. Түнде үш қызды да, оған қонған үш жігітті де алып кетіп жауып тастаған екен, оған қыздар әлі шыққан жоқ. Содан бері қымыз саудасы етпей қалды. Сотқа берілген бе, немене, әлде не боп кетем деп апайда зәре жоқ. Осында пркорол дегенді қонақ қылғаннан, апай қазір соттың алдын ала қарғаша сап жүр.

Жоқ, еш нәрсе ойлағам жоқ! - дедім Мүсәпірге бетімді бүрішпен кейін, "кескінімнен өзің айыр" деген адамша, қабаттамын шыта түсіп.

Тегі бірдемеге ренжіп отырсың ғой, менен несін жасырасың.

- Осындай пәтері бар адамда уайым болама екен! - дедім кескеткендей күлкімен күле сөйлеп.

- Ойбой-о-о-й...

- Неге ойбайлайсың? Өтірік пе? - дедім Мүсәпірдің сөзінің аяғын сөйлетпей.

- Жаман ба?

- Рас айтам оңды!!.

- Сағат алтыға да жақындап қалған шығар. Бүгін киноға скі билет алып ем. Сен киін Бөтес! - деді Мүсәпір, шалбарының ышқырындағы кішкене қалтасындағы сағатын алып жатып.

- Мен бармаймын!

- Жоқ сөзді қой, міне сағат 5-тен 13 минут өткен, киінгенше сол болады, - деді Мүсәпір сағатын тырсылдатып жауып, орнынан қозғала беріп.

- Рас бармаймын!

- Жоқ барасың, - тұр! - деп Мүсәпір мені қолтығымнан көтеріп тұрғызды да кроватима қарай жетектеп алып келді.

- Мә, киін! - деп Мүсәпір, төсегімнің бас жағында ілулі тұрған, өзі 45 сомға әперген пальтомды иығыма жамылдырды.

- Қойыңызшы! - дедім киінгім келмеген дауыспен.

- Болды, болды... - деді Мүсәпір.

- Осы каникулге қанша қалды? - дедім, пальтомның оң жақ жеңіне қолымды сұғып жатып.

- Бүгін декабрьдің алтысы. Мұның 25-нен басталады, сонда 19 күн қалған болады. Оны неліктен сұрадың?

- Бүркіт келетін кез болмады-ау!

- Е, жалғызсырап жүрсің бе, мен Бүркіт емеспін бе? "Мен Бүркіт емеспін бе!" деген сөзді Мүсәпір не қалжыңмен айтқан шығар, не қатеден аузына түсіп кеткен шығар, болмаса басқа бір ойы бар шығар? - мен оның ішіне кіріп шыққан жоқпын ғой. Әйткенмен, ол сөз маған өте ауыр тиді. Әйткені, Мүсәпір қанша Бүркіттің жақыны болғанмен еркек табиғатты адам ғой. Мүмкін ондай мінез әйелде де болатын шығар, әйткенмен еркек деген жұрт әйел көрсе әсіреқызыл келеді. Туысқандықтан басқа жақындықты елемейтіндік еркекте бар. Неге екенін білмеймін, осы Мүсәпірге бір аздан бері маған сезік пайда болды. Ол адал көңілімен-ақ сөйлейтін, қарайтын шығар, әйткенмен, мен оның маған сөйлеген сөздерінде, көз қарастары да, жақындасқаны да, сезікті болатын күйге ұшырады дегем. Одан жайдан жай жиырылып, сыр қақтыруды тілеуге айналды. Сөйтсе де, өзі жампаңдап жақын тартқан соң "жақындаспа" деуге ұялып, не сезігім болса да ішіме сақтадым.

- Сіз маған Бүркіттей бола алмайсыз ғой! - дедім кескінімді суытып.

- Е, мен кеммін бе? - деді Мүсәпір күліп.

- Мүмкін, сіз артық та шығарсыз. Бірақ, әркімнің өзінше ойы болады ғой, өзінше ұнатқан адамы болады ғой. Жасымнан сүйісіп, көңіл қосқан Бүркітке мен шынында адам теңгерем бе! Бұл сөзім Сізді жек көрем дегенім емес. Жан тәнім араласқан Бүркіттен, сіздің араңызда менің өз қара басым үшін көп айырма бар дегенім...

- Жарайды... Жарайды... Ойбай... Сен үдетіп барасың ғой қарындасым, менде бөтен көңіл жоқ. Неге келтесінен келіп ашуланып қалдың?... Көне, киін!..

"Кімнің жерін жерлесен, соның суын суларсын" деген мақал бар ғой. Қала тұрмысы әуелгі келгенде қанша жат көрінгенімен, жүре-жүре сол тұрмысқа өзім де бейімделе бастағам, жалғыз-ақ ернімді, тырнағымды боямағаным, бетімді опаламағаным болмаса, өзге салттарына еліккем. Бұрын сол жақ шекемнен оң жағыма қарай шашымды бұрып, тұлымымды желкемнен жалғыз-ақ тал қып өретінмін. Қазір оны қойып мандайымда қақ жара айырып, желкемнен екі тал қып өріп, үшіне шолпы орнына лента байлауға түскем. Екі самай шашымды шықшытыма жеткізе қырқып, қыздырған темірмен күнде таң ертең бұйралаңқырап қоюға ай-

кімді де қала салтымен кигім келген. Бірақ олар-
оң салтып алатын ақшам болмаған. Мүсәпір маған "Бүркітпен
біріміз бір" деген сөзді айтып: 45 сомға бір пальто, 14 сомға
бір көйлек, 12 сомға бір кара ботинке, 3 сом 75 тиынға бір
ботинке өнерген. Осы киімдерді далаға шыққанда қылтиып
санып қоятынмын. Біз жиналып-терілгенше, ымырт жа-
ғып келе қарайды. Барлы-жоқты киімдерімді киіп, Мүсәпір
өзі осы далаға шықты. Аспан ашық та емес, жабық та емес,
бір сәлдір ақ бұлтқа оралып қимылсыз қалғып тұр екен.
Ақ жоқ екен. Ай екі бұлттың кезеңінен жерге мүлгіп қарап
тұр екен, бізді көрген соң оң жағындағы бұлттың астына
қалырына қалды. Күн шыңылтыр аяздау екен. Саусақта-
рымды сүйіп, жеңімнен кірген суық денемді аралай баста-
ған соң екі қолымның басын қусырына қалдым, сол күні
күннің көзі суық болғандықтан қар жылмықтанып, беті кеш-
ке қарай тайғанақ боп тобырсыған екен. Бір жерде жығы-
лып қала жаздап, жанымдағы бір ағаштан ұстап ап ем.

Алда сақтай көр, қарындасымның жанбасы сынып қала
жазғанды ғой! - деп Мүсәпір, қолтығыма, қаз алған лашын-
ның қадала кетті.

- Ақырынырақ ұстаңызшы, білегімнің етін ауырттыңыз
ғой дедім Мүсәпірге.

- Ойбай бол, тез жүр! Әне басталып қалды, - деді Мүсәпір
қолылықтап сөніп жанып тұрған киноның алдындағы электр
шамын көрсетіп.

Ентелей басып, асығып сыртқы есіктен кірсек, бізден
басқа жұрттың бәрі орнығып қалған екен. Есік күзетіп тұрған
өйел ренжіп зорға енгізді.

- Бұл не ойын екен? - дедім Мүсәпірге, қарсы алдымыз-
дағы сахнаға түсіп тұрған жазуды көріп, орныққаннан кейін.

- Бұл Лермонтов деген орыстың ақынының "Демон" де-
ген өлеңі болатын, соның картинасы.

Жазуларын танымағанмен, картинаның жалпы сарынына
түсіндім. Қанаты бар ұшып жүрген бір адамды Мүсәпір "Анау
Тамара деген қызға ғашық болған шайтан" деп еді: шайтан
туралы пікірім қисық болғанмен, картинадағы қылықтарын
көріп, оны ішім аяды. Картина сағат 8-ді соғып тоғыздан 14
минут өткенде тарады. Мүсәпір картинадан шығып, залмен
шығатын есікке қарай мені қолтықтап әкеле жатыр еді, бір
жағымызда жанында Жабағы мен Балқаш бар - Әзекен келе
жатыр екен.

- Е, Мүсәпір аманбысың? - деді Жабағы көзін анадайдан соза қарап.

- Мен ана кісілерге барып келейін. Сен осы арада тұра тұр, - деп, Мүсәпір әлгі үшеуіне қарай кетті. Мен тұрып қалдым. Жүріп бара жатқан үшеуі кескектеген Мүсәпірге тоқтап, бірдеме десіп сөйлесті де, Балқаш пен Мүсәпір аналардан оңашаланып көздері менде тұрып, бірдемені недәуір кеңесті. Екеуі айрылып Мүсәпір маған қарай жүргенде Балқаш Мүсәпірге жымың ете түсіп басын бір шұлғып қалды. Күнде мені көргенде, танауы делдиіп жүгіріп келіп амандасатын еді, бұл жолы амандаспақ түгіл, маған басын да изеген жоқ. Ішімнен "онысы несі?!" дедім де қойдым.

- Қарындасым, көшеде азырақ жүре тұрайық, ертең күн жұма ғой, үйге барғанда не бітіреміз! - деді Мүсәпір далаға шыққаннан кейін.

- Жок, үйге барайық, тоңам.

- Жас кісі тоңа ма екен, ө?

- Тоңбақ түгіл қатып қалар.

- Ендеше ана көшемен оранқырап барып қайтайық.

- Әйтсең, әйтейік.

- Тамақ ішесің бе? - деді Мүсәпір, алдында екі мас кісі отырған бір үйдің алдынан өте бергенде.

- Жок, күн кешкіріп қалды ғой, үйге барайық.

- Қайдан кеш болсын - деді Мүсәпір сағатына қарап, әлі сағат 9-дан 17-ақ минут асқан. Осында тәтті қуырдақ болады. Соны жегізейін. Қуырдақ деген тамақ, тамақ атаулының ішінде жаксы көретін бір асым еді. Үйде жүргенде жаз болса қаймаққа, қыс болса тұзды сары майға екі-үш күнде бір қуырдақ қуыртып жейтін ем. Қалаға келгелі сол қуырдақты сағынып, қайдан жеймін деп жүретін ем. Өткен күні түсімде апаммен қуырдақ жеп жүрмін. Мүсәпір "қуырдақ" деген сөзді айтқанда аузымнан сілекейім ағып кете жаздады. Барғым кеп кетті. Әйткенмен барамын дегенімді дауысымнан білсін дедім де:

- Бармай-ақ қояйық! - дей салдым.

- Қой барайық!

Мүсәпір мені жетектеп ас ішетін үйге алып кірді. Үйдің іші көк-ала түтін, аңқыған арақ пен тамақтың иісі екен. Жыпырлаған көп столдың басында ың-жың, у-шу сөйлесіп отырған халық екен. Бұрын мұндай үйге кіріп көрген жоқ ем. Мүсәпір мені сол жағымнан қолтықтаған қалпымен,

жүргені қызық жара жүріп отырып, есігіне шымылдық құрған орындарына, кішкене бөлмеге алып кірді. Онда кісі жоқ екен. Ішінде үш орындық бір стол бар екен, екі орындықты Мүсәпір қатар қойды да, менің иығыма иығын тақай қатар отырды.

Нәрсе айтасыз? - деді иығына орамал сап, алдына ақ бөтелкемен бір ноғай біз отырғаннан кейін кіріп кеп.

Бір пестрокон, бір шініл-кілоріс, екі бөтелке портвейн, мені Мүсәпір.

Қуырдақ айтқан жоқсыз ғой, - дедім ноғай кеткеннен кейін.

Қалала қуырдақты - пестыроген дейді.

Бір аздан кейін ноғай екі қара шынымен, буын бүркыраған бетін жапқан екі ыдыспен тамағын алып келді. "Қуырдақтың мынау" деген Мүсәпірдің сөзімен өз сыбағамды алдыма алып татып көрсем, елдікіндей болмағанымен тәптісі екен.

Көне, қарындас, мынаны да алыңыз! - деді Мүсәпір шынының біреуінен қызыл арақты екі стаканға құйып, біреуін маған ұсынып.

- Бұл не нәрсе? - дедім өдейі. Арақ екенін білсем де.

- Портвейн.

- Арақ па?

- Жоқ ойбай, бұл арақ емес. Дәрігер мұны тамақпен бірге ішуге қосады. Денсаулыққа мың да - бір ем, мен былтыр малокровия боп осыдан жазылдым, сен де осы күні малокровиялау болып жүрсің ғой, іш, оқасы жоқ.

- Жоқ, ағатай ішпеймін! - дедім қуырдақты асап жатып.

- Жоқ, іш - деді Мүсәпір, қуырдағын ауызыма асай берген қасығымды қолымен ұстай ап - мен саған қастық ойлаймын ба? Ішпесең, өкпелеймін.

- Үйренбеген нәрсені қалай іш дейсіз?

- Ішші, осыдан залал көрсең обал-жазығың маған. "Іш" - деп ол таласты, "ішпеймін!" - деп мен таластым, ақыры мен болмайтын болған соң, Мүсәпір, "мені қас көрсең, мен бұл тамақтың бірін де ішпеймін" деп орнынан тұрған соң, амалсыз стаканды қолыма алып ем ол орнына қайта отырды.

- Көне ішші, айналайын, менің көңілім үшін! - деді бетімнен сүйіп ап.

Арақты, жалынған Мүсәпірдің көңілін қимай жұта салдым. Дәмі қышқылымдау екен. Бірақ тәтті екен. Сусап отыр ем, сусынды қандырды.

- Е, бөсе, несі бар екен? - деді Мүсәпір сүйінгендей. "Іш", "ішпеймін" мен отырып, бір аздан кейін қарасам екі шыныны тауысып қойыппыз. Қуырдағымды жеп болғанда, маңдайым жіпсіп, денем қызған тәрізді әсер алдым. Бірақ, мас сықылды емеспін. Қуырдақ әкелгенде недәуір-ақ көрініп еді, қарным ашқанын, не қылғанын білмеймін тойғам жоқ.

- Тағы бір тамақ алдырайын!

- Жоқ, болдым.

- Жоқ, тағы пісірген тәтті пирог болады, соны алдырайын.

- Жоқ, алдырмаңыз.

- Бір өнирикот, бір потск әкеліңіз! - деді Мүсәпір маңғы ноғайды шақырып алып, менің ұлықсатыма қарамастан және құлағына бірдемені сыбырлап күлді. Ноғай да күліп, басын изеп қалды. Іле ол тамақтар да келді. Ноғай тамақпен бірге тағы екінші шыны алып келді.

- Оныңыз не, ағатай-ау?! - дедім шыныларды Мүсәпірге көрсетіп.

- Оқасы жоқ! - деді Мүсәпір маған бетін тақанқырап. Мүсәпір жалынып болмаған соң, бір стаканды жұта салып ем маңағыдай емес, кеңірдегімді пышақпен тіліп жібергендей, ду ете түсірді, ішіме қарай бір шок түсіп кеткен сықылданды. Байқамай, жұтуын жұтып салғаныммен, бір азға дейін көзім жасаурап, демімді ала алмай отырдым.

- Апырай мынауыңыз не нәрсе еді? - дедім Мүсәпірге жиіркеніп басымды шайқап.

- Оқасы жоқ!.. - деді Мүсәпір күліп. Маңдайымнан тер шығып еді. Үй ыстық, тек Мүсәпір терезенің порточкасын ашып қойып, содан кірген суық терімді құрғатып жіберді.

Өлгі арақтың артынан денем қызған тәрізденді. Мүсәпірдің сөздері қызық сықылданып, күлкім келе бастады. Мүсәпір тағы бір стакан өтініп еді, оны да жұта салып ашы екенін артынан сездім. Біраздан кейін көз алдым буалдырланды, дүниенің бәрі тербелген тәрізденді. Қасымдағы Мүсәпір де танадай, бірде түйедей боп көрінді. Ерніме бір сүлік қалалғандай болды, не екен деп қолыммен байқаймын деп ем, қолым аузыма жетпеді. Көз алдымда бетіме бетін тақаған бірдеме тұрған сықылданды, оның не нәрсе екенін қанша қадала қарасам да көре алмадым. Түрегелгендей болдым. Бетіме салқын леп тигендей болды. Жүргендей болдым. Төбем төмен қарап, жермен бірге зырылдап айналғандай болды. Шешінген сықылдандым, бір сүп-суық мұздай нәрсе көйлегімнің ішіне кіріп, жалаңаш белімді құшақтай

тергенде, тітіркеніп көзімді ашып жіберсем, қасымда біреу атыр екен. Жан жағыма қарасам өзімнің бөлмем, өз төсегім секілді. Жанымдағы кісі, көзіме бір түрлі болып көрініп кеткен соң, шошып, атып түрегеп ем, басым ап-ауыр боп, буыным кетіп, сылқ етіп құлады. Қасымда жатқан кісі Бүркіт секілденіп кетті. Сырқылдап шекемді тесіп шағайын деп жатқан миым солай деп ойлады. Жасқа толып буалдырылған көзіме солай елестеді.

Қыс, қалқам, Бүркіт. Қашан келдің? Сағындым-м-м...
Жаным-м... қыс-с-с-с!..

* * *

Оянып кетсем, ағып терлеп қалған екем, екі шекем зырқылдап әкетіп бара жатыр. Жүрегім де бей-жай боп кеткен. Көзімді қаттырақ қысып, ашып жіберсем, біреу құшағымда жатыр. Ол мені, мен оны айқара құшақтаппын. Шошып кеттім де, атып түрегеп кроватымнан домалап түсе қалдым. Буыным босап кеткен екен, төлтіректен құлап қала жаздап, қолыммен жерді тіреп артыма қарасам, төсегімде Мүсәпір жатыр. Көрпені мен ашып тастаған екем. Мүсәпірде көйлектен басқа киім жоқ.

- Апыр-ай, жынданған жоқпын ба?.. - деп жан-жағыма қарасам, өз бөлмем... Бәрін де танып тұрмын... Есіме түндегім түсе кетті. Ұрылғанымды білдім.

- Мүсәпір! - дедім қатты дауыспен қасына барып.

Шырт ұйқыда маужырап терлеп жатқан Мүсәпір "ә-ә-ә" - деп басын көтеріп атып тұра келді де, көзі қып-қызыл боп қанталап, маған шошынған түрмен жансыз адамдай қалалып тұрып, басын біраздан кейін салбыратып төмен түсіре қойды.

- Не істедің, имансыз!

- Не істедім?..

Мүсәпір "не істедімді" күлімсіреп айтқысы келіп еді, күле алмады. Өзі сұр беті одан да жаман сұрланып, сазара қалды.

- Түс төсектен, ұятсыз!.. Нағып батылың барды бүйтуге! - дедім көйлегінен тартып. Көйлегі жыртғылып кетті. Мүсәпір төсектен тұра келген қалпымен, менен ығыса, төсектің алдына шешкен ішкі киімдерін құшақтай ап, өз бөлмесіне жүгіріп кетті. Омырауынан қақ айрылған көйлек сыпырылып менің қолымда қалды.

Шекем, тұрғаннан қатты зырқылдады. Денем жалын боп жанып, жылайын деп ем, көзім құрғап жас шықлады. Сай-сүйегім сырқырап, жіліктерім бытырлап сынған тәрізденді.

Бас сүйегімді омырып, тірідей миымды біреу қопарып алып жатқан сықылданды. Жүрегім шатынап қақ айрылғандай болды. "Адастым" дегеннен басқа басыма түк ой келген жоқ. Арамдалған, арымды төккен төсекке қарауға құсқым келеді. Екі алақаныммен, екі шекемді қатты басып, ессіз, түссіз, жансыз діңгектей қақиып біраз тұрдым да, темір арамен қырыққандай, тақтайға етбетімнен сылқ ете түстім. Есім ауытқыды.

Мен "адастым!" - дедім.

Дүние маған "адастың" - деді.

- "Адастың"

- "Адастым!"

Деген екі сөз құлағымда ызындады да тұрды. Етпетімнен құлағанда бетім тақтайға тиіп еді, мұрнымнан жып-жылы бетіме саулап бірдеме аққан сықылданды. Оның не екенін, құлаған кезде білгем жоқ. Бір аздан кейін, есімді жинап басымды көтерсем, мұрнымнан аққан қан тақтайға дірілдеп ұйып қалған екен. Басымды көтергенде тағы шұбыра жөнелді. Сол арада есіме Әсия түсті. Оның айтқан ақылы түсті, ол ақылды менің алмағандығым түсті. Нақ сол ойлар келгенде, денемнің жалыны кептірген көзімнің жасы ағытылып, шұбырып барып, мұрнымнан аққан қанға араласты. Қара күрең қан мен мөлдір жас араласқанда, екеуінің қосындысы шымқай қызыл боп, тарамданып омырауыма саулады. Басым айналып, көзіме дүниенің бәрі өрт шалып күйіп бара жатқандай көрінді. Мен қызыл жалынның толқынына түскендей болдым.

- Әсия-ау! - дедім, екі бүйірімді таянып алып зарлап.

- Қайдасың? Тарыққанда әл болған, ашыққанда нәр болған, сен менің пірім ең ғой, бар деген женотделге бармаймын деп, сен көрсеткен жарық жолмен жүрмеймін деп сыйырдың соқпағындай бір кер білте сүрлеуге түсемін деп адастым!.. Жүрер жолымнан жаңылдым. Мені жалын қамады; Әсия... женотдел!..

Қайдасыңдар!!!

Мені жолға салыңдар!!

Мен адастым!..



Үшінші бөлім

БҮРКІТТІҢ СЫРЫ

1. СУЫҚ СӨЗ

Түркім, түркім қойлар бара,
Арасында бір қара.
Ақылың болса ойлап қара,
Ғалия-Бану, сұлуым еркөм
Бүу дүниедан кім қала.

Сиікріп түстім бақшаларға,
Қойным толды жыләккө.
Бірсін қаптым, бірсін аттым.
Ғалия-Бану сұлуым еркөм
Яна тұрған ирәккө -

деп екі қолымды қалтама салып, басымды шалқасынан тастап ерсілі-қарсылы адымдай басып бар дауысыммен -Ғалия-Бану"-ды соғып жүр ем, ата айтысқан жұрттың ойыны ойымды бөліп жіберді.

Менің өлең айтып жүрген үйім Түлкібай деген өзіміздің мектебіміздің бастығының үйі еді, о күнде мен мектепке кіргенде емтихан ұстай алмай математикадан құлап қалғам. Осы қалаға оқуға аттанарда нағашым Түлкібайға - "бірдеме ғып орналастырыңыз, менің жақын адамым еді" - деп хат жазып берген. Сол хат арқылы мен математикадан құлағаныма қарамай мектепке алынғам. Әуелгі кезде жат елдің адамы болғандықтан жатсынып жуымай жүргеніммен, артынан Түлкібайға өте жақын боп кеткем, бір аздан кейін,

ол, менің Жабағыға әрі жиен, әрі жақын, әрі пікірлес адам екенімді білген соң, маған сырын айтуға, ақылын айтуға айналған, төрт айдан артық менің сынауымша ол мына, тәрізді өмір тарихы бар адам боп шыққан: 1894-жылы Семей губерниясының бір ауылында туған. 14 жасына шейін елдегі бір ғұлама қазіреттен қадымше сабақ оқып, нақу маңайына барғанда, ауылына бір жәдіт молдасы кез геп, содан мұсылманшамен қатар орысша оқып, тіл білген. 1909-жылы Семейдегі семинария деген орысша мектепке түсіп 1914-жылы оны бітіріп, бір қазақтың ауылына учитель болған. 15-жылдан бастап "Қазақ" газетіне хабаршы болған, ұлтшылдық қозғалысына қатынасып, белсенділік көрсеткен, февраль төңкерісі болғанда Алашорданың облыстық комитетінің мүшесі және облыстық газеттің жауапты қатшысы болған.

Колчак пен Алашорда құлап, қызылдар келгенде Әлихан Бөкейханов ұлының Семейде жасаған жасырын жиылысында боп, соның "сатар", қазақты большевиктен қорғау үшін коммуниске жазылып, большевикті ішінен шірігіндер деген ақылын алып, партияға кірген. Партияға өтірік кіруін кіргенімен, оның жүргізген саясатын ауырлап көп ұзамай шығып қалған, 21-жылы болатын аштықта ашыққан елдерге жәрдем жиямын деген арызы бойынша, бір комиссияның бастығы боп белгіленіп, бір губернядан мал жиған. Бірақ елден малды зорлап алған; елді үкіметтен жирендіруге тырысқан. Ал, сол зорлап алған малды ашыққан елдерге әкелгенде, Алашордада бірге болған достарының хатымен ашыққандарға емес, байларға үлестірген. Осы жұмыстың арты сотқа түсіп, сот бірнеше айыпкерлерді жауапқа тартып тергеген. Бірақ, Түлкібай айласын асырып, өзіне сөз келмейтін жағын күн бұрын қарастырғандықтан, өтірік документтерді көбейткендіктен, жазадан құтылған. Осы соттан кейін Ысмағұл Садуақас ұлының оқу комиссары боп тұрған кезінде, соның сүйеуімен, менің мектебіме бастық боп сайланған.

1927-жылдан бері Түлкібай жазу жұмысына араласқан, осы күні де жазады.

Міне, сол Түлкібай декабрьдің 13-күні қонақ шақырып, ішіне мені және мен сықылды өзіне пікірлес 3-4 шәкірттерін алған, арақ көп болғандықтан, әбден қызғамыз, етті жеп болғамыз, қонақтың біразы картаға, біразы шахматқа, біразы кеңеске, біразы өлеңге айналып кеткен. Сол көп дудың ішінде, мен біреуіне де жанаспай, есіме әлде қалай Бәтес түсіп, са-

тынан жүректі "Ғалия-Бану" әнімен жұбатқым кеп жүргем.

"Ина тұрған жүрекке" деген сөзді айтқанда, алақанымды құрғатпнның сыртына жаба беріп ем, мас боп айтысқандар қып сойлеп, руларының кемдігін қазысып жатыр екен. - Сен Арғын мақтанба, - деді, Дударбай деген Керей жігіт менің бір жақын жолдасым Жантас дегенге.

- Ақтарыссақ ақтарысайық. Бірақ, сөзге қонақ беріп сойлесс. Керейдегі Итемір деген байдың жылқысы, ерте заманда бір қыс Арғынның жерін теуіпті. Көп жылқыдан не шығын шықпайды. Көптігінен күнде әлде нешеуін қасқыр жейді екен. Сенің Арғындарың сол тебін маңайындағы қасқыр жеген өлімтікті күнде тасып әкетеді екен. Бір күні жылқышы бір өлімтікті тебіннен сүйреп алысқа апарып қасқырға қақпан құрыпты. Таң ертең құрған қақпанға кешке қасқырды қарауға барса, бірдеме қарайып қимылдап жатыр дейді. "Құдай берді" деп шауып барса кісі екен, бір қақпанға екі аяғы, бір қақпанға екі қолы түсіп керіліп жатыр екен дейді, қақпанға ерте түссе керек, Арғының сұрастырып келгенде Қақбанбай деген кісі боп шығыпты. Қол-аяғы үсіп кетіпті. Сол Қақбанбайың Сасықбай аулы дегенде өлі тірі.

- "Әй кер жорға иттің баласы" деді, Жантас Дударбайға тоне сөйлеп сөзді беліп, мен бұл кезде "Ғалия-Бану"-ды доғарып айтыстың сөзіне киліге бастадым. Сен ең алдымен адамнан туған жоқсың, иттен тудың, ол онымен тұрсын. Оның бергі жағында сен Керейде Тарышы деген тұқымсың. Тарышы Керей Танаш бидің тары егетін 40 жігітіне ас қып беруге тастап кеткен күннен туған.

Танаштың бел баласын Көшебе мен Балта еншіге таласқанда, Көшебе "Тарышыға да енші беремін, әкесінен туған" деп дау қып қазыға барған. Қыз Көшебеге "әкемнен туды десен жаныңды бер. Сонан кейін енші берейін", деген. Сол кезде жан берген адамды ақ боз атқа мінгізеді екен. Ақ киімді кигізеді екен. Үш кез орды қазып, үстіне ақ кигізді жауып, жан беретін кісіні шауып келе жатқан бойымен сол арадан қарғытады екен. Егерде қарғып кетсе, жан берушінің ісі адал болады екен де, не құласа, не мерткісе, не өлсе, қысқасы аман өте алмаса ісі арамға саналады екен. Тарышыға жан бермек болған Көшебе орға құлап сол жолы өлген. Осы күні Керейде:

"Көшебе Керей көп Керей,
Көше алмайды Сыйбансыз,

Тарышыға жан беріп,

Көшебе қалды имансыз -

деген мақал бар. Сен құл неге мақтанасың?

- "Мақтанбасаң мақтанба" деді Дударбай түрегеп. Арғынның біреуі "40 қажының қолын ұстаған кісі, қажыға барғанның сауабын алады" дегенмен, ол кезде Мекеге көп баратын біздің Керейге кеп, 40 қажыға қол тапсырып еліне қайтыпты. Елің қажы келді деп қара қарғадай шулап, қол тапсырып қажы болған қажыға қайырлы болсын айта жиналыпты. "Не айтады қажылар" депті жұрт. Сонда сенің қажың: "Мұхамбет деген біреуді мақтайды" депті. "О жарықтық кім екен" дегендерге: "жақсы кісі Керейден де шығатын еді, дәуде болса Мұхамбет Керей шығар" депті өтірік қажың. Және бір Арғының құран сатып алыпты да, айдалада бір жерге атын тұсап, құранның бетіне үңіліп отырыпты. Құран қайдан сөйлесін. Бір уақытта Арғының: "Керейді көрсең сөйлейсің, Қыпшақты көрсең сөйлейсің, маған неге жағың байланды" деп, құранды қамшының астына алып, пара-парасын шығарыпты. Күн жел екен дейді. Жыртылған құранның қағаздары ұшып бара жатқанда: "сен құдайыңа барып айтқанша, мен Жолқымбайға барып айтармын" деп аттанып жүре беріпті.

- Соқ шіркін, өтірікті, - дедім мен де қосарланып кетіп, - мінді қазыспайық. Батып кетер. Шыдамаспыз.

- Мен шыдаймын. Өздерің шыдандар...

- Шыдасаң, Керейде Қойман томар деген томар бар. Сол томардың олай деп аталуы: Қойман деген Керейдің бір шалы сол томардың басына қысырағын іздеп барып, сағаға отыруға түсіпті. Астына мінгені бір асау байтал екен. Мінейін десе байтал мінгізбейді. Қойман әбден ыза болғаннан кейін бір қисық ағашқа шығады да шылбырын тұзақ қып ағаштың басына асылып өліп қалады.

- "На-на - ... Мынау өтірікті қара" - деді, Дударбай екіленіп сөйлеп. Арғын Егізбай деген кісі, базарға барғанда, бір дүкеннен мешіттің мойын темірін ұрлап алыпты. Оны иесі көріп ұстап ап: "неге ұрлайсың?" - деп мойын темірді жұлып ап, басына салып қалғанда, темір екпінімен Егізбайдың басына киіліп кетіпті. Енді қайтып шығарайын десе шықпай, дүкенші сол қалпымен Егізбайды жетектеп әкеп байлап қойып, 500 сом ап зорға босатыпты.

Алдай (керей) Арбабайды білемісің - дедім тағы да Жан-тасын сойлептей. Сол кісі бір күні өгізбен қой бағады. Далада өгізіне шанышқақ тиіп, өгізі қойды тастап, Арбабай шауып ауылына келеді. Жұрт өгіздегі "өлдім" деген Арбабайдың дауысымен өгізді қуса, өгіз ұстатпайды. Сонан кейін, бір жас жігіт құрықпен қуып шауып бара жатқан өгізге құрық сап ұстаймын дегенде, құрық Арбабайдың өзіне түседі. Алғаш оны абайламай тартып қалғанда Арбабай өгізден жігіттің күшімен сыпырылып түсіп қалады. Бірақ етігі үзеңгіде кетеді; ол жерге құлағанда мертігіп бір ай жатып, біздің бір бақсы морта жазды...

- Ол бақсыңды білем. Өлгі Арғында өзінің қызына қол салатын Адырақ бақсы ғой.

- Оған күлме, шырағым. Пұсырман деген Керейдің бір пірадары өз келінін өзі ап (баласы өлгеннен кейін) артынан келіні отқа күйіп өлген жоқ па еді.

- Арғында ешкіні алған да бар. Келінін алған содан жаман боп па?

- Өзің не шатасып тұрсың - дедім намысым келіп кетіп, арақтың қызуымен. Елінде ұрлық қып мұнда қашып келгенің ессінде жоқ-ау!

- Шатаспасаң, шатаспа! Ойынға шыдамасаң бар, неге ойнайсың? Қатынынан айрылып қалғаның да осы ақылсыздығың ғой. Әйтпесе ойынға ашуланатын не жөнің бар.

- Кім қатынынан айрылыпты?

- Сен!

- Қайдағы қатын!

- Білмеймісің.

- Мен қатынымнан айрылғам жоқ.

- Ой-бой сориңды с...

- Ой балалар, сендерге не боп кетті. Ойнап отырып бұларың не, - деді Түлкібай ойнап отырған қартын тастай беріп, Дударбай екеуміздің арамызға түсе беріп.

- Әй, иттің ғана баласы, жаның барда айт, мен "қайдағы қатынымнан айрылыппын" дедім, қолымды ұстаған Түлкібайды кимелеп.

- Айтсам, сен менің басымды алмайсың. Үрмесен - үрме! - деді Дударбай "қойшы, шырағым" деген Түлкібайды тыңдамай.

- Бәтес сенің қатының емес пе!..

- Ал, қатыным... Ол не қыпты!
- Мүсәпір сенің бөлең емес пе!
- Ал, бөлем...
- Жабағы нағашың емес пе!
- Иә... Ал...
- Сол нағашың... Бөлеңе... Қатыныңды... Қо...о-о-с-сып-
ты.

- Не былшылдап тұрсың өй, өзің...
- Былшылдамасаң былшылдама. Маған еркексімей, еркек болсаң ана қатыныңды ал, әр айғырға бір билетпей.

- Рас айтамысың әй?
- Нанбасаң, мына Түлкі-екеңнен сұра.

Кеудемнен итеріп тұрған Түлкібайдан шегіне беріп, білдірмей артыма столда тұрған жартысына таяу арағы бар бір бөтелкені қолыма алып, артыма тығып тұрдым да:

- "Кәне, Дударбай қайта айтшы, не дедің, - дедім кеңірдегімді созып.

- Қойшы айналайын, - деді Түлкібай жалынып.

- Жоқ, Түке, айтсын!

- Қатыныңды біреу алды деймін... Одан басқа атаңның басы керек пе!

- Мә-с-сә-ған, атаңның басы, - деп ентелей берген Дударбайды шынымен маңайдан салып кеп жібердім. Шыны пәрә-пәрә боп аспанға ұшты, маңдайынан қан бүрк ете түсті. Тағы бір шыныны алып бере бергенімде қолымды Жантас ұстай алып еді, шекеме тарс ете түскен бірдемеге жалт қарасам, Дударбай мені Түлкібайдың күміс таяғымен періп жіберіп, таяқ сынып кетіп жартысы қолында тұр екен.

Жалт қарағанымда, қолын ұстағанша болмай, мені таяқтың тұқылымен тағы салып жібергенде, көзімнің оты жарк ете түсті. Басым айналып кетті. Жалма-жан көзімді ашып жіберіп ем, маңдайымнан аққан қан көзімнің шұқырына құйыла қалды.

ҚАЛАЙ ҚИДЫ?

Танауымның ішіне бір шыбын кіріп кетіп, шырт ұйқыда жатқан қалпымнан мұрнымды уқалай атып түрегелдім. Қатты тартқан деміммен шыбын мұрнымның шеміршегіне тақап, сорама жабысып тұр екен: қала әдетінше оң жақ қолымнан шынашағымның тырнағын алмай, ұзындығын бір елідей ғып

тұрып жібергем. Сол тырнағыммен шыбынды бер жағынан шұқып ем, алынбақ түгіл өрі қарай кіріп кетті.

Мұрнымды қатты-қатты сінбіргеніме де болмай шыбын тұрып алып еді сөті түскенде бір түшкірік келіп қалып, түшкіріп қалғанда ұшып түсті. Міне, сол шыбынның өлегімен ұяқым ашылды. Әсіресе шұқығанда түсе қалса тағы да ұйықтап қалатын ем. Шыбын ала қыстай столдағы гүлге қонып өтпей жүрген жалғыз шыбын еді. Қайдан кеп менің мұрнымды тапқанын білмеймін.

Терлеп жатыр екем. Басым кешегі арақтан мең-зең ауырып жатыр екен, шыбынды түсіргеннен кейін екі шекемді алақшыммен қатты қысып, керіліп содан кейін іргеге қарап аунап жатып ем есіме кешегі Дударбаймен төбелескенім сап ете түсті. Апырау, сонда менің шекем мен маңдайым жарылған сықылды еді-ғой! - деп бөтелке тиген жерімді сыйнап жіберсем қаны қабыршақтанып қатып маңдайымда, шекемде ісіңкіреген екен. "Неге төбелестім" дедім ішімнен "Бөтесті Мүсәпірге тиді деген соң шыдамай төбелестін!" деді солжылдап жатқан миым, миымның сол жауабы өрттей даулап өрбуге айналды. Сенерімді де, сенбесімді де біле алмадым, сенбеймін десем Дударбай Түлкібайды куә қыла сөйледі. Түлкібай естімесе өзі біледі. Бірақ өтірік деген жоқ.

Сенейін десем сендірер оқиға емес. Өйткені...

Әуелі нағашымды алайын: менің Жабекеннің апасынан туғаным былай тұрсын, ол маған (көзімше өтірік жалпақтап жүрмесе) аяғын тік басқан пендені теңгермейтін, жолдан келген сайын мені құшақтап сүйетін. Іштен шыққан баласына айтатын "айналайын, қалқам" деген сөздерін маған да айтатын. Айтпайтын сыры болмайтын. Кейде міндеттер де тапсыратын. Мені өзінің жолына ұстайтын мұрагері көретін. Мен өзім де саясат майданында Жабағы болуға тырысатынымын. Және болатыныма сенетінмін, нағашым да сенетін. Бұл нағашым мені қалай қияды? Менің алдымдағы жасайтын өміріме қалай кесірлік жасайды? Мүсәпір де оның жиені ғой. Оны да жек көрмейтін шығар, өйткенмен екеуімізді бірімізге бірімізге қалай жауластырады?

Бәтеске келсем оның менімен қандай байланысы бар екені ілгергі жақта көрсетілген. Тау бұзылып толпырақ болуына, су бұзылып от болуына, күн бұзылып көмір болуына сенсем, сенермін. Ал Бәтес бұзылса онда адам баласы дегеніңізде тұрақтық аз, ұят дегеннің жоқтығы-дағы!..

Енді Мүсәпіріме оралайын: апалы-сінділі екі қыздан туған қарын бөле болғанымызбен, мен оны 1925 жылға шейін

атын естігенім болмаса, білмейтінмін, жүздесіп көргеніміз жоқ та. 25-жылдың қысында, Н... қаласында оқуда жүргенімде, бір күн Мүсәпірден хат алғам. Ол хатында былай деп жазған:

"Бүркіт бауыр!"

"Көріспесе, туған жат" дегендей сен мені білмейтін шығарсын. Бұл хат қайдан келді? Мүсәпір дегені кім? - деп жүрме.

Жасында жетім қап, жаңада ғана көзін ашып келе жатқан, мен бір бөленмін. Үлкен қалаға оқуға келгенім 1922-жылдың күзі еді. Содан бері мұғалімдер техникумында оқып жүрмін. Келген жылы бірінші даярлағыш бөліміне түсіп ем, қазір үшінші даярлағыш бөліміндемін. Сонымен, амандық болса - енді алдымызда 5 жыл қалды.

Сенің оқуда екенінді нағашым бір хатында жазып еді. Адресінді де жіберіп еді. Бұрын шүйіркелесіп таныс болмаған адам болғандығымнан, қазір не нәрсені жазуға білмей отырмын, өзің хат жаз, оқуыңды жаз. Неге екенін білмеймін, сені көруге бір түрлі ынтықпын, осы жаз демалысқа қайтқанда, елге бармай, әдейі сіздікіне барармын деймін. Әзірге көзімдей көрсін деп, көшедегі минуттікке түскен мына бір карточкамды жіберіп отырмын.

Бауырың - Мүсәпір.

18/XII-25 ж.

Оқып шыққанда хат маған жөнді әсер бермеді. Көрмеген адамға оның іші елжіреген шығар, менің ішім елжіремек түгіл, бүйрегім бүлік еткен жоқ. - Карточкасына қарап ем түсі маған ұқсастау. Бірақ, әйел пернелілеу сықылданды, мен оған хат жазғам жоқ. Бұл Мүсәпірден алғашқы алған хабарым. Енді жолығуыма келейін:

Июльдің жуан ортасы шығар деймін, бүтелектің бұлты шығып, жылқылар жанын қоярға жер таппай ойдан қырға шапқылап, желінің басына тұрмады, құлындарын байлатпады. Әсіресе, бір кер қасқа құлық - қашаған бие бар еді. Аппаса ұстатпайтын болған соң, кекіліне тоқбақ байлап қойып, еш бөгеліксіз күнде маңдайына шапса тоқбақ тақылдайтын болған соң, кер қасқа құлық қорғалап қашпайтын еді, бөгелектегеннен кейін тоқбақ-моқбағыңды тыңдамай жылқы-

арны желіктіріп күні бойы ұстатпай әуре қылды. Әкем "Аяққыларды мәстек боп кетеді" - деп құлынды қолмен ұстатпай құрықпен ұстатып дағды алдыратын. Демалысқа енесі келгелі менің күнде таң ертең істейтін дағдылы ісім құлынға құрық салу болған. Сол дағдымды істеп етігімді, көпігімді сыпырып тастап, балағымды ышқырыма түріп ал, тырдай жалаңаш, қара терге түсіп, құрығымды көрінген құлынға бір сермеп жүгіріп жүр ем, желіден алысырақ бір жолмен екі кісі жадағай арбаға аяқтарын салбырата отырып, өте берді.

- Апа біреулер кім болды екен? Біздің үйге қарай беттеді ғой. Біреуі орыс па, болмаса жырық етек пе? - деді Қошқарбай, ышқырындағы шақшасынан алақанына насыбайын салып жатып.

- Қаңғырған жырық етектің біреуі шығар, кім дейсің - дедім мен, жақында ғана байлаған бір асау құлынды шыңғыртып - бір қолыммен мойнынан, бір қолыммен құйрығынан ұстап жатып, құлынның енесі қызғаншақ бие еді шыңғырған құлынның дауысымен құлағын жымитып құйрығын бұрып мені тебуге айналды. Құлын сасқанынан үстіме сиіп жіберді. Артқы аяғымен башпайымды басып та кетті, сонда да жабысып құлыннан айырылмадым. Бірақ сөз сөйлеуге мүршам келген жоқ.

Біз биені байлап болып үйге қарай аяндай бергенде шашы лударланып, иығына плащын жамылып талдырмаштау бір жігіт біздікінен шығып бізге қарсы аяндады.

- Жаза баспасам, Бүркіт бауыр сен шығарсың, - деді лудар шаш маған бетпе-бет қарсы кеп.

- Болсақ болармыз, - дедім "кім деген адамсың?" деген кейіппен.

- Бүркіт болсаң мен Мүсәпірмін. Кәні құшақтасып көрісейік, - деді де Мүсәпір, баласын сағынған әйелдей құшағын жайып, маған күлімсіреген кескінмен ұмтылды.

Мүсәпір екі қолын маған қоян-қолтық келтіріп, кеуде тұсымнан арқамды қапсыра ұстап еді, мен құшақтамай екі қолымды да салбыратып сұлық тұрдым. Мен құшақтамаған соң көп тұруға ұялды білем, екі рет бауырына мені тартып, денемді илiктiре алмаған соң құшағын жазды. Мен "аман-бысың", "денің сау ма" деген сықылды салқын амандықпен солғын ғана амандастым.

Ол күні "сұлу, сыпайы" Мүсәпір қонды. Сүйегіме біткен қатандық Мүсәпір жалпақтады деп жібіген жоқ. Ертеңіне қымызды ішіп-ішіп, ішіміз сыздаған соң, Мүсәпір екеуіміз көйлекшең жалаң аяқ қолтықтасып, Қызбелге шығып дөң астық, шілденің сарша-тамыз кезі. Көкке адасқан қаздай әр жерде шоғырланып жүрген - шашыранды, жұқа ақ бұлттар болмаса, аспан айнадай ашық. Әуе айналып жерге түскен ыстық. Күн аспанның ден ортасына шығып алып, алтын-дай жалтырап, күліп тұр. Дала желсіз, тымық. Жан жағымызда ойдан дөңге, дөңнен ойға шауып жүрген шайышқ-ақтаған сиыр, бүтелектеген жылқы, төсеген жібек кілемдей жерге аяғыңды басқанда, жасыл көде аяғыңа жып-жылы, жұп-жұмсақ боп тиеді, жерде шырылдаған шегіртке, көкке шырлаған торғай, Қызбелдің жалбыр шашын, сұлу сымбатты денесін белуардан бөлеп толқып жатқан сағым. - Уа, Қызбел! - дүниенің жұмағы едің-ау, сенен неге бездім екен?

- Кәні Мүсәпір мына Қыз емшектің (Қызбелдің төсіндегі сүйрейіп өскен екі тасты, ел "Қыз емшек" деп атайтын) екі арасына жатайық дедім Мүсәпірге.

- Әйтсек, әйтеіік деп Мүсәпір Қыз емшектің екі арасына келіп тұрды да, Қызбелдің салтанатты дөңін көзімен шолып біраз қарап тұрып, "сұлу жер екен" деді де, менің қасыма отыра кетті.

Ертегіде: "Мұқаметтің төбесінен ыстық күнде көлкіп бір бұлт қалмайды" дейтін еді. Сол сықылды, біз отырғаннан кейін бір шуақ бұлт біздің күн жағымызға көлеңке боп, күн сәулесінен бізді қорғады да тұрды. "Пысынарысыңдар!" деп аяғандай, бір қоңыр салқын жұмсақ самал пайда болды. Самалдың салқын лебімен бұлттың көлеңкесінде сағымға бөленіп, бауырымды жасыл көдеге төсеп, Мүсәпір екеуіміз әңгімеге кірістік. Мүсәпір маған айтқан кеңесін өз бетімен не айтар еді, не айтпас еді "оразаға көшкен ермек" дегендей, далада жатып қымызды сіңіру үшін ермек керек боп:

- Мүсәпір! - дедім.

- Ә, - деді.

- Кешеден бері, сырласуға орын да болмай жатыр. Жай отырғанша ермек болсын, сен маған өмір тарихыңды сөйлеп өтші!

- Ұзаққа созылады ғой "жалығарсың" - деді Мүсәпір күліп темасы даяр тұрған адамша.

- Жоқ жалықпаймын деп бетіне қарай қойып ем, оның

күнін отырған кескінін менің місім жеңіп кетіп күлген беті
ірік қакқанша томсара қойды да, менің көзіме көзі шы-
ғампй, мен қарағанда төмен қарады.

"Жетімнің күні құрысын" жастай қалған деген. "Мұнды
Мүриям" деген кітапта өлең бар еді - деп, бастады Мүсәпір
сөзі, сүйтті де ауыр күрсінді. Сол сықылды жетім қалған
не оңалды дейсің, әкем өлгенде мен сегізде екем. Шешем
өнгенде тоғызда екем. Мен Әубәкір деген ағамның қолында
қалдым, оның Шапылдақ дейтін әйелі бар еді. Сол кісінің
маған жұлдызы қарсы болды. Өш болды. Үсті басыма бір
сүбәк жіп сіңірмеді. Ас судан қаға, қағажу ғып ұстап, жаз
болса айран, қыс болса көжеден басқа тамақты татырмады.
Шешем өлгеннің келесі жазында, бір күні кебежеге қолым-
ды тығып, аузын буып қойған қарындағы майды алып жа-
пыр ем, есік ашылған дауыс құлағыма келген соң жалт қарасам
Шапылдақ келіп қалған екен.

- Ішің толып, жер жастанып, мүрдем ғана кеткір-ау, жап-
жаңа ірімшік пен табан аяқ қатықты соғып алып едің ғой,
ішінді жылан жайлап бара ма, албасты басқыр! Құдай-ау
көзің шықты ма. Осы, жалмауызды неге ғана алмай қой-
дың! - деп, қолына еш нәрсе түсе қоймаған соң, шелекте
тұрған ожаудың қатық матығымен мені періп кеп қалды.
Ожау тигенде қайқаң ете түстім де майға баттасқан үш сау-
сағымды аузыма салған қалпыммен есіктен шықтым, ешкім
ұмтылып ұстай алмаған соң, Шапылдақ босағада жатқан
кебісті жіберіп қалып еді, кебіс есікке тиді. Жетімнің құрсағы
жеті қабат, дегендей Шапылдақ берген асқа қарным ашқ-
андықтан, ол майға менің қолымды салуым бұл ғана емес
еді. Шапылдақтың қолына түсіп қалғаным болмаса - ол
төрт айдан бері сол қарыннан күнде табан бір уыс майды
алып шығып, бір ышқырыма майды, бір ышқырыма ірімшік
пен сықпа құртты тығып ап бір тасқа отырып соғатынмын.
Шапылдақ, кебежеге бір суық қолдың кіргенін сезетін, бірақ
абиыр бергенде, мені қолына түсіре алмайтын.

- Жетім баланың солай болуы табиғи нәрсе ғой, - дедім,
Мүсәпірді бөліп, ол "осыным жөн бе, қисық па?" - деген
кісіше маған жаутандай берген соң.

- Оның рас, - деді Мүсәпір көтеріле түсіп - ал сол май
ұрлау әдетке айналып, артынан тамағым тоқ болса да май
ұрлап жемей көңілім көншімеуге айналды. Сол әдеттен, бергін
келе зорға құтылдым.

- Сен өзін неше ағайындысын? Әубәкірден басқа ағаларың жоқ па еді? Бар болса олар неге көз қырын салмайды? - дедім май кеңесін Мүсәпір бұзып бара жатқан соң.

- Мен бес ағайындымын, ең үлкені Әубәкір, одан кейін Омар, одан кейін Оспан, одан кейін Әлі, ең кенжесі мен. Омарға қалың берсе де, ол кезде алған жоқ еді. Оспан мен Әлі бойдақ еді. Әубәкір қой аузынан шөп алмас момын адам. Бәріміздің пысығымыз Омар. Оның үйге келтірер пайдасы жоқ, астында бір жақсы ат болды. Үстіне жақсы киім киеді. Сүйтеді де ылғи ат үстінде жүреді. Оспан да Омар сықылды, шаруаға қараспайды. Әлі Әубәкірдің қолында. Ол Оспан мен Омардай емес. Шапылдақтың не дегенін істей беретін - жуас, ынжық. Ал, Оспан да, Омар да Шапылдақты тыңдамайды.

Әсіресе Омар, кейде боқтап та тастайды.

- Дәулеттерін қандай еді?

- Дәулет дейтін пәлендей ауыр дәулетіміз болған жоқ. Жеңіл айғыр үйір жылқы, сауындық сиыр, көштік түйе, қонақтық азын аулақ қой, ешкіміз болды. Әкемнің атқа мініп жүрген кезінде дәулетіміз толық екен. Бір сайлауда ауылнай болып, артынан болымсыз жұмыспен түсіп қалса керек. Өмірінде алған шені сол болыпты. Негізі жуас, ак көңіл даңкылдақ адам еді дейді. Мынадай қызықтары бар:

1. Ауылнай болған жылы, күзгі бір жақсы ат алыпты. Ел адамдары әкеме "атыңның күйрығын майла" деген соң, әкем екі ту қойды сойыпты да, екі саба қымызбен, алты би, бес ауылнай, болыс, тілмәш, тағы бірнеше ақсақалды қонақ қыпты. Етті орысқа астыртса керек. Қымызды көп ішкен жұрт алдарына әкелген етті жалма жан турап асап-асап жіберген екен, артынан еттің арасынан қан шығып, піспегендігі білініпті. Әкем етті шикі пісірдің деп орыспен әуелі ұрсысып, артынан жұдырықтасып қалса керек. Орыс жанжалдан кейін, қатынына еттерін пісіріп бер, мен атаманды алып келем. Мыналар жанжал салды депті. Әкем: "етті астырмаймын, мен сенімен ет шикі болған соң төбелестім. Атаманға бармасаң ғана астырамын" деген сөзді айтады білем. Сондағы орысшалағаны мынау болса керек:

"Әй ата мықан не піспел. Ауызға салса білік ете түсті.

Дыба шолабек шошып помрол. Оны кім төлер?"

2. Үйде отырса да етті тойып жемесе көңілі көншімейтін ашқарақ адам екен, апам бір күні бір жерге бата қыла кетіп,

өкеме жөнді ет тастамаса керек, өкем соған ыза боп Әліні шошалананың шаңырағынан арқан байлап түсіріпті. Әлі өкем айтқан еттерді жинап алып жүргенде, өкем арқаннан айрылып қалыпты. Арқанды алуға құрық тықса да жетпейді. Есікте кілт тұрады. Содан кейін өкем балтамен есікті қиратып шешеме ерегісіп бір соғымның бар жылы-жұмсағын жеп қойыпты, қомағайлығы, мешкейлігі туралы Бақырбай кісі мынадай бір кеңес айтады: "Атымтай, Қыпшақ, Сауырбай дегенмен құда болды. Бай мен байдың бақасы болатұны қандай, Атымтай 80 кісі қосшы алды. Ылғи ет пен қымызға тоймайтындарды жинады. Ішінде мен де бармын, Күшікбай да (менің өкем, Мүсәпір) бар, Сауырбай он ақ үй тіккен екен, бөліне-бөліне түстік. Күшікбай екеуміз Атымтаймен бірге болдық, құда "майды сайдан ағызды"-ның кегін қылды.

Күніне үш рет береді, бөрі де аппақ май. Қара саба босатан кетпейді. Үш қондық. Үш қонғанның үшеуінде де Отеулі қымыздан, Күшікбай еттен қайтпады. Сауырбай намыстанды білем деймін, нақ қайтамыз деп атты ерттеп қойғанымызда, аттанардағы сыбағаларың деп тағы да ет тартты. Бұрын бес кісіге бір табақ еді. Бұл жолы үш кісіге бір табақ болды. Күшікбай екеуміз бір табаққа кездесейік деп отыр еск, "жемпазым, сен құданың табағына баршы" - деп Сауырбай Күшікбайды Атымтайдың табағына өкетті. Табақтағы еттерге көзімді салып жіберсем мынадай екен: сере шыққан биенің қос қазысы жөнді білектей, ұзындығы екі кез дерсіз. Доғадай боп иіліп жатқан тұтас жал. Қыртысы төрт елі етегі қалпынып жатқан жая, қысқасы бір жылқыда не майлы мүше болса содан ет тастамаған.

- Жайың қалай еді, Күшікбай? - деді Атымтай етке қарап қабағын тыржытып.

- Үндемеңіз!.. - деді Күшікбай мұртынан күліп.

Жұрт үш күннен бері еттен сасық кеңірдек болғандықтан шұқып-шұқып жесісті де табактан шыға бастады, менің көзім Күшікбайда. Күзекем бір тізерлеп отырып алды да екі қолдап майды бүркітше қылғи бастады. Өзге жұрт қарауға жүрегі айнып, бастарын салбыратты да отырды. Етті орталап жеп болған кезде, Күшікбай су сұрап еді, Сауырбай қалжың қып бергізбеді. Сонан кейін Күшікбай өршелене соғып, табактың тұздығын ұрттап қайырды. Күні бойы көзін

сатып отырған Сауырбай, басын шайқады да "Атымтай мынауыңа дау болсын" деп күлді. Еттен кейін аттандық. Күшікбай ат үстінде аузын осыртып, майды аузынан бүркіп отырды, бірақ құспай кетті. Жолда бір елге қонып ек, күндізгі май батып кетсе керек, ет жей алмады. Түнде жатқанда дөңбекшіп жата алмай, арқасын жүкке сүйеніп тік отырып ұйықтады, таңертең тұрғанда термен бірге көйлегінің сыртына май шығып кетіпті".

3. Астындағы атын іздеп бір күн бүлік болғаны бар.

4. Қайнап тұрған самауырдың құлағына бұзау байлағаны бар.

5. Шомыламын деп құдыққа түсіп, шыға алмай қалғаны бар.

6. Итқара деген құрдасының үйінен түнде ас ішіп шығып, сол үйге өз үйім деп әлде неше айналып келе беріп, астындағы тоқымын түсіріп алғаны бар.

Әкем қысқасы осындай болған адам, жалпы мінездері әлгіндей болғанмен, мінер аты, ішер асы, киер киімі сай болған соң, әкемді жұрт далаға тастамайды екен. Оның үстіне:

- Біз Бәйгелді дегеннен өрбіген үш ауылмыз. Сол үш ауылдың ақсақалы Барлыбай деген кісі. Еліміз бозбалалы. Әрі жұрт тоқтарлық үлгілі ақсақалымыз болған соң, әрі білекті бозбаламыз болған соң, әрі дәулет болған соң, қай ел болса да бізбен санаспай тұра алмайды.

- Омар мен Оспан атқа мінеді дедің мана. Ол мінуі қай міну, - дедім Мүсәпірге әкеңнің кеңесін енді таста деген дауыспен.

- Ол былай, - деді Мүсәпір қырынан жатып - Бәйгелдіге қарағанның бозбаласының бастығы Есен. Есен жалғыз Бәйгелді емес, мен ақ жол атты Арғынның бастығы деуге болады. Жасы ол кездерде 25-терде деуге болатын шығар, осы кезде 35-терге маңайлай келді ме екен, қалай? Омар мен Оспан сол Есеннің үйінде болады. Есенде жалғыз ол екеуі емес, 50-60 жігіт болады. Есен ұрлық қылады, оның ұрлығы "сасық" ұрлық емес "ерлік" ұрлық. Ол бір шеті Семей, Ақмола, Жетісу, бір шеті Орал, Ақтөбе, Сырдария ұрыларымен сабақтас, бір жағынан топтап айдап әкеліп, бір жағына өткізіп жатады. Өзі орысша городская школды бітірген адам. Орысша да, қазақша да сөйлегіш - шешен. Заң-заңныңды судай сапырады. Барлық күде кісі қалтасында жүреді.

Есеннің үстінен қалам тарта алмайды. Ұрлап алған маған көңілі түссе қайтарып, көңілі түспесе жонын көрсетіп жүре береді.

Е, ағаларыңның еті тірі болса, сені неге жүдетіп қойды? дедім Мүсәпірге. Мүсәпірдің Есен кеңесіне түсіп, - соны ұшқақ созуға айналған түрін көріп.

- Қазір айтайын, "Оспан!" деді Әлі бір күні Оспан даладан келгенде.

- Ә, - деді Оспан.

- "Сенің бүйтіп селтиіп жүргенің құрып қалсын" - деді Әлі жыламсырап.

- Неғып қалды?

- "Сен мынау ініңнің көзін жоғалт, не бауыздап өлтір" - деді Әлі Оспанға.

- Бұған не күн туды?

- Шапылдақтың таяғымен тозып өлетін. Сен екеуің мырзалық құрып жүрсіндер. Әубәкір қатынына ләм-мим демей жүре беретін өгіз. Мен де сол қатынның құлымын, ал, мынау Мүсәпірдің арқасынан таяқ кетпейді, үсті басына қарамайды, тамақ бермейді. - Оспан үндеген жоқ. Қабағын түйіп тысқа шығып кетті.

- Көні Мүсәпір, киін! - деді Оспан ертеңінде маған.

- Оны қайда апарасың, - деді етігін жамап отырған Әубәкір.

- Өлтірем!

- Мына соғып кеткен не айтады. Жөніңді айтшы.

- Сенің қатыныңның көзінен таса қылам. Мұның орнына егінін ексін.

- Қатын оған не қыпты?

- Мен не қылыппын. Жазғаным асырап адам қылғаным ба? - деді Шапылдақ шапылдап.

- Адам қылғаның мынау ма, - деді Оспан, мені Шапылдақтың алдына жетектеп алып барып - көзін бажырайтып, үсті-басы өрім-өрім. Кірі бес елі. Денесі қотыр. Мынау жағасында өріп жүрген биттерді көрдің бе? Жаның ашыса сол биттерді отқа қағып тазалап берер едің ғой. Өмірінде ас көрмеген адамша мойны қылқиып, көзі іріңдеп, ала жазда жағынан жүні шығып жүргені мынау, мұны сенің көзің де күйік қылғанша нағашысына апарып тастайын, өлсе сонда өлсін!

- Ойбай... Сал жігіт-ау, қиын қылдың! - деді Шапылдак кекетінді дауыспен, - апарсаң атамнан арман!..

- Бармаймын! - деп тырысқан болып ем, Оспан жағамнан ұстап сүйреп далаға алып шықты. Қарасам, өзінің көк ала атын жегіп қойған екен.

- Отыр! - деді Оспан ақырып арбаны көрсетіп.

- Оспан! Бірдеме соғып кетті ме? Баланы қайда апарасың? Расың ба? Оның не? - деді Әубәкір бір балағы шұбатылып, бір балағы түріліп үйден жүгіре шығып. Оспан үндеместен атын шықтыртып қалып еді, ат ыршып тарта жөнелді.

- Осы оқиғаның болуы қай жылы? - дедім Мүсәпірге.

- Нағашыма Оспанның әкеткен жылын айтасың ба?

- Иә.

- Ол, 1914 жылы болу керек, ұмытпасам.

- Сонымен нағашымдардың қайсысының үйіне барып түстіндер?

- Нағашымдар Дәуіттен Сауырбай, Тауырбай, Қорғанбай, Жабағы деген төрт ағайынды екен ғой. Тауырбай мен Қорғанбай ол кезде еншілерін алып бөлектенген екен. Үлкен үйінде Сауырбай екен. Жабағы қалада қызметте екен. Біз Сауырбайдікіне түстік. Оспан екі қонды да, мені тастап кетіп отырды. Бір жұмадай жат елді тосырқап жүргеніммен, артынан нағашым үйіне үйреніп кеттім. Сауырбайдың: Шағалтай, Тұрымтай, Қаратай, Торытай деген төрт ұлы, Өрік, Алма, Шекер деген үш қызы бар екен. Өрік сол жылдары 16-17-лер шамасында екен. Нағашы апамның (Сауырбайдың әйелі) аты Меруерт екен. Меруерт үстіме жаңа тектен көйлек-дамбал тігіп берді - қара сабынмен денемді шомылдырып қотырыма өлтірген сынап жақты. Шашымды алдырып тастады. Аяғыма нағашым бір етік бастатып берді. Әрі үстіме жаңа мата киіп, арқам бит пен сіркенің шағуынан құтылған соң, әрі бұзау бағу, тезек теру, күл төгуден босанған соң, әрі аузыма дәмі бар ас тиген соң, жүгенін сыпырған асаудай ойнақтап бір түрлі көтеріліп кеттім. Тауырбайдың Танқысы бар, Қорғанбайдың Қалабай, Жалабайы бар, Сауырбайдың төрт баласы бар. Бәріміз табаны күректей сегіз бала боп тізе қосқан соң, балалардың бір жағын ойсыратып қасқыр тиген қойдай қылатын болдық.

- Сен енді оқу оқығаныңды айт! Балалық кеңес белгілі кеңес қой!.. -дедім Мүсәпірге.

- Мақұл, - деді Мүсәпір. - Жалыққан жоқсың ба?

Жоқ, айта бер!

Ғидеше, сен менің кеңесімнің керексіз жерінде, керекті кеңесіңе қарай бұра отыр, - деді Мүсәпір күліп.

Е, ал, сонымен...

Сол ауылда бір ноғай молда тұрады екен. Аты ноғай ісінен болмаса, сөзі де, кескіні де қазақ сықылды. Бір күні сол молда нағашым үйіне қымыз іше келіп отырды да:

Мына бала кім баласы? - деді Меруертке, мені көрсетіп.

- Бұл бір жетім бала, әке-шешесі жоқ. Біздің туған жиен, шашы жақын арада біздікіне әкеп тастады, - деді Меруерт.

- Бұл баланы оқуға неге бермейсіздер?

- Қайдан білейін. Нағашысы біледі.

- Нағашысы білсе, сіз Сәуекенге айтыңыз. Жетім бала ғой, оқуға берсін. Мен мұны ақшасыз-ақ оқытайын. Адам болсын бишара! - деді ноғай. Ноғайдың сөзіне ішім жібіп кетті.

- Нағашым оқуға апарды ма? - дедім Мүсәпірге, үш күннен кейін алып барды. Молда маған: бір кітап, бір тетрадь, бір қарындаш берді. Сөйтті де "Оңдап оқы шырағым!" - деп жұп-жұмсақ қолымен мандайымнан сипады. Саған өтірік, маған шын, деді Мүсәпір, осы арада көзі жаныңқырап, басын көтере сөйлеп - менің мандайымнан қырсықты ең алғаш сол молданың сыйпағаны түсірген сықылды, бір күні "молда" дегенімде молда - "шырағым, мені мұғалім, - деп ата" деді. Содан былай мен ол кісіні мұғалім дейтін болдым.

- Мұғалімнің аты кім екен?

- Асылкерей Сақыпкерей ұлы екен.

- Қанша оқыдың ол кісіден?

- Үш жаз оқыдым, қыс оқымағам.

Мұғалім жаз елден ақша табады екен де, қыс Уфадағы медресеге Ғалияға оқуға кетеді екен, мұғалім маған сол үш жаздың үшеуінде үш киім сатып әперді. Мұғалімнің маған сондай жақсы көзбен қарауын мен өзім екі нәрсеге жоритын ем. Бірінші - менің нашарлығым: ол кісі шынында нашар адамға көз қырын көп салатын адам еді, жалғыз мен емес, сол ауылдағы үш-төрт нашар адамдардың балаларынан ақша алмай жай оқытып еді.

Екінші себеп: менің оған тигізетін пайдам да болды. Ол мынау:

- Нағашым үйінде Өрік деген қыз болды дедім ғой.

- Өрікті мен де білем, е, ал айта бер! - дедім Мүсәпірді бөліп, айтатын сөзін ішімнен бір күн бұрын жорамалдап.

- Сол Өрікпен мұғалім көңілде болды, - деді Мүсәпір күлімсіреп.

Бертін келе мен Өрік пен мұғалімнің арасына хат таситын болдым, мұғалім ақын кісі еді, ол өлең жазғанда қай қазағыннан болса да кем түспейтін еді.

Жұрт мұны екінші Ақмолла дейтін еді.

- Өрік ұзатылмай өлді білем, - дедім Мүсәпірге.

- Иә, - деді Мүсәпір, мен барғанның келесі жазының ортасында Өрік бір күні түннен ауырып шықты да, түске жетпей қысыла бастады, кешке қарай әлсін-әлсін талықсуға айналды, бір тыныс алғанда:

- Апа, деді Өрік көзі жаутаңдап, қызудан күйіп жатқан ернін бозарыңқы тартқан тілімен жалап, тамағы жұтынып.

- Не айтасың күнім, құлыншағым, зекет кетейін сәулем көзіңнен! - деді, не істеуге білмей сасып, жылауға қорқып, Өрікпен бірге қысылып отырған Меруерт.

- Со-о-р-лы. Ап-а-а-!..

- Неге қарашығым, - деді Меруерт көзінен жасы шығып кетіп.

- Мен саған жоқпын.

- Алдай, айта көрмеші, құлыным деп Меруерт еңіреп қоя берді. Шынында Меруерт төрт ұл, екі қыз - алтауына Өрікті айырбастайтын еді. Өрік айырбастайтын да қыз емес еді. Бет біткеннің сұлуы, адамзаттың ақылдысы еді.

- Жүрегім тағы қысып барады. Біреуінде кетіп қалармын апа, молданы шақыртшы, - деді Өрік қысылып жатып, күн батар кезде.

- Сәлдебай молданы шақырып келе ғой, - деді томсарып отырған Сауырбай Жағалтайға. Жағалтай тұра бергенде Өрік басын шайқады.

- Шақырмайық па? - деді Меруерт жасын сүртіп. Өрік Меруертке "мында келші!" дегендей басын изеді де үндемеді.

- Не айтайын деп ең қалқам! - деп Меруерт Өріктің аузына құлағын тақап біраз тұрды да, мұрнынан бір сүйіп басын көтере беріп, тыйған жасын қайта ағытты.

- Не дейді қатын? - деді Сауырбай.

- Ноғай молданы шақыр, иманды сол айтсын дейді...

- Сен шақырып келші шырағым, Жағалтай бие жинасын, үйдің құлындары әлі ағытылған жоқ білем! - деп Сауырбай маған иегін көтергенде, мен есіктен шыға жүгіріп, мұғалімге бардым. Үйде мұғалімнен басқа жан жоқ екен.

Мұғалім екі қолын қалтасына салып, адымдай-адымдай аттан, қабағын қарс жауып ерсілі-қарсылы жүр екен.

Орік қалай? - деді мен кіріп барғанда жұлып алғандай тұра қалып.

- Қысылып жатыр. Сіздің иман айтуға шақырып еді...

Мұғалімнің көзіне қарай қойсам, жас іркіліп төгілейін деп тұр екен. "Қысылып" деген сөз аузымнан шыға бергеннен екі көзінен маржандай жастары домалап-домалап кетті.

Мұғалім бұрын иман айтуға бармайтын. Тегінде ол намаз оқымайтын, ораза ұстамайтын, қайыр-садақа, зекет-құшырға жоламайтын, дінге салақ кісі еді. Өлікті де, тіріні де қолынан тарататын Сәлдебай молда еді. "Неге бүйтесің?" деген кісіге мұғалім: мен молда емеспін. Сабақ үйретушімін. Балаларыңызды жақсылап оқытам. Егерде мені Сәлдебай молданың орнына жүргізетін болсаңыздар маған ұлықсат беріңіздер. Мен ондай өлімтікше құзғын бола алмаймын, - дейтін еді. Тіпті болмай бара жатқан жерде жұрттың бергенін алып, табан аузында бір нашар адамға беретін еді. Жұрт:

Сауми салат,

"Үе сәйір өл уажибәттің кипәті үшін, ушбу мұтаппа мархум палан-палан ұғылының бір ыйллық педия садақасын, құда ырызалығы үшін, қабыл етіп алдыңыз ба?" - деп, алынған жоқсыз ба, неге обалын өзіңіз арқалап біреуге бересіз? - дегенде "алуын нашар алып пайдаланса, обалы маған-ақ болсын" деп күлетін еді. Сондай дінге жақсы қарамайтынын біле тұра жұрт, оқытқан баласы оңды оқып, алды жақсы болған соң одан айырылмайтын еді. Шылым тарту, түрегеп сию сықылды тағы бір әдеттері болмаса, жұрт оны "жібек мінезді, үлкендігі жоқ, жатық адам" деп жақсы көретін еді. Бүкіл елде мұғалім мен үшін Құдайқұл пірәдәр мен Сәлдегай екеуі еді. Құдайқұл Зайнолда ишанға барып, бір-біреуі үш кезден 15 тасбық әкеліп жайнамаз үстінен тұрмайтыны болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан кісі еді. Сонда да мұғалімге өш еді. Ол Сәлдебай қыйрағатты дұрыс тарта алмайтын, тажуйттен түк білмейтін, "русалағазуз" маңайында ғана оқуы бар молда еді. Осының екеуі де мұғалімнің сыртынан балағаттағанымен көзбе көз келгенде өгізге өкірген бұзаудай, тайқып шыға беретін еді, жауап қайтуға таба алмайтын еді.

Өзгеге бармағаны сықылды, мұғалім Өрікке де иман айтуға бармас деп ойлап ем, менің ойымдай боп шықпай,

мұғалім көзін сүртті де, менің алдыма түсіп біздікіне қарай тарта жөнелді. Екеуіміз үйге кіріп келсек, Өрік сұлық жатыр екен. Жалғыз-ақ желді күнгі түндіктей көтеріліп-басылып жатқан кеудесі болмаса, көзі түскен. Кісі жан тәсілін қылып кеткен деп ойларлық екен.

- Өрік! - деді мұғалім, Өріктің су қараңғы болған адамның көзіндей қимылсыз шаңыраққа қадалып жатқан қап-қара бота көзіне, көзін туралап апарып.

Сол дауыс Өрікке жан бергендей болды. Өрік дауысты естігеннен кейін, түсінен кейіп шошыған адамдай селт ете түсті де, көзін қатты қысып тұрып, қайтадан ашып мұғалімге қарады: көз пернесі өткірленген екен - "енді қайтып жарық сәулені көрмеймін, көзім талғанша қарайын!" дегендей, көзі оттай жанып, кірпігін қақтастан мұғалімге тесірейіп қарады. Жылайын деп бетін тыржитып еді. Жалын кептіріп жатқан дене көздің жасына ерік бермеді, жас шықпады. Екі бетіне екі қан шикандай боп шыға келді де, көз ашып жұмғанша тарап кетіп, беті қайтадан бозара қалды. Иек қағар минутте неге олай Өріктің алпарысып жатқанын менен басқа кісі ұққан жоқ. Қадалып қарап тұрған, іргеден батып бара жатқан күннің қызыл сәулесі бетіне түскенде "мен де - күнмен батамын!" дегендей, көзін мұғалімнен алып үйдің ішін бір шолды да, ең ақтық қарауын Меруертке түсіріп, сонан кейін Өрік көзін жұмды.

Иман айтты ма? Ішінен зарлап жылады ма? - онысын өзі біледі, Өріктің көзі жұмылғаннан кейін мұғалім аузын бірдеме деп күбірледі. Бірақ, күннің көзінің жоғарғы жиегі айнадай ашық көктің етегінен жасырынып жер астына жоқ болуға пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалған кезде, иегі дірілдеп, ерні қыбырлап, жан тәсілім қылуға ышқына бастаған Өрікке шыдай алмай, орамалымен бетін басып, өкіріп жата кетті. Меруерт жылады деп қана әйел дағдылықтарын істеп босағада жиналып жылап отырған бір топ қатындар, мұғалімнің жылағанын көріп: "алда байғұс-ай, ноғай болса да пұсырман ғой, аяп отыр ғой жас шіркінді!" десті.

- Мұғалімнің жазған хаттары Өріктің сандығында қалды-ау, артынан оларды кім алды екен? - дедім Мүсәпірді бөліп орысша айтқанда, оқиғаны переживать етіп.

- Ол қағаздар былай болды: - деді Мүсәпір де күрсініп.

Үшін¹ берген күні кешке Меруерт Өріктің сыртын оюлаған қол сандығын ақтарып ашып "қайда кеттің құлыным?"

¹ Үш күн толғанда шелпек пісіріп бата қылдыратынын айтам.

деп жылап отыр екен. Дауысын естіп мен үйге кіріп кеттім, бір берен дорбаға толған қағазды суырып алды да, жаңынан сүртіп:

- Мынау не қағаздары екен қалқамның? - деп маған беріп, өзі бір шүберекке тарағаннан түскен Өріктің шашын тауып алып шашты бір бауырына басып, бір мұрнына иіскеп, бүйірін таянып ап айқайға басты. Мен қағаздарды алып қарасам, бәрі мұғалімнің хаттары екен, шіркін өлім-ай! - деді Мүсәпір осы арада жерден бауырын көтеріп түрегеліп. - Өріктің өз жүрегінен басқа жан сезбейтін сырын әшкере қылуы қалай! Өлмесе Өрік ол хаттарды Меруерт пен менің қолыма ұстатпақ түгіл көзіме көрсетер ме еді?

- Қолыңа түскені оңды болған екен. Енді мұғалімге тез апарып берсең едің, - дедім қуанған кісідей Мүсәпірге.

- Өзім де сүйттім! - деді Мүсәпір басын шұлғып - қазақтың ол кезде қағазға баға бермейтіні қандай, Меруерт "иман шарты емес пе екен?" деп еді: "Жоқ, жәй бір қағаздар екен. Керегі жоқ, маған бер" деп ем "ала ғой қарағым қағаздан басқа дүниелерін де қайда қоюға білмей отырмын"" - деді Меруерт еңіреп. Қағазды әкеп бергенім де мұғалім қуаныш пен қайғы араласқан кескінмен қолына алды да, бар айтқан сөзі "рахмет шырағым!" - деді.

- Дұрыс, мұғалімнің былай болғанда, саған оң көзімен қарайтын жөні бар екен. Сонымен сен неше жыл оқыдың ол кісіден? - дедім Мүсәпірге әңгіме қысқарсын деп.

- Айтайын! - деді Мүсәпір, - тағы да қисая кетіп, төртінші жаздың ортасы еді, шаршы түстің кезі еді. Күн ыстық еді. Мұғалім: іргені айнала түрдіріп, түндікті жаптырып тастап, шалбар мен ішкі көйлектен басқа киімдерін шешініп, аяғына сандал киіп, омырауын ашып тастап қара терге түсіп, аласа, дөңгелек столдерге жағалай отырған балалардың сабақтарын көрсетіп жүр еді. Қоңырау дауысы естілді... Мұғалім есіктен қарады да, өз-өзінен сасқалақтап:

- Балалар, - деді. Қарай қалдық, - пристав пен урядник келе жатыр, мені алып кетуі мүмкін. Мүсәпір ана сандық-шамды саған тапсырам, алып кетсе, тірі келсем сенің қолыңнан алармын, ішіндегі қағаздарын шашпа... Мені көрсетсе, Айту мен Қасқырбай екеуі көрсетеді...

Пристав пен урядниктің не екенін шала білгеніммен "Қасқырбай көрсетті" деген сөзге түсіне кеттім. Ол былай - мұғалім жоқ жерден Қасқырбайдың Күміс деген қызына өлең шығарып, соның аяғы насырға шауып, нағашым ауылы мен Қасқырбайлар барымта да алысқан. Сол Қасқырбай мұғалімді "ол шақша бас солдаттан қашып жүр, көрсетемін" деп айтады дейтін.

Біз абыржып, сасқалақтап жатқанда, мұрттары тікірейген үсті-бастары сап сары-ала, белдеріне байлаған мылтық, қылышы бар - екі орыс кіріп кеп, біреуі нағанын суырып ап:

- Руки верх! - деді ақырып.

- Мен сізге қарсыласпаймын. Балаларды қорқытпаңыз! - деді мұғалім үрпиіп тұрған бізді көрсетіп. Мылтықпен қолын көтергені мылтығын жерге түсірді де қабына салып, мұғалімге жақындап бірдеме-бірдеме деп жақтан шапалақпен тартып кеп қалды.

- Больше-вик! - деді орыс қолын қайта алып, ақырып, жер теуіп, сол сөз, сол дауыс әлі де құлағымда тұр.

Балалар шу ете түсіп жылап қоя беріп еді, екінші орыс бәрімізді де (балаларды) үйден айдап шықты. Өзге балалар қашып үйді-үйіне кетті. Сол ауылдың қойшысының Қозыбақ деген баласымен екеуміз "не болар екен?" - деп қала бердік. Екеуміз мұғалімді аядық. Өйткені екеумізге де еңбегі көп сіңіп еді. Біраздан кейін екі орыстың арасында мұғалім далаға шықты. Жазғы киімдерін үстіне киген. Кітап салатын бір сандығы (ішінде хаттары да) бар. Үйде қалған киім салған сандығын алған. Урядниктер біздің оқитын барлық кітаптарымызды жинап құшақтап алған.

- Қош, қалқаларым! - деді мұғалім Қозыбақ екеумізді көріп. Өзге жұрт "пәледен машайық қашады" ның керін қып жолаған жоқ. Олар жүріп кетті, біз жылап қала бердік.

- Ал, мұғалімнен кейін не істедің? - дедім Мүсәпірге.

- Мен ол жылы 14-те едім. Шәкірттердің алды болған соң нағашым ауылы "балалардың тілін сындыруға осы да жарайды" деп мені бала оқытуға жалдап алды, міне саған тамық, - деді Мүсәпір күліп, нағашым үйінде тәрбием жаксы болған соң, ойын бағып еркін жүрген басым, молдалықтың ноктасына келіп килігуім қалай! Бала оқытуға кірісе бастаған соң, бұрынғыдай бетіммен жүруді тастайын дедім. Балалық базарынан айрылуға айналған соң екінші бір көңіл

жұбатқыш керек болды, ол жұбатқышты мен ойлап-ойлап бозбалашылыққа өкеп тіредім. Содан кейін ептеп қызға қырындай бастауға айналдым. Қолымда құдай берген, мұғалімнің Өрікке жазған өлендері бар. Жалғыз-ақ Өрік деген сөздің орнына хат жазған қызымның атын қойып, сол өлендерді айдай берем. Мұғалімнің өлені демекші, артынан сандығын ашып қарағанда Өрікке жазғаннан басқа да көп өлендер шықты. Мен бірақ оларына түсінгем жоқ, түстінбеген соң баға да бергем жоқ. Бертін келе байқасам сол мұғалім сол күнде большевик екен ғой, большевиктік идеясын елге таратуға неше түрлі үгіт өлендер жазған екен. Соларын құдай ұрып жоғалтып алдым. Өткен қыс сол мұғалім Қазаннан маған былай деп хат жазыпты:

Мүсәпір жолдас!

- "Бір кезде шөкіртім ең. Енді үлкен жігіт, өрі комсомол боп жүрген шығарсың, сондықтан жолдас дейін, мені ұмытқан да шығарсың, мен баяғы өзінді оқытатын Асылгерейің. Мен ол кезде социалдемократтардың большевик тілегіндегі адам едім. Мені партия ауыл арасында іс істе, үгіт жүргіз деп жіберетін еді. Мен партияның айтқанын орындауға тырысатын едім. Бірақ, тапшылық сезімі ол кезде ұйықтап жатқан қазақ еңбекшілерін оята қоярлық түк жағдай жоқ еді. Менің бар тапқан әдісім, сен сықылды нашардың балаларын тәрбиелеп кісі қылу, большевик идеясына түсіру еді. Ол тілегіме жетпей, мені пырыстоп ұстап алып кетті. Мен сол күннен февраль төңкерісіне шейін айдауды көрдім, абақтыда жаттым, таяқ та жедім. Октябрь төңкерісіндегі аттаныста пролетариатпен майданға шықтым. Осы күні Татарстан оқу комиссариатындағы пропобырдың бастығымын. Бір жағынан Татарстан раффақында политэкономиядан сабақ берем. Біздің раффакта біраз қазақ жігіттері бар еді, солардың біреуінен бір күні әлде қалай сені сұрап ем, білетін адам боп шығып, маған адресінді беріп, хал-жайыңды айтуы қалай, мұндай қуанбаспын. Тіршілігіңді естіп бір қуансам, оқығаныңа екі қуандым. Өйткені қазақ

еңбекшілеріне сен сықылды кедейден шыққан білімділер керек қой. Аз да болса сіңірген еңбегім бар еді. Қазақстанды көзіммен бір көріп қайтуға құштармын. Жалпы тіршілігін шамалы жақсы білем. Өйткені "Татарстан" басқармасына келетін, "Еңбекші қазақ" деген өлкелік газеттерінді оқимын.

Хатымның аяғында саған бір жұмыс тапсырам. Ол баяғы мені пристав әкеткенде, мен саған біраз өлең жазған тетратымды тастап кетіп едім. Қазақ тілінде жетік емеспін ғой, сонда да сол өлеңдерім, тар күнде жазылған өлеңдер болғандықтан, өзіме қымбат еді. Егерде сол аманатымды аман сақтасаң өзіме жіберші. Әзірге айтарым осы. Бұрынғы күйіңе қарағанда, мен сені енді партияға кірген шығар, жастардың белсенділерінің бірі шығар деп ойлаймын. Егер осы айтқанымдай боп шықсаң хат жазысып тұрайық.

Коммунистік сәлеммен: Асылгерей.

23/II - 1924 ж. Қазан".

- Мұғалімнің өңгімесін қой, бозбалашылығыңды сөйле! - дедім Мүсәпірді кимелеп, болшевик деген атты жақтырмайтын кескінді көрсетіп.

- Мейіз деген нағашым ауылында бір қыз бар еді, - деді Мүсәпір күліп - сол Мейізге қыңыратқуға айналдым. Ол құрғыр мені кемсіне ме? Болмаса жассына ма? - Жылы жауап бере қоймады. Бірақ кет әрі деген де жоқ. Жай селсок қалпымен жүре берді.

Бала оқытуға екінші жаз болғанда бір күні Мейіз үйіне жұмалауға тура келді, оның менен бір інісі оқитын. Көктен тілегенім, жерден табылғандай қуанып ертерек көшіп алып ем, түнде қасына баруға ретін таба алмай-ақ қойдым, ертеңіне:

- Мейіз! Сенімен ойнап-күлейін деп ем, түнде қасына барайын жатқызасың ба? - деп хат жаздым да қалай берудің ретін таба алмадым. Сол арада есіме Мейіздің кебісі түсті, ішімнен "хатты кебіске тастай берейін, далаға шыққанда көріп алар"- деп ойым осыны мақұл көрген соң, бір қаға берісте ойымдағымды орындап орныма келіп тымпиып отырдым.

Есігім қашан киеді деп, көзім жауғандап, жаным шығып, отым шыдамай отыр еді.

Мейіз, шылымдық қағазың бар ма? - деді Мейіздің Салқамбай деген ағасы даладан кіріп келіп:

Жоқ! - деді Мейіз.

Қағаздан қаңсыдым-ау! - деп Салқамбай кебіске қарай мұндай бергенде, хатымды тауып алады екен деп жүрегім жарқ ете түсті. Көзі шыққыр қайдан көргенін білмеймін, кебістегі қағазды еңкейіп алды да, шетінен жыртып жатып, қағазды оқыды:

Мынау не қағаз? - деді Салқамбай оқып болғаннан кейін Мейізге бір, маған бір адырая қарап, үйде үшеумізден басқа кісі жоқ.

- Мен білмеймін! - деді Мейіз таңданған дауыспен.

- Мынаны сен жаздың ба? - деді Салқамбай маған жақындаңқырап. Аяғына қол қоятын не әкеңнің құны бар еді. Қол қойғаным сол арада есіме түсті. Төніп келіп қалған Салқамбайдан ығыса беріп ем, шап етіп бақандай қолымен жағамнан жабыса алды.

- Ендігәрі мұндайды жазамысың?

- Жоқ, ағатай! - деппін сасқанымнан.

- Өле алмай жүріп саған қыз не керек әкеңнің ау... - деп Салқамбай тоқпақтай жұдырығын түйіп ап жақтан салып кеп жіберді. Басым зың ете түсті. Көзімнің оты жарқ ете түсті. Жағым ду ете түсті. Басымның сүйегі жарылып ұшып кеткен сықылданды. Еңіреп қоя бердім...

- Сонымен, нағашым үйінде неше жасына шейін тұрдың? - дедім Мүсәпірге, өңгіме енді тездесін деп.

- 19 жасыма дейін. 20 жасқа аяқ басқанда "у ішсең отаныңмен" дегендей, өз еліме келдім.

Мен ауылдан кеткелі сегіз жыл еді.

8 жылда ауыл өзгерген. 8 дегі қыз бой жетіп, 8 дегі ұл бозбала болған. Ауылдың малы да, жаны да, ең аяғы иті мен мысығы да өзгерген. Шапылдақтан менен кейін үш бала туған, Омардан бір бала туған, Оспан да қатын алған. Омар мен Оспан енші алып, бөлек отау болған. Әліге қалың берген, мен болса-болмаса да әкемнің қара шаңырағына келіп түстім. Киім-кешегім тәуір адам боп қайтқан соң, Шапылдақ та, ел де баяғыдай емес, жатып жастық, ұйып төсек болған боп жатыр. Үйге келе маған екі ой туды:

1-ші оқуға кету, мектеп бітіру, төре болу.

2 - катын алу, мал малдану, үй үйлену, бала сүю.

Осы екі ойдың қайсысына жеңдіруге білмей жүргенімде, бір күн Балқашқа кездестім. Балқашты бала кезімде көргенім болмаса, көптен бері көргем жоқ-ты. Соңғы кезде, бір үлкен қаладағы үлкен мектепте оқып жүр деп естігем. Әуелі тани алмағаныммен, артынан екеуіміз шүйіркелесіп кеттік. Ол маған қайда жүргенін, қайда болғанын айтты. Мен оған екі ойымды айттым. Оның маған қысқаша берген ақылы: "жақсы да жаман да оқып жатыр, білім қуған заманда тудық. Білімсіз кісі оңбайды. Ұлтқа қызмет қыту керек. Қара бастың қамын тастау керек. Қатын алу қашпайды" болды. Біраз сөз таластырғаннан кейін, мен оның сөзіне көндім. Ол жолы екеуіміз уәде қып тарасып, күз бар күшімізді жиып, оқуға аттандық. Бұл 1922-жылдың августі еді.

- Нағашымдар қызмет қылатын қаладағы техникумге түстің ғой. Ол арасын енді айтпай-ақ қой. Ал, өзің осы күнде не жайда жүрсің? - дедім Мүсәпірге.

- Не жайды айтасың?

- Мәселен... Партия, комсомолда бармысың? - дедім тұтығыңқырап, "не жәйдәсің?" дегеніммен сол сұраудың өзін ойламай беріп ем. Мүсәпір "не жәйді айтасың?" деп өзіме сұрау қойғанда сасып қап, аузыма комсомол мен партия зорға түсті.

- Комсомолда 1923-жылдан мүшемін. Партияға быттырдан бері кандидатпын.

- Шын ықыласыңмен кірдің бе? - дедім қалжыңды дауыспен.

- Е, өтірік кіре ме екен? Оны неге сұрадың? - деді Мүсәпір де "бұл не сұрауы?" - деген кісіше бетіме жалтақтап.

- Әй, - дедім Мүсәпірді иыққа қағып қалып шынын айтқанда, бұл арада коммунист жоқ қой, Жабағы секілді кісінің тәрбиесінде жүрген кісі Ақаң (Байтұрсын ұлы) айтқандай: "сырты коммунист болса да, іші коммунист бола алмайды ғой, бауырмал қазақ баласы (Молдағалидың тиірменімен айтқанда) бибауырмал бола алмайды ғой" одан да Алашорданың жастарынан коммунист партиясына қулықпен кіріп жүрген адамның біреуімін десейші. Өзгеге коммунисттің дерсің?

- Кіруінде солай кірдім ғой, деді Мүсәпір, сабырлы кескінмен. - Бірақ адам жүре-жүре, көре-көре өз басымен

өмірің, өз аузымен татып ішетін болады ғой. Рас, мен жүз коммунисттің дей алмаймын, өйткенмен, соңғы коммунист большевиктердің көп ісіне жақсы қарауға айналып кетті, "өркім қыртысына тартады" дегендей менің негізім шаршарлық көрген адам ғой. Жәбекендерге қосылмайтын өмірлерім бар...

Оны қой, большевик болсаң бол, - дедім кекетінді қауыпмен, ендігі кеңесін тыңдағым келмей "ішімнен" не большевик емес, не Алашорда емес, әрі сәріде жүрген, тиянақты пікірің жоқ бір сорлысың ғой дедім. Нақ сол арада енді кеңеспейік деп тұрған кестерлік себеп таба алмай Мүсәпірді қалай тұрғызам деп ойлағанымда желкемдеу күнмен үрленіп тұрған шашының ара-сыпанды ақтарды көрдім.

Сен нешедесің? - дедім күліп.

Оны неге сұрадың?

Жәй.

Неге жәй сұрайсың? - деді о да күліп.

Рас айтам, нешедесің?

Биыл жиырма алтыға шығам.

Е, жасыңа жетпей қартайғаның қалай?

Оны қайдан білдің?

Шашың ағарып қапты...

h-h-h-e!!!

Қатынды қашан аласың, - дедім қалжыңды даусымды үлесте түсіп.

- Сен күлесің ғой, күлгеніңмен қатын алу деген әңгіме қазіргі күнде менің үлкен ойымның біреуі, - деді Мүсәпір. "Біреуі" деген сөзге шейін күліп сөйлеп, "біреуі" ні айтқанда күлкісін тыя қойып, сен күлесің де 26 жас аз жас емес. Онерлі елдің 26 жастағылары университет бітіріп, профессордың кафедрасын занимать етуге жақындап жүреді. Қатын алады, бала сүйеді. Қазіргі дәуірдегі адамды алып қарасаң, ең көп болса 60 жасқа барады. Менімен бірге оқитын, философ болғысы кеп жүрген бір студент биыл маған ойға қалдыратын мынадай бір интересный сөз айтты "бұрынғы кездегі адамның жасы 100 болады екен. Олар 25-ке шейін өсу дәуірі, 50-ге шейін толығу дәуірі, 75-ке шейін тоқырау дәуірі, 100-ге шейін құлдырау дәуірі дейді екен. Егер қазіргі жасайтын адамды 60 жасқа барады десек, сонда оны төртке бөлгенде былай келеді: 15-ке шейін өсу, 30-ға шейін толығу, 45-ке шейін тоқырау, 60-қа шейін құлдырау. Осы 60-

тан өсу дәуіріндегі 15 жылды алып тастасақ, адамның ақыл иесімін деген өміріне 45 жыл қалады. Күніне 8 сағат ұйқы ұйықтаймыз деп шамалағанда, 45-тің 15 жасы ұйқыға және күніне сегіз сағат қызметті алсаң, 15 жас қызметке кетеді. Сонда 60 жасымыздың біздің өмірімізде бос жүру үшін қалатыны (ақылды өмірді айтам) 15 ақ жыл. Мен өзім сол студенттің осы мнениесіне - деді Мүсәпір осы арада орысша сөзді құйылта қосып - қосылам, бұл факті элузия емес. Бұрынғылар көп жасайды, дұрыс. Оған основанием: біздің ауылда 103-ке келіп отырған Кәрібай деген шал бар. Кәрібай 70 жасында "несебім көпіреді, бойымда бір перзент бар, деп балаларына қатын әпер деп әлек салған. Мазалары кеткен соң балалары 45-тегі бір жесір әйелді қосқан. Сол қатыннан бір ұл туып, атын Жетпіс қойған. Ұлы әлі де тірі, аумаған Кәрібай сықылды, сол Кәрібай 90 жасына шейін атқа өзі ырғып мініп жүрді. Көзі күні бүтінге шейін қиядағыны көреді. Әлі күнге шейін үйінде: ожау, қасық сияқты нәрселерді істеп отырады. Сақал, шашы түгел ағарып болған жоқ. Осы күнгі жастарды алсақ, бәрі де тез қартайды деді Мүсәпір "менен басқа да шашы ағарған жастар бар" дегендей көтеріліңкіреп соның біреуі мен. 26 жаста шаш ағарды деген сұмдық емес пе? Дәрігерлер - "шаштың түбінде бояу болады. Сол бояу таусылса ағарады" - дейді, сол бояу бар болған күнде де, Кәрібайлардың тұсындағы адамдардың басынан неге тез кетпейді? Біздің басымыздан неге тез кетеді? 26 жасқа келдім. Сол жаста не бітірдім? Мектепті бітіруге әлі 2-3 жыл бар. Онда 30 дан әрі шығып кетем.

- Сен өзің қалай уайымшыл адамсың? - дедім Мүсәпір, қара қанды жаудырып пессимизмды соғып бара жатқан соң, бұрынғылар деп отырғандарыңда, жасында өлгендері жоқ па екен?

- Жоқ, сырағысын айтам...

- Сырағы-мырағынды таста. Өзің қатынды қашан аласың? - дедім тағы да қалжыңдап.

Мүсәпір екеуіміздің кеңесіміздің нақ сол арасына келгенде, Қызбелдің ауыл жақ бетінен бір мақпал қара бұйра бұлт шығып, сол жаққа жел де бұрылып, күн жауатын белгісін бере бастады.

- Кеңестен жалықтың да білем. Енді менің кеңесім бітті, қатынды жолшыбай сөйлесерміз. Күн де кешкіріп қалыпты ғой күн жауар, үйге қайталық, - деді Мүсәпір түрегеліп,

беттегіне жабыскан шөптің қоқымдарын қағып.

Қатынды қаладан аласың ба, даладан аласың ба? Орыс-
тан аласың ба? Ноғайдан аласың ба; яки қазақтан ба? -
деді Мүсәпірге ауылға қарай беттегеннен кейін.

Орыс пен ноғайды алмаймын. Қалада қазақтың оқыған
екеміз аз. Елден алам ба деймін. Қайдан білейін, қалай реті
төлетінін.

Елде көздеген қызың бар ма еді?

Бар болса қайтейін деп ең?

Вот, тебе, здравствуй, жай сұраймын.

Сенің қолыңнан келетін жер болса, сен қолғабыс қылар
мысың?

- Айтып көр.

- Сенің бір қарындасыңды көрдім.

- Қай қарындас?

- Бірақ ол қыздың басы байлаулы.

- Біреуге атастырғанын айтасың ба. Өзің қыздың жөнін
айтшы, ар жағы оңай...

- Айтсам, ол Токбақбайдың қызы Бөтес.

- Ол қыздың басы байлаулы дедім жұлып алғандай.

- Жаңа "басы байлаулысы оңай" деп едің ғой, - деді
Мүсәпір күліп.

- Оның күйеуі кім деп ойлайсың? - дедім Мүсәпірге.

- Кім еді?!

- Мына менмін!!!!... - деп Мүсәпірді қолтықтап келе жат-
қан оң қолымды қолтығынан суырып алып, өршелене-өрше-
лене өз кеудемді өзім үш түйдім. Мүсәпір мен қолымды
жұлып ап, жұдырығымды түйе бастағанда "мені қойып қала-
ды екен" деген кісіше, көзі адырайып шегіне беріп еді арты-
нан:

- Сен болсаң... Қойнынан төгілсе, қойшыға деп күлді.

- Мен Бөтеске күйеу болуға, ол маған қатын болуға жа-
рай ма, - дедім Мүсәпірге.

- Әрине жарайды, - деді Мүсәпір, катадан аузынан шы-
ғып кетті, "кеше көр" - деп жалынған кескінмен.

Кеңесіміздің нақ осы арасына келгенде, көктен жерге
көсілте құрған өрмектің жібіндей тармаланып, суылдап жаң-
быр да келіп қалды. Күн жарқылдап, нажағай ойнады.
Мүсәпір екеуміз кеңесті сонымен доғарып, балақты түре
үйге жүгірдік...

Ертеңіне мен Мүсәпірге Бәтеспен қалай жақындасқанымды және оны алуға ойым барын айттым. Мүсәпір онымды мақұлдады. Үш күннен кейін, ол өз еліне жүріп кетті. Мен әкеме Мүсәпірге жылқының бір жақсы дөненін бергіздім. 25/26-жылдың қысында екеуіміз үзбей хат жазысып тұрдық. 26-жылдың жазында ол тағы біздің елге келіп, ай жарымдай ауылдың ересектерін оқытып біздікінде жатты.

Өткен қыс менімен тағы хат жазысып, менің осы қалаға оқуға келуіме себеп болды. Әуелі менсінбеуім рас еді, артынан денем үйреніп жақын боп кеттім. Менің Мүсәпірді ұнатпайтын екі нәрсем болды:

I. Ол қанша айтқанмен, өзі айтқандай тәрбиесіне тартып, бір бүйірі большевикке бұрып тұрады.

II. Орысша айтқанда онда күшті "воля" жоқ. Ол осы күнгі гипнатизм ғылымының ойыншығы болуға дәл келетін адам. Былтыр "жоқтарсың, жұқтарсың, жұқлағанда саның кузің атшылмас!" - деп гипнаторлық қып жүрген бір ноғай келгенде, Мүсәпір екеуіміз "ұйықтаймыз" деп барып, Мүсәпір ұйықтап қалды да, мен ұйықтағам жоқ. Сол өз еркін өзі толық билей алмайтындықтан, ол кісіге тура қарап жүздесе алмайды. Өз айтқанында беріспей отыра алмайды. Менімен бірге жүргенде кейде мен әдейі сынауға кескініне қарап ыржисам, күлуге себебі болмаса да, менің мысым жеңіп о да күлетін, мен жүзімді суыта қойсам, суға тамызған сиядай, оның да суықтық белгісі күлкісімен араласа қоятын. Қысқасы ол ерік жағына келгенде, еркі күшті кісіге кездесе, бұйдалаған түйедей не дегенін істеп ұшып отыратын. Кейде бұл кемшілігін өзі де мойнына алып "мен жалтақпын, ұялшақпын. Ол мінез, менің психологияма жетімдіктің басып кеткен таңбасы, соны денемнен әлі шығара алмай жүрмін" - дейтін.

Мүсәпірмен қалай танысқанымды, қалай жақын болғанымды айтам деп, оқушыға өңгімені тұмандатып жібердім білем. Мүсәпірдің маған алғашқы жазған хатынан бастап, соңғы кездеріндегі хаттарына шейінгі, кешегі қонақта Бәтесті сол Мүсәпір алды дегенге шейінгі ойлардың бәрін төсектен оянған қалпымнан қозғалмастан, өз басымда суреттеп шықтым. Төсектен басымды көтердім, киімдерімді киіндім, беті-қолымды жуындым. Ойымда әлі Дударбайдың сөзі. Ешкімге хат жазып өңгіменің анығын білудің ретін таба алмадым. Түлкібайдан барып сұрауға ұялдым.

"Ботес мені қиып басқаға шықпас, Жабағы қиып шығармас, Мүсәпір қиып алмас. Егер де қиса, не мен тірі болмаспын. Не олар тірі болмас! Әй, қимас, не ғып шығып екен, қалай қиды екен?.. Қимас, қимас, қимас!!!!...
...сенім дауысымды шығарып, үйде ерсілі-қарсылы адым-адым жүріп.

III. КҮДІКТІ ХАТТАР

Пәтерге тұрған үйім, өз үйімдей боп кеткен бір жақсы үйдің іші еді. Сұраған деген жалғыз баласы бар. Сұраған оған қарайды, бірақ әрі пысық, әрі дүниенің бәрін білетін ақылды. Мен оны жақсы көремін. Ылғи сабақтарын үйретіп, кенде ойыншықтар әкеп беремін. Орнымнан тұрып жуынғаннан кейін сол Сұрағанды шақырып алдым да:

- Қалқам, маған жарты бөтелке Горький мен екі селетке оқеле қойшы, мына дүкеннен - деп бір сом ақша бердім, пахмел жасамасам басым жазылмайтынын көріп.

Сұраған араққа кеткенде, үйдің иесі Салиха жеңгей келіп маңдайыңа не қылған деп сұрап еді, "жығылып ем" дей салдым. Жеңгей зұлымдау кісі еді, мас болғанымды сезгендей болды да, үндемей шығып кетті.

- Мүмкін бе? - деді біреу есікті тақылдатып, орысшалап, Горькиді жаңа ашып стаканға құйып, бутулканы тығындап жатқанымда:

- Кіріңіз! - дедім мен де орысшалап, арағымды тыға қойып.

Есікті ашып почтальон кіріп келді де:

- Бүркіт Әбіл ұлы сіз боласыз ба? - деді.

- Менмін.

- Сізге екі заказной хат бар, сенім қағаздарыңызды көрсетіңіз.

Сенім қағазымды көрсетіп, хатты қолыма алып, почтальонды шығарып, есікті жауып, арақ пен хаттың қайсысын бұрын разы қылайын деген оймен отыра беріп ем, тағы есігім тақылдады.

- Кіріңіз, - дедім ашулы дауыспен. Түлкібай екен, қатты айтқанға ұялып қалдым.

- Шырағым, жаңа тұрып жатырсың ба? Қалай көп ұйықтағансың. Сағат қазір 12-ге 8-ақ минут қалды ғой, - деді Түлкібай, имиген мұрнынан көзілдірігін алып, орамалымен

сүртіп жатып, бір жағынан сол жақ білегіндегі сағатына қарап.

- Отырыңыз! - дедім арақтан алысырақ бір стулды көрсетіп.

- Қазір кетем, шырағым, - деп Түлкібай орындыққа отыра беріп, томпайған жуан сары портфелінен кетпектей бір конвертті алып шықты да - шырағым! - деді.

- Ә, - дедім.

- Мынау хатты саған нағашың жіберген екен. Бір сенімді адамнан мен арқылы саған тапсыруды айтқан екен, бала-шағадан беріп жіберсем орындай алмас деп, өзім лекциямды тастап әдейі әкелдім. Маған да хат жазған екен. Сондықтан, саған жазған хатты ашпасам да, не жазғаны мәлім...

- Бала емессің, - деді Түлкібай, аз кідіргеннен кейін күрсініп, - хатты ашып оқып не сөз жазылса да, салмақпен балалыққа, жастықтың қызуына түспе. Жабағы мен біздің "келешек" дегендегі сенетініміз сендерсіңдер. Ал, қош, шырағым, мен кеттім - деп Түлкібай орнынан түрегелді. Бір салмақты іс барын сезген соң, мен де "отырыңыз" деген медіресін сөзді айтқам жоқ. Түлкібай кеткеннен кейін, не болса да болған шығар деп, әуелі басымды жазуға пахмелімді жұтып, балығымды жеп алдым да, хаттарды қолыма ұстадым. Неге екенін өзім де білмеймін, хатты қайта ала бергенде қолым дірілдеп, жүрегім су-су етті.

IV. ҮЗІЛГЕН ҚЫЛ

Ауылдың қазақы хатқа не жазатыны өзіме мәлім. Онда "пәленнен сәлем, түгеннен сәлем" деген сықылды толған сәлемнен басқа не айтады дейсің. Сондықтан әкемнің хатын алдымен ашқам жоқ, Жабағының хатына қолым бір барып қалды да, өзінен өзі шегінді. Түлкібайдың сөзінен бе, өзімнің ширығып отырғанымнан ба? - әйтеуір, ол хатқа батылым бармады. Маған ең зәбірсізі, ең оңай көрген, ішінен көңіл ашар сөз елестеген хат Еркіндікі, өйткені ол шіркінді мен талай ренжіткенмен, обалы не керек, ол мені ренжіткен емес. Ойым осыған тоқырағасын, желіммен жапсырудың орнына жүн жіппен тіккен газеттен істеген кірлі конвертті бәкімен сөгіп, хатты оқи бастадым. Майдаламай турасын айтқанда жақсылық күткен хатым, жүрегіме жайдың оғындай тиді. Бір-екі бетін оқығасын, әлде неше рет жыртып

пастауға оңтайландым. Бірақ өзіме өзім тоқтау салып, зорға істенде аяқтадым. Сол хат мынау:

Бүркіт!

Бұл хатты саған жазған себебім, сен бүгін, не себеп екенін білмеймін, түсіме кірдің. "Адам өзгереді" дейтін еді Ескене деген кісі. Түсіме кіргенге сен ойларсың мені сағынған екен деп, олай емес. Мен өзгердім. Саған әдейі осы өзгергенімді жазғалы отырмын. Не күлерсің, не қайғырарсың. Ерік өзінде.

Өзіңе мәлім, баяғы "құлқуалла" қайырғаным болмаса мен өліпті таяқ деп білмейтін едім ғой. Өткен жылы ауылдағы мұғалім мені:

- Оқытайын, - деп өуреледі.

- Оқыт, - дедім ойнап.

Ойын шынға айналады деген үш ұйықтасам ойымда жоқ. Қызықты қара сен, жұмыстан қолым босағанда, ермек қылып, оқыған балалардың арасында қисайып жатып қарап жүр ем, ептеп жазып та көріп ем, бірер ай өткесін өзіме өзім қарасам, кәдімгі кітап, газет оқитын кісі боп қаппын. Міне, қызық!

Оқу деген терең өзен сықылды екен. Егер жиегіне аяқ бассан, тереңіне тартады екен. Тартқаны емей немене, біраздан соң кітап оқығыш боп кеттім.

Кітап адамның күні сықылды екен, ол көзің түгіл көкірегіңді ашады екен. Менің мінезім өзіңе мәлім. Мен қалжыңбас адаммын. Оған мені үйреткен - сен. Сондықтан, кейбір қызметкер "Совет үкіметі былай, байлар былай" деп бірдемелерді сөйлеп жатқанда "осы не сандалып тұр" дейтін ем ішімнен, ананың сөзін тындамай.

Сол тындамайтын сөзді маған кітап тындаты. Мен әуелгі кезде өлең-әңгімелерді көп оқитын ем. Мұғалім сонымды көргесін:

- Сен өлең атаулыны оқи берме. Мағжан, Мыржақып, Жүсіпбек дегендер Советке, кедейге дұшпан, сен Сәкен, Бейімбет, Қалмақан сықылды кедей ақындарын оқы, - деді.

- Кім кедейшіл, кім байшыл екенін мен қалай айырам, - дедім мұғалімге.

- Олай болса - деді ол - сен саяси сауатыңды аш!

- Оның не?

- Ол мынау, - деп маған **"Саяси сауат"** деген кітапты ұсынды

Кітапты оқыдым. Қарасын еркін жүргізем. Түсінбеген жерін мұғалімнен сұраймын. Сонымен не керек, бай, кедей кім екенін өзіміз біліп қалыппыз.

- Енді мынаны оқы, - деді мұғалім бір күні Ярославский деген кісінің **"Партия тарихы"** деген кітабын беріп.

"Есітпеген елде көп" деген рас екен. Коммунист дегендер кім екенін өзімізге **"Партия тарихы"** айтып берді.

Сонымен, саған жазатын бір жаңалығым, мен қазір коммунистпін.

Ендігі әңгіменің беті ашық қой деймін. Сен оны білмейтін жігіт емессің, олай болса біздің арамыздағы достықтың да беті ашылды. Бала жасымыздан арамызда созылып жүретін бір нашар қыл бар еді, ол меніңше үзілді ғой деймін. Бұл хат саған алғашқы да хатым, соңғы да хатым.

Хаттың сөзі жатық болғанмен, сен біреу жазып берген екен деп ойлама. Өзге кемдігім бар шығар, бірақ мен өтірік айтпайтынымды өзің білесің. Хат нақ мына менікі.

Айта берсең жазушы болуға дәмем бар. Бейімбет ағай бар **"Жолдан"** - деп жүрген жүрісін әңгіме қылып газетке басады ғой. Мен де бір шыққан сапарымды суреттеп, хатымды аяқтайын, ол мынау:

"Көз көруге тоймайды" деген сөздің өзі тегі байыбына бармай айта салған бір сөз-ау деймін. Кеше коллективтің салған 40 десятина егінін көруге барып едім: басы баланың жұдырығындай боп, толығып піскен бидайлар белін бүгіп төжім ғып бізді қарсы алды. Жанымда ала бай-

талының үстіне шекпенін тастай беріп, жайдақ мінген Шоқпыт бар еді. Коллективке жаңада кірген адам болғандығымнан маған салған егінін көрсетуге келген.

Бидай, сұлысы аралас егілген 40 десятина жердің өзі жалпақ дүниенің жартысын алып жатпай ма, өмірімде өзімдікі, өзіме ортақ дейтін дені дұрыс бір ширек егін көрмеген басым, байталын тебініп қап:

- Осы бәрімізге бірдей мүлік деп, Шоқпыт қатарласа бергенде:

- Апырай рас айта ма, деген кісіше 40 десяти- наны өзіме ортақ болуға көпсінген адамдай, атым- ның басын тежеп алып, егінді айнала көзіммен шолып өттім. Астымда құла қасқа құнаным бар еді. Жаздай жүрісті көп көргендіктен тыртыйған арық еді. Бұрын Әбіл үйінің егінінің басына бар- ғанда атыма егінінен бір жұлдырсам да пайда көретін ем. Бұл жолы олай емес, құнаным ашқ- арактанып, ауыздықты сүзе егінге әлденеге ұмты- лып еді, жұлдыруға көзім қия ма? Басын тежек- теп тарта бердім.

Егінді анталап оралған кезде, егіннің күн шығыс жақ бетіндегі бір сайға кездестік. Жүндес қойдың жабағысындай, ұйысып, ұйысып қалың боп өсіп, бір-бірін құшақтап жатқан сайға шы- тырман жоңышқа өскен екен. Піскен шөптің иісі қандай жұпар болады, аттың аяғына оралып, есіліп жатқан қалың жоңышқаға түсіп кеткенімізде, мұрнымызды саңғыратып жіберді.

- "Демін адам неге сыртқа шығаратын болды екен!" - деп ыза болған адамдай, жұтқан ауаны дем алмас- тан жұта бергім келді. Ол дегенім болмағанмен, жай- шылықтай емес, демімді сыртыма сирек шығардым, ішіме жиі жұттым.

Шоқпыт ала байталымен алдыма таман түсе беріп еді, "мынау қып-қызыл шапқы ғой" деп жоңышқаны аяған адамдай, Шоқпыттың аты- ның ізіне көзімді салып ем, жапырақтардың ара- сынан қып-қызыл гауһар тастай мөлдіреп, жи- дектер, ұшыраса кетті. Өтірік айтқан кісіге бір-

біреуі шағаланың жұмыртқасындай бар дерлік; күн тиген беті қызарып, көлеңке жағы бозарып, быртыып тұрған жидектерді көргенде шыдай алмай, аттан домалай түсе қап, жұлып-жұлып ап, асап жібердім. Шоқпыт менің жидек теруге түскенімді сезбей арқан бойы кетіп қалды да, бірдеме айтқысы келді ме, немене, артына жалт қарап, мені көре сала:

- "Жидекке қызықтың ба? Бұл осындай жер" - деп күліп, бұрылып қайтып келді.

- Осы жердің өзі жер-ақ екен! - дедім Шоқпытқа, жидекті аузыма жылдамдата салып.

- Е, шырақ, бұл жер, жер болмаса байлар мұны жеті атасынан бері мекендеп, бауырына баса ма? Мынау жер бөлісі шыққаннан кейін мына дөңге егін егіп, мына сайға ат оттатып отырған жоқпыз ба? Заманы өзінде болса, Мақамбет іен Әбілдер бұл жердің өзі түгіл көзін де көрсетпес еді.

- Атты оттатып алсақ қайтеді, байталмен бүгін таңертең сиыр қайтарып, күні бойы аш еді. Біраз қаужалап алғаннан кейін үйге тартамыз, - деді Шоқпыт та жидек жегісі келген кісіше.

- Жарайды.

- Екеуміз жидекті біраз теріп жегеннен кейін, Шоқпыт "Мен енді болдым. Мұның жидегін адам жеп тауыса алмас" - деп жамбасынан қисайып жата кетті де, қамзолының оң жақ қалтасын алақанымен салып қалып күлді.

- Неге күлдің?

- Осы комсомолдардың өзі қызық.

- Е, олар не қылды?

- Олардың әлгі бір "аттаныс" дегендері бар ғой. "Алдымен сендерді қолға аламыз" деп болыстық жастар комитетінен анау күні екі комсомол келді де, насыбай, шылым, карта үшеуін тастауға ауымыздан антымызды алды. Осы насыбайы құрғырды сұмдық жиі ататын ем, жарты сағат насыбайсыз отырсам, бірдеме жоғалған адамдай алаңдай беретін ем, өдет деген нәрсенің өзі жаман ғой. Насыбайды тастамаймын деуге

ұялып, комсомолдарға уәде бердім. Тастағаннан кейін бір жұмаға шейін өдеттене алмадым, бірақ уәде қиын, шыдадым. Жаңағы қалтамды қағып қалғаным, сол ескі дағдыны өлі ұмытпағаным ғой, ылғи өстіп артынан есіме түседі.

- Көне, Шоқа, енді аттанбаймыз ба, күн де бұлттанып келеді, ендігі кеңесті ат үстінде кеңесейік, - дедім орнымнан түрегеле беріп, Шоқана.

- Әйтсек өйтейік.

Жібектей ширатылған май жоңышқаны ұрттарына толтыра шайнап, көнігі боп жатқан аттарымызды ұстадық та, ауыздығын салып міндік.

- Қай жақпен қайтамыз? - дедім Шоқпытқа.

- Егін арасымен жүретін жолмен.

- Егіннен шығып болғанша, Шоқпыт маған манағы мәдени майданның коллективке қандай пайда келтіргенін сөйледі. Менің құлағым сөзде, көзім егінде болды. Өмірінде "мен де осыған ортақпын" деген көп мүлікті көргенім сол болғандықтан, егін менің көзімді тойдырды.

- Мінекей бала, - деді Шоқпыт егіннен шыққаннан кейін маған қарап, - кедей боп бас қосып бір көрейік, мынау кедейге жоқшымын деп жүрген Қадырлар айтып жүр ғой дегенімде, "жалғызілікті едім, анау ем, мынау ем - деп болмайтын ең. Өмірінде үйіңе бір қап ұн кірмейтін еді, міне енді көрдің бе, бір қап түгіл он қап кіргелі тұрғанын.

Мен басымды изегеннен басқа жауап қатқам жоқ. Не дейін, расын айтқасын.

- Әй, - деді Шоқпыт масаттанғандай, денесін көтеріп сөйлеп, - маған расыңды айтшы, көнбей келіп, осы коллективке қалай тез келе қойдың?

- Екі себебім болды, - дедім жасырғым келмей, - біреуі, расын айтқанда күн көре алмайтын болдым. Екінші, Әбілдің тізесі өтіп кетті.

- Әбілдің не тізе қылғанын сен маған осы оңашада бір толық айтшы! - деймін, сол күні болған бораннан үйілген бір қар бар еді. Сыртқы шапанын лақтырып жіберіп, әкем қарға жоқ

болды. Күйді ме, күймеді ме, ол арада ешкім сұраған жоқ. Әбілдің үйі қора-қопсыдан аулақ еді, сондықтан аман қалды. Жоғарғы аталғандар болмаса, өзге малдары аман қалды. Жазғы үйі де күйген жоқ. Ал, қора-қопсы, шөп, сайман, тағы сондайлар түгел кетті. Әкемнің бір қолы түгелімен, бір қолының басы, белдемесі, бір аяғы және басы күйгенін әбден өрт басылғаннан кейін білдік. Сол күйіктен жыл жарым төсек тартып жатып, әрең жазылды. Бірақ еңбекке жарамайтын боп сауықты.

- Жар-ра-айды... Кеңестің молы сенде екен ғой. Ал, болса, болмаса да, өкең шала жансар болғансын, сен Әбілге малшы, жалшы боласың ғой. Сол Әбілден қалай айрылды?

- Оның Бүркіт деген баласына етімнің тіршілігімен, серік болғанымды білетін, бірақ қолым жазы, қысы Әбілдің шаруашылығында. Бір босамағаны және өзіңе аян. Сол еңбегімді бағаламай жақын арада ол маған мынадай зорлықтар істеді ғой.

1) Өткен қыс, шарбағымды бұзды деп, өкешеше сойып берейін деп отырған жалғыз тайыншама Әбіл айыр тығып өлтірді.

2) Итің делбемді (божымды) жеді деп ұн, шай қылайын деп отырған екі делбемді өз қолымен тартып өкетті.

3) Сеператорына 10 сом ақша беріп, былтыр жаз қосылып ем, соның өздері жоғалтқан резеңкесін апамнан көріп, әрі машинадан қуып, әрі он соымды бермеді.

4) "Секіртпе" сінің кезінде, әкеме дүкеннен бір көйлек әперіп ем, соны бір жұмада тауып берейін дегеніме қарамай жалғыз өгіз қылайын деп отырған құнанымды қорамнан қолымен өкетті.

5) Мен ер жетіп, оразамызды өзіміз ашатын болған соң, мен олардың құлдығына үнемі көнс бермейтін болған соң, өмірі есігінде жүрген әкем мен шеше, жұртқа беретін саумалын да бермей, үйлерінен аластап қуып шығатын болды.

Не керек, әбден тізесі батты.

- Бүркітпен қалайсың қазір?

- Бай иттің қайсысына бұрын қарсы шықтық. Мырзаға әкесінің талай қиянатын айтқанымда, дос боп жүріп, бір қой демейтін еді. Елеусіздің жалғыз байталын айыпқа алғаннан кейін оған көңілім қайтты. Жақын арада волком арқылы өзін комсомолдан да, мектептен де шығартуды сұрап, мектебіне айтып хат жаздым. Енді мен онан мәңгі айрылдым.

- Жар-ра-ай-де-е-е!

Екеуміз кеңесті осы арада доғарып, шоқыта жөнелдік.

Еркін.

26-XI-27 ж.

V. ӘЛСІРЕГЕН ӘКЕ

"Ішің күйсе түз жала" дейтін ек бала жасымызда біреуді күйіндіргіміз келсе. Сол қарғысты маған біреу арнап айтқандай, Еркіннің хатын оқып шыққасын, ішім алау-жалау ортөніп жүре берді.

"Күйінген кісі арақшыл болады" - деп еді маған біреу. Оның талайын өз көзіммен көргем. Солардың кебін мен де кідім. Ендігі маған салмақсыз хат өкемдікі көрінгенмен, жақсылық күткен Еркіннің хаты анадай боп шыққасын, өкемнің хатын ашуға да қарап тұрып сескенгенім.

Сол арада Мағжанның "Қорқыттың көрі" деген поэмасы есіме түсе қалуы бар емес пе. Мен оны жаттап алған ем. Мен емес, Түлкібай жаттатқан еді.

"Сәкен, Сәбит сықылды - дейтін еді ол - қызыл езулерді оқып керегі жоқ. Көркемдік Мағжан өлеңінде ғана!"

"Қорқыттың көрі" есіме түсуі мұң екен, көзіме айнала көр елестеді:

"Әкел бері арақты,

Котерейін қоңілді!" -

деген Сұлтанмахмұттың өлеңі аузыма келе қалып, кровать астына тыққан бутулканы суырып алдым да, өзіме өзім,

"Әкел бері арақты,
Көтерейін көңілді!"

деп, әлде неше рет айттым. Бір қолымда хат пен стақан, бір қолымда арақ. Дауысым қаттырақ шығып кетсе керек:

- Бірдеме керек дедің бе, шырағым! - деп есікті пәтер үйімнің әйелі ашты да, ұялды ма, әлде менің үндемей суық қарағанымнан сескенді ме, - есікті тез жаба қойды.

Бутулқаға қарасам ортадан жоғары екен. Стақанды столға қойдым да, маскүнем Ғиззат ноғайша, бутулканың аузын аузыма сұғып жіберіп, арақты қылқылдатып жұттым келіп. Ол неме жабайы компанияда ішкенде, өзекті өртеп кететін секілді еді, бұл жолы көдімгі тұщы су сықылданды.

Әкемнің хатын, арақтан кейін аштым да, бір аяғымды орындықтың үстіне басып, тік түрегеп тұрып оқып шықтым.

Бүркітжан!

Елден кеткеніңнен бері, - деп бастапты әкем хатын, - менің хат салмағанымға сен өкпелеп жүрген шығарсың. Мені күдер үзді деп жүрген шығарсың. "Құс баласы үшін торға түседі". "Қарға баласын аппағым" дейді, "кірпі баласын жұмсағым" дейді. Әркімге де іштен шыққан бала сондай. Сондықтан, сенен неге күдер үзейін.

Саған хат жазбағаным "құлан басына күн туса, құдығына қарамас-тың" кегі боп жатыр. Сентябрьдің төрті күні болыстық милиция үйден қаланың абақтысына жөнелтіп еді, сол жатқаннан ноябрыға шейін жатып, ноябрыдің 12 күні сот болды да, онаша қатаң ұстаумен 5 жыл жазаға кесті. Ал, Қошқарбай бір жағы шаруаға айналып, бір жағы менің ісімді қуып қолы тимеді.

Өңгіме былай: биылғы сенің атыңның құйрық жалы күзелген ретінде, мен Елеусізден бір байтал, бір бұзаулы сиыр, 15 сом ақша, бір күміс белбеу, бір шапан алдым ғой. Елеусіз біздің Еркіннің бөлесі де. Сен жүріп кеткеннен кейін Еркін маған келді де:

"Елеусізде жазық жоқ. Атыңды күзеген Жұман мен Бектас. Мынау нашар адамның қорек қылып мініп отырған жалғыз байталы мен таңдайына

тартып отырған екі сиырының біреуін алмай қайтар, құдайдан қорық. Жазасы жоқ" - деді.

- Мен "қайтармаймын" дедім. Сол арада жан-жал шығып, Еркінді ұрайын деп, қол көтеріп ем:

- "Заманың өткен, қолыңды көтеріп бақ!" - деп мықтылық айтуы қалай; күйіп кеттім де, "Сібір өтіп кетсем де" деп үстіне міне түстім.

Еркін де менің жағамнан алды. Сол арада Қошқарбай келіп қалып, от басындағы темір көсеумен Еркінді періп жіберіп еді, басынан қан бүрқ ете түсті. Еркін сонан кейін болысқа шауып кетті. Мен ол кеткеннен кейін ауылнайдың хатшысына бір түлкі беріп, "Еркінді кебежедегі сүрімді ұрлап жатқан жерден ұстап алдым" қылып, хатшыны және ауылнайдың бір мүшесін "көрді" қылып, акті жасатып, мөр бастырып, сол актымен Қошқарбайды Еркіннің артын ала болысқа шаптырдым. Шамаң келсе бұрын жет деп, астына сары бауырды мінгіздім. Болыс Қошқарбайдың қағазын алып қайтарып жіберіпті. Еркін сол кеткеннен елге қайтқан жоқ. Бір жұмадан кейін шабындық жерді бөлу науқаны басталды. Мен алдын алып, Еркіннен өзге ауылдың кедейлерін өз дегеніме көндіріп қойдым. Ауылнайдан жердің есебін ала келген адамдардан Сары өлең, Кең шалғын, Жоңышқалы сықылды жерлерді қағазға түсірмей алып қалдым.

Ауылнай адамдары жерді есепке алғаннан үш күн соң уезден шыққан Мұрат дейтін жігіт пен Еркін келді. Бір сұмдықтың болғанын білдім. Бір қаға берісте Еркінді: "ағайын ащы, мал тұщы; бас жарылса бөрік ішінде. Бір атаның ұлы едік, сені өзімсініп сабап ем, енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Өзара келісерміз" - деп айналдырып көріп ем, Еркін жауап бермеді. Артынан жиылыс болғанда мені "байсың" деп айдап шықты. Мұрат бөліс науқаны неге болғаны туралы сөз сөйледі. Біліп қойғандай-ақ: "байлар сендерді алдайды. Жерлерін сендерге жасыртады, үкімет байға құйыршық болды деп, кедейліктеріңе кара-

май өздерінді жазаға тартады" - деген сөзді айтты. Өзгелеріне сенбесем де Мешкейбай мен Сатылғанға сенем. Сол екеуін мықтап қойғам.

Мұраттың сөзінен кейін есепке алған жердің тізімі оқылды. Еркін оқып тұрғанда үндемей күліп тұр еді, оқылып болғаннан кейін "мынадай жер жоқ" - деп тыққан жерлерді айтып берді.

- Ол жерде шөп бар ма, ала жаздай малдың топыр қылған жері емес пе, - деп еді Ешкібай таласып.

- Мен сенімен таласпаймын. Кімдікі өтірік, кімдікі шын екенін мына Мұрат көреді. Жерді сырттан бөлмейді. Көзімен көріп бөледі. Сонда не бетінді айтасың. Сен Әбілге менен жақын емессің. Кедей басыңмен байдың сөзін неге сөйлейсің, ұят емес пе? - деді Еркін.

- Төре, бұл өзі осындай бұзық жігіт! - деп Сатылған Мұратқа Еркінді жамандап келе жатыр еді, Еркін тағы киіп өкетіп:

- Сен неге құйыршықтанасың; қолыңда дүкен тұрғанда - Әбіл бір ширек алған шайың үшін жалғыз құнан өгізінді тартып алған жоқ па еді, жалғыз ешкінің егіз лағының біреуін Қошқарбай пішеншілеріне ұрлап сойып беріп, артынан өзің сезіп сұрай барғаныңда, әкесі мен баласы жабылып өзіңді көк ала қойдай қылған жоқ па еді.

- Кедейдің бәрін бірдей көрмейсіздер ме. Сүрімді ұрлап, қолға түспей қашып кеткен қарақшыға сенеміз бе? Болмаса мына момын кедейлерге сенеміз бе? Осы күні үкіметке қарсы келетін жан бар ма? Жерді не деп тығамыз? - дедім анадайдан дауыстап Мұратқа.

- Сіз үндемеңіз, қақыңыз жоқ, - деді Мұрат.

- Ол кісі рас айтады. Егер бізге сенбей, ұрыға сенсеңіз, біз онда үйге қайтайық, - деді Сатылған.

Сол арада көп жанжал болды. Сөйлеме дегеніне болмай, қосарланып, Сатылғандардың аузына сөз салдым: Мешкейбай мен Еркін жұдырық салысып та қалды. Сонымен Мұрат маған

"жер жұмысына қарсылық қылып, кедейлердің арасына іріткі салдың!" - деп, табан аузында мені милициямен болысқа жөнелтті. Болысқа барғаннан кейін қолымнан "ешқайда кетпе, жер жұмысына араласпа" деп патпеске алды да қоя берді.

Үйге келсем, тыққан жерлердің де, тықпаған жерлердің де, бар оңдыларын кедейлерге беріп, бізді алысқа тақырға айдап тастапты. Ешкібай мен Сатылғандар да азғырылып қап, Мұрат Сатылған мен Еркінді жерді бөлгендей қып пайдалану жұмысын бақылауға қойыпты.

Сентябрьдің 4-күні болыстық милиция абақтыға әкетіп, 12 ноябрь күні сот болды дедім ғой.

Сот құрылған күні, жан-жағыма қарасам қаптаған біздің елдің кедейлері. Куәлерден салған бірнеше ауыл адамдары бар еді. Оларда келген екен. Ал куәлерден басқа елден келгендер елу десең де бар, жүз десең де бар. Сот айыптау қорытындысын оқығанда төбе шашым тік тұрды. Өйткені жер бөлісіне кесір жасады дегеннен басқа, кооперациядан жегенім бар, басқалары бар, менен жұрттың сұраған мүлкінің жалпы түрі мынадай екен: ірілі-ұсақты 16 сиыр, 9 жылқы, 43 пұт май, 4 кілем, 2 ішік, бір тарантас, 3 түйе; бұдан басқа, екі жалшы - 968 сом еңбекақы сұрапты; Еркін 15 жыл жүрдім деп айына 12 сомнан 2100 сом сұрапты.

Жауабымда бірін де мойныма алмадым. Ақсақал, атқа мінерлер де өтірікті-шынды айтып ақтаған болды. Бірақ, не керек, жан-жағымнан кедейлер арадай талағанда, есім шығып кетіп, не айтып, не қойғанымды да білмеймін. Сот мені қатаң ұстаумен 5 жыл абақтыға жатуға бұйырғаннан басқа, менен мал даулағандардың көбінің малын әперуге қаулы шығарды. Оның қайсы бірін жазайын.

Жақыннан шыққан жау жаман болады екен. Сенің Еркін досыңның кесірі, ақырында малға да, басқа да пәле боп тиді.

Сен Бәтесті аламын дегенде, менің саған көріне қарсы шығуым, алғаныңды жек көргендік емес

еді, "құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады" дегендей, ішім саған бұрып тұрса да ел жақсыларынан шыға алмағандық еді. Егерде саған болысып кетсем, менен көрі елге беделді Мәйсекеңнің артына жұрт еріп кетіп, "құлындағы сақау, құнандағы тісеуімді" қопара ма деп қорқып ем. Ақырында көресімді балақтағы басқа секірген биттен, жалшым Еркіннен көрдім.

Өзіңе мәлім, нағашыларың үкімет ұстап тұрғанда мен Алашорданың елдегі дыңдай сенімді адамы едім ғой. Сол кезде де осы қызылдардың келгеннен маған жақсылық жоғын ішім сезетін еді. Сондықтан аққа қолдан келген жәрдемімді беріп, қызылды келтірмеуге тілектес болып ем. Ол тілегім болмады. Қызыл келді. Әуелгі кезде Жабалықтар бізге ақыл үйретіп, "қызылдың ішіне кіріңдер, ең болмаса жан сақтарсыңдар" деді. Сол ақылмен 19-20-21-жылдары, қызыл келді деген атағы болмаса, елдегі іс біздің қолымызда болды.

Қызылдың алғашқы келген бетінде "балта көтерілгенше, ағаш жал табады-ның" керін қып, талай бұлтаққа салып едік, кедейшіл үкімет кедейшілігін істеді.

Әкең бір қараңғы өмірге кірді, қалқам. Бес жыл аз уақыт емес. Өз теңімнен жығылсам арманым жоқ қой. Кешегі аяғымның астында жүрген жамандардан жығылғаным, абақтыдан он есе артық жанымды жеп барады. Шағым берген болдым. Нағашыңа хат жазып Қошқарбайды жібердім. Ол сорлының қолынан не келеді. Өзі де сүтке тиген күшіктей, кім салып қалады деп құйрығын қысып жалтақтап жүр. Қайда барса қорқыттың көрі дегендей, бұл үкімет тұрғанда, жарық сәуле көрем деп ойламаймын "өйтеуір суға кеткен тал қармайды" дегеннің кері ғой. Әкең ажал-тағдыр кеп абақтыда өліп кетсе бақұл бол, қалқам.

Бірақ менен туғаның рас боп, жер үстінде тірі жүрсен, менің дұшпандарымның қылғандарын алдарына келтірмей қойма! Өйтпесең аталық ақымды кешірмеймін.

Әкең: Әбіл.

1/XII-1927 ж. Абақты.

VI. "ЕРКЕК ТОҚТЫ ҚҰРМАЛДЫҚ"

Зілсіз деген хаттар мынадай боп шыққансын, кісі арқы-
ны, жасырынып келген зілді хат қандай екен деген ашумен,
Жабағының хатын тас-талқан қып аштым да, көзімді
жүгіртіп оқи бастадым. Не айтайын дегенін алғашқы жолды
толып өткенде-ақ шамаладым.

- Бүркітжан! - деп бастапты хатын Жабағы.
"Болғанда ашу пышақ, ақыл таяқ" деген екен
Орынбай ақын. Албырт жастықтың еркіне кет-
пей, хатымды ақылға салып талқылауынды
өтінем.

Өзіңе мәлім, әйел теңдігін қолға қазақтан ал-
ғаш ту ұстап шыққанның бірі мен едім. "Адам-
ның басы, алланың добы" дегендей, бостандық-
шыл нағашын, қазір мықты бір қиянатқа кірісті.
Сол қиянаттың салмақты басы сені ұратын бол-
ғандықтан, осы хатпен бірге әрі соны айтқалы
отырмын, әрі қылмысыма кешірім сұрағалы отыр-
мын.

"Қой асығы деменіз,
Қолға жакса сақадай,
Жасы кіші деменіз,
Ақылы жетсе атадай!"

деген сөз бар еді. "Ораздының баласы, он бесінде
баспын дер". "Тоғышардың баласы, жиырма бес-
те жаспын дер". Қылмысты мен болайын, судья
сен бол.

Айтқалы келе жатқан әңгімені өзің де аңға-
рып отырған шығарсың. Адамға ең қымбаты әкесі
болғандықтан, сөздің ең ауыры "әкесі өлгенді де
естіреді" болатын.

Жастықтың жалынды шағында адамның әке-
ге айырбастамайтын бір қымбаты сүйген жары.

Бірақ адамда екі өмір бар, оның бірі тап өмірі,
біреуі жеке басының өмірі. Дағдылы өлімді жан-
нан озық туатын ерлердің белгісі, тап өмірін
жоғары қояды. Мысалға орыстың Шульгин де-
ген адамын ал.

- Николай, - дейді ол "Күндер" деген 1917-жылы жазған кітабында, - маған ең қымбатты адам еді. Бірақ манаграфияны сақтау одан да қымбат. Сондықтан Николайды құрмалдық қылмай болмады..."

Бұдан соң ойлама, Бүркіт сені жұрт құрмалдық қылғысы келген екен деп. Сен бір қымбатыңнан айрылдың, - ол Бөтес. Бірақ сенің бар қымбатың ол ғана емес, сенде ең қымбат бір зат бар. Ол сенің таптық идеяң. Сен соған құрбан болуға тиістісің. Сен сүйген Бөтес те соған құрбан болғандай болды. Себебін ашып айтайын.

Өзіңе мәлім, қанша арпалысқанмен, 19-жылы біз биліктен айрылдық. Арқа тіреген қазақтың аталықтары мен ауқаттылары бізден барын аяған жоқ. Күштерінен асып кетті. Соның бірі Мәйекең. Сол Мәйекең Бөтес туралы маған, Әзекеңе хат жазыпты. Хатында егер Бөтес саған кетсе, ат құйрығын бір жола кесетіндігін көрсетіпті. Бір Мәйекең болса жарасы жеңіл болар еді, оның артына ерген ел бар. Егер ел түтел өкпелесе, арты жаманға соғады. Ана жылы біздің Алаш әскері қызылдардан жеңіліп бытырағанда, қару, құралды қайда жасырды деп білесің? (Бұл өте жасырын сөз ғой, хатқа қатты сақ боларсың).

Міне, шырағым, Мәйекеңнің осындай салмағы бар. Онымен есептеспеуге болмайды. "Қарайғанмен қас болсаң, қайтып жақын табылмас" дейді қазақ. Біз қай бір қолғанатқа жарып отырған адам. Совет үкіметінің ішіне біраз жастарымызды кіргізіп, содан үміт етіп ек, Сарыбас, Әбіш, Ысман сықылды аз ғана табандылары болмаса олар да сұйықталып барады.

Өзің білесің, Бүркіт, мен сенің қара басыңды ешкімге айырбастамаймын. Менің ғана емес, сен біздің үмітімізсің. Сондықтан, саған ауыр соғарын біле тұра, негізгі мақсатқа залал келтірмеу үшін, мынадай бір іске кіріскендей болдық. Басқа не айтайын. "Судья өзіңсің" дедім ғой. Ендігісін өзің ойла. "Еркек тоқты құрмалдық!"

Нағашың: Жақып.

5 - XII - 27 ж.

VII. СЕҢ ҮСТІНДЕ

Жұмарлақтап алған үш саусағымның басымен терезені тықылдатып-тықылдатып қалғанымда, бір көзі саудыр етіп жерге түсе қалды.

- Бұл кім еді, ойбай-ай! - деді бір абыржып қысылып юрға шыққан әйел дауысы.

- Бөтеспісің!

Сол күні ай көзге түртсе көрінбейтін қараңғы еді. Ысылдаған жел. Менің терезені тықылдатқаным жұрт шырт ұйқыға кірген, түнгі сағат үштің кезі еді.

- Ә, - деді "Бөтеспісің" деген дауысыма.

Сынған көзден өршелене үрлеп жатқан жел естіртпеді ме, болмаса дауысы өзгерген бе? Не, шырт ұйқыдан оянған соң қорыққандықтан ба? - Әйтеуір дауыс маған Бөтес дауысы сықылды боп естілмеді.

- Бері кел, Бөтес болсаң, мен Бүркітпін! - дедім, сынған көзден сығалап ішіне қарай үңіле сөйлеп.

Далада жүргеніме екі сағаттан асқандықтан, даланың қараңғысына көзім үйренгенмен, терезеден қарағанда үй іші үнгір көрге ұқсап түктің пернесін көрсетпеді...

"Мен Бүркітпін!" деген дауысымды екі рет шығарғаннан кейін, кебінін сүйреткен өліктей, біреу терезеге қарай беті ағарып жақындады. Қанша батырмын дегеніммен, егерде ойламаған жерден осындай бір сурет кездессе қорқар ем. Ойлап тұрған ойым болғандықтан, сүйретілген боп - боз аруаққа тесірейіп қарадым да тұрдым. "Аруақ" терезеге жеткенше екі жығылып түрегеп, үшінші сүрінгенінде қолы кеп терезенің ағашына сүйенді.

- Бөтеспісің? - дедім ашулы дауыспен.

- Ие! - деді Бөтес "і", "и", "е" әріптерін үш бөліп зорға айтып.

- Бөтеспісің! - дедім тағы да сенбегендей.

- Не қыл дейсің! - деді Бөтес аянышты дауыспен теңселіп кетіп.

- Есігіңді аш!

- Жөрайды...

Бөтес есікке қарай аяндағанда, мен де терезені тастай беріп үйді жағалап есікке тарттым. Сол күні іңірден арақты ішіп-ішіп қызып алғам. Күн ызғырық суық болғанмен, арақ ішкеннен кейін пәтер үйіме барып, сыртымдағы пальтомды тастап, үстіме жеңіл ақ бұйра, қысқа ішігімді ғана кигем.

Оқып жүрген қаламнан сол күні түсте поезбен кеп қаланың шетінде, жан білмейтін бір үйден пәтер алғам. Мүсәпірдің үйде жоғын біреуден естігем. Ойым, Бәтесті өзіме де, Мүсәпірге де жоқ қылуда, жанымда қорғасын оқты алты атар мылтығым барды. Үйге жағалаған қалпыммен қақпаға келсем, қақа жабық екен. "Науыр!" деп жоғары секіріп қалғанда, қолым қақпаның төбесіндегі бір тақтайға ілігіп еді, қалай үстіне шыға келгенімді өзім де білмеймін, ар жағына бірақ ырғыдым, мен қақпаның ішіне түскен кезде Бәтестің пәтерінің есігі де ашылып, көйлекшең Бәтес, манағы бозарған қалпымен шыға келді.

- Үйіңе жүр! - дедім жанына барып.

Бәтес үндеген жоқ. Қараңғы сенек арқылы мені бастап алып жүріп өзінің бөлмесіне кіргізді.

- Шам жақпа! - дедім Бәтеске.

Бәтес әлі де үндеген жоқ. "Аруақ" пернесіне ұқсаған келбетімен, сүйретіліп барып сіреңке тауып алды да, жарық қылды. Сіреңке жарық ете түскенде Бәтеске көзім түсіп кетіп еді, шынында тірі аруақ болған екен. Шикандай боп тұратын алма бет аппақ зонттай бозарып, екі жағы сорайып, мойны қылқиып, екі ұрты үңірейе қалған екен. Шам жағылғаннан кейін жасыған көзін отқа төндіріп үндемей тұр еді.

- Бәтес! - дедім.

Қарамады, үндемеді.

- Неге үндемейсің! - дедім ақырып.

- Не қыл дейсің! - деді көзін оттан алмай.

- Мен сені өлтірем! - дедім көзімді ежірейтіп, жұдырығымды түйіп, үстіне төне түсіп.

- Мен сенің әміріңде! - деді Бәтес пысық сөйлеп.

"Өлтірем" дегенде сескенбеді. Жүзі құбылмады, қайта ширап кетті.

- Ендеше киін! - дедім теріс айналып жүріп кетіп. Қайта айналып қарасам шамға қадалған, оты сөнген қара көзін ақырын ғана алып маған теріс қараған бетімен төсегіне кетіп барады екен, басын салбыратқан қалпымен төсегіне отырды да әуелі бөтенкесі мен шұлығын киді, бөтенкесінің бауын реттемей-ақ, екі жерден шанди салды.

- Бері неге қарамайсың! - дедім, түрегеп қамзолын алуға ыңғайланған Бәтеске.

- Жүзім шыдамайды!... - деп Бәтес жығылып қала жаз-

дан барып қамзолын алды. Оның сыртынан пальтосын жамылды. Сөйтті де есікке қарай аяндады.

- Көне, қайда?-деді Бәтес, манағыдан да пысық сөйлеп. Есіктің тұтқасын ұстап ашып, далаға шығып...
- Қақпаны аш!
- Мен аша алмаймын.
- Кілті бар ма?
- Жоқ болатын.

Қақпада кілт рас жоқ екен. Сыртындағы салтқысын суырып қақпаны аштым да, Бәтесті шығарып жіберіп, ішінен қайта жауып, ар жағынан манағыдай тағы қарғып түстім.

- Қайда барамыз?- деді Бәтес.
- Өзенге жүр!

Бала кезім еді. Қорадағы пішеншілерге ас апарып, екі аяқ арба жеккен түйемен айдалада келе жатыр ем. Жолдың оң жақ бетінде, шақырымнан алыс жерде жайылған қой жатыр еді. Жол шетінде бір сайсымақ бар еді. Сол сайға жақындағанымда жайылған қой сайға мүйізі қақырайған теке сықылды бір нәрсе алдына бір қойды салып ап, сайға қарай құлай берді. Бұл не нәрсе екен, адасып қалған атам үйінің көк текесі емес пе!- деп жүріп бара жатқан қалпыммен түрегеп қарадым. Қойды алдына салған, мүйіздім, осындай жаныма кеп қалды. Одан бұрын қасқырды бір көргенім бар еді, - қасқыр екен, алдындағысы отаудың сары құлақ тоқтысы екен. Шырылдап айғайлаған боп ем, әуелде сескенген қасқыр дауысымды естіген соң бала екенімді біліп, тыңдамастан, тоқтысын айдап өз жөніне тарта берді. Көріп барам. Түсе қалып қууға дәрмен жоқ: бір ауылдан бір ауылға қой қосылғанда, не қозы көгендегенде құйрығы қайқандап қайыру бермейтін, зәнде жоқ қашқан - ақ тоқты еді. Қасқыр қалай айдаса солай қарай құлағын селтендетіп аяндады да отырды.

Бәтес қараңғы көшенің бойымен алдыма түсіп, өзенге қарай бет алғанда, ойыма сол қасқыр сап ете түсіп көз алдыма тоқты елестей қалды. Өзімді қасқырға, Бәтесті тоқтыға санадым.

Жел үдей түсті. Түн түнере түсті. Бәтестің зары ма, желдің жыры ма? Құлағыма мұнды, ащы бір күй естілді. Өзен қаланың бір жақ бетінде еді. Сол өзенге баратын жолды Бәтестің қайдан көргенін білмеймін, "сен ойыңнан жаңылма, мен жолымнан жаңылмаймын" деген кісіше, "былай жүр" деген сөзді аузымнан бір шығарған жоқ, қасқыр айдаған тоқтыдай томпаңдап аяндады да отырды.

"Уа, сорлы Бөтес!- дедім ішімнен -сен қайда барасың?

Мен қайда барам? Екеуміз осылай ма ек ? Осылай боламыз деп ойлап па ек ? Бір кездегі ыстық құшақ қазір неге суыды? Бір кездегі жалынды жүрек, сүйіскен жүрек, бүгін неге тас болды? Бөтеске деген рақым қайда кетті? Ойға барса ойда, қырға барса қырда жау қамаған, адасқан саяқтай таңынан әр қасқыр бір тартқан, панасыз Бөтесті, жаралы Бөтесті, жансыз Бөтесті, сорлы Бөтесті неге аямаймын? Неге есіркемеймін? Ей, адамның баласы, бүгін дос, ертең қас болатын, біріңнің қаныңды бірің ұрттайтын әдетің қашан жойылады?!"

Мен бұл Бөтесті шынында аяған ем. Аяғандығымнан жатқа қиған ем. Жалғыз Бөтес қана емес, бір жағынан өкеме күн туған соң, екінші жағынан өзіме Бөтес былай тұрсын, мектептен шығаруы, газетке жазылу сықылды жұдырық үстіне жұдырық жауған соң - бұл тіршілікті не қылам!- деп, қамаған қалың жаудың "көңілі үшін" өзімді құрмалдыққа ерекке тоқты қып байлаған ем.

"Мықтыбай, мен поездың астына түсіп өлуге кеттім. Маған жауған жұдырық мені осындай күйге салды" - деп бір жақын жолдасыма хат тастап, түн ортасында оқып жүрген қалама кететін поездың астына түсіп өлуге кетіп ем. Қара бауырды қақ тілген болат пышақтай қараңғы түнді қақ жарып жалыны көкке секіріп, айдаһардай тірендеп, арыстандай өкіріп поезд кеп еді. Жол үстіне жата қалуға ыңғайланғанымда мылтығын ап қақиып жүрген күзетші қуып жіберіп еді. Бұл арада поезға түсуге мүмкіндігі болмаған соң, жырағырақ барып қараңғы жеріне жатайын деп кетіп бара жатқанымда, Мықтыбай, сайтандай қайдан келгенін білмеймін, артымнан шап беріп ұстай ап еді. Көп көріскеннен кейін ол маған: "сен жігіт болсаң, бастығы Мүсәпірден бастап жауынды жең. Кім өз етіне жара салса, сен бір жараға екі жара бер! Өлгенде кімді мұқатасың. Өлесің де қаласың, бұның өлім сықылды өлім емес, сондықтан өзің өлуді қой. Кісі қолында өл. Совет үкіметіне жаумын, қолымнан келері жоқ дейсің. Олай болғанда ең болмаса Мүсәпірден бастап Советтің бірнеше адамын өлтір де, өзін сот жазасымен атыл! Міне оңды өлім сол. Әйтпесе мынауың өлім емес", - деген. Мен осы сөзге көнгем. Мектептен Еркіндердің көрсетуімен шы-

лып қалғандықтан, басым бос та. Мықтыбай айтқан сөзді орындамақ боп, Бәтестің қаласына келуім, бір жола. Осы келген жолымда ойым Бәтесті де, Мүсәпірді де өлтіріп елге шұтып отырып, Еркіннен бастап бірнеше адамды өлтіру.

Менің әдейі іздеп келуіме қарай, Мүсәпір басқа қалаға бес күнге жолаушы кеткен боп шыққан. Сол күні пәтерге нәрсемді тастай бере, күйікке шыдай алмай арақ ішкен, сол арақтың қызуы ма, болмаса, Бәтеске тіршілікті қызғанғаным ба? - өйтеуір Мүсәпір келуіне шыдамай, Бәтесті адамға білдірмей жайғастыруға ойлағам.

Өзеннің бір құлама жарына кеп Бәтес тоқтай қалды. Жел тағы күшейе түсті. Сол күні күндіз жылымық боп, қар еріп, қардың беті қабыршықтанса керек. Жәй күшті жел болғаны болмаса, борасын болған жоқ.

- Кәне ат! - деді Бәтес жардың нақ шетіне барып, көйлегінің етегін жел көтеріп, дауысы манағыдан да ширақ естілді. Аяғын жарға нық басты. Тәлтіректеген жоқ. Сөйтті де екі бүйірін таянып қарсы тұра қалды. Түндегі көз қандай откір болады: Бәтестің көзіне қайдан жан біткенін білмеймін, шамдай жарқырап жанып кетті.

- Иманыңды айт! - дедім мылтығымды қалтамнан суыра беріп, "иман" деген сөз аузыма қайдан түскенін білмеймін.

- Мен өзім имансыз адаммын. Маған иман керегі жоқ, ат! - деді Бәтес төсін шалқайта беріп.

Мылтықты ұсынып басып кеп қалып ем. От алмады, екінші рет тағы ұсына бергенімде:

- Тоқта! - деді Бәтес, - менің сасық денемді ертең жұртқа көрсетіп, өлімтігіме тағы да қарғыс жаудырма. Әне жерде мұз ойған суат бар. Мұздың суға қақалған жарына атсаң, сумен ағып кете барам.

- Тілегің болсын! - дедім мылтығымды кезеген қалпымнан алып, командыға үйренген солдаттай, Бәтес қандай басып көгілдір қағазға тамған қара сиядай, көк мұздың ортасында қап-қара бұйра боп мөлтілдеп жатқан судың дәл жиегіне келді де, тағы қарсы қарап тұра қалды.

Нақ осы арада "ат!" - "атпа!" деген екі сөз жүрегімде алпарысып күресе кетті. Жеңісе алмай екеуі сіресіп тұрды. Менде жауап қатпай азын-аулақ, шымырлап жатқан қара суға қарап төніп тұрдым.

О, самолюбие - рычаг жизни, на котором Архимед думал поднять земной шар!... - дедім бір аздан кейін ішімнен орысшыалап, бұл сөзді орыстың атақты ақыны Лермонтовтың "Заманымыздың кейіпкері"¹ деген кітабынан оқығам. Кітаптың өзін басыма күн туғаннан кейін қолға алғам. Кітаптың кейіпкері Печорин маған өте ұнаған. Әсіресе Грушницкиймен атысқа шығатын түнде айтқан жоғарғы сөзі ұнаған. Мен сол сөзге кеп тоқтап тұрып, дәл өзіндей қып жорып алғам, жаттап алғам. Осы сөз маған талғанда нан бола-тындай көрінген. Жалпы алғанда, егер бола алсам, менің Печорин болғым келген.

- Бәтес! - дедім әлгі орысша сөзді ішімнен айтқаннан кейін.

- Ә! - деді көзі жалт ете түсіп.

- Мені неғып қидың, уәдеміз осылай ма еді!

- Менен сөз сұрама, деді - Бәтес.- Алдында бір тірі мақұлық тұрғанға сен Бәтес тірі екен деп ойлама. Бәтес өлген. Алдындағы Бәтес емес, оның көлеңкесі. Онда қазір ет бар, сүйек бар, жан жоқ, ол жансыз дене болғандықтаң кімге де болса пенде. Жансыз бөлменің тетігі, еркі кімнің қолында болса, сонда емес пе. Жансыз бөлмеге кім кіріп, кім шықпайды. Бөлме соның қайсысынан ләззат алады. Мен жансыз денемін. Кілтім Мүсәпірде. Мен оны сүйеммін - менде сүйетін жан жоқ. Мүсәпір менің жансыз сасық денеме ғана ие! Жанып көмір болған денені енді қайта жандандыруға ешкімнің әлі келмейді. Мені қарақшыдай қалқитып, жұртқа жексұрын қылмай, сасық денеме жерді бастырмай көзімді жой, ат!...

Үндемедім. Қолымды көтерейін деп ем, көтерілмеді. Түннің қалай өткенін білмеймін, нақ осы кезде күн шығыс жақ бозамықтанып таң біліне бастады. Жел басылған жоқ. Күшейе түсті.

- Ат!- деді Бәтес тағы да. - Сенің қолыңнан өлгеніме арманым жоқ. Өмірімнің ең соңғы минутінде, кірпігімді ең соңғы қағар жерімде, жанымда сен болдың! Арманым жоқ!

Көзімнен жастың қалай ыршып кеткенін білмеймін. "Өлтіремге" табанды тіреп, өзімшілдігім тасып тұрған адам, Бәтестің ең ақтық айтқан сөзін естігенде қорғасындай еріп жүре бердім.

¹ Лермонтов. "Герой нашего времени".

- Мүсәпірді не қылайын? - дедім Бәтеске дауысым дірілденкіреп.

- Мен өмірде сенен басқа кісіні аямаймын. Мені де өлтір, оны да өлтір, содан кейін өлі болу, тірі болу өз еркінде.

Қолымды көтере алмадым. Жасым желмен домалап толқынданып жатқан суға түсті, таңның қызылы ма? Көзім қарауытты ма,- дүниенің бәрі қанталап кетті. Жанымда ағып жатқан суаттың суы, су емес, қып-қызыл қанға ұқсады. Жел күшейе түсті...

- Ат!- деді Бәтес екілене сөйлеп, суға жақындай түсіп.

- Атпаймын! - дедім мылтығымды мұзға лақтырып жіберіп.

- Ендеше қош! - деп Бәтес бауырын суға төсей еңкейе берді.

Денесін ұстауға үлгере алмай қалдым, басы суға батып, аяғы мұздан суға жаңа жылжи бергенде бөтенкесінің ұшынан шап беріп ұстай алып, тартып қап ем, қармаққа іліккен шортандай, шашынан су сорғалап, Бәтес сораң ете түсті.

Сүйреген қалпыммен жалма-жан аш белінен құшақтай ап, Бәтесті аяғынан тік тұрғыза қойдым, мұздай суға малынған шашы мойнына кеп оралды. Ол суға тырмысты. Мен жібермедім.

Сол кезде астымыздағы мұз сөгіліп, жан-жағымыз сатыр-сұтыр сенге толып, сендер бірімен бірі сүзісіп, ілгері жылжи бастады. Аспанның жартысын қызыл қанға малып бұлтқа бөленген күн де шықты. Дүние қимылға айналып сүрөпіл сорын үрді. Жер де, көк те ойран-ботқан болды.

Сатыр-сұтыр сүзіскен сеннің ортасында, көбігі көкке шапшыған қызыл бұйра толқынның арасында, ыққа қарай зымырап-сырқырай жөнелген көк мұздың үстінде, алтын табақтай боп жарқырап шығып келе жатқан күнге көзімізді қадап, Бәтес екеуміз тірескен қалпымызбен жансыз қазықтай қаттық та қалдық!..

Мұз жылжыды.

VIII. ҚАНДЫ КЕК

Геометриядағы бір жағы кесіліп барып, ұшы сүп-сүйір боп бітетін үш бұрыш (треугольник) сықылданып, шолпан жұлдызының нақ астында, жерден жарты кездей ғана жоғары, таң білінер алдында бір бұлт тұрды. Майдың дәл бірі

еді. Түн бойы тыныс ап, жұпарын шашқан жасыл бүліс өсімдікпен, жапырағын жайып, жаңа түскен келіншектей төгіліп тұрған ағаштар, таңның салқын самалымен оянып, теңселіп жаздың биін билеуге айналды. Жазғытұрымғы қоңыр жібек бұлт, түнгі түскен шықтың өсімдіктерді сусындандырғаны аз болғандай-ақ, жып-жылы, мөп-мөлдір маржан жаңбырын жерге себелеп өтті. Манағы үш бұрышты бұлт, күн сұлудың алтын жүзін шымылдық боп перделеп, әлемнен көрімдік алғаннан кейін ашылам дегендей, өзге бұлтқа араласпастан сол орнынан қозғалған жоқ.

Далада сұлу күннің бет ашарын жырлап, қуанышпен қарсы алатын: қырдың торғайын көлдің қаз бен қуы ғой? Қалада қу мен қаздың міндетін әуелі таң қаранғысында шақыратын тауық, сонан кейін таң біліне гудогын гуілдететін завод атқарады ғой.

Мен нақ сол таң алдында астын қуыс қыла тік сүйеген бір үйдің қақпасының сыртындағы қамыстың қуысында тығылып отыр ем, үстімдегі қамыстың басына бір өтеш секіріп шыға келді де "ко -ко -ри -ко -к!" - деп қақсай қалды.

Мен бұл қуысқа түнгі сағат бестен 12 минут өткенде келіп отырғам. Отырған жерім қаланың шет жағындағы көшеде тұрған, бір ішін оңдап жатқан, ішінде адам жоқ иесіз үйдің есігінің алды-ды. Көше Мүсәпір пәтерге тұрған үйдің көшесінде, "қай жермен жүреді екен!" - деп бір-екі рет аңдығанымда ылғи осы көшемен жүретінін көргем. Әлде неше рет оны өлтіруге оқтанғаныммен, ретін келтіре алмағам, бүгінгі күні сол ниетімді орындау үшін, іңірден арақты қыза ішіп ап, таңға жақындады-ау дегенде, әлгі қуыс қамыстың астына кеп жасырынғам. Ойым сол көшеден таңертең өтіп бара жатқанда тосып тұрып атып тастамақ та, нағашым бар, басқалары бар, құлағыма қанша сөз құйып, менің көңілімді аулағандарымен, оларға сыртымды ғана беріп "жарайды" дей салғаным болмаса, өзімшілдігім Мүсәпірді өлтірмей дамыл табуды қоюға айналған; менің жан-жағымнан тұман боп басқан ойдың себепкері сол Мүсәпір сықылды көрінген. Оның өлімі менің бақытымның кілті сықылданған. Ол жүрген дүние маған тар көрініп, онымен бірге мен жер жүзіне си-мағам. Сондықтан, қолымнан келсе оны өлтіріп, өзіме дүниені кеңітуге, болмаса өзім өліп оған дүниені кеңітуге ойым тоқыраған.

Одан өзге жауларымнан кек алу үшін: бөлтірікке ауыз-
ланған қасқыр алатын иттей, балаларына бау ашқан лашын-
лай, әуелі Мүсәпірдің қанын ұрттап ауызданып ап өзге кегіме
содан кейін кірісуге ойланғам.

Арақтың қызуымен киімді жылы киген жоқ ем. Өзге
дүниенің бәрі жаздың жайлы лебімен пайдаланып, жаңа ту-
ған майдың майына тойып тұрғанда, менің бақытсыздығы-
ма қарай астымнан қатып жатқан кесек мұз кездесті. Оны
әуелі абайлаған жоқ едім. Мүсәпірдің қазір өте қоймайты-
нын білген соң, қабағымды түйіп қараңғы іңірдегі донестеу
бірдемеге отырып ем, біраздан кейін құйрығыма сұп-суық
бірдеме білінгенде қарасам, мұзға отырған екем. Сол мұздан
жеркеніп түрегеле бергенімде, манағы шақырды деген
өтешімнің қыйқуға басқан кезі еді. Орнымнан түрегелген-
де, тісім-тісіме сақ - сақ етіп жаурағанымды бірақ білдім.
Ол кезде басымда өзге ой жоқ "сухан алдасы" жатса-тұрсада
- аузынан түспейтін пірәдарларға ұқсап, "Мүсәпірді өлтірем!"
дегеннен басқа, білетін тілімді ұмытып ем. Жынды адамдай,
жападан жалғыз бір үңгірде отырып, өзіме-өзім "өлтірем-
олтірем" деп аузымды дамыл алдырмай жыбырлата беріп ем.
Әтештің төбемде қақсап отырып алғаны "өлтіремді" аузым-
нан жаңылдыра берді. Көңілімді бөле берді. Қайғының кара
тұманы басып отырғанда, басыңа кеп жырлаған жырдан адам-
ның жанына бататын нәрсе бар деймісің! Не қыларымды
білмедім. Мүсәпір бір жауым болса, әтеш екі жауым болды.

"Тішт" деп қамыстың ішінен екі-үш рет түртіп қап ем,
әтеш оған болмастан, жоғары өрлеңкірей түсіп, айғайын ере-
гескендей, үдетіп жіберді. Сол ызаға шыдай алмай, қамыс-
тан далаға шыға келгенімде, аузы күн шығысқа қарап көсіліп
тұрған көшеден манағы үш бұрышты бұлтты, оның үстінде -
күлген шолпанды, жерден көтерілген шықты, тағы басқа-
ларды көрдім. Жан-жағыма біраз қарап тұрып ем: менен
басқа, жанды-жансызда қабағын түйген бір нәрсе жоқ сы-
қылданды. Бір үлкен қуанышты күткендей, көзіме
көрінгеннің бәрі күлімсіреді де тұрды. Он сегіз мың әлемде,
жан тәсілін қып бара жатқан қараңғы кара түн мен қайғы
басқан менен басқа еш нәрсе жоқ. Күйіп кеттім. Түн маған
жылады. Мен түнге жыладым. Екеуміз мұндастық, оның
да, менің өлуім, басқа әлемге қуаныш сықылды көрінді.
Аспанның жібек бұлтын шұлғау қып аяғыма басқым келді.
Дал-далын шығарып жыртқым келді. Көктегі күлімдеген

жұлдыздарды, бастығы Шолпаннан бастап, біріне-бірін соғып, күл-күл қып қиратқым келді. Жерді бүліс-мүлісімен өртегім келді. Бірақ, амал бар ма, "таз ашуын тырнадан алады" дегендей - бәріне әлім келмейтін болған соң, бәрінің кегін әтештен алмақ боп, нақ басын көздеп екі рет қолыма іліккен екі қу сүйекті жіберіп ем, екеуі де тимеді. Үшінші рет бір ұзын ағашты сермеп қалғанымда әтеш жасқанған бойымен секіріп менің төбеме қонды да, аяғына қолым ілігерлікпесте, қарғып шарбақтың төбесіне шығып кетті. Менің қолым жетпейтін жерге барғаннан кейін "не қылдың!?" - деп мазақтағандай, кеңірдегін соза-соза қиқуына басты. Атуға әрі оғымды қимадым, әрі тигізе алмаймын ғой дедім. Мені енді ең аяғы әтеш те мазақтады-ау, - деп ызаға шыдай алмай жылап жіберіп барып зорға тоқтадым.

"Бүгінгі күн жарқырап шық. Бетінде бүршіктей бұлт болмасын, бүгін күлетін күнің" деп күн шыққан кезде кеңірдегін созып екі-үш рет завод тұтасымен жерді жаңғыртып айғайлап еді, манағы үш бұрышты бұлт, ортасынан қақ жарылып, кенеттен ашылған сахнаның шымылдығындай, екі жарылып жүре берді, алтын күн бетінен пердесін сыпырған сұлудай, күліп әлемге нұрын төккенде, торғын аспан "жолыңды бөгемейін еркін жүр" дегендей жап-жалтыр боп жарқырай қойды.

Күн найза бойы көтерілгенде, қаланың іші желбіреген қызыл туға толды. Әнге, күйге, шуға толды. Менің неғып тұрған адам екенімді елеместен, білегіне жұлдыз таққан бір орыстың жас жігіті нақ менің қасыма әкеп туын ілді. Көр болғыр көз көңілге қарай ма? - қадалып барып желбіреген қызыл туға түсіп еді **"Жасасын жер жүзі пролетариатының мейрамы - бірінші Май!"** - деген жазуды оқыды. Туды жыртықым келді... Туды ілгенді атқым келді...

Сәске түс кезінде көше толқынға айналды, кескіні күлген көпшілік ерсілі қарсылы алдымды кесіп өте бастады. Неге тұрғанымды өзім де білмеймін, манағы қамысыма сүйеніп мен көзіме түскеннің бәрімен өшігіп, қақидым да тұрдым. "Өлтіремнен" жаңылдым. Шульгин айтқандай: "өзім түсінбейтін, өзіме жат өзіме әрбір дыбыс найза боп қадалатын толып жатқан - "жасасын!" - ның астында қалдым". "Жасасын" мені төбемнен төмен қарай басты, тұншықтырды. Есімнен адастырды. Елітті, басымды айналдырды.

Осыке еркін көтеріліп, алтын күн айнадай аспанмен жотырып жүріп бара жатқан кезде құлағыма: оң жағымнан дүниені талқандап келе жатқандай жүріс, қаздай қаңқылдап, аққудай сүңқылдаған музыканың дауысы, жер сілкіндірген бір ауыз-ын қосылған көп адамның әні естілді. Жалт қарасам: жеңіл көйлектің сыртынан денесін қайыспен шандып тастап, маңдайларына бір келкі бес тармақ жұлдыз қадап, аттарын ойнатып, төрт-төрттен қаз-қатарланып, туын желбіретіп келе жатқан атты әскер екен. Жанымнан өте беріп "Буденный маршын" оркестрге ойнап жіберіп еді, музыканың дауысы аңдап келген толқындай мені жаңқа ғып қағып алып жүре берді. Есімнен адасып, "Марш тың!" қызуымен бір көше жүргенімді өзім де білмей қалыппын, артынан ой түсіп өз еркімді өзім күштеп, зорға деп кейін шегіндім. Сол қалпыммен, ұзасам адасып қалатындай-ақ, манағы жансыз, ішінде суық мұзы бар қамысыма қайта келдім де, тағы да манағыдай сүйене қойдым.

Атты әскердің артынан жаяу әскер өтті. Оның артынан кәсіпшілер одағының әр бөлімдері және заводтардың (тері, кірпіш, консерві заводы, шұға фабрикасы) жұмыскерлері өтті. Оның артынан қосшы мүшелері, оның артынан әйелдер, одан кейін комсомолдар, одан кейін пионерлер, одан кейін октябриялар, тағы бірдемелері, тағы бірдемелері. Жайшылықта қала кішкене ғана қала сықылды еді, жаны аз сықылды еді. Бүгінгі күні кісі егіп шығарғанын, не қылғанын білмеймін, есептеп - есебімді жеткізе алмай - ақ қойдым. Көше-көшенің бәрі сондай ма? Болмаса большевикке қас екенімді біліп, әдейі мені мұқатпа, мен тұрған соң жүрт қайта-қайта жүре берді ме? - мен білмедім. Бүгінге шейін большевиктердің еш нәрсесі көзіме ілікпейтін еді, олар аяғымның астында жататын сықылды еді. Олардың қандай күш екенін бүгін сездім, бүгін большевик толқынының астында қалдым. Денемді: - ұшы қиыры жоқ, үлкен дарияның ішінде қалқып жүрген тырнақтай жапырақ сықылды болдым - ау!" деген сезім биледі.

Бесін кезінде жұрт ыдырады. Мен баяғы орнымда әлі тұрмын. Манағы көп толқында "өлтіремнен" айрылып қап ем, толқын басылғаннан кейін, жаңылған тілім "өлтірем"-ін қайта тауып алды.

"Өлтірем" аузыма кеп түскеннен кейін жасырыну қамын ойлап, жан-жағыма қарадым да, адам жоғын көрген соң манағы қамыстың қуысына қайта кірдім.

О, самолюбие - рычаг жизни, на котором Архимед думал поднять земной шар! - дедім тағы да, қамыстың арасына кіргеннен кейін.

Бір кезде қамыстың арасынан көзіме келе жатқан біреу елең ете түсті, жалма-жан қарап жіберсем, омырауын ашып боркін қолына алып, қара күреңденіп терлеп, Бәтесті қолтықтап келе жатқан Мүсәпір екен. Қуанып кеттім де, мылтығымды суырып қолыма алып, жаныма кеп қалғанда:

- Тоқта! - деп қамыстан мылтықты оқтанып шыға келдім.

- Ә - ә - ә, - деді Мүсәпір, сұрлана ғап, демін ішіне тарта сөйлеп, мұзды суды үстіне құя салғандай сескенген адамның дауысымен.

- Тарт қолыңды Бәтестен!

Мүсәпір Бәтестен бөлініп қаша бергенде, мылтықты басып қап ем, мылтықтың дауысы шаңқ еткенде Мүсәпір етпетінен түсті. Оқ шырылдап көкке кеткендей болды. Мылтық дауысы шыққанда (жан тәтті- ау деймін) Бәтес етегі далаңдап жақын тұрған бір көшеге жоқ болды. Өлген шығар деп Мүсәпірге қарасам, тұрып барады екен. Мен мылтықты тағы кезей бергенде, баладай дауысы шар ете түсіп, сүріне беріп қайта түрегелді. Мылтықты екінші атқанша ол иесіз үйдің терезесінен қарғып, ішіне түсті. Мен де соңынан жүгіріп барсам, үй ішінде екі жұмыскер тұр екен.

- Жөніңді тап! - дедім ақырып оларға, мылтықты ұсынып. Жұмыскерлер шыға қашты.

Мүсәпір қашып үлгерген жоқ. Есікке бара бергенде, қуып жетіп, алты - атармен қарақұстан періп ем, дене ұшып түскенде, қарақұс сүйегі бөлек ұшты.

Кейінгісін білгем жоқ...

С о ң ы

1928 - 1929 - жыл. Ноябрь айы.

1960 жылы Сәбеңнің туғанына 60 жыл толуына арналған мақаламда "Адасқандар" романы С. Мұқановтың "басы бүтін қара сөзге көшуін аңғартып қана қойған жоқ, сонымен бірге профессионалдық әдебиетті жасау үшін алымы мол, тынысы кең прозаны ерекше өркендету тенденциясын тудырды" деген пікір айтып ем. Той өтіп, ыстық-суығы басылған күндердің бірінде Сәбеңмен дидарласып қалдым.

- Әй, Тұрсынбек, - деді өзінің қуақыланардағы торғын лаусымен. Сен мені мақтадың ба, боқтадың ба?! - Таң-тамаңна қалып, бетіне қарап қалсам керек шошыма, онша ештеңе бұлдіре қойған жоқсың. Сонда да... - деп біраз үзіліс жасап.

Сен анау "Қазақ ССР Ғылым академиясының "Вестнигінде" жазған мақаланда "Сәбит "Адасқандардан" кейін ақын болудан қалды" деген пікір айтыпсың. Осы ойыңа келісерімді де, келіспесімді де білмей, ойланып жүрмін. Мен өленді әлі күнге дейін қойған жоқпын, сәті келген тұста жазып-жанып тастаймын, - деп таяғына екі қолын бірдей салып, таяқиялы басын қисайта қарады. Қуақы күлкі көзінен аңғарылмайды. "Жарқын жұлдыздар" атты кітабын баспаға дайындауға көмектесіп, тонның ішкі бауындай болдым ғой деп жүрсем де, мына сауалына не дерімді білмей, едәуір ойланып қалдым. Біраздан кейін:

- Тап солай демеген болармын.

- Сылап-сипауың басқаша, мәні солай!

- Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі шындықтар тұрғысынан қарағанда солай да шығар. Сіздің өлендеріңіздің, әсіресе "Майға сәлем" мен "Сөз - советтік армия" шығармаларыңыздың кезеңдік мәні бары рас, бірақ Сіздің творчествоңыздың жетекшісі арнасы "Адасқандардан" кейін прозаға ауған сияқты, деп күлімжи бастап ем, жанға жайлы қуақы күлкі көзіне оралып:

- Қысылма, қысылма, ойыңды дәлелдей түссең көніп те қалуым ғажап емес, - деп менің еркінірек сөйлеуіме шылбыр тастады. Едәуір өңгімелестік.

- Сен "Адасқандардың" қай жылғысын оқыдың?

- "Мөлдір махаббатқа" дейінгісін.
- 1931 жылғы ма, әлде 1935 жылғы ма?
- Латынша басылғанын.
- Екеуі де латынша басылған ғой.
- Солай ма?
- Ендеше 1935 жылғыны оқыған екенсің, - деп біраз ойланды да, - сонда сен мені 30-жылдардан бастап поэзиядан кетті деп есептейсің, ә? - деп тағы да жайсыздау сұрақты көлденең тартты.
- Күні мен сағаты есеп емес қой, - деп қуақыланған болдым...

Енді міне "Адақандар" романы қалың оқушы жұртшылыққа алпыс жылдан кейін сол алғашқы нұсқасында, ешбір алып-қоспасыз ұсынылып отыр. Творчестволық тағдырында талай қиындық пен қызықты кезенді басынан өткерген шығарманың тарихы қазақ ақын-жазушыларының тағдыр-талайында болған құбылыстарды еске түсіруге, көзге елестетуге мүмкіндік береді.

"Адақандар" - "Мөлдір махаббат" романдарының творчестволық тарихын арнайы зерттеген Құлбек Ергөбековтің және келешекте тереңдете зерттейтіндердің егініне түспей, осы атақты шығарманың өтпелі де қиын тағдырына азырақ назар аударар кетейін.

1927 жылы Қызылорда қаласында қанды оқиға болды. "Еңбекші Қазақ" газетінің редакциясында істейтін, көбіне жаңадан шаңырақ көтеріп жатқан ұлт драма театрының төңірегінен шықпай, оның сахнасында қойылған шығармаларға ірілі-ұсақты рецензия, хабар жазып жүретін Мұстафа Көшековті тал түсте Сұлтанбек дейтін бөлесі атып өлтіреді. Мұндай пәленің бізге сіңе бастағанынан ба, әлде қаладағылардың онан бөте үлкен оқиғасы болмады ма, әйтеуір сумандаған сөздерде кенделік болмады. Саналы түрде жауыздыққа барған Сұлтанбек еш қарсылықсыз, айла-шарғысыз милиция қолына өзі берілді де, тергеу үстінде бар шындық айтты. Соты болатын күні де тездетілді. Өз редакциясының қызметкері, келешегінен үміт күттірген жас қаламгер болғандықтан ғана емес, сол кездегі жариялылықпен көпшіліктің алып-қашпа сөзін басу және осындай қасіретті құбылыстан белгілі "сабақ" алу, жаманнан безіндіру мақсатымен "Еңбекші Қазақ" газетінің редакциясы Сәбит Мұқановқа осы сотқа қоғамдық айыптаушы ролінде қатысуды тапсырды. Соттың

барысы газет бетінде жарияланып тұрды. Оны Сәбиттің өзі алды ма, жоқ босқа репортерлар жазды ма, әйтеуір ол кез күл бүгіннің өзінде ынта салып оқитын материал республика оқушыларына ұсынылды.

Газеттегі хабардың өзі осындай болса, онда сотқа қатысып, махаббаттан өрбіген трагедияны көзімен көріп, сезім пірімдерін құлағымен естіген Сәбит Мұқановтың творчестволық жағынан "тұтанбауы" мүмкін емес. Талай ой-сезім толқындары арпалысқан сәттердің көбін Сәбеңнің жазғанынан, айтқандарынан суыртпақтап шығарып алуға әбден болады. Қалай дегенмен, сот шығарған үкімді былай қойғанда Сәбит Мұқанов бұл тақырыпта шығарма жазуға белді беккем бұғаны, міндеттімін деп сезінгені айдан анық.

Менің алдымда "Адақандардың" үш басылымы жайылып жатыр. Әдейі бірінші басылымына ұмтылдым. Соңғы беттері жыртылып қалыпты. Сонысын 1935 жылы Қазанда шыққан басылымынан "1928-1929 жыл. Ноябрь айы" дегенді оқыдым. Жазған уақытын осылайша белгілеп отыратын ұқыптылығына риза болып, 1959 жылғы "Мөлдір махаббаттың" соңғы бетінен "алғаш жазылып бітуі - 12 XII 1928 жыл. Соңғы жазылып бітуі - 14. VII. 1959 жыл" дегенді тағы да оқыдым.

Ал басталуы қашан? Мұны да суыртпақтап шығарып алуға болады. Тұңғыш басылымда Бүркіттің, яғни Сұлтанбектің Сәбитке жазған хаты "11 май, 1928 жыл. Абақты" деп көрсетілуіне қарағанда соттың үкімі мен С. Мұқановтың жазу столына отырып, романға кірісуінің аралығында өмір материалын "пісіру, қорыту", "іштей толғану, сюжеттік желіні өрбіту кезеңі болғанын көреміз. Бүркіттің хатын романның оқиғасын өрбітетін "Кілт" деп табуы да орынды. Демек, романға 11 май күні кіріскен деуге болады. Бұл "Кілт" екінші басылымда сақталғанмен, "Мөлдір махаббаттан" алынып қалынған. Мұнда да белгілі мән бар.

Мен бір-екі тұста болмаса "Адақандардың" ішіне кірмей, талдау жасамауға тырысамын. Өйткені жетпіс жылдан кейін де бұл шығармамен бүгінгі оқушының қызыға танысатынына еш шүбә келтірмеймін.

Сырт көріністен айта кететін бір жай бар. Қазақтың үміт күттіретін ақын-жазушыларының өсіп-жетілуіне көмектесу, демесін жасау Сәбеңнің бойына біткен үлкен адамгершілік қасиет екені әмбеге аян. Соны осы романдағы Мұстафа-

Мүсәпір трагедиясынан ғана емес, кешегі өткенді де еске түсіруінен анық көреміз. "Адасқандар" романын күндік тұрмыстың торынан жаңа ғана босанып, ақындық жалыны дауылдап жанып келе жатқанда жалп етіп сөне қалған, қазақтың еңбекші әйелдерінен бірінші қалам ұстаған Шолпанға арнаймын" деуінің өзінде Сәбитке тән үлкен жүрек пен қамқорлықтың табы жатқанын көреміз. Ол кез түгіл, кәзірдің өзінде Шолпан Иманбаеваны біреу біліп, біреу білмей жатқан кезде тарихтан атын өшіріп алмау үшін тұңғыш романын ақын қызға арнауы әбден орынды және айрықша мәнді. Бұл арнау екінші басылымда алынып қалып, үшіншіде "Өмірдегі ең сенімді және ең сүйікті серігімнің бірі Мәкеме" Мәриям Қожахмет қызы Мұқан келініне арнауында үлкен символдық сыр бар.

Өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге тартқан жан жары Мәриям мұндай құрметке ие болатын азамат. Оны, Сәбең ұрпағын өсірген ана, Сәбең музейін ұйымдастырушы, ширек ғасырдан бері насихатшы ретінде жанқиярлық еңбегімен, ерлігімен дәлелдеді де.

Ал енді алғашқы естелігіме қайтып оралайын. Әдебиет тарихына Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ романының негізін қалаушылардың бірі ("Қартқожа", 1926), ("Ақбілек", 1928) ретінде қайтып оралуы Сәбиттің "Адасқандарының" көркемдік-тарихи мән-маңызына көлеңке түсіре алмайды. Себебі, Жүсіпбектің шығармаларын оқытпақ түгіл, өзін 1931 жылы "халық жауы" ретінде атып жіберумен оның творчестволық әсер-ықпалы түмшаланған болатын. Шығармасын талдау, насихаттау былай тұрсын, атын айтуға қорықты, әлдеқалай ауызға түсе қалса қара бояуды аямай жақты. Бетін құрдымға бұрды. Мұның үстіне "Ақбілек" романының алғашқы тараулары "Әйел теңдігі" журналында жарияланғаны болмаса, жеке кітап басып шығаруға үлгермегендігі. Хасен Өзденбаевтан алынған қолжазбасы бойынша толық күйінде 1989 жылы жарияланғанын естен шығармаған абзал.

20-жылдардың екінші жартысынан былай қарай қазақ прозасы айрықша қарқынмен өркендеп, профессионалдық арнаға бет бұрды. Өздерінің классикалық еуропалық үлгідегі реалистік әңгімелерімен М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Б. Майлиннің әсерімен ғана емес, сол кездегі қарқынды да аумақты өмірдің өрісі өрелі қара сөзді талап еткен болатын. Жаңа әдебиетті дамытудың ыстық-суығын да, қызығы мен

шыжығын да бірдей көріп жүрген Сәбит уақыттың көркемдік қажеттігін айқынырақ ұққандардың бірі болғаны тағы рас. Оны творчествосының ішкі даму эволюциясынан айқын көреміз.

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуірінде сансыз саяси өлең, жиырма шақты поэма берген С. Мұқанов "Сұлу-шаштан" кейін "Адақандар" романын жазуға кірісті. Алты-жеті ай ішінде кешегі ақын ірі жазушыға айналды, салған жерден прозаның ең күрделі түрі - романды қолға алды. Заманның көркемдік заказын тамаша орындап шықты. Бұл процеске алдын-ала дайындық болды ма және қандай қажеттілік себепкер болды дегенді осы арада ойластыра кеткен жөн.

Қазақ әдебиетінің творчестволық практикасына, әсіресе С. Мұқановтың өнерпаздық жолына ойлана көз тастаған уақытта бұл процестің ойламаған жерден тап болған олжа, кездейсоқтық емес екендігін айқын байқаймыз. Жаңа өмірдің алып көріністері поэзияның аумағына сыймай, кең эпикалық көлемде суреттеуді талап етті. 20-жылдардың екінші жартысында поэмалардың көбейгендігі де, Б. Майлин сияқты дарындардың прозаға өбден ауысуы да, Сәкеннің "Тар жол, тайғақ кешуі" мен "Жер қазғандарды" жазуы да осы талапқа байланысты болатын. Бұл көшке Ілияс 30-жылдардың орта тұсында қосылды.

Сондықтан, дәуір жыршысы болуды өзіне міндет санаған С. Мұқановтың бұл творчестволық қадамы өбден заңды еді. Ал, "Адақандардай" кесек дүниені жазуына келетін болсақ, аз дегенде екі себепті атап көрсеткен жөн: біріншіден, жоғарыда аталғандай романда суреттелген оқиғалардың бәрі де өмірдің өзінен туып, шындық деңгейінде суреттеледі: Бәтес (Бәтима) пен Бүркіттің (Сұлтанбектің) махаббатынан өрбіген трагедияны көзімен көріп, қатты толғануы қолға қалам ұстауға мәжбүр етті. Осы шығармашылық қажеттілік сыртқа шығар форманы іздеген уақытта С. Мұқанов прозаның ең ауыр да күрделі түрі-романды таңдап алды. Бұған батылы қалай жетті деген сауал екінші себепті шешіп алуға мүмкіндік береді. С. Мұқановтың бұрын проза жанрымен айналыспағаны асу бермес қиындығын сезгендіктен емес, уақытты көп талап ететіндігінен, бүгінгі адуынды тірлікке қолма-қол ара-ластырмай, аз болса да бұра тартатындығынан еді.

Сонымен қатар, атам заманнан бері бір халықтың рухани

азығы болып келе жатқан поэзияның "уысынан" сытылып шығу да оңай емес. Сәбит поэмалары эпикалық құлашқа ұмтылып, сюжет желісін нық тартатындығы бойға сіңген машықтанған әдетке айналып келе жатқан еді. Міне осы творчестволық мүмкіндік, яғни, сюжетті шебер құра білу, өмір оқиғаларын іріктей білу, әрбір көріністің ішкі сырын ашу, даму перспективасын аңғару, поэтикалық шарттылықтан азаттық алып, еркін баяндау, қоғамдық-әлеуметтік шындықтарды мол қамту талабы "Адасқандар" романы арқылы орындалды.

"Адасқандар" романын оқымаған, одан эстетикалық ләззат алмаған 30-жылдар оқушысын кездестіру қиын, негізгі кейіпкерлері ғана емес, тіпті қосалқы Әсия, Еркіндердің өзі ақыл-сананы былай қойғанда сезім дүниесінде, шынайы махаббат, парасат әлеміндегі үлгі-өнегелік сипатымен жаңа түсінік-танымға бастап отырғанын көреміз. Сондықтан болар, қазақ романдарының ішінде "Адасқандар" орыс тіліне бірінші аударылып, 1935 жылы Москвада "Сын бая" деген атпен шыққанда көркем шығарманың қадір-қасиетін жыға таныйтын "Литературная газета" мен социологиялық түсінікке ден қойған "Комсомольская правда" газеті мықтап айтысып, үлкен таласқа түскен болатын. Қазақ әдебиетін Одақ көлеміне алып шықан алғашқы роман қуаныш орнына қасірет әкеліп, "романды жұртшылықтың оқуына тыйым салу, авторын дырылдатып сойып алу" науқанына ұласқанды. Қазақстан Жазушылар Одағының арнайы шешімімен "Адасқандар" романы әдебиет әлемінен аласталды, авторы емес, романның өзі түрмеге жабылды, жасырын кітаптар қорына тығылды, оқығандар, еске алғандар сөзге қалды.

Ал осы фактіге бүгінгі уақыттың тұрғысынан қарап, зерделі ой жіберсек, әрине, жеке адамға табынушылықты бетке перде еткен заманында сорпаның беріне жылтырап шыққандардың бәрі де (адам ба, шығарма ма, зат па, әйтеуір бәрі-бәрі де) қыспаққа түспей қалмағандығы, екіншіден, бір керемет тарихи құбылыстың көкірек көзінен тасаланып, көркемдік дүниесінде атаусыз кетіп жатқанын өкінішпен атамасқа болмайды.

Сәбит Мұқановтың өмірді, қазан төңкерісінен кейінгі өмірді, жаңа шындықты жан-тәнімен жақтаушы, жырлаушы, қолымен орнатушы болып жүрген шағында талай артық сілтеп, қыспаққа түскен кезі аз емес. Сондықтан ол

өзін "солақайлар" қатарындамын деп есептеді, оны жасыр-малды. Осындай өмірлік, өнерпаздық мінезі бар Сәбитті саяси-әкімдік және ғылыми-әдеби ортада жұрттың бәрі бірдей мойындай бермей, түймедейін түйедей етіп көрсетуге тырысқандар тіпті дүниеден өткеннен кейін де табылып жатыр. Соңғылар "өзі жоқтың көзі жоқты" пайдаланып, кезекті құлқыны, алар атағы, шен-шекпені үшін Сәбеңнің кешегі жылы алақанын, мейірімін көргендердің "ұмытшақтыққа" салынғанын көріп жүрміз.

Совет заманында қалыптасқан идеологиялық қысымнан шыға алмағандар Сәбит Мұқановтың "Сын бая" ("Адасқандар") романы қазақ әдебиетінің бүкіл одақтық көлемге шыққан тұңғыш туындысы еді-ау деп қайтып оралуға жарама-лық. Ал, шындығында, бұл көрініс ел болып, жұрт болып, бүкіл көркем өнер саласы болып қуанатын құбылыс еді, өйткені қазақтың жас прозасының алғашқы кесек шығармасы, шын мәніндегі көркем романы орыс тіліндегі сыни ой-пікірге азық болып, төңкерістен кейінгі жаңаланған түсінікті ғана емес, әр ұлт, әр халық өзінің нақты үлгісімен, айшықты өрнегімен, ажарлы бояуымен кезінде социалистік реализм әдебиеті деп аталған, әлемді өзінің айрықша көрік-келбетімен байыта түсуінің дәлелі еді. Яғни, жаңа мазмұнды ұлттық түрмен ажарлап, өңгелерге үлгі көрсетуге жараған өнегелі шығармамыз еді. Біз осы құбылысты көркемдік тұрғыдан түсінбей, дөрекі социологияның құрбандығына шалып жібердік те, қазақ әдебиетінің өсіп келе жатқан бетіне дақ түсіріп алдық. Әрине, оған әлгіндей объективтік себептермен қатар, субъективтік те сылтау болуы ғажап емес. Қалай дегенмен де "Адасқандар" қазақ әдебиеті тарихындағы айрықша ауыз толтырып айтатын көркем құбылыс.

1959 жылы С. Мұқанов "Адасқандарды" XX съездің тарихи шешімінен кейін қайтадан қолға алды. "Мөлдір махабатқа" айналдырды, толықтыра жазды. Оқушы қауым тағы да оған лап қойып, ата-бабаларының кешегі сезім күйіне, азаматтық келбетіне үңілді. Сыни-ғылыми ой жаңа арнада көрінгенімен, көптеген құптау мақалалар жазылғанымен, өзінің қоғамдық-көркемдік қуаты жағынан "Мөлдір махабат" романы "Адасқандардай" бола алмағаны айдан анық.

Қалың оқушы жұртшылыққа "Адасқандардың" 1935 жылғы екінші басылымын ұсынып отырмыз. Сәбит Мұқановтың көзқарасындағы өзгерістер мен бұттарыстарға назар ауда-

рар алдында шығарма тарихынан бірді-екілі дерек айта кетейін.

"Адасқандарды" орысшаға аударған Біләл Малдыбайұлы, редакциялаған Н. Фрелих екенін, алғашқы басылымда кеткен кемдіктерді біраз жөндеп түзеткенін, кейбір сыншылардың "аты келіспейді" дегенін ескеріп "Сын бая" деп орысшалағанымен, көпшіліктің тілегіне орай қазақшасын сол ескі атымен шығарып отырғанын ескертеді автор. Баспаға дайындап отырған кітаптың алғашқы бетіне Сәбең 1959 жылы 3 апрельде 1931 жылғы басылымын еш жерден таба алмағанын, екінші басылымды түзету Челябинскіде командировкада (16. VII. 1935 жыл) жүріп, тоқтаған жерлерде аяқтағанын, өңдеу Москвада оқып жүрген кезде (1934 жылдан) басталғанын қара қарындашпен жазып қойыпты. "Оқушыларға" жасаған құлаққағысында айрықша назар аударатын бір ескертпе бар: "Бірінші басылғанда III бөлім боп кірген "Еркіннің сыры" деген бөлім бұл жолы мүлдем шығып қалды" дегенді айтады. Сырт қарағанда бұл әшейінгі шығармашылық өзгертпе болып көрінгенімен, романдағы идеялық саяси материалдар, яғни Алаш қозғалысын, Алашорда үкіметіне байланысты сол кезде қалыптасқан ой-пікірлер мен документтер осы үшінші тарауда баяндалып, шығанда-та суреттелген-ді.

Екінші басылымда алынып қалған сюжеттік желінің үлкен буыны "Мөлдір махаббатта" қайтадан тарамдатыла баяндалады ғой дейтін сауал боларын сезіп, соған тиісті жауап беруді қажет деп отырмын. Өйткені бұл проблема жөнінде жетпіс жыл бойында қалыптасқан, оны қалыптастыруға өзі едәуір үлес қосқан Сәбит Мұқановтың көзқарасын анықтап алсақ біраз түйткілдіктің сыры ашылады.

1928 жылдың 11 мамырынан 12 желтоқсан аралығында жазылған "Адасқандар" романының қандай саяси-әлеуметтік ортада туғанын айқындаудың тап осы арада айрықша мәні бар.

Ф. И. Голощекин Қазақстан партия ұйымына басшы болып қалғаннан былай қарай әрқилы "уклондар" көбейіп кетті. Еті үйрене бастаған кезде Қазан революциясының екпінді дауылы Қазақстанды жанай өтіп, әлі күнге дейін партия ұйымдары большевиктенбеген екен дейтін жалған, қате теория шығарып, даурықтыра насихаттатқан болатын. Соның нәтижесінде Қазақстанда "Кіші Октябрь" басталған-

ды. Ол процесс толып кеткен "шиналарды", яғни "ходжановщина", "садвакосовщина", "мендешевщина", "сейфуллинщиналарды" тудырып, бір-бірін әшкерелеу, ыдырату, араздастыру, таластыру негізінде Голощекиннің билеп-төстеуіне жағдай жасады. Соның әлеуметтік шымылдығы ретінде әуелі шабындық-егістік жерлерді бөлуден кейін бай-феодалдарды кәмпескелеу науқаны басталған болатын. Оның аяғы бүкіл қазақ зиялыларын үндетпеу, әшкерелеу, құрту шараларына ұласты. А. Байтұрсыновтың "қазақтың әзер болса жеті жүз байы жұтқа ұшыраған шығар" деген өкінішті ойы Қазақстандағы ұлтшылдықтың, ұйымдасқан қарсылықтың ұраны деп түсіндірілді. Бара-бара кешегі алашордашылар жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрып, оның ішінде "Алқа" деген ең зиянды топ Совет үкіметін құлатуға дайындалыпты деген саяси айыптар оңды-солды сумандап, ашық аспан тұманданып кетті. Соның нәтижесінде 1929 жылдан бастап Алаш қозғалысына қатысқан, Қазан революциясын мойындамаған, Кеңеске амалсыздан көнген Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды 44 қайраткер тұтқындалып, абақтыға жабылды. Олардың ісі өздері құлатпақ болған Қазақстанда емес, Мәскеудің Бутырка түрмесінде тексерілді. Олардың "сұмдық" жауыздығы мен қастандығы қазақ еліне даурықтырыла, өтірікке құйрық жалғана жеткізілді. Оған сенбеске шара қалмады. Сөйтіп бүкіл идеологиялық аппарат алашордашыларды, қазақтың ескі оқығандарын әшкерелеу "науқанына" жұмыла кірісті.

Одан көркем әдебиет те, яғни таптық күрестің құралына айналатын шығармалар сырт қала алмады, үстем көзқарасқа қызмет етуге ыңғайланды. Сол әлеуметтік міндетті атқармаққа талаптанғандардың бірі, сөз жоқ, Сәбит Мұқанов болғаны даусыз. Сондықтан осындай "қан майданның үстінде" туып жатқан "Адасқандардың" үшінші бөлімі, яғни кедей Еркіннің пайымдауымен Алаш қозғалысы және оның басшылары, әсіресе Міржақып Дулатов жөніндегі ойлар голощекиндік түсінік деңгейінде роман сюжетінен орын алған болатын. Бұл саясаттың жалғасы 1930-1932 жылдардағы сот процестеріне ұласып, аштықтан азап шеккен қазақ халқының зиялыларының қаймағы сыпырылып, қуғын-сүргінге түскен-ді.

Ал, 1935 жылы, яғни Л. И. Мирзоянның келуіне байла-

нысты аз уақыт толас тапқан жайма-шуақ күндерде қайтадан шығайын деп жатқан "Адасқандардан" Алашқа байланысты тарау алынып, Бүркіт пен Бәтестің трагедиясы бар көркемдік бояуымен қалың оқушыға жетіп еді. Қазақ оқушыларының құныға оқығаны осы басылым, өйткені алғашқысы не бәрі үш мың тиражбен мешін жылғы апатқа кезіккен болатын. Кітап оқып ләззаттану былай тұрсын, ол тұста аман-есен қалудың өзі үлкен арманға айналған-ды.

1935 жылғы "Сын бая" болып шыққанда "Комсомольская правда" газеті "Литературная газетаның" араша түсуіне қарамай дөрекі социологиялық сынмен сойды да салды. Одақтық көлемде айтылған ойдың салмағы ауыр болды. Қазақстан Жазушылар Одағы "Адасқандарды" тұтқында ұстау жөнінде қаулы алып, Сәбиттің көкесін көзіне көрсетті. 1937 жылы С. Мұқановтың алашқа іш тартқан кезі бар, бай баласы Бүркітті суреттеуінің өзі тегін емес, Мағжанды Кеңес жазушылары қатарына алмақ болғаны, қаражат жағынан жәрдемдескені белгілі деп айғай-ұйғай шығарушылар болды. Осыдан аузы күйген Сәбит қылышын жалаңдатқан жергілікті "марксистерден" жасқанып, 1959 жылы "Мөлдір махаббатта" Алаш мәселесін "терендетпеске" шарасы қалмағанын көбіміз біле бермейміз.

Білсек те білмегендей боламыз. Расында, 1949-1953 жылдардағы айғай-шулардың негізгі лейтмотиві ұлтшылдықпен алысу болса, оның аржағында алашшылдар "егіп кеткен дәндердің" семіп қалмағанын ескертіп отырғандар көбеймесе азайған жоқ-ты. Міне, сондықтан идеологиялық майдандағы атмосфера бірде өшіп, бірде басылып, қаламгерлерге әсер-ықпал жасайтындығы әдеттегі құбылысқа айналып кеткенді. Жеке адамға табынушылық дегеннің ар жағында советтік қытымыр жүйенің талаптары халықтың арман-тілегін шығармаларында суреттей көрсетіп, ақын-жазушылар идеологиялық майданның алдыңғы легінде жүруге тиіс болды. Бірде басшы, бірде қосшы ретінде өзгені сынап, өзі де сыналып жүргендердің ішінен Сәбит Мұқановтың даусы да, бойы да айрықша көрініп келгеніне көзір көз жұма алмаймыз.

Сәбит Мұқанов жаңа әдебиеттің ең айбынды және жауынгер солдатаның бірі болды. Қазақ совет әдебиетінің туу, қалыптасу, даму дәуірлеріне белсене араласқан, әдебиеттің партиялық принципін үнемі қатаң сақтауға және жүзеге асыруға, социалистік эстетиканың бар талабына жауап беруге

талаптанған, күш-жігері аямаған, сол жолда талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерген жазушы екенін бүгін жазушының еш қажеттігі жоқ.

Социалистік қоғам жаңа орнап жатқан кездегі таптық күрестен ушыққан әдебиет майданында Сәкен Сейфуллинге сенімді серік болған, жаңа заманды қабылдамаған ақын-жазушылардың әдебиет әлеміндегі ықпалымен бел шешіп күрескен, идеялық позициясы мықты да тұрақты жазушы С. Мұқанов болғаны әмбеге аян.

Бұл жолда ол қастанды сындарға да, өтірік-өсекке де, зымиян мысқылға да, дөрекі айғайға да кезікті, бірақ жаңадан жасалып жатқан әдебиеттің идеялық-көркемдік платформасын сақтауды өзінің қаламгерлік, партиялық парызы деп түсінді. 20-жылдардағы өшпенді шабуылдар, 30-жылдардағы жалған жалалар Сәбиттің идеялық позициясын мұқалта алған жоқ, өмір бойы кедей-кепшікке болсын деген ниеттен бір танбаған.

Совет үкіметінің соңғы кезіндегі қайта құру мен жариялылықты пайдаланбақ болған кейбір сыншы, ғалымдар бұрынғының бәрін салауат қылайық, мүлдем тыңнан пайымдайық дегенді айтып-жазып жатқандар таяқтың айыр тұмсығын С. Мұқановқа қарсы жұмсамаққа ниет байқатқанын аңғару қиын емес. Кім тарысын төксе, соның тауығы болуға жанығатындардың қатты дауыл түгіл, болмашы желдің өзіне шыдай алмайтын даурықпаларын есепке алудың өзі ұят. С. Мұқановты сөзге қалдырмақ болғандардың жалғандығын дәлелдеу үшін "Адамдар" романына көз салудың өзі жеткілікті болмақ.

Қай ақын-жазушыны, әсіресе Сәбит Мұқановты советтік шындықтан, өзі жасаған қоғамнан бөліп алуға болмайды. Кеңес елінің орнығу, құралу, нығаю, өркен жаю кезеңдеріне қолма-қол араласып, барлық уақытта да белсенді творчестволық позицияда болғаны әмбеге аян. Осы дәуірлердің бәрінде де идеологиялық майданның жауынгер солдаты ретінде кезендік жетекші идея-пікірлерді дәйекті насихаттап отырғаны да белгілі. Уақыт ұсынған негізгі идеялардан Сәбиттің бар бақыты мен қуанышы, қателігі мен кемшілігі туындап жатты. Демек, Сәбиттің дүние танымындағы қайшылықтардың қай-қайсысы болмасын уақытпен, жаңа заманды орнату мақсатымен үндесіп жатқанын естен шығармауымыз керек.

Әрине, осылай деген уақытта мен Сәбиттің жасаған қателіктерін заманға аударып салудан аулақпын. Жаңа дәуірдің ұсынған ұлы идеяларын жүзеге асыруда қандай бұралаң жолдар кездескенін көзім көріп-біліп отырғанымызбен сол процесс жүріп жатқанда көрегендік танытқандар өте аз. Пір тұтқанымыздың айтқанына иланып, партияның өзі шалыс басқан кездері болыпты. Міне, осыны өз заманының бел баласы болған Сәбит Мұқановтан еселеп таппасак, аз таппаймыз. Әркім өз биігіне ұмтылады, әркім өз базарының нарқымен баға береді.

Әрине, жаңа заман орнату романтикасы, билікті қолға алып, ұлы мақсатқа ұмтылу барысындағы зор екпін көп нәрсені омыраулап жасатқызуға пролеткультшылдардың шапағаты қатты тиді. Оның үстіне мәдени-әдеби саладағы тарихи сабақтасты дәйекті түсіну жағы да жетіспей жатты. Бүкіл кеңес елінде болған құбылыстан қазақстандықтар, әсіресе Сәбит Мұқанов құралақан қалмады. Таптық негізде оянған сана-сезімі асыра сілтеуіне себепкер де болды. Көпшілік жағдайда Сәбитті өрттің өтінде, шабуылдың алдында болғызды. Осыған байланысты Сәбит Мұқанов ірі ірі қателіктер жіберді, кемшіліктер жасап отырды.

Пролеткульттық көңіл-өуен біздің елде өте күшті болғаны белгілі. В. И. Лениннің пролеткульт әпербақандығымен қатты күрескені, арнайы қаулының жобасын өзі жазғаны, Орталық Комитет атынан пролеткульттар туралы арнайы хат жариялап, қауіп-қатерді көрсеткені бәрімізге белгілі бола тұрса да еңбекші халықтың революциялық күш-жігерінен, романтикалық пафосынан нәр алғандар пролетарлық мәдениетті жасау үшін күресіп жатырмыз деп бірталай қисынсыздықтарға ұшыраған-ды. Пролеткульт мекемелері 30-жылдарға дейін өмір сүргенде бұрынғылардың бәрін мансұқ етіп, Николайдың малайы болған Пушкиндерді, графтығын ұмытпаған Толстойларды, буржуазияның жандайшабына айналғандарды, "шекпенді Россияны" жанындай жақсы көрген Есениндерді тарихтан сызып тастау керек деп өректіп жатқандардың ой-пікірі Сәбит Мұқановқа дарымай кетпеді. Сылтау себептен де көп болды.

1923 жылы "Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер" деген мақаласын А. Байтұрсыновтың елуге толған тойын өткізгендерге қарсы жазып, Абай, Шоқан, Ыбырай, Кенесарыдан ат тонын ала қашуы пролеткульт идеясының жаң

ғырығы болатын. Оған әрине білім өресінің жетіспеуі де субъективті себеп дегенімізбен кезең талабының өзі түрткі болғанын жоққа шығара алмаймыз.

В. И. Ленин социализмді сауатсыз халықпен жасай алмаймыз, сондықтан елдің мәдениетін өркендету керек деп тапқаны белгілі. "Нужно взять всю культуру, которую капитализм оставил, и на нее построить социализм. Нужно взять всю науку, технику, все знания, искусство. Без этого мы коммунистического общества строит не можем. А эти наука, техника, искусство в руках специалистов и в их головах" (В. И. Ленин. Шығармалар. 38-том, 55 бет) дегенді рабфактың тындаушысы ғана емес, іс басындағылардың көбі түсіне бермегенін жасырмайық. Ақ көйлек киіп, кара галстук таққаны үшін Сәбитке ұнамаған Сәкен Сейфуллин сынды революционерлерді былай қойғанда, қазақ оқығандарының алаштықтан сауы жоқ деген түсінік қалыптасып жатқан кезде С. Мұқанов бар құбылысқа "қызыл әйнектен" қарағаны рас. "Өзім қаналушы таптың семьясында туып, Октябрь революциясына дейін қаналған жағдайда өскен адам болғандықтан "қанаушы" деген адамға өш болатынмын. Мен ол кезде идеологиялық майданда "солақай" аталатын адамның бірі болдым" деген Сәбеңнің мойындауы көп шындықты түсінуге себепші бола алады. Сондықтан өзге ұсақ-түйектерді былай қойғанда, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай туралы Сәбит көз-қарасының өзі заман шындығының сырын аңартып, творчестволық күштердің оң жолға түсу процесін анық көрсетеді.

Абайдың "шынжыр балақ, шұбар төстің" семьясында туып-өскені 1923 жылғы рабфак студенттерінің көңіліне күдік сеуіп, кедейдің жақтасы бола алмағандығын жадында сақтатса, 20-жылдардың екінші жартысында пролеткульттық қисынмен "Пушкин де, Абай да орыс пен қазақ әдебиетін бастан жаратқандар емес, түйінін түйіп қорытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті болды. Абай кез келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді. Абай - байшыл табының ақыны. Ондап зерттеген кісіге байшылдық-ұлтшылдықтың түп қазығы - Абай деп білгенін алақанмен жауып қоя алмаймыз.

30-жылдардың бас кезінде мұраны игеру қажеттілігі айқын сезілгенде "қазақтың ұлт әдебиетіне күшті негіз салған

Абай, сондықтан оны оқып, үйрену керек" десе, 1932 жылғы "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті" атты еңбегінде, Қазақстан жазушыларының I съезінде 1934 жылғы жасаған баяндамасында әпербақандық ойдан қайтқаны сезіледі. 1937 жылы - жалғыз Қазақстанда ғана емес, бүкіл елді дүрліктірген қара құйын тұсында, Сәкен, Бейімбет, Ілияс сынды кемеңгерлер "халық жауы" болып тұтқындалған кезде, өзінің қарақан басы дау-шарға түсіп жатқан шақта Сәбит "Абай халық ақыны" деген өте-мөте принципті мақала жазып, қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет "ағартушы-демократ" деген тұжырым жасады. Оның жетілген, ғылыми жағынан толысқан және Абайдың ұлылығын жарқырата ашқан варианты Абайдың 1939 жылғы екі томдығына алғысөз болды. Сол кезде негізгі түскен, 1945 жылы М. Әуезов оқып, "басылып шығуы керек" деп тапқан, әр түрлі себептерге байланысты 1964 жылы ғана "Жарқын жұлдыздар" болып жарияланған монументалды еңбегі арқылы Абайтану іліміне өлшеусіз үлес қосқанын тек соқырлар ғана көре алмайды.

Абай төңірегіндегі Сәбит ойларының эволюциясы әшейінгі жәй шәлкем-шалыс басқан қадам емес, кезеңіне қарай өзгеріп отырған қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-әдеби кезқарас. Мұндай кезеңнен Ілияс Жансүгіров те, Сәкен Сейфуллин де, тіпті Мұхтар Әуезов те өтті. Кезқарас эволюциясында Сәбит ойлары барынша ашық, тіпті ащы айтылып, даудай тудыруға себепші болған кезі де жоқ емес. Соның ең соңғысы 1951 жылы "Абайдың ақындық мектебі" жөніндегі айтыс Х. Жұмалиев екеуіне тікелей байланысты болғанын да тасада қалдырмайық.

Бұл мәдени мұраны игерудегі құбылыс болса, әдебиеттің ағымындағы даму процесінде Сәбиттің орны алабөтен. Советтік әдебиеттің өсу-өркендеуі барысындағы жайкүйлердің бәріне Сәбит ерекше белсене араласты. Және жаңа әдебиетіміздің бар қуаныш шаттығына да, "қайғы-қасіретіне" де "Сәбит тіпті Сәкеннен де бұрын ортақ және жауапты".

Майданға түскеннің жеңісі мен жеңілісі қатар жүретіндігін ескертер болсақ, ондайды Сәбит көп көрді, басынан көп кешірді. Соған байланысты "солақайшыл" деген атқа да ие болды, оны өзі сезіп-біліп қана қоймай, кезінде мойындапта, отырды. Ашық жазды. Сәбитті даттағысы, сөзсе қалдырғысы келгендер оның өз ой-пікірі мен сөздерінде құйрық жалғап, даурықтырып та жатты. Әдебиеттің идеялық таза

лығы жөніндегі ойын Сәбит досына да, қасына да ашық айтты, жазды. Бақай есебі барлар одан өзіне саяси капитал да, онай олжа да жинап жатты.

1932 жылы "Социалистік Қазақстан" газетінде "Менің қателерім қандай?" деген еріксіз мойындаудан кейін Сәбит ешкім орламай-ақ 1942 жылы "Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер" атты еңбек жазды, 1964 жылы "Есею жылдары" романында өзі жасаған қатекемшіліктердің объективтік, субъективтік себептерін толық және барынша адал жазды...

Сәбит шығармашылығын қарастырған уақытта бұл мәселелерді тасада қалдырмай, ашық айтып түсіндірген абзал. Өткендегінің бәріне Сәбитті кінәлі еткісі келетіндердің біразы күні кеше ғана ол кісінің жылы қолтығына кіріп, жіліктің майлы басына ұмтылғандар екені де белгілі. Тәуелсіздік заманы тұлкі болып құбылуды, аярсынуды тілемейді, кеткен қателердің сырын ашып, келешекте болдырмаудың жолын іздеуге бастайды.

"Аласқандар" романының жаңа басылымына осындай түсініктеме берілгенде ғана оқушы қауым кешеден бүгінге жетіп отырған асыл қазынаның қадір-қасиетін тереңірек түсінері сөзсіз. Өйткені бұл шығарма жалғыз Сәбит Мұқановтың ұлы проза жанрына түбегейлі бет бұруының ғана емес, қазақ әдебиетінде қара сөздің қадірін аспандатып, қалыптасуына айрықша үлес қосқандығын танып-білуге мүмкіндік береді. Сондықтан, мәдениеті өскен бүгінгі оқырманға мөлдір бұлақтан сусынын қандыруға жағдай жасауымыздың өзі жаңа дәуірдің белгісі, азат заманның самал желі екені даусыз.

Тұрсынбек КӨКІШЕВ,
профессор.

М А З М Ұ Н Ы

Беті

Оқушыларға.....	5
Кілт.....	6

БҮРКІТТІҢ СЫРЫ /I-бөлім/

1. Шалдуар.....	7
2. Мектеп.....	13
3. Жұмбақ.....	23
4. Акын.....	27
5. Боран.....	32
6. Жирен жорға.....	47
7. Қызбел.....	56
8. Лашын.....	63
9. Қант.....	71

БӘТЕСТІҢ СЫРЫ /II-бөлім/

1. Еркекше.....	89
2. Бойжеткен.....	97
3. Өсек.....	106
4. Әзәзіл.....	112
5. Буалдыр.....	124
6. 40 қыз.....	136
7. Қызыл отау соты.....	155
8. Ұзақ жол.....	163
9. Кездескен кесір.....	173
10. Ұмытқан достық.....	179
11. Суық соз.....	204
12. Соңғы хат.....	212
13. Адастым.....	225

БҮРКІТТІҢ СЫРЫ /III- бөлім/

1. Суық соз.....	235
2. Қалай киды?.....	240
3. Күдікті хаттар.....	265
4. Үзілген қыл.....	266
5. Әлсіреген әке.....	273
6. "Еркек тоқты құрмалдық".....	279
7. Сең үстінде.....	281
8. Қанды кек.....	287
Т. КӘКІШЕВ. Өтпелі дәуірдің кесек туындысы.....	293

Литературно-художественное издание

Сәбит Мұқанұлы

ЗАБЛУДШИЕ

(роман)

(на казахском языке)

Сарашы *Е. Асқаров*

Техникалық сарашы *С. Бейсенова*

Корректоры *Д. Мұқан*